

В. В. МОСКАЛЕНКО

ЭЛЕКТР ЖЕТЕГІ

ОҚУЛЫҚ

Орта кәсіби білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру мекемелерінің оқыту үрдісінде қолдануға арналған оқулық ретінде «Білім беруді дамытудың федералды институты» Федералды мемлекеттік автономды мекемесімен («БДФИ» ФМAM) ұсынылған

*Рецензияны тіркеу нөмірі 765
2012 ж. 26 қарашадан бастап «БДФИ» ФМAM*

7-ші шығарылым, жөнделген



**Мәскеу
«Академия» баспа орталығы
2014**

ӘОЖ 621.315

КБЖ 31.291

М82

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес ««ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды.

Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісін қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19,

«Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcg.kz

Сын-пікір берушілер:

АТАҚ «Электропривод» ғылыми хатшысы, техн. ғыл. д-ры, проф. *М.Г.Юньков*; Мәскеу политехникалық колледжінің электротехникалық дисциплиналарының оқытушысы *О.П.Лавренцова*

Москаленко В.В.

М82 Электр жетегі: орта кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқулық / В. В. Москаленко. — 7-ші шығ., жөнд. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2014. — 368 б.

ISBN 978-601-333-031-0(каз.)

ISBN978-5-4468-0838-0(рус.)

Автоматтандырылған электр жетектің теория негіздері баяндалған. Тұрақты және айнымалы ток электр жетектерінің функциялары және тағайындалуы, олардың сұлбалары, сипаттамалары, жұмыс істеу режимі, реттеуші қасиеттері, электрқозғалтқыштардың қосу және тежеу ерекшеліктері қарастырылған. Релелік-түйістіргіш аппараттары және жартылайөт-кізгішті түрлендіргіштер мен құрылғылары бар электр жетекті басқарудың тұйықталған және тұйықталмаған сұлбаларының жүзеге асырылуы және элементтік базасы сипатталған. Электр жетектің жұмыс энергетикасы мәселелері, оны жобалау негіздері типтік практикалық есептерді шешу мысалдарын келтіре отырып баяндалған.

Орта кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған. ЖОО студенттеріне пайдасы тиімі мүмкін.

ӘОЖ 621.315

КБЖ 31.291

© Москаленко В.В., 2000

© «Академия» білім-баспа орталығы, 2005

© Безендіру. «Академия» баспа орталығы, 2005

ISBN 978-601-333-032-7(каз.)

ISBN978-5-4468-0838-0 (рус.)

АЛҒЫСӨЗ

Электр жетегі (ЭЖ) өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, көлікте, коммуналды шаруашылықта және механикалық энергияның қолданылуымен тұрмыста әртүрлі технологиялық және өндірістік үрдістерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін электромеханикалық жүйе түрінде болады. ЭЖ тағайындалуы жұмыс машиналарының орындаушы мүшелерінің және механизмдердің қозғалысын қамтамасыз етуден және осы қозғалысты басқарудан тұрады. Басқа сөзбен, ЭЖ технологиялық және өндірістік үрдістерді жүзеге асырудың энергетикалық негізі бола тұрып, көп жағдайда олардың сапасын, энергетикалық және техника-экономикалық көрсеткіштерін анықтайды.

Ғылыми-техникалық прогресс, автоматтандыру және технологиялық және өндірістік үрдістерді комплексті механикаландыру заманауи ЭЖ-нің тұрақты дамуы мен жетілдірілуін анықтайды. Бірінші кезекте бұл әртүрлі жартылайөткізгішті күштік түрлендіргіштер мен микропроцессорлы басқару құралдарын қолданумен автоматтандырылған ЭЖ-ні кеңінен енгізуге байланысты. Электр машиналары мен аппараттарының, айнымалы координата датчиктерінің және ЭЖ-те қолданатын басқа да компоненттердің жаңа типтері ұдайы пайда болады.

Орындалатын ЭЖ функцияларының кеңеюі мен күрделендірілуі, оларда жаңа элементтер мен құрылғылардың қолданылуы, технологиялық үрдістерді автоматтандыру жүйелеріне ЭЖ-нің кеңінен қосылуы оларды жобалаумен, монтаждаумен, жөндеумен және эксплуатациясымен айналысатын мамандардың жоғарғы деңгейлі дайындығын қажет етеді. Олар ЭЖ-те жүретін негізгі физикалық заңдылықтарды, оның мәндерін, құрылғыларды, жұмыс істеу принципін, компоненттерінің қасиеттері мен сипаттамаларын жақсы білуі керек, ЭЖ басқару сұлбаларын түсінуі керек және олардың элементтерін таңдай білуі, сондай-ақ ЭЖ техника-экономикалық жұмыс көрсеткіштерін анықтай білуі қажет.

Кітап орта кәсіби білім берудің «Электр машиналары мен аппараттары», «Электроқшаулағыш, кабельді және конденсаторлы техника» және «электрлік және электромеханикалық құралдардың техникалық эксплуатациясы және қызмет көрсетуі» мамандықтарының оқу жоспарымен оқытылуы ескерілген «Электр жетегі» пәнінің жобалық бағдарламасымен сәйкестендіріліп жазылған. Мұнда ЭЖ механикасының мәселелері және олардың құрастырылуының жалпы принциптері, сұлбалары, сипаттамалары, тұрақты және айнымалы ток қозғалтқышы бар

ЭЖ реттеуіш қасиеттері, қозғалтқыштың қосу және тежеу әдістері, оларды қыздыру бойынша таңдап тексеру, жұмыстың негізгі энергетикалық көрсеткіштерін есептеу әдістері, сондай-ақ тұйықталған және тұйықталмаған ЭЖ басқару сұлбаларының негізгі элементтері, олардың типтік түйіндері және орындау мысалдары қарастырылған.

«Электр жетегі» пәнінің оқытылуы физика, математика, электротехниканың теориялық негіздері, электроника, автоматика, электр-машиналары мен аппараттары, микропроцессорлы техника бойынша қатысушылар білімдеріне негізделеді.

Оқытылатын материалды бекіту үшін, және оны жақсы практикалық меңгеру үшін кітап жұлдызшамен белгіленген есептеу мысалдарымен, және өз бетімен шешуге арналған есептермен қамтылған. Әр бөлімнің соңында қатысушығы өздігінен материалды меңгеру деңгейін тексеруге мүмкіндік беретін бақылау сұрақтары берілген.

Автор қолжазбаны баспаға дайындау кезіндегі көмегі үшін И.А. Москаленкоға алғыс білдіреді.

КІРІСПЕ

Заманауи өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық өндірісте, көлікте, құрылыс пен коммуналды шаруашылықта, тұрмыста әртүрлі технологиялық процестер қолданылады, олардың жүзеге асырылуы үшін адам мыңдаған түрлі машиналар мен механизмдерді жасап шығарған. Бұл жұмыс машиналары мен механизмдерінің көмегімен пайдалы қазбаларды алу жүзеге асырылады, әртүрлі материалдар мен өнімдер өңделеді, адамдар, жұмыс құралдары, сұйықтықтар, газ орын ауыстырады және адам тіршілігін қамтамасыз етуге қажетті көптеген басқа үрдістер жүзеге асырылады. Осылайша, пайдалы қазбаларды алу экскаватор, бұрғылау қондырғысы және көмір комбайндар көмегімен жүргізіледі, бөлшектер мен материалдар әртүрлі білдектерде өңделеді, адамдар мен өнімдер көлік құралдарымен, лифттермен және эскалаторлармен орын ауыстырады, сұйықтықтар мен газдар сорғы мен желдеткіш көмегімен тасымалданады.

Жұмыс машинасы немесе өндіріс механизмы көптеген байланысқан бөлшектерден және түйіндерден тұрады, олардың бірі берілген технологиялық үрдісті немесе операцияны орындайды, сол себепті атқарушы орган (АО) деп аталады. Лифттарда – бұл кабина, экскаваторларда – шөміш, желдеткіштер мен сорғыларда – жұмыс дөңгелегі (қалақты аспап). Сондай-ақ бір өте маңызды жағдайды атап өтейік – барлық аталған технологиялық үрдістер жұмыс машиналары мен механизмдерінің АО механикалық қозғалысы есебінен жүзеге асырылады.

Көптеген жұмыс машиналарына бір емес екі немесе бірнеше өзара әсерлесуші АО болуы тән. Мысалы, жонғыш білдекте өңдеу кезінде бөлшек өз осыне айналады, сондай-ақ кескіш бөлшекті бойлай қозғалып, одан металл қабатын – жоңқаны шешеді. Бұл жағдайда бөлшектің айналуын білдек айналдырығы (бірінші орындаушы орган) жүзеге асырады, ал кескішті ілгерілетіп орын ауыстыртатын білдектің ілгерілету механизмі (екінші орындаушы орган).

Көптеген технологиялық үрдістерде АО қозғалысын басқару – қозғалыс жылдамдығын және оның бағытын реттеу, берілген позицияда дәл тоқтауды жүзеге асыру, қозғалыстың үдетілуін шектеу қажет етіледі мұндай реттеу лифттерде, илемдік орнақтарда, тасымалдағыш, көптеген білдектерде және басқаларында қажет етіледі.

Берілген операцияны орындау үрдісінде орындаушы орган үйкеліске, Жер тартылысына, заттардың пластикалық және серпімді деформациясына және тағы да басқа факторларға шартталған өзінің қозғалысына кедергіні еңсеруі керек. Бұл үшін оған өзінің тағайындалуына сәйкес жетек атауын алған құрылғысының механикалық энергиясын таяту керек.

Механикалық энергия басқа энергия түрлерін түрлендіретін жетекпен өндіріледі. Қолданылатын алғашқы энергия түріне қарай гидравликалық, пневматикалық, жылулық және электрлік жетектер ажыратылады. Заманауи өнеркәсіптік өндірісте, коммуналды шаруашылықта және тұрмыста электр жетегі (ЭЖ) кеңінен қолданыс тапты, оның үлесіне елде тұтынылатын электроэнергияның 60 %-дан көбі келеді.

ЭЖ мұндай кең қолданылуы оның басқа жетек түрлерімен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарымен түсіндіріледі: электр энергиясын қолдануы, механикалықпен қоса басқа энергия түрлеріне түрлендіру мен үлестіру тиімдірек болуы; қуаттың және қозғалыс жылдамдығының кең диапазоны; құрылымдық орындалуының әртүрлілігі, бұл бізге жетекті жұмыс машинасының орындаушы органымен рационалды байланыстыруға және оны күрделі шарттарда – суда, агрессивті сұйықтықтар мен газды орталарда, ғарыштық кеңістіктерде жұмысқа қолдануға мүмкіндік береді; күрделі үрдістер автоматизациясының қарапайымдылығы; жоғары ПЭК және экологиялық тазалық.

Заманауи ЭЖ қолданылуы мүмкіндіктері ғылым мен техниканың түйісу аймақтарында – электрмашинажасау және электрәппаратуражасау, электроника және есептеуіш техника, автоматика мен механика жетістіктері есебінен тұрақты кеңейуді жалғастыруда.

1 тарау. НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР


1.1 ЭЛЕКТРЖЕТЕКТЕРІНҢ ТАҒАЙЫНДАЛУЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

Өзінің негізгі функциясын – жұмыс машиналары мен механизмдерінің орындаушы органдарын қозғалысқа келтіруді және сол қозғалысты басқаруды орындау үшін ЭЖ өзіне бір-бірімен өзара байланысқан және өзара әсерлесетін электротехникалық, электромеханикалық және механикалық элементтер мен құрылғылардың жиынтығын қосады. Мұндай электромеханикалық жүйе электр жетегі атауын алған. ЭЖ жалпы құрылымдық сұлбасы 1.1-суретте көрсетілген, мұнда қалыңдатылған сызықтармен күштік энергия каналдары, ал жіңішке сызықтармен аз қуатты (акпараттық) тізбектер көрсетілген.

Кез-келген электржетектің 6 негізгі элементі тұтынылатын электр энергиясы есебінен механикалық энергияны өндіретін, яғни электромеханикалық энергия түрлендіргіші болып табылатын электр қозғалтқышы (1) болып табылады. ЭЖ кейбір жұмыс режимдерінде электрқозғалтқыш жұмыс машинасының орындаушы органынан механикалық энергияны ала отырып энергияны кері түрлендіруді де жүзеге асырады.

Механикалық энергия электрқозғалтқыштан ауыстыратын құрылғы 9 (механикалық, гидравликалық, электромагниттік) арқылы жұмыс машинасының 8 орындаушы органына 7 беріледі, осының есебінен ол қажетті механикалық қозғалыс жасайды. Ауыстыратын құрылғы функциясы электрқозғалтқыштың және орындаушы органның қозғалыс параметрлерінің келісілген болуына негізделеді. ЭЖ дамуының прогрессивті бағыты электрқозғалтқыштың орындаушы органмен тікелей байланысуы болып табылады, ол «электржетек-жұмыс машинасы» комплексінің техника-экономикалық жұмыс көрсеткіштерін көтеруге мүмкіндік береді.

Электр энергиясы ЭЖ-не электрэнергия көзінен 3 келеді.



1.1-сурет

Электрқозғалтқышқа қажетті параметрлермен электр энергиясын алу үшін және қозғалтқыш пен электрэнергия көзінің арасындағы бұл энергия ағынын басқару үшін күштік түрлендіргіш 2 қосылады.

ЭЖ-де басқару және автоматтандыру функциялары аз қуатты басқару блогымен 4 жүзеге асырылады. Бұл блок орындаушы органның қозғалыс сипатын беретін U_z кіріс сигналының көмегімен және жұмыс машинасының технологиялық үрдісінің жүзеге асуы, орындаушы органның қозғалыс сипаты, ЭЖ жеке түйіндерінің жұмысы қауіпті жағдайлардың туындауы және т.б. жайында ақпарат беретін бірқатар U_{oc} қосымша сигналдар көмегімен U_y басқару сигналын өндіреді. Түрлендіргіш 2 басқару блогымен 4 бірге электржетекті басқару жүйесін 5 құрайды.

Сонымен, электр жетегі деп өзара әсерлесетін электрлік, электромеханикалық және механикалық түрлендіргіштерден, сондай-ақ басқарушы және ақпараттық құрылғылар мен түйіндесу құрылғыларынан тұратын, жұмыс машиналарының орындаушы органдарын қозғалысқа келтіруге және технологиялық үрдісті жүзеге асыру мақсатында осы қозғалысты басқаруға арналған электромеханикалық жүйені айтамыз.

ЭЖ-де тұрақты және айнымалы ток үздіксіз және дискретті жылжумен айналмалы және ілгерілемелі қозғалысты электрқозғалтқыштар қолданылады; цилиндрлі, бұрамдықты және планетарлы редукторлар түріндегі механикалық түрлендіргіштер және винт-гайка жылжуы, тізбектік және белдікті берілістер, гидравликалық және электрмагниттік жалғастырғыштар; өзіне басқарылатын түзеткіштерді, ток пен кернеу инверторларын жиілік пен кернеу реттегіштерін, кернеуді импульсты реттегіштерді қосатын электрлік күштік түрлендіргіштер; құрамына командоаппараттар, логикалық элементтер блогы, реттегіштер, күшейткіштер, микропроцессорлар және басқарушы электронды машиналар кіретін басқару құрылғылары. Көріп тұрғанымыздай, ЭЖ жүзеге асырылуы әртүрлі болуы мүмкін, бұл оның классификациясында көрінеді.

ЭЖ қозғалыс сипатына қарай, күштік түрлендіргіштің жүзеге асырылу түрі мен әдісіне, қолданылатын электрқозғалтқыштар санына, электрэнергия көздерінің түрлеріне, басқару әдісіне, механикалық берілістің бар немесе жоқ болуына және т.б. қарай классификацияланады. ЭЖ классификациясы егжей-тегжейлі [3] қарастырылған, осы жерден оның маңызды құраушыларын бөліп көрсетейік.

Қозғалыс сипаты бойынша ЭЖ айналмалы және ілгерілемелі қозғалысты болып ажыратылады, сонымен қатар олардың жылдамдықтары реттелетін және реттелмейтін бола алады, ал қозғалыстың өзі үздіксіз және дискретті, бір бағытты, екі бағытты (реверсивті) немесе тербелмелі (ілгері-кейінді) бола алады.

Қолданылатын қозғалтқыштар санына байланысты топтық, жеке және өзара байланысқан ЭЖ ажыратылады. Топтық ЭЖ оның бір қозғалтқышы бір машинаның бірнеше орындаушы органдарын немесе бірнеше жұмыс машинасының бір орындаушы органын қозғалысқа келтірілуімен сипатталады. Жеке ЭЖ жұмыс машинасының бір орындаушы органының қозғалысын қамтамасыз етеді. Өзара әсерлесетін ЭЖ бірге бір немесе бірнеше орындаушы органдарда жұмыс істейтін электрлік немесе механикалық байланысқан екі немесе бірнеше жеке ЭЖ-тер түрінде болады. Сонымен қатар, егер қозғалтқыштар бір-бірімен механикалық түрде байланысқан және ортақ білікке жұмыс істесе, онда ол көпқозғалтқышты ЭЖ деп, ал егер қозғалтқыштар электр тізбектерімен байланысқан болса, онда ЭЖ электрлік білік деп аталады.

Электрлі күштік түрлендіргіш түріне байланысты алуан түрлі ЭЖ ажыратылады. Егер оған тән қасиет ретінде электрэнергия көзінің кернеуін түрлендіру тәсілін алсақ, күштік түрлендіргіштердің төрт түрін ажыратуға болады: айнымалы ток кернеуін тұрақты (түзетілген) ток кернеуіне түрлендіретін басқарылатын және басқарылмайтын түзеткіштер; кері түрлендіруді орындайтын инверторлар; айнымалы ток кернеуінің параметрлерін өзгертетін айнымалы ток кернеуі мен жиілігін түрлендіргіштер; тұрақты токтың шығыс кернеуінің әртүрлі модуляция түрімен тұрақты ток кернеуін импульсты түрлендіргіштер.

Осы барлық күштік түрлендіргіштер әртүрлі элементтік базада, дәлірек айтсақ, электр машинасын, магнитті күшейткіштер, ионды және жартылайөткізгішті элементтер қолданылуымен орындалуы мүмкін. Заманауи күштік түрлендіргіштер ереже бойынша жартылайөткізгішті болып табылады, және оларда, негізінде, күштік транзисторлар, диодтар, тиристорлар және олардың түрлері қолданылады.

Қарастырылған айтарлықтай толық емес классификациядан көріп тұрғанымыздай, ЭЖ нақты жүзеге асырылуы алуан түрлі болуы мүмкін. Сондай-ақ кез-келген электржетегінің жұмысы кейбір ортақ заңдылықтарға бағынады, бұл негізі осы кітапта қарастырылған ЭЖ теориясының пәні болып табылады.

1.2 ЭЛЕКТРЖЕТЕКТІҢ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДАҒЫ РӨЛІ

ЭП тарихы әдетте орыс академигі Б.С.Якобидің алғашқы айналмалы қозғалысты тұрақты ток қозғалтқышын жасап шығарған кезден бастап есептеледі. Бұл қозғалтқышты 1838 ж. Нева бойымен сынау рейстерін жүзеге асырған кішігірім кемеге орнату ЭЖ алғашқы жүзеге асыру мысалы болып табылады. Содан соң ЭЖ, мы-

салы артиллериялық қондырғыны дәлдеу үшін, доғалық лампаның электродтарын жылжыту үшін, тігін машинасының жетегі үшін қолданыла бастады. Алайда тұрақты ток электрэнергиясының үнемді көздерінің болмауынан ЭЖ ұзақ уақыт бойы кең қолданыс таппады және негізгі болып жылулық жетек қала берді.

Бұл жағдайды түптамырымен 1870 ж. өнеркәсіптік электрлік тұрақты ток генераторының жасалуы да, бірфазалы айнымалы ток жүйесінің пайда болуы да өзгерте алмады.

ЭЖ дамуына 1889 ж. М.О.Доливо-Добровольский үшфазалы ток жүйесін жасауы және үшфазалы асинхронды электрқозғалтқыштың пайда болуы түрткі болды, бұл электр энергиясын, демек ЭЖ де кең қолдануға арналған нағыз техникалық және экономикалық алғышарт болды.

Электр жетегі теориясы бойынша алғашқы ғылыми жұмыс 1880 ж. «Электр» журналында жарық көрген орыс инженері Д.А.Лачинованың «Электрмеханикалық жұмыс» мақаласы болып табылады, онда ғылыми негізде механикалық энергияның электрлік үлестірілуінің артықшылықтары көрсетілген.

Біздің елімізді электрлендіру және халықтық электр жетегі шаруашылығында кеңінен қолданылуы кеңінен жаңа электрстанцияларды салу және ескілерін қайта құру, жаңа электрберіліс сымдарын салу, электротехникалық өнеркәсіптің дамуы қарастырылған ГОЭЛРО жоспарын – Ресейді электрлендіру мемлекеттік жоспарын қабылдап жүзеге асырған соң басталды. Осыған сәйкес бұл жоспармен жылулық және гидравликалық электрстанциялар, мыңдаған километр әуе және кабельді сымдар, электр машиналарының, аппараттардың және кабельді өнімдердің өндірісі бойынша ондаған зауыттар қызмет ете бастаған, әртүрлі типті электр жетектерін жасау және оны халық шаруашылығына енгізу бойынша үлкен ғылыми-техникалық мәселелерді шешетін ғылыми-зерттеу және жобалық-құрылымдық институттар мен мекемелер құрылып жатты.

Бір мезетте электр жетегі теориясының дамуы да жүріп жатты. Алғашқы рет электр жетегі теориясының жеке пән ретінде 1925ж. шығарылған С.А.Ринкевичтың «Механикалық энергияның электрлік үлестірілуі» кітабында көрсетілген. Ары қарай электржетек теориясы В.П. Попов, А. Т. Голован, Д. П. Морозов, М. Г. Чиликин сияқты және т.б. кеңес ғалымдарының еңбектерінде дамыған. Үлкен назар сондай-ақ электр жетектерін жасау және пайдалануға дағдыланған инженерлі-техникалық және ғылыми кадрларды дайындауға аударылған.

Біздің еліміздің жұмысшыларының, техниктерінің, инженерлер мен ғалымдардың үлкен еңбегі нәтиже бермеуі мүмкін емес еді. Осылайша, 1890 ж. өнеркәсіптік өндірістегі электрқозғалтқыштардың қуат үлесі барлық қозғалтқыштар қуатының 5%-ын ғана құра-

са, 1927 ж. қарай бұл сан 75%-ға дейін өсті, ал қазіргі кезде ол 100%-ға жуық.

Халық шаруашылығында әлеуметтік еңбек өнімділігін көтеруге, оны шығармашылық және қызықты етуге (бұл өз алдына маңызды әлеуметтік мәселенің шешімі болып табылады) мүмкіндік беретін технологиялық үрдістерді автоматтандыру ғылыми-техникалық прогрестің маңызды бағыты болып табылған біздің уақыттарда технологиялық үрдістердің электрмен жарактандырылуының, яғни электржетектің деңгейінің рөлі одан сайын өсіп келеді. Автоматтандыруға тән ерекшелік робототехниканың жылдам дамуы, автоматтандырылған өндірістерді, автоматтандырылған сымдарды, микропроцессорлық техника құралдары орнатылған машиналар мен құрылғыларды, сандық программалық басқаруға ие көпоперациялы білдектерді, роторлы конвейерлі комплекстерді енгізу болып табылады.

Технологиялық үрдістерді электрлендіру мен автоматтандырудың алдағы дамуы, жоғары өнімділікті машиналарды, механизмдер мен технологиялық кешендерді жасап шығару көп жағдайда электр жетегінің дамуымен анықталады.

Заманауи ЭЖ негізгі даму бағыттарына жатады: заманауи түрлендіргіштерді қолданумен және микропроцессорлы басқарумен комплектті реттелетін ЭЖ жасау және шығару;

пайдалану сенімділігін, унификацияны және көтеру және ЭЖ энергетикалық көрсеткіштерінің жақсаруы;

реттелетін асинхронды ЭЖ қолдану аймағын кеңейту және ЭЖ-ні жаңа қозғалтқыш типтерімен, дәлірек айтсақ сызықтық, кадамдық, шұралы, дірілді, тезәсереткіштігі жоғары, магнетогидродинамикалық және т.б. типтерін қолдану;

технологиялық үрдістердің математикалық моделдері мен алгоритмдерін жасау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының, сондай-ақ ЭЖ-ні жобалаудың машиналық құралдарының дамуы;

заманауи автоматтандырылған электр жетегін жобалауға, жасауға және пайдалануға қабілетті инженерлі-техникалық және ғылыми кадрларды дайындау.

Осы және басқа бірқатар мәселелерді шешу ЭЖ техника-экономикалық сипаттамаларын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді және сонымен қатар алдағы өнеркәсіптік өндірістің барлық салаларында, транспортта, ауыл шаруашылығында және тұрмыста техникалық прогреске арналған базаны жасауға мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары

1. Өнеркәсіптік өндірістегі сипатты технологиялық үрдістерді атаңыз.
2. Жұмыс машиналарына және технологиялық үрдістер мен операцияларды жүзеге асыратын олардың атқарушы органдарына өз мысалдарыңызды келтіріңіз.

3. Жұмыс машиналарының орындаушы органдарының жұмыс істеуінің қандай артықшылықтары бар?

4. Жұмыс машинасының атқарушы органының механикалық қозғалысын сипаттап беріңіз.

5. Кедергі моменті немесе күші деген не?

6. Электр жетегінің артықшылықтары қандай?

7. Электр жетегіне анықтама беріңіз және оның элементтерінің жүзеге асырылуына мысал келтіріңіз.

8. Электр жетектерінің классификациясы қандай?

9. Электр жетегінің негізгі даму кезеңдерін атаңыз.

10. Заманауи электр жетегінің дамуы немен сипатталады?

2 тарау. ЭЛЕКТР ЖЕТЕГІНІҢ МЕХАНИКАСЫ

Бұл тарауда жұмыс машиналарының орындаушы органдарының және орныққан және орнықпаған (өтпелі) режимдерде ЭЖ элементтерінің механикалық қозғалысы талданады.

2.1 ЭЛЕКТР ЖЕТЕК ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ТЕНДЕУІ

Механикалық қозғалыста электрқозғалтқыштың қозғалмалы бөлігі (ротор немесе якорь), механикалық жеткізу құрылғысының элементтері және орындаушы орган қатысады. Бұл элементтердің жиынтығын ЭЖ-нің механикалық бөлігі деп атайды.

ЭЖ механикалық бөлігінің (немесе жұмыс машинасының орындаушы органының) кез-келген элементінің қозғалысы физика курсынан белгілі механика заңына бағынады. Ілгерілемелі және айналмалы қозғалыстар сәйкесінше келесі тендеулермен сипатталады:

$$\sum F = mv / dt + v dm / dt; \quad (2.1)$$

$$\sum M = J d\omega / dt + \omega dJ / dt, \quad (2.2)$$

мұндағы $\sum F$ және $\sum M$ – элементке әсер ететін сәйкесінше күш пен моменттер жинағы; m және J – сәйкесінше элементтің массасы мен инерция моменті; t – уақыт, ω және v – элемент қозғалысының сәйкесінше бұрыштық және сызықтық жылдамдықтары.

Қозғалыс тендеулері өздерінің сипаттамаларына қарай жылдамдықтың, массаның және инерция моментінің туындылары болғандықтан дифференциалды болып табылады. Көп жағдайда элементтің массасы мен инерция моменті қозғалыс кезінде өзгермейді, олардың туындылары нөлге тең болады және (2.1) мен (2.2) тендеулері оңайланады:

$$\sum F = m dv / dt = ma; \quad (2.3)$$

$$\sum M = Jd\omega/dt = J\varepsilon, \quad (2.4)$$

мұндағы $a = dv/dt$ және $\varepsilon = d\omega/dt$ – сәйкесінше ілгерілемелі және айналмалы қозғалыстар кезіндегі үдеулер.

(2.3) және (2.4) теңдеулері белгілі механика заңдылығын көрсетеді: механикалық элемент (дене) қозғалысының үдеуі оған әсер ететін күштердің (моменттердің) алгебралық қосындысына тура пропорционалды және оның массасына (инерция моментіне) кері пропорционалды. Егер

$$\sum F = 0; \sum M = 0, \quad (2.5)$$

болса, онда $dv/dt = d\omega/dt = 0$ болады және элемент тұрақты жылдамдықпен қозғалып келеді немесе тыныштық күйде тұр.

Басқаша айтқанда, элемент өзгеріссіз жылдамдықпен қозғалатын (немесе қозғалыссыз) болады, егер оған түсірілген күштер мен моменттердің қосындысы нөлге тең болса. Мұндай қозғалыс орныққан деп аталады.

$\sum F > 0$ немесе $\sum M > 0$ болса элемент үдеумен қозғалады, ал $\sum F < 0$ немесе $\sum M < 0$ болса – бәсеңдеумен. (2.5) шарттары орныққан механикалық қозғалыс параметрлерін анықтау үшін қолданылады.


2.2. ЭЛЕКТР ЖЕТЕКТІҢ МЕХАНИКАЛЫҚ БӨЛІГІНІҢ ЕСЕПТЕУ СҮЛБАСЫ. БІРМАССАЛЫ СҮЛБА

ЭЖ механикалық бөлігін құрайтын элементтер өзара байланысқан және сондықтан бір-біріне сәйкесінше әсер етеді. Сол себепті, кез-келген элементтің механикалық қозғалысын талдау кезінде оған ЭЖ кинематикалық сұлбасының басқа элементтерінің әсерін ескерген жөн. Бұл (2.1)...(2.4) теңдеулеріндегі қозғалысы қарастырылып отырған элементке кіріс күштерді, моменттерді, масса мен инерция моменттерін санаумен жүзеге асырылады. ЭЖ теориясындағы мұндай есептеу келтіру операциясын атауын алған, ал есептелген айнымалылар мен параметрлер келтірілген деп аталады.

Келтіру операциясын тереңірек қарастырамыз да көтергіш шығырдың ЭЖ механикалық бөлігі мысалында сәйкес математикалық формулаларды аламыз, оның кинематикалық сұлбасы 2.1,а-суретте көрсетілген. ІД инерция моментімен айналмалы қозғалыстың электрқозғалтқышы 1 тегершіктер жұбымен 5 және 6 бірсатылы редуктор 4 арқылы көтергіш шығыр барабанын 8 ω бұрыштық жылдамдықпен қозғалысқа келтіреді, ол трос 9 және ілгек 10 көмегімен ВІО бұрыштық жылдамдықпен т массалы жүкті 11 көтереді.

Сұлбада сондай-ақ біріктіруші механикалық жалғастырғыштар 3 және 7 көрсетілген, олардың біріншісі механикалық тежеуішке 2 тегершік қызметін атқарады. Келтірілген кинематикалық сұлбаның барлық элементтері абсолютті қатты және олардың арасында саңылау болмайды деген жорамалды қабылдаймыз.

Келтіру операциясын қозғалысы қарастыруға келетін кез-келген элементке қатысты орындауға болады. Әдетте бұндай элемент ретінде механикалық қозғалыс көзі болып табылатын қозғалтқышты I таңдайды. Бұл жағдайда келтіру операциясының мәні ЭЖ механикалық бөліктерінің реалды сұлбасы (2.1, а-суретті қараңыз) негізі қозғалтқыш I болып табылатын, ал қалған элементтері әлі белгісіз келтірілген жүктеме (кедергі) моменті M_c және инерция моменті J болатын есептеу (эквивалентті) сұлбасымен алмастырылуы болып табылады. Мұндай есептеу сұлбасы бірмассалы сұлба немесе қатты келтірілген механикалық түйін атауына ие.



2.1-сурет

M_c мен J -ды анықтауға мүмкіндік беретін математикалық қатынас энергияның сақталу заңына сәйкес шығады.

J келтірілген инерция моментін анықтау. Реалды және есептеуіш сұлбалардағы элементтердің кинетикалық энергиясын анықтау үшін өрнек жазайық және оларды бір-біріне теңестірейік

$$J\omega^2/2 = J_d\omega^2/2 + J_1\omega^2/2 + J_2\omega_o^2/2 + mv_{no}^2/2, \quad (2.6)$$

мұндағы J_1 — ω жылдамдықпен айналатын элементтердің суммарлы инерция моменті, J_2 — ω_o жылдамдығымен айналатын элементтердің инерция моменті.

(2.6) өрнегінің екі бөлігін $2/\omega^2$ —ге көбейтіп, мынаны аламыз

$$J = J_d + J_1 + J_2 (\omega_o/\omega)^2 + m (v_{no}/\omega)^2. \quad (2.6)$$

(2.7)-де $\omega/\omega_0 = z_2/z_1 = 1$ (z_2 және z_1 сәйкесінше тегершіктердің 6 және 5 тістерінің саны) қатынасы редуктордың жіберу қатынасы болып табылатынын, ал $v_{\text{ио}}/\omega = \rho = \omega_0 R_0/\omega = R_0^{\text{и}}/\omega$ қатынасы орындаушы орган (ілгекпен 10) мен қозғалтқыш білік арасындағы кинематикалық сұлбаның келтіру радиусын көрсететінін айта кетейік. Осыны ескеріп соңында алатынымыз

$$J = J_0 + J_1 + J_2/i^2 + m\rho^2 \quad (2.8)$$

(2.8)-ден ортақ ереже шығады: J -ді есептеп шығару үшін айналушы элементтердің инерция моментін осы элементтер мен қозғалтқыш білігінің арасындағы кинематикалық сұлбаның келтірілген санының квадратына бөлу керек, ал ілгерілемелі қозғалатын элементтердің массаларын келтіру радиусының квадратына көбейтіледі, және алынған есептеу нәтижелерін қозғалтқыш пен оның жылдамдығымен қозғалатын элементтердің инерция моменттеріне қосады.

М жүктемесінің келтірілген моментін анықтау. Жүкті көтеру кезінде атқарушы органға ЭЖ-нен механикалық қуат берілу керек

$$P_{\text{ио}} = F_{\text{ио}} v_{\text{ио}} = mgv_{\text{ио}},$$

мұндағы g – ауырлық күшінің үдеуі; $F_{\text{ио}}$ – атқарушы органмен көбейтілетін күш.

ПӘК көмегімен кинематикалық тізбектегі қуат жоғалтуын есептей отырып, реалды және есептеу сұлбаларындағы ЭЖ жүктемесінің қуат балансын жазайық:

Жүкті түсіру кезінде онда сақталған потенциалды энергия кинематикалық сұлбадағы шығындарды еңсеруге ішінара шығындалып қозғалтқышқа беріледі. Осыған көмек ретінде қозғалтқышқа аздаған энергия беріледі, сонда ілгерілемелі қозғалыс кезінде

$$M_c \omega = mgv_{\text{ио}}/\eta. \quad (2.9)$$

мұндағы $\eta = \eta_r + \eta_b$ – ЭЖ кинематикалық сұлбасының нәтижелітін ПӘК-і; η_r және η_b – сәйкесінше редуктордың 4 және барабанның 8 ПӘК-тері.

(2.9)-дың екі бөлігін ω -ға бөліп, табамыз

$$M_c = mgv_{\text{ио}}/(\eta\omega) = F_{\text{ио}}\rho/\eta \quad (2.10)$$

Егер атқарушы орган ілгерілемелі емес айналмалы қозғалыс жасаса, онда

$$M_c \omega = M_{\text{ио}} \omega_{\text{ио}}/\eta \quad (2.11)$$

мұндағы $M_{\text{ио}}$, $\omega_{\text{ио}}$ – сәйкесінше атқарушы органның жүктеме моменті мен жылдамдығы, ал келтірілген жүктеме моменті

$$M_c = M_{\text{ио}}/(\eta i). \quad (2.12)$$

Жүкті түсіру кезінде онда сақталған потенциалды энергия кинематикалық сұлбадағы шығындарды еңсеруге ішінара шығындалып қозғалтқышқа беріледі. Осыған көмек ретінде қозғалтқышқа аздаған энергия беріледі, сонда ілгерілемелі қозғалыс кезінде

$$M_c = F_{\text{ио}} \eta_p, \quad (2.13)$$

ал айнымалы қозғалыс кезінде

$$M_c = M_{\text{ио}} \eta/i. \quad (2.14)$$

M_c келтірілген жүктеме моментін сондай-ақ статикалық момент немесе кедергі моменті деп аталатынын айта кетейік.

ЭЖ-де әзірге қолдану аясы тар ілгермелі қозғалысы келтірілген қозғалтқыш қолданылған кезде, келтіру дәл осы принциптермен жүзеге асырылады.

Келтіру операциясын орындау және сонымен 2.1,б-суретіндегі есептеу сұлбасына өту (2.4) теңдеудің сол жақ бөлігін ашуға мүмкіндік береді. Жалпы жағдайда оған кіретін қозғалтқыш моменттері M және M_c кедергілері оң таңбамен қатар теріс таңбаларға ие:

$$\pm M \pm M_c = J d\omega/dt. \quad (2.15)$$

Бұл таңбаларды анықтайтын ереже келесідей: егер моменттің қозғалыс әрекетінің бағыты жылдамдық бағытына сәйкес келсе, онда бұндай момент оң болып табылады, және керісінше.

ЭЖ үшін әдеттегі жағдайда қозғалтқыш қозғалту моментін, ал орындаушы орган – қозғалысқа кедергі моментін тудырады. Онда (2.15) келесідей түрде болады:

$$M - M_c = J d\omega/dt. \quad (2.16)$$

Қозғалтқыш пен жүктеменің моменттерінің айырымын көрсететін және қозғалыстың үдетілу мен баяулатылуы шарттарын анықтайтын (2.16) теңдеуінің сол жақ бөлігі білдіреді және ол электр жетек теориясында динамикалық момент атауына ие болған, $M_{\text{дин}} = M - M_c$.

2.1* есеп. Кинематикалық сұлбаның (2.1,а-суретті қараңыз) келесідей параметрлерде жүкті көтеру кезінде келтіру операциясын орындаңыз: $J_d = 0,1 \text{ кг*м}^2$; $J_1 = 0,02 \text{ кг*м}^2$; $J_2 = 2 \text{ кг*м}^2$; $m = 1000 \text{ кг}$; $R_6 = 1,15 \text{ м}$; $v_{\text{ио}} = 0,9 \text{ м/с}$; $z_1 = 14$; $z_2 = 86$; $\eta_p = 0,97$; $\eta_6 = 0,96$.

Редуктордың беріліс саны

$$i = z_2/z_1 = 86/14 = 6,14;$$

Кинематикалық сұлбаны келтіру радиусы

$$\rho = R_o / i = 0,15/6,14 = 0,024 \text{ м};$$

инерция моменті

$$J = J_d + J_l + J_2 / i^2 + m\rho^2 = 0,1 + 0,02 + 2/6,14^2 + 1000 \cdot 0,024^2 = 0,7 \text{ кг} \cdot \text{м}^2;$$


жүктеменің келтірілген моменті

$$M_c = mgr / (\eta_p \eta_o) = 1000 \cdot 9,81 \cdot 0,024 / (0,97 \cdot 0,96) = 253 \text{ Н} \cdot \text{м}.$$

2.2 есеп. Жоғарыда келтірілген мысал үшін жүкті түсіру жағдайында J және M_c анықтаңыз, параметрлердің мәндерін және кинематикалық сұлбаның ПӘК-ін сондай қылып алыңыз.


2.3 есеп. 2.2-суретте көрсетілген лифтің кинематикалық сұлбасының келесідей параметрлері берілген болса, J және M_c -ны анықтауға арналған формуларды жалпы түрде жазыңыз.

лифтің жүккөтергіштігі m_1 , кг; кабинаның қозғалыс жылдамдығы $b = v_{HO}$, м/с; кабина массасы t_k , кг; қарсы салмақ массасы $8 - m_{пв}$, кг; канатты жүргізуші тегершік диаметрі $5 - d_{кш}$, м; редуктордың жіберу саны $4 - i_p$; механикалық бөліктің ПӘК-і η_m ч; трос ұзындығы $7 - L_p$, м; тросың қума метрінің массасы m_m , кг/м; ω және $\omega_{кш}$ жылдамдықтарымен қозғалатын элементтердің инерция моменттері, сәйкесінше J_l және J_2 , сондай-ақ қозғалтқыштың инерция моменті $2 - J_d$. Қозғалтқыш 2 тежеуішпен 1 редуктормен 4 жалғастырғыш 3 арқылы байланысқан.



2.2-сурет

2.4 есеп. Арбаның ЭЖ-нің механикалық бөлігінің кинематикалық сұлбасы (2.3-суретте көрсетілген) үшін келесі бастапқы мәліметтер көмегімен J және M_c анықтау: арбаның орын ауыстыру жылдамдығы $v_{HO} = 0,8$ м/с; жүретін дөңгелектер диаметрі $d_{кк} = 0,6$ м; жүкпен бірге арбаның ортақ массасы $m = 8\,500$ кг, арба қозғалысының кедергі күші $F_{HO} = 120\,000$ Н; $J = 0,1$ кг·м²; $J_l = 0,15$ кг·м²; $J_2 = 0,01$ кг·м²; $J_3 = 0,05$ кг·м²; $z_1 = 20$; $z_2 = 79$; $z_3 = 16$; $z_4 = 83$; бір тістегерішті жұптың ПӘК-і $\eta_n = 0,97$.




2.3-сурет

Сұлбада: 1-жүріс дөңгелектері; 2-тежеуіш; 3-қозғалтқыш; 4-жалғастырғыш; 5-рельстер

2.5 КӨПМАССАЛЫ ЕСЕПТЕУ СҰЛБАЛАРЫ

ЭЖ реалды кинематикалық сұлбалары орталарында саңылау болуы мүмкін иілгіш элементтерден (ақырғы қатандық элементтері) тұрады. Мысалы, 2.1,а-суреттегі сұлбада солай, ондай серпімді элемент жүк ілінетін трос 9 болып табылады. Айтарлықтай созылыңқылық кезінде серпімді элементтерге біріктіруші біліктерді де жатқызуға болады. Бұл сұлбада саңылаулар біріктіруші жалғастырғыштарда 3 және 7 сондай-ақ тістегершікті іліністе және мойынтіректе болуы мүмкін.

Серпімді элементтер мен саңылаулардың болуы ЭЖ механикалық бөлігінің есептеу сұлбасын көпмассалыға айналдырып қиындатады. Егер бір элементтің серпімділігі мен саңылауларды есепке алынып, бірақ ескерілмесе, онда келтіру операциясын орындау ЭЖ механикалық бөлігін екімассалы есептеу сұлбасы түрінде (2.4-суретте көрсетілген) елестетуге мүмкіндік береді.



2.4-сурет

Бұл сұлбада қатандық коэффициентіне ие серпімді элемент 2 сәйкесінше инерция моменттері J_1 және J_2 болатын екі массаны 1 және 3 байланыстырады. Массалардың біріншісі кинематикалық сұлбадағы өзіне қозғалтқыштың қозғалатын бөлігінің және онымен тығыз байланыстағы элементтердің массасын қосатын жылдамдықпен айналады, ал екіншісі өзіне орындаушы органның және онымен тығыз байланысқан элементтердің массасын m^2 жылдамдықпен қосады. Бірінші массаға M қозғалтқыш моменті және M_y серпімділік моменті берілген, ал екіншісіне M жүктеме моменті және иілгіш момент беріледі. Екімассалы жүйе қозғалысы бұл жағдайда келесі теңдеулер жиынымен сипатталады:

$$\begin{aligned} M - M_y &= J_1 d\omega_1 / dt; \\ M_y - M_c &= J_2 d\omega_2 / dt; \\ M_y &= c (\varphi_1 - \varphi_2), \end{aligned} \quad (2.17)$$

мұндағы φ_1 және φ_2 – сәйкес бірінші және екінші массаның бұрылу бұрыштары; c – серпімді элемент 2 материалы мен геометриялық өлшемдерімен анықталатын қатандық коэффициенті.

Серпиді сырықтың қозғалтқыш білігіне қатаңдық коэффициентін келтіру келесі формуламен жүзеге асырылады

$$c = c_{y,c} p^2, \quad (2.18)$$

ал айнарудың серпімді білігінің (ось) қозғалтқыш білігіне келесідей формула бойынша

$$c = c_B / i^2, \quad (2.19)$$

мұндағы $c_{y,c}$ және c_B – сәйкесінше серпімді сырықтың Н/м, және серпімді біліктің, Н*м қатаңдық коэффициенті.

$c_1, c_2, c_3, \dots$ қатаңдық коэффициенттеріне ие бірнеше серпімді элементтердің параллель жалғануы кезінде эквивалентті қатаңдық

$$c_{экр} = c_1 + c_2 + c_3 + \dots$$

ал тізбектей жалғану кезінде

$$1/c_{экр} = 1/c_1 + 1/c_2 + 1/c_3 + \dots$$

Екі не одан да көп элементтердің серпімділігін есептеген кезде есептеу сұлбасы сәйкесінше үшмассалы, төртмассалы және т.б. болып шығады. Көпмассалы есептеу сұлбалары ЭЖ кинематикалық сұлбасындағы саңылауларды ескеру қажет болған жағдайда да шығады. Көпмассалы сұлбалардағы элементтер қозғалысы күрделі әрі көп түрлі [2], және оны талдау үшін есептеу техникасын қолдану қажет етіледі.

2.5* есеп. ЭЖ механикалық бөлігіне 2.1 есептен (2.1,а-суретті қараңыз) трос серпімділігін, қатаңдық коэффициенті $c = 1-105$ Н/м болатынын ескеріп есептеу сұлбасын алыңыз. Трос массасын ескермеңіз.

Серпімді элемент (трос) көтерілетін жүкті және ЭЖ-нің қалған механикалық бөлігін бөліп тұрады. Есеп шарты бойынша тек бір ғана серпімділікті ескеру қарастырылса, есептеу сұлбасы екімассалы болып табылады (2.4-суретті қараңыз).

Онда бірінші массаның бірінші инерция моменті

$$J_I = J_d + J_1 + J_2 / i_2 = 0,1 + 0,02 + 2/6,142 = 0,175 \text{ кг} \cdot \text{м}^2,$$

а екінші массаның инерция моменті

$$J_{II} = m p^2 = 1000 \cdot 0,025^2 = 0,625 \text{ кг} \cdot \text{м}^2.$$


2.6 есеп. 2.3-суретте келтірілген кран арбасының кинематикалық сұлбасы үшін c_{a1} және c_{a2} қатаңдық коэффициенттеріне ие біліктер серпімділігін ескере отырып есептеу сұлбасын алыңыз.

2.4. ЭЛЕКТР ЖЕТЕКТІҢ ОРНЫҚҚАН ҚОЗҒАЛЫСЫ МЕН ОНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

2.1, б-суретте көрсетілген бірімділік есептеу сұлбасында электр жетектің орнатылған механикалық қозғалысы масса пен қозғалтқыштың моментімен, яғни $M = M_c$ шартымен анықталады. Бұл шарттың орындалуын тексеру аналитикалық немесе қозғалтқыштың механикалық сипаттамасының және орындаушы органның көмегімен шығарылады.

Қозғалтқыштың механикалық сипаттамасы болып оның жылдамдық пен дамып келе жатқан моментке $\omega (M)$ (айналатын қозғалысқа) немесе жігерге $v (F)$ (ілгермелі қозғалысқа) тәуелділігін айтамыз. Қозғалтқыштың табиғи және жасанды сипаттамасын айырады.

Қозғалтқыштың табиғи сипаттамасы болып (ол онда жалғыз) оның негізгі (паспорттық) қосылу сұлбасына және кернеудің номиналды параметрлеріне сәйкес. Қозғалтқыштың айналмалы қозғалыстағы табиғи механикалық сипаттамасы 2.5, а-суретінде көрсетілген. (1...4-сәйкесінше синхронды, тәуелсіз қоздырумен біркелкі ток, асинхронды және бірізді қоздырумен біркелкі ток). Табиғи сипаттамада қозғалтқыштың $\omega_{ном}$, $M_{ном}$ координаттарымен номиналды (паспортты) жұмыс режимі орналасады.



2.5-сурет

Егер қозғалтқыштың қосылуы негізгі сұлба бойынша жүргізілмесе немесе оның электрлік тізбектеріне қандай-да бір қосымша электртехникалық элементтер (резистор, реакторлар, конденсаторлар) қосылса немесе қозғалтқыш номиналды параметрлерсіз кернеумен жабдықталса оның сипаттамалары жасанды деп аталады.

Қозғалтқыштың мұндай сипаттамалары көп болуы да мүмкін. Бұл сипаттамалар қозғалтқыштың ток, момент, жылдамдық, орны айнымалыларын реттеу мақсатты алынатындықтан, олар кейде реттегіштер деп аталады. Қозғалтқыштың жасанды сипаттамалары және оларды алу әдістері ары қарай тереңірек қарастырылған.

Атқарушы органның механикалық сипаттамасы деп күш немесе ондағы моменттен тәуелділігі аталады, яғни айналмалы қозғалыс кезінде $\omega_{AO}(M_{AO})$ және ілгерілемелі қозғалыс кезінде $v_{TO}(F_{TO})$. Келтіру операциясы нәтижесінде бұл сипаттамаларды $\omega(M_c)$ түрдегі тәуелділіктерге түрлендіреді, мұндағы ω -қозғалтқыш жылдамдығы, ал M_c – оның білігіне келтірілген жүктеме (кедергі) моменті. Кейбір атқарушы органдардың механикалық сипаттамалары 2.5,б-суретте көрсетілген (5-металондеуші білдектің басты қозғалысының механизмы; 6-білдектің жіберу механизмінің транспартеры; 7-көтеру механизмы; 8-желдеткіш, бусорғыш, компрессор және ортадан тепкіштік сорғысы). Атқарушы органдардың реалды механикалық сипаттамалары өзінің түрі бойынша күрделірек екенін және әдетте 2.5,б-суретте көрсетілген тәуелділіктер үйлесі түрінде болатынын айта кетейік.

Қозғалу сипатына қарай M_c жүктеме моменттері активті және неактивті болып бөлінеді. Белсенді моменттер жылдамдыққа тәуелсіз, тұрақты өзінің қозғалыс бағытына ие және потенциалды күштермен – Жердің тартылыс күшімен (7-сипаттама), серпімді деформация күштерімен және т.б. пайда болады.

Реактивті момент сипаттамасы 2.5,б-суреттегі 6 тәуелділігіне сәйкес келеді, негізінен үйкеліс күшінен пайда болады, сол себепті қозғалыс бағытының өзгерісімен өз таңбасын өзгертеді.

Қозғалтқыштың және атқарушы органның сандық механикалық сипаттамалары қатаңдықпен бағаланады

$$\beta = dM/da - \Delta M/\Delta \omega. \quad (2.20)$$

Осы көрсеткішті қолдана отырып синхронды қозғалтқыштың 1 сипаттамасын абсолютты қатты ($\beta = \infty$) деп, ал асинхронды қозғалтқыш 3 сипаттамасын оң айнымалыға және теріс қаттылыққа ие деп, ал көтеру механизмінің 7 сипаттамасын нөлдік қаттылыққа ($\beta = 0$) ие деп бағалауға болады.

Енгізілген механикалық сипаттамалар түсінігі графикалық түрде орныққан қозғалыс шарттарын тексеруге және оның параметрлерін табуға мүмкіндік береді. Бұл үшін 2.6-суретте көрсетілгендей бір квадрантта қозғалтқыштың 1 және орындаушы органның 2 сипаттамалары орналастырылады. Бұл сипаттамалардың тоғысу A нүктесінде қозғалтқыш пен орындаушы орган моменттері тең болады және жылдамдығы $\omega_{уст}$ және моменттері $M_{уст}$ болатын орныққан қозғалысқа сәйкес болады.

Мұндай тексеруге арналған аналитикалық әдіс қозғалтқыш пен жүктеменің механикалық сипаттамалары $M = M_c$ шарты кезінде шешімі ω болатын екі теңдеу ретінде берілетін жағдайда қолданылады. Бұл жылдамдық мәнінің екі механикалық сипаттама теңдеулерінің біріне алмастырылып қойылуы орныққан момент мәнін алуға мүмкіндік береді.

Қозғалтқыш пен атқарушы орган механикалық сипаттамаларының түріне байланысты орныққан қозғалыстың тұрақтылығы анықталады. Тұрақтылық «қозғалтқыш-атқарушы орган» жүйесінің қозғалысты ω жылдамдықта немесе оның минималды ауытқуымен ұстап тұру қасиеттері ретінде түсініледі. Механикалық сипаттамалар көмегімен қозғалыс тұрақтылығын анықтау әдістерін қарастырайық (2.6-суретті қараңыз).

Белгілі бір себеппен ЭЖ жылдамдығы ω_1 деңгейіне дейін көтерілді дейік. Егер жылдамдық өзгерісінің себебі жоғалған жағдайда жылдамдыққа не болатынын анықтайық. Қозғалтқыш және атқарушы орган сипаттамаларынан ω_1 жылдамдықта M_{c1} жүктеме моменті M_1 қозғалтқыш моментінен үлкен екені көрінеді, яғни $M_1 < M_{c1}$. Онда (2.16)-мен сәйкес «қозғалтқыш-атқарушы орган» жүйесінде кері динамикалық момент әсер ете бастайды. $\omega_{уст}$ жылдамдығы кезінде бітетін тежеу үрдісі ($dw/dt < 0$) басталады.


Енді қысқамерзімдік ауытқу жылдамдықтың $\omega_2 < \omega_{уст}$ деңгейіне дейін түсуіне негіз болған жағдайды қарастырайық. Бұл жағдайда $M_2 > M_{c2}$ оң динамикалық момент әсерінен жылдамдық $\omega_{уст}$ деңгейіне жеткенше өсе бастайды. Осылайша, «қозғалтқыш-атқарушы орган» жүйесі 2.6-суретте көрсетілген механикалық сипаттамаларымен мүмкін болатын одан ауытқу кездерінде орныққан қозғалыс жылдамдығына қайтып келу қасиетіне ие, яғни мұндай жүйедегі қозғалыс тұрақты болып табылады.

Қозғалыс тұрақтылығын тексеру сондай-ақ аналитикалық түрде

сипаттамалар қатандығы түсінігі қолданылуымен орындалуы мүмкін. Келесі шарттар орындалған кезде қозғалыс тұрақты болады

$$\beta - \beta_c < 0 \text{ немесе } \beta < \beta_c \quad (2.21)$$

мұндағы β және β_c – сәйкесінше қозғалтқыштың және атқарушы органның механикалық сипаттамаларының қатаңдығы.



2.6-сурет


2.7* есеп. Жұмыс істеліп жатқан көліктің қозғалтқышпен атқарушы органның теңдеуі келесідей болады $\omega = 300 - 3M$ және $M = 30 + 2\omega$. Аналитикалық орнатылған қозғалыс ω пен моментті M анықтаңыз.

Орнатылған қозғалыстың шарттарын қолдана отырып $M = M_c$,

$$30 + 2 \omega_{уст} \text{ жазып алайық } \omega_{уст} = (300 - \omega_{уст})/3, \omega_{уст} = 30 \text{ рад/с.}$$

Анықталған жылдамдықтың түсіндірілуін кез келген екі теңдеуге қоя отырып, орнатылған сәттің анықтамасын аламыз $M = 90 \text{ Н} \cdot \text{м}$.

2.8 есеп. 2.7 суретте әр түрлі қозғалтқыш 1 пен атқарушы органның 2 механикалық сипаттамасы бейнеленген. Анықталған қозғалыстың барлық жағдайлардағы графикалық түрде анықтау



2.7-сурет

ЭЖ анықталған қозғалысының тұрақтылығын және олардың кездесу нүктелеріндегі сипаттамаларының қатаңдығын анықтау.

2.5 ТҰРАҚТЫ ДИНАМИКАЛЫҚ МОМЕНТТЕГІ ЭЛЕКТР ЖЕТЕКТІҢ ОРНЫҚПАҒАН ҚОЗҒАЛЫСЫ

Қозғалтқыштың моменттері мен жүктемесі бір бірінен ерекшеленгенде, ЭЖ орнықпаған қозғалысы орын алады, яғни $M \neq M_c$. Бұндай жағдайда динамикалық момент $M_{дин}$ нөлге тең емес және жылдамдықтың азаюы мен көбеюі орын алады. ЭЖ анықталмаған қозғалысының қарапайым мысалы болып жіберу, тоқтату және қозғалтқыштың реверсі, оның бір жылдамдықтан екіншіге ауысу процессіндегі оны реттеу немесе ауырлықты өзгерту.

Анықталмаған қозғалыс ЭЖ орнатылған қозғалысының бір параметрден орнатылған қозғалыстың басқа параметрлеріне көшкен кезде пайда болады (егер қозғалыс тұрақты болса).

Осы себепті орнықпаған қозғалысты да өтпелі процесс немесе ЭЖ өтпелі режимі деп атайды.

Орнықпаған қозғалысты қарастыру мақсаты ЭЖ механикалық айнаымалыларының (координаталарының) – моменттер, жылдамдылықтар мен қозғалтқыш білігінің бұрылу бұрышының уақытқа тәуелділіктерін алу болып табылады. ЭЖ механикалық бөлігіндегі қозғалыстағы элементтердің инерттілігіне шартталған өтпелі процестерді қарастырайық. Кейде бұндай процестерді механикалық деп атайды.

Ізделінді тәуелділіктерді механикалық қозғалыстың дифференциалды теңдеуін (2.15) шешумен (интегралдаумен), сондай-ақ қозғалтқыш бұрышын φ және оның жылдамдығын ω байланыстыратын дифференциалды теңдеуді $\omega = d\varphi/dt$ шешумен аламыз.


Бұл теңдеулерді шешу үшін қозғалтқыш пен жүктеме моменттерінің өзгеру заңдылықтарын, сондай-ақ қозғалыстағы элементтердің массалары мен инерция моменттерін және айнаымалылардың бастапқы (нөлдік) мәндерін білу қажет.

Жалпы жағдайда қозғалтқыш пен жүктеме моменттері, кейде инерция моменті де уақыт, жылдамдық және ОО-ның (қозғалтқыш білігінің айналу бұрышы) орналасу функциялары болып табыла алады.

Мүмкін болатын өтпелі процестердің көп түрінің ішінен ЭЖ қозғалтқышы мен жүктемелерінің моменттері жылдамдық пен уақытқа тәуелсіз тұрақты шамалар болғандағы, ал қозғалатын элементтердің инерция моменттері мен массалар өтпелі процесс кезінде өзгермеген кездегі жағдайларды қарастырайық. Басқа мүмкін болатын өтпелі процестерді [4] қараңыз.

2.8, а – суретте қозғалтқыш 2 пен жүктеменің 1 (орындаушы мүше) механикалық сипаттамалары көрсетілген, ол кезде олардың моменттері өзгеріссіз, яғни динамикалық момент тұрақты және оң. (2.16) қозғалыс теңдеуі бұл жағдайда айнаымалыларды бөлу әдісімен шешіледі, яғни

$$\omega = (M - M_c) t / J + C. \quad (2.22)$$



2.8-сурет

Интегралдау тұрақтысы C өтпелі процесстің бастапқы шарттарынан табылады: $t=0$ $\omega = \omega_{\text{нач}}$. (2.22)-ге бұл шартты қойған кезде, $C = \omega_{\text{нач}}$ аламыз. (2.22) анық келесідей түрде болады:

$$\omega = [(M - M_c)/J]t + \omega_{\text{нач}}. \quad (2.23)$$

алынған формула ЭЖ қарқындауы (2.8,б-суретті қараңыз) кезінде ω сызықты жылдамдығы t уақытқа тәуелді болуын көрсетеді: $(M - M_c) > 0$ болғанда, ол өседі (4 түзуі), ал $(M - M_c) < 0$ кезінде – кішірейтіледі. Қозғалтқыш моменті уақытқа тәуелді емес (3 түзу).

Өтпелі процесстің уақыты $t_{\text{пп}}$, жылдамдығы бастапқыдан $\omega_{\text{нач}}$ соңғысына $\omega_{\text{кон}}$ өзгерген кезде, (2.23)-тен оған $t = t_{\text{и}}$ $\omega = \omega_{\text{кон}}$ орна-
тылған кезде анықталады.:

$$t_{\text{пп}} = J(\omega_{\text{кон}} - \omega_{\text{нач}}) / (M - M_c). \quad (2.24)$$

2.9 есеп. Келесі берілген акпарат бойынша $\omega(t)$ тәуелділігін құрастырып және есептеңіз: $M = 50 \text{ Н} \cdot \text{м}$; $M_c = 100 \text{ Н} \cdot \text{м}$; $J = 0,1 \text{ кг} \cdot \text{м}^2$; $\omega_{\text{нач}} = 100 \text{ рад/с}$. Жылдамдық екі есе төмендеген кездегі өтпелі процесстің уақытын есептеңіз.

2.10 есеп. $t_{\text{пп}} = 1 \text{ с}$ уақытта жылдамдықтың 200 рад/с өсуін $J = 0,2 \text{ кг} \cdot \text{м}^2$ болған кезде қамтамасыз ететін динамикалық моментті анықтаңыз.

2.11 есеп. Қозғалтқыштың білігінің бұрышының уақыттан $\varphi(t)$ тәуелділігін динамикалық момент тұрақты жағдай үшін анықтауға арналған жалпы өрнекті алыңыз және бұл тәуелділік түрін сараптаңыз.


2.6. ҚОЗҒАЛТҚЫШ ПЕН АТҚАРУШЫ ОРГАННЫҢ СЫЗЫҚТЫҚ МЕХАНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ КЕЗІНДЕГІ АНЫҚТАЛМАҒАН ҚОЗҒАЛЫСЫ

Қозғалтқыш пен атқарушы орнанның сызықтық механикалық сипаттамасы кезінде ЭЖ динамикалық моменті жылдамдыққа сызықты тәуелді. Бұндай өтпелі процесстер тұрақты токтың тәуелсіз қоздырылатын қозғалтқыштар мен сипаттамаларының кейбір бөліктері немесе толығымен түзу сызықпен (аппроксимацияланған) көрсетілуі мүмкін қозғалтқыштарға ие ЭЖ-ге тән.

2.9, а-суретінде келесідей теңдеумен құрастырылған атқарушы орган 2 мен қозғалтқыштың 1 сызықтық механикалық сипаттамасы көрсетілген :

$$\begin{aligned} M &= M_{\text{кз}} - \beta \omega; \\ M_c &= M_{\text{с0}} + \beta_c \omega, \end{aligned} \quad (2.25)$$

$M_{\text{кз}}$ және $M_{\text{с0}}$ – нөлдік жылдамдықтағы қозғалтқыш пен атқа-



2.9-сурет

рушы органның моменттері.

Бұл өрнектерді (2.16) қозғалу теңдеуіне қойсақ, келесі өрнек шығады

$$M - M_c = M_{кз} - \beta \omega - M_{с0} - \beta_c \omega = J(d\omega/dt). \quad (2.26)$$

Әдеттегі дифференциалды өрнек түрінде (2.26) келесідей болады

$$T_M (d\omega/dt) + \omega = \omega_{уст} \quad (2.27)$$

Ол жерде $T_M = J/(\beta + \beta_c)$ - электрмеханикалық тұрғылықты уақыт, қозғалтқыштың мінездемесі мен атқарушы мүшенің кездесу нүктесіне сәйкес, с; $\omega_{уст} = (M_{кз} - M_{с0})/(\beta + \beta_c)$ - орнатылған жылдамдық.

(2.27) өрнек – өз пішіні бойынша бірінші реттегі сызықтық біртекті емес дифференциалды теңдеу болып табылады, оның шешімі келесідей болады

$$\omega(t) = A e^{-t/T_M} + \omega_{уст}, \quad (2.28)$$

тұрақты A коэффициенті өтпелі процесстің бастапқы шарттарында анықталады: $t=0$ $\omega = \omega_{нач}$,

$$A = \omega_{нач} - \omega_{уст}. \quad (2.29)$$

Жылдамдықтың уақыттан өзгеру тәуелділігі біржолата келсідей болады

$$\omega(t) = (\omega_{нач} - \omega_{уст}) e^{-t/T_M} + \omega_{уст}. \quad (2.30)$$

(2.25) теңдеуге қарап, уақыт функциясындағы қозғалтқыштың моментін жазғанда келесідей болады:

$$M(t) = M_{кз} - \beta \omega(t). \quad (2.31)$$

$$\beta = \Delta M / \Delta \omega = M_{кз} / \omega_0 = (M_{кз} - M_{уст}) / \omega_{уст} = (M_{кз} - M_{нач}) / \omega_{нач}$$

$\omega_{\text{нач}}$ және $\omega_{\text{уст}}$ орнатылғаннан кейін теңдеуді есепке алғанда

$$M(t) = (M_{\text{нач}} - M_{\text{уст}})e^{-t/T_m} + M_{\text{уст}} \quad (2.32)$$

$\beta_c = 0$ болған жағдайда (атқарушы мүшенің мінездемесі вертикалды түзу сызық болып табылады) ЭЖ кең тараған жағдайында (2.30) және (2.32) параметрлерге кіретіндер оңай түрде орындалады

$$T_m = J/\beta = J\omega_0/M_{\text{к.з}}; \quad \omega_{\text{уст}} = (M_{\text{к.з}} - M_c)/\beta$$

Осындай механикалық сипаттамалар қандай жағдайда талап етілуі мүмкін. ЭЖ функцияларының бірі жұмыс машинасының атқарушы органында өңделетін немесе дайындалатын материалдың немесе бұйымның (табақ металл, сымдар, қағаз, тоқыма төсем өндірісі) талап етілген керілісін шығару үшін мәні бойынша реттелетін күшті немесе моментті қамтамасыз етуге байланысты екенін еске түсіріп көрейік. Осындай механикалық сипаттамаларға ие ЭЖ осы функцияның орындалуын барынша жеңіл қамтамасыз етеді, сондай-ақ мәні бойынша қозғалыстың тұрақты жеделдеуін немесе баяулауын алуға мүмкіндік береді. «ТК – Қ» жүйесінде жылдамдықты реттеу үшін механикалық сипаттамалардың горизонталь участогы да қалыптастырылуы мүмкін. Бұған кері байланыстарды енгізумен қол жеткізеді (атап айтсақ, қозғалтқыштың жылдамдығы бойынша сызықтық емес жағымсыз кері байланыспен). ЭЖ осындай тұйық сұлбасы 11-бөлімде берілген.

4.11. ТӘУЕЛСІЗ ҚОЗДЫРЫЛАТЫН ТҰРАҚТЫ ТОКТЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШЫМЕН ЭЛЕКТР ЖЕТЕКТІҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫН ИМПУЛЬСТІК РЕТТЕУ

Соңғы жылдары жартылай өткізгіш техниканың дамуына байланысты ЭЖ жылдамдығын реттеудің импульстік тәсілі кеңінен таралды, оны қолдану бірқатар жағдайларда оның күш сұлбасын жеңілдетуге және оның жұмысының сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл қозғалтқышты тұрақты токтың реттелмейтін көзінен қуаттандырудың жалғыз тәсілі болып табылады (аккумуляторлық батарея, басқарылмайтын түзеткіш және т. б.).

Осы жағдайда жылдамдықты реттеу якорь тізбегіндегі резистордың кернеуін, магниттік түйдегін немесе кедергісін импульстік өзгерту арқылы жүзеге асырылады, яғни қозғалтқыштың жасанды сипаттамаларын алудың бұрындары қарастырылған негізгі тәсілдерімен.

Импульстік реттеу кез келген үлгідегі басқарылатын жартылай кізгіш кілттердің көмегімен жүзеге асырылады. Кілт жұмысының кізгі көрсеткіші коммутация кезеңінде оның тұйық күйінің уақыт-н арақатынасымен анықталатын толтыру (оның жұмысының ғыз еместігі) болып табылады:

$$\gamma = t_3 / T_k = t_3 / (t_3 + t_0) \quad (4.59)$$

Мұндағы t_0 – кілттің ажыратылған күйінің уақыты; t_3 – кілттің йық күйінің уақыты.

Практикада кілтті басқарудың екі негізгі тәсілі қолданыла- і ендік-импульстік және жиілік-импульстік модуляциялар. дік-импульстік модуляцияда T_k кілттің коммутация периоды рақты болып қалады, ал оның тұйық күйінің t уақыты өзгереді, ни оларды сақтаудың өзгермейтін периодында (жиілігінде) исл- стердің ені өзгереді.

Жиілік-импульстік модуляцияда t_3 уақыты өзгеріссіз қалады, T_k кілттің коммутация периоды өзгереді, бұл коммутация жиілі- е кері пропорционал. Байқағанымыздай, кілтті басқарудың қос ілінде де у толтыруы өзгереді, яғни толтыру бірегей көрсеткіш лады және координаталарды реттеудің импульстік тәсілін талдау- оны қолданған ыңғайлы.


Якорь тізбегіндегі қосалқы резистордың кедергісін импуль- ік реттеу, мұны іскеасыру схемасы мен сәйкес сипаттамалары 6-сур. келтірілген, ол R кедергісіне ие 2 резисторына параллель лғанған 1 кілттің белгілі заңы бойынша периодтық коммутация йықталу және ажырату) жолымен жүзеге асырылады.

Импульстік реттеуде 7 кілт жұмысының шекаралық режимдерін дау арқылы ТҚТТҚ механикалық сипаттамалар тобын шығара- із: оның үнемі ажыратылған және үнемі тұйықталған күйі. $y = 1$

болғанда 2 резистор 3 якорь тізбегінен шығарылды және қозғалтқыш осыған сәйкес табиғи механикалық сипатта- мамен жұмыс істейді

4. Егер $y = 0$ болса, 2 резистор якорь тізбегіне енгізілген және қозғалтқыш 6 жасанды сипаттама бойынша жұмыс істейді. $0 < y < 1$ болғанда 5 механикалық сипаттама- лары екі шекті сипаттамалар арасына орналасады.


4.26-сур. көрсетілген сипаттамалар тобына арналған математикалық өрне- кті тұжырымсыз келтіреміз:



4.26-сурет


$$\omega = U / (k\Phi) - M (R_d (1 - \gamma) + R_n) / (k\Phi)^2.$$

Сұлба мен сәйкес сипаттамалары 4.27-сур. **келтірілген қозғалтқыштың магниттік түйдегін импульстік реттеуде** 4 қоздыру орамының тізбегіне 2 кілтпен тұйықталған 3 қосалқы резисторы жалғанған. үкілтің толтыру 0-ден 1-ге дейінгі шекте реттелетін болады. Осы жағдайда да 2 кілттің шекті жұмыс режимдерін талдау арқылы жасанды сипаттамалар тобын аламыз. $\gamma = 1$ болғанда кілт үнемі бекітулі, 3 резистор тұйықталған, 4 қоздыру орамы бойынша номинальді ток келеді және 1 қозғалтқыш 7 табиғи сипаттама бойынша жұмыс істейді. $\gamma = 0$ болғанда 2 кілт үнемі ажыратылған, 3 резистор 4 қоздыру орамының тізбегіне енгізілген, қоздыру тогы мен магниттік түйдек азаяды және қозғалтқыш 5 жасанды сипаттама бойынша жұмыс істейді. $0 < \gamma < 1$ мәндерінде қозғалтқыш 6 аралық сипаттамаларда жұмыс істейді.



4.27-сурет

Сұлбасымен сәйкес сипаттамалары 4.28-суретте келтірілген **қозғалтқыштың якоріндегі кернеуді импульстік реттеуде** 2 якорь 1 кілтпен мерзім сайын U кернеулі көзге жалғанады. 1 бекітулі кілтте якорьдағы ток көздің U_c кернеуінің әсерімен жүреді, ал ажыратылғанда $-VD$ диоды арқылы тұйықталып, өзіндік индукция ЭДС якорындағы туралаудың әсерімен жүреді.



4.28-сурет


Бұл ретте якорьдағы ток жүріп тұрған сипатқа ие болады. Кілттің толтырылуын реттей отырып, қозғалтқыштың әртүрлі механикалық сипаттамаларын алуға болады.

$\gamma = 1$ болғанда якорьға үнемі көздің толық кернеуі беріледі және қозғалтқыш 3 табиғи сипаттама бойынша жұмыс істейді. Егер $\gamma = 0$ болса, онда якорьға кернеу түспейді, қозғалтқыш динамикалық тежеу схемасы бойынша қосулы күйде қалады және оның 5 механикалық сипаттамасы координаталардың басы бойынша өтеді. $0 < \gamma < 1$ толтырудың аралық мәндеріне екі шекті сипаттамалар арасында орналасқан 4 механикалық сипаттамалардағы қозғалтқыштың жұмысы сәйкес келеді.

Кернеуді импульстік реттеуде үзілмелі ток режимі мүмкін, ол орналасқан аймақта (штрих сызығынан сол жақта) қозғалтқыштың сипаттамалары қисық сызықты. Қозғалтқыш сипаттамаларының тік сызықты участоктары үшін математикалық өрнек былай түрленеді

$$\omega = \gamma U_c / (k\Phi) - MR_a / (k\Phi)^2.$$

Заманауи ЭЖ импульстік реттеу сұлбаларында контактісіз жартылай өткізгіш кілттер, әдетте тиристорлық кілттер қолданылады. Мұндай кілттің жұмысын тұрақты ток тізбегіне жалғанған қосалқы резистордың кедергісін импульстік реттеу сұлбасының мысалымен түсіндіреміз (4.29, а сур.). Осы сұлбада кілттің рөлін R резисторына параллель жалғанған $VS1$ тиристоры атқарады. Ашылғанда тиристор R_d резисторын тұйықтайды, жабылғанда тиристор осы резисторды электрлік тізбекке енгізеді. $VS1$ тиристорды өшіру үшін анодтың потенциалымен салыстырғанда катодтың барынша жоғары (жағымды) потенциалын қамтамасыз ету керек. Қарастырылатын схемада бұған $VS2$ қосалқы тиристорын және коммутациялаушы элементтерді – C_k конденсаторын, L_k реакторын, VD_k диодын, U_n кернеулі күші аз тұрақты ток көзін, VD_n диодын және R_n резисторын қолдану арқылы жетеді.



4.29-сурет

$VS1$ және $VS2$ тиристорларын басқару СИФУ жүзеге асырылады, бұл олардың тиісті жиілігі мен реттілігі бар U_a басқару импульстерін береді.

$VS1$ тиристоры бастапқы күйде ашық, $VS2$ тиристоры жабық, ал C_k конденсаторы төменгі қоршаудағы «+» таңбалы U кернеуімен қуат көзінен қуаттандырылды делік. $VS1$ тиристорын жабу $VS2$ тиристорына импульс беру арқылы орын алады. Соңғысы ашылады және $VS1$ тиристорының катодына C_k конденсаторының «+» кернеуін, ал анодқа осы «-» кернеуді өткізеді. $VS1$ жапқаннан кейін C_k конденсаторы жоғарғы қоршауындағы плюсімен $VS2$ ашық тиристоры арқылы қуаттандырылады. Егер енді басқару импульсін $VS2$ алсақ, онда ол конденсаторды қуаттаудың соңында жабылады. $VS1$ тағы импульс берілген ол R_d резисторын қысқа уақытқа тұйықтай отырып, қайта ашылады, бұл ретте $C_k - VS1 - VD_k - L_k$ тізбегі бойынша конденсатордың қайта қуатталуы басталады, бұл оның төменгі қоршауының потенциалы жағымдыға айналғанша жүреді. Егер $VS2$ тиристорын қайта ашсақ, сұлбаның сипатталған жұмыс процесі қайталанады және т. б. C_k конденсаторын бастапқы қуаттандыру үшін U_n кернеулі ток көзі мен VD_n және R_n элементтері қызмет етеді.


4.29, б сур. тиристорлық кілттің тағы бір кеңінен таралған сұлбасы ұсынылған, бұл әдетте кернеуді импульстік реттеу үшін қолданылады. Осы схемада тұрақты токтың қосымша көзі жоқ, себебі жоғарғы қоршауы плюсті C_k конденсаторын алдын ала қуаттандыру $VS2$ тиристорын ашқанда желі кернеуінен жүреді. Бұл ретте $VS1$ тиристоры ашық және қозғалтқыш желіден ажыратылған. $VS1$ тиристорына U_a басқарушы импульсін бергенде ол ашылады, және қозғалтқышқа кернеу беріледі. Осы тиристор арқылы бір уақытта VD_k және L_k элементтерінің жоғарғы қоршаудағы минуспен C_k конденсаторының қайта қуаттандырылуы басталады. Сондықтан $VS2$ тиристорын келесі жолы ашқанда $VS1$ тиристоры анодының потенциалы оның катодының потенциалына қарағанда барынша кері болады, және $VS1$ тиристоры жабылады. Бұдан әрі цикл қайталанатын болады.

СИФУ көмегімен $VS1$ және $VS2$ тиристорларының басқарушы импульстері арасындағы аралықты өзгерте отырып, қозғалтқыштағы кернеуді импульстік реттеуді қамтамасыз етуге болады.

Жылдамдықты импульстік реттеу көрсеткіштері негізінен үздіксіз реттеудегі секілді. Сонымен бірге тұрақты токтың импульстік электрлік жетектерінің энергетикалық көрсеткіштері бұдан да нашар. Бұл якорь тогының қисығында өзгермелі құрамдастың болуымен түсіндіріледі, бұл қозғалтқышта қосымша энергия жоғалтуға әкеледі.

4.12. БІРІЗДІ ҚОЗДЫРЫЛАТЫҢ ТҰРАҚТЫ ТОК ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫҢ ҚОСУ СҰЛБАСЫ, СТАТИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫС РЕЖИМДЕРІ

Электрлік көлік пен бірқатар жүк көтергіш машиналар мен механизмдердің ЭЖ бірізді қоздырылатын тұрақты ток қозғалтқыштары (БҚТТК) кеңінен қолданылуда, қосу схемасы мен магниттеу қисығы 4.30-сур. көрсетілген. Осы қозғалтқыштардың негізгі ерекшелігі I якорь орамымен және 3 қосалқы резисторымен тізбекті түрле 2 қоздыру орамын қосу болып табылады, осының салдарынан якорьдің тогы бір уақытта қоздыру тогы болады.



4.30 -сурет

(4.1) ... (4.3) сәйкес қозғалтқыштың электрмеханикалық және механикалық сипаттамалары мына формулалармен беріледі

$$\omega = (U - IR) / [k\Phi(I)]; \quad (4.60)$$

$$\omega = U / [k\Phi(I)] - MR / [k\Phi(I)]^2, \quad (4.61)$$

мұнда магниттік түйдектің якорьдің (қоздыру) тогына тәуелділігі қосымша көрсетілген $\Phi(I)$, ал $R = R_{я} + R_{об} + R_{д.}$

Магниттік ағын мен ток өзара 5 магниттеу қисығымен байланысқан, оны жуық талдамалы өрнектің көмегімен сипаттау арқылы қозғалтқыштың сипаттамаларына арналған формулаларды алуға болады.

Қарапайым жағдайда магниттеу қисығын 4 тік сызықпен береді. Мұндай аппроксимация мәні бойынша қозғалтқыштың магниттік жүйесін қанықтыруды елемеуді білдіреді және ағынның токқа тәуелділігін келесі жолмен көрсетуге мүмкіндік береді:

$$\Phi = aI, \quad (4.62)$$

Мұндағы $a = \text{tg}\varphi$.

Сызықтық аппроксимацияда (4.3) шығатын момент токтың квадраттық функциясы болып табылады:

$$M = k\Phi I = kaI^2. \quad (4.63)$$

(4.60)-қа (4.62)-ні қойып қозғалтқыштың электрмеханикалық сипаттамасы үшін келесі өрнекті аламыз:

$$\omega = U/(kaI) - R/(ka). \quad (4.64)$$


(4.64)-те токты (4.63)-тің көмегімен көрсетіп, механикалық сипаттама үшін мына өрнекті аламыз:

$$\omega = U/\sqrt{kaM} - R/(ka). \quad (4.65)$$

$\omega(I)$ және $\omega(M)$ сипаттамаларын құру үшін (4.64) және (4.65) формулаларына қысқаша талдау жүргіземіз. Шекті мәндерге – нөл мен шексіздікке ұмтылушы ток пен моментте осы сипаттамалардың асимптоталарын табамыз.

$I \rightarrow 0$ және $M \rightarrow 0$ болғанда (4.64) пен (4.65) шығатын жылдамдық шексіз үлкен мәнді қабылдайды, яғни $\omega \rightarrow \infty$. Бұл жылдамдық осінің $\omega(I)$ және $\omega(M)$ сипаттамаларының ізделіп отырған асимптотасы болып табылады. $I \rightarrow \infty$ және $M \rightarrow \infty$ болғанда ω жылдамдығы $-R/(ka)$, яғни $\omega_a = -R/(ka)$ ординаталы түзу осы сипаттамалардың екінші, горизонталь асимптотасы болып табылады.

(4.64) және (4.65) сәйкес $\omega(I)$ және $\omega(M)$ тәуелділіктері бұл ретте гиперболалық сипатқа ие болады, бұл жасалған талдауды ескере отырып, оларды 4.31-сур. көрсетілген қисықтар түрінде көрсетуге мүмкіндік береді.



4.31 -сурет

Шыққан сипаттамалардың ерекшелігі жүктеменің кіші моменттеріне сәйкес келетін қозғалтқыштың азғантай токтары мен моменттерінде оның жылдамдығы үлкен шамаларды қабылдайды, бұл ретте сипаттамалар жылдамдық осін кесіп өтпейді.


Осылайша, негізгі сұлба (4.30-сур. қараңыз) бойынша жалғанған тізбекті қоздыру қозғалтқышы үшін желімен параллель түрде жұмыс істейтін бос жүріс және генератор режимдері болмайды, себебі екінші квадранттағы сипаттамалар өтпейді.

Бұл $I, M \rightarrow 0$ болғандағы магниттік ағынның $\Phi \rightarrow 0$ болуымен түсіндіріледі, ал осылайша (4.1)-ге сәйкес $E \rightarrow U$ болады. Басқа сөзбен айтсақ, кез келген жылдамдықта $E < U$, осыған байланысты желіге энергияның берілуі орын алмайды. Қозғалтқышта Φ қалдық магниттеу түйдегінің болуына байланысты бос жүрістің жылдамдығы іс жүзінде болады және осы жағдайда $U / (k\Phi_{\text{ост}})$ қатынасына тең.

ТҚТТҚ жұмысының қалған режимдері ДПТНВ жұмыс режимдеріне ұқсас: $0 < \omega < \infty$ болғанда қозғалтқыш режимі, $\omega = 0$ болғанда қысқа тұйықталу режимі орын алады, ал $\omega < 0$ болғанда желіге тізбекті түрде қосылған генератор режимі орын алады (қарсы қосуден тежеу), Сонымен бірге бұдан әрі 4.15-бөлімде толық

карастырылған тұрақты ток желісінен тәуелсіз (динамикалық тежелу) БҚТТҚ генераторлық режимде жұмыс істей алады.

(4.64) және (4.65) өрнектері жуық болып табылады және нақты инженерлік есептер үшін қолданылмайды. Мұның себебі магниттеудің қабылданған сызықтық аппроксимациясына байланысты, сол кезде қозғалтқыштар қанықтырылған магниттік жүйе аймағында нақты



4.32 -сурет

жұмыс істейді. Сондықтан нақты практикалық есептер үшін 4.32-сур. берілген аталмыш ТҚТТҚ эмбебап сипаттамалары қолданылады. Бұлар $\omega^* = \omega / \omega_{\text{ном}}$ қатысты жылдамдық (1-қисық) пен $M^* = M / M_{\text{ном}}$ моментінің (2-қисық) $I^* = I / I_{\text{ном}}$ қатысты тогына тәуелділігін білдіреді. Барынша нақты сипаттама алу үшін $\omega^*(I^*)$ тәуелділігі 10 кВт-қа дейінгі қозғалтқыштар және 10 кВт қозғалтқыштар және бұдан жоғары қозғалтқыштар үшін екі қисықпен беріледі. Осы сипаттамалардың қолданылуын нақты мысалмен қарастырайық.

4.13* есеп. Келесі шамаларға ие Д31 типті ТҚТТҚ табиғи сипаттамаларын есептеу және құру: $P_{\text{ном}} = 8 \text{ кВт}$; $n_{\text{ном}} = 800 \text{ об/мин}$; $U_{\text{ном}} = 220 \text{ В}$; $I_{\text{ном}} = 46,5 \text{ А}$; $\eta_{\text{ном}} = 0,78$.

$$\omega_{\text{ном}} = 2\pi n_{\text{ном}} / 60 = 2 \cdot 3,14 \cdot 800 / 60 = 83,7 \text{ рад/с};$$


$$M_{\text{ном}} = P_{\text{ном}} / \omega_{\text{ном}} = 8000 / 83,7 = 95,5 \text{ Н·м}.$$

БҚ ТТҚ бірегей сипаттамалары (4.32-сур. қараңыз) бойынша I^* тоқтың қатысты мәндерін бере отырып, M^* моменті мен ω^* жылдамдығының қатысты мәндерін табамыз. Осыдан кейін айнымалылардың қатысты мәндерін көбейте отырып, қозғалтқыштың ізделіп отырған сипаттамаларын құру нүктесін аламыз:

I^*	0,4	0,8	1,2	1,6	2
M^*	0,3	0,7	1,3	1,9	2,6
ω^*	1,8	,1	0,9	0,8	0,6
$\omega = \omega^* \omega_{\text{НОМ}}$ Н·м	151	92	75	63	50
$M = M^* M_{\text{НОМ}}$ Н·м	28,7	66,9	124	181	248
$I = I^* I_{\text{НОМ}}$ А	18,6	37,22	55,8	74,7	93

По полученным данным построим естественные электрохимическую (кривая 1) и механическую (кривая 3) характеристики двигателя (рис. 4.33), а также искусственную характеристику 2.

1.11.



4.33 -сурет

(4.64) және (4.65) өрнектеріне сәйкес қозғалтқыштың координаталарын реттеу якорь тізбегіндегі қосалқы резисторлардың көмегімен қозғалтқыштың магниттік түйдегі мен оған жүргізілетін кернеуді өзгерту арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

БІРІЗДІ ҚОЗДЫРЫЛАТЫҢ ТҰРАҚТЫ ТОГЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ БАР ЭЛЕКТР ЖЕТЕКТІҢ КООРДИНАТАЛАРЫН РЕЗИСТОРЛАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН РЕТТЕУ. РЕТТЕГІШ РЕЗИСТОРЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ


Қозғалтқыштың тогын, моменті мен жылдамдығын резисторлардың көмегімен реттеу ең алдымен өзін іске асырудың қарапайымдылығымен ерекшеленеді (4.30-сур. қараңыз).

$R_d = \text{var}$ болғанда қозғалтқыштың жасанды сипаттамалары топтарын алу үшін (4.64) және (4.65) өрнектеріне талдау жасаймыз.

$I, M \rightarrow 0$ болғанда магниттік түйдек $\Phi \rightarrow 0$, ал $\omega \rightarrow \infty$ болатындықтан, барлық жасанды сипаттамалардың бәрі жылдамдық осін өзінің вертикал асимптотасы ретінде қабылдайды. Табиғи сипаттамаларға қатысты олардың орналасуын анықтау үшін келесі түрлендірулерді орындаймыз. (4.64) қолданып, I_{II} якорінің кез келген белгіленген тогында табиғи және жасанды сипаттамалардағы қозғалтқыш жылдамдығының мәндерін жазып аламыз. Ток бәрінде бірдей болғандықтан, қандай да бір жағдайдағы магниттік түйдек бірдей болатындығын атап өтіп, осы жылдамдықтардың қатынасын табамыз, яғни оны қысқартуға болады. Қарапайым түрлендіруден кейін мынаны аламыз

$$\omega_{II} = \omega_c (U_{\text{ном}} - I_{II}(R_{\text{я}} + R_{\text{о.в.}} + R_d)) / (U_{\text{ном}} - I_{II}(R_{\text{я}} + R_{\text{о.в.}})). \quad (4.66)$$

(4.66) өрнегі табиғиға қатысты жасанды электрмеханикалық сипаттамалардың орналасуын анықтауға мүмкіндік береді, себебі $R_d > 0$ болғанда алымы үнемі бөлгіштен кем, яғни $\omega_{II} < \omega_c$. Басқа сөзбен айтсақ, 2 жасанды электрмеханикалық сипаттамалар якорьға қосалқы резисторды енгізгенде 1 табиғидан төмен орналасады, бұл ретте R_d көп болған сайын жылдамдық та барынша азаяды (4.34, а сур.).



4.34 -сурет

Жасанды механикалық сипаттамалар үшін жүргізілген сәйкес талдау олардың сол заңдылыққа бағынатынын көрсетті (4.34, б сур. қараңыз).

Қозғалтқыштың жылдамдығын осы тәсілмен реттеу келесі көрсеткіштермен сипатталады: 2...3 диапазоны; жылдамдықты реттеу бағыты – төменге; R_d ұлғаюы бойынша төмендейтін жылдамдықтың тұрақтылығы, ұйғарынды жүктеме –номиналдыға тең тұрақты момент; жылдамдықты реттеудің аздаған диапазонындағы немесе төмен жылдамдықтағы қысқамерзімдік жұмыстағы экономикалық мақсаттылық.

Ток пен моментті резисторлардың көмегімен реттеу қарапайым схемалық іске асыруда аса жоғары емес нақтылығымен ерекшенеледі.

Реттегіш резисторларды есептеу тәсілдерін қарастырайық, о талап етілген жасанды (бір немесе бірнеше) электрмеханикалық немесе механикалық сипаттаманы алуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайдағы есеп былай тұжырымдалады: қозғалтқыштың мәлім паспорттық деректері мен оның табиғи сипаттамасында (ω , I) немесе (ω , M) координаталарына ие нүкте арқылы электрмеханикалық немесе механикалық сипаттамалардың өтуін қамтамасыз ететін R_d резисторы кедергісінің мәнін анықтау.

Осы есепті шешудің ең қарапайым жолы (4.66) формуласын қолдануды қарастырады, бұдан

$$(1 - \omega_u / \omega_c)(U_{\text{ном}} / I_{\text{ном}} - R_{\text{я}} - R_{\text{о.в.}}). \quad R_d = \quad (4.67)$$

Енді (ω_u , I_u) белгіленген координаталарында R_d есептеу оп-онай: I_u белгіленген тогы үшін табиғи сипаттама бойынша жү жылдамдығын анықтайды және барлық қолда бар деректерді (4.67) көрсетеді.

R_d және $R_{\text{о.в.}}$ мәндерін есептеуге қажеттілері анықтамалықтар бойынша, мына формула бойынша эксперименттік немесе жуық түрде табылуы мүмкін екендігін атап өтейік

$$R_d + R_{\text{о.в.}} \approx 0,75 U_{\text{ном}} (1 - \eta_{\text{ном}}) / I_{\text{ном}}. \quad (4.68)$$

Егер (ω_u , M_u) координаталарына ие механикалық сипаттаманың нүктесі берілсе, онда алдымен $M^*(I^*)$ бірегей сипаттамасының көмегімен M_u белгіленген моменті бойынша I тогы анықталады, осыдан кейін жоғарыда қарастырылған есептеу қайталанады.

Кейде іске қосу резисторлары мен іске қосу диаграммаларын есептеуде [1,7]-де толық қарастырылған графоаналитикалық тәсіл қолданылады.

4.14* есеп. Д31 қозғалтқышы үшін (деректерін 4.13 есебінен қараңыз) қосқанда электрмеханикалық сипаттамасы $\omega_u = 50$ рад/с, $I_u = 40$ А координаталарына ие нүкте арқылы өтетін R қосалқы резисторының кедергісін есептеу және осы сипаттаманы құру.

Якорь орамдары мен қозғалтқыш қоздыруының жиынтық кедергісін (4.68) бойынша анықтаймыз:

$$R_d + R_{\text{о.в.}} \approx 0,75 U_{\text{ном}} (1 - \eta) / I_{\text{ном}} = 0,75 \cdot 220 (1 - 0,78) / 46,5 = 0,78 \text{ Ом}$$

1 табиғи сипаттама бойынша (4.33-сур. қараңыз) $I_u = 40$ А тогы үшін $\omega_c = 90$ рад/с табамыз.

Барлық қолда бар деректерді (4.67) қойып,

$$R_d = (1 - \omega_u / \omega_c)(U_{\text{ном}} / I_{\text{ном}} - R_{\text{я}} - R_{\text{о.в.}}) = (1 - 50/90)(220/40 - 0,78) = 2,1 \text{ Ом}.$$

аламыз.

1 табиғи сипаттама бойынша (4.33-сур. қараңыз) бірқатар мәндер үшін ω жылдамдықтың мәндерін анықтаймыз. Бұдан әрі (4.66) бойынша дәл сол токтарда жасанды сипаттамадағы ω жылдамдықты шығарамыз. Шыққан шамаларды 2 жасанды электрмеханикалық сипаттаманы құру үшін

I, A	20	40	60	80	100
$\omega_e, \text{ рад/с}$	130	90	74	60	48
$\omega_n, \text{ рад/с}$	103	50	20	-4	-23

4.15 есеп. Д31 қозғалтқышы үшін (4.13 есепті қараңыз) R есептеу, оны якорь тізбегіне жалғау жүктеменің номиналды моментінде қозғалтқыштың жылдамдығын үш есеге азайтуға мүмкіндік береді.


4.16 есеп. Д31 қозғалтқышы үшін (4.13 есепті қараңыз) R резистордың кедергісін есептеу, оны жалғау іске қосудың алғашқы моментінде тоқты $21_{\text{ном}}$ деңгейіне дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

4.17 есеп. Д31 қозғалтқышы үшін (4.13 есепті қараңыз) R резисторының кедергісін анықтау, мұны қосқанда қозғалтқыштың механикалық сипаттамасы $\omega = 0,2\omega$, $M = 0,9 M$ координаталарына ие нүкте арқылы өтеді.

МАГНИТТІК АҒЫНДЫ, КЕРНЕУДІ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ЯКОРЬ РЕЗИСТОРЫН ТҰЙЫҚТАУ АРҚЫЛЫ ТІЗБЕКТІ ҚОЗДЫРҒЫШТЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫН РЕТТЕУ

Магниттік ағынды өзгерту арқылы жылдамдықты реттеу
4.35, а сур. көрсетілген сұлба бойынша жүргізіледі, мұнда бұл үшін қозғалтқыштың 3 қоздыру орамына параллель жалғанған 2 резистордың кедергісі өзгереді. Тұрақты ток қозғалтқыштарының осы түрі үшін магниттік ағын реттеу толық тәуелсіз болып табылмайды, себебі бұл реттегі қоздыру тогы бұрынғыдай ЭЖ жүктемесімен анықталатын I якорь тогына пропорционал.

2 тұйықтау резисторының әртүрлі кедергілерінде алынатын қозғалтқыштың жасанды механикалық сипаттамаларының түрі мен орналасуын анықтау үшін келесі талдауды жүргіземіз.



4.35 -сурет


$R_{ш} = \infty$ болғанда (тұйықтау тізбегінің үзігі) қозғалтқыш өзінің негізгі схемасы бойынша қосұлы тұрады, бұған 4 табиғи сипаттамасы сәйкес келеді (4.35, б сур. қараңыз).

$0 < R_{ш} < \infty$ болғанда якорь тогының бір бөлігі ($I \neq 0$) тұйықтау тізбегіне түседі, сондықтан I қоздыру тоғы мен Φ магниттік түйдегі азаяды, бұл (4.60) пен (4.61) сәйкес қозғалтқыш жылдамдығының артуына әкеледі, бұл ретте 5 жасанды механикалық сипаттамалары табиғидан жоғары орналасады.

$M \rightarrow 0, I \rightarrow 0, 1_{в} \rightarrow 0$ болғанда $\Phi \rightarrow 0$ және жылдамдық $\omega \rightarrow \infty$, яғни осы жағдайда да жылдамдық осі барлық жасанды механикалық сипаттамалар үшін асимптотасы болып табылады.

БҚТТҚ жылдамдығын осы тәсілмен реттеу көрсеткіштері ТҚТТҚ көрсеткіштеріне сәйкес келеді.

Іске асыру схемасы мен сипаттамалары 4.36-сур. берілген **кернеуді өзгерту арқылы жылдамдықты реттегенде** 2 қозғалтқыш I басқарылатын түзеткішке қосылады. Осы U түзеткіштің шығыс кернеуі U_y бастапқы сигналының өзгеруіне сәйкес реттеледі. $U = U_{ном}$ болғанда және басқарылатын түзеткіштің ішкі кедергісін ескерместен қозғалтқыш 3 табиғи сипаттама бойынша жұмыс істейді. (4.60) пен (4.61) сәйкес кернеу төмендегенде оның жылдамдығы төмендейді және 4 жасанды сипаттамалары табиғидан төмен орналасады. $M \rightarrow 0, I \rightarrow 0, \Phi \rightarrow 0$ болғанда жылдамдық $\omega \rightarrow \infty$, яғни оның осі қозғалтқыш сипаттамаларының асимптотасы болып табылады.




4.36 -сурет

БҚТТҚ кернеуін өзгерту арқылы жылдамдықты реттеу көрсеткіштері тәуелсіз қоздырудың тұрақты тоғы қозғалтқышының көрсеткіштеріне сәйкес келеді.

Якорьді резистормен тұйықтау арқылы жылдамдықты реттеу БҚТТҚ-да ЭЖ төмендетілген жылдамдықтарын және оның мінсіз бос

Жүрісінің белгілі жылдамдығын алу үшін қолданылады. Резистордың I тұйықтау якорі мен тізбекті қосылған $R_{ш}$ резисторы 2 қоздыру орамымен бірге кернеуді бөлгішті түзетін схема кеңінен таралды (4.37-сур.). Осының есебінен қозғалтқыштың якоріне төмендетілген кернеу жүргізіледі және оның сипаттамалары табиғидан төмен орналасады.




4.37 -сурет

Сондай-ақ қарастырылып отырған схеманың ерекшелігі якорьдің нөлдік тогында қоздыру тогы $R_{ш}$ резисторы болғандықтан нөлге тең емес, сондықтан нөлден ерекше магниттік түйдек пен қозғалтқыш ω_0 мінсіз бос жүрістің белгілі жылдамдығына ие.

Қозғалтқыштың жылдамдығы ω_0 болғанда якорьдегі ток өз бағытын өзгертеді, және қоздыру тогы жылдамдықтың өсуіне қарай азаяды. Якорьдің тогы $I = -U / R_{ш}$ мәніне ұмтылғанда қоздыру тогы мен магниттік түйдек нөлге ұмтылады, ал жылдамдық шексіздікке ұмтылады. Басқа сөзбен айтқанда, $I = -U / R_{ш}$ абсциссалы вертикал сызық I электрмеханикалық сипаттаманың асимптотасы болып табылады (4.38-сур.).

Екінші квадрантта механикалық сипаттама алу үшін қозғалтқыштың электромагниттік моментінің (4.3) формуласына жүгінеміз. $\omega = \omega_0$ болғанда ток $I = 0$ және момент $M = 0$, ал $I \rightarrow -U / R_{ш}$ болғанда түйдек $\Phi \rightarrow 0$ және момент $M \rightarrow 0$, яғни жылдамдық осі механикалық сипаттаманың вертикал асимптотасы болып табылады. $\omega = 0$ және $\omega \rightarrow \infty$ болғанда нөлге тең қозғалтқыш моменті жылдамдықтың аралық интервалында M_{max} ең жоғары



4.38 -сурет

Жүргізілген талдау қозғалтқыштың жасанды механикалық сипаттамасын 2 қисық түрінде көрсетуге мүмкіндік береді

БІРІЗДІ ҚОЗДЫРҒЫШТЫ ТҰРАҚТЫ ТОК ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ БАР ЭЛЕКТР ЖЕТЕГІН ТЕЖЕУ


Мәжбүрлі электрлік тежеуді жүзеге асыру үшін генераторлық жұмыс режиміне ауыстыру қажет.

БҚТТҚ динамикалық тежеу екі сұлба бойынша іске асырылуы мүмкін –тәуелсіз қоздырғыш және өзіндік қоздырғыш.

Тәуелсіз қоздырғышты БҚТТҚ динамикалық тежеу 4.2-сур. келтірілген схема бойынша іске асырылады және мәні бойынша ТҚТТҚ динамикалық тежеуіне ұқсас.

Бұл жағдайда қозғалтқыштың сипаттамалары (4.9) және (4.10) теңдеулерімен сипатталадыжәне координаталардың басы арқылы өтетін түрге ие болады (4.39-сур.).



Сондай-ақ осы теңдеулерден R резисторы кедергісінің артуына байланысты сипаттамалардың горизонталь оське көлбеулігі арта түсетіндігін көруге болады.



4.39 -сурет

Өзіндік қозатын БҚТТҚ динамикалық тежеуі 4.40, а суретте келтірілген сұлба бойынша 1 якорь, 2 қоздыру және 3 резистор орамдарын тізбекті жалғауда іске асырылады (резистор болмауы мүмкін).

Өзіндік қозу режимдерін туындату және қолдану үшін келесі шарттарды орындау керек: қозғалтқышта $\Phi_{ост}$ қалдық магнит ағыны-




4.40 -сурет

ның болуы; қоздыру тогымен жасалатын $\Phi_{\text{ост}}$ пен Φ магнит ағынының бағыты бойынша сай келуі; якорь орамы тізбегінің кедергісі ($3R$ резистордың кедергісін ескере отырып) ауыспалыдан аз.

Өзіндік қозатын БҚТТҚ динамикалық тежеу келесі жолмен орын алады. Қалдық магниттік өріс болғанда және якорь айналғанда якорьдегі ЭДС тураланады, оның әсерінен якорь мен қоздыру орамы бойыша ток жүре бастайды. Бұл ток Φ негізгі магниттік ағынын құрады, ол бағыты бойынша $\Phi_{\text{ост}}$ қалдық ағынына сәйкес келу арқылы ЭДС ұлғаюына әкеледі, яғни қозғалтқыштағы токтың ұлғаюына әсер етеді. Өзіндік қозудың осындай процесі ЭДС кернеудің жиынтықты төмендеуіне теңеспейінше жалғасатын болады.

$R_{\text{д1}} < R_{\text{д2}} < R_{\text{д3}}$ 3 резистордың әртүрлі кедергілеріне сәйкес келетін тежеу режиміндегі БҚТТҚ 1...3 бірегей сипаттамалары 4.40, б сур. көрсетілген.

Сұлбасы 4.41-сур. келтірілген БҚТТҚ қарсы қосу арқылы тежеу қоздыру орамындағы токтың сол бағытын сақтағанда якорь орамындағы кернеудің полярлығының өзгеруі арқылы жүзеге асырылады (немесе керісінше). Бұл ретте (4.3) сәйкес қозғалтқыш моментінің белгісі өзгереді. Тежеудің осы режимінде токты шектеу үшін 1 якорь тізбегіне 2 қосалқы резистор енгізіледі.



4.41 -сурет


Тежеу процесі 4.41, б сур. көрсетілген сипаттамаларды толықтырады. Тежеуге дейін қозғалтқыш M_c кедергі моментін еңсере отырып, 1 сипаттамасының а нүктесінде жұмыс істеді. Якорь орамындағы кернеудің полярлығы өзгергеннен кейін және оны R_d кедергілі қосалқы резистордың тізбегіне енгізгеннен кейін қозғалтқыш 2 сипаттама бойынша жұмысқа көшеді (b нүктесі). Тежеу процесі қарсы қосуден басталады. Бұған bc , бөлікшесі сәйкес келеді. C нүктесінде тежеу тоқтайды (қозғалтқыштың жылдамдығы нөлге тең), және басқару сұлбасы қозғалтқышты желіден ажыратады.

Сондай-ақ қарсы қосу арқылы тежеу қозғалтқыш $M_{кз}$ қысқа тұйықталу моментінен жоғары M_c белсенді моментімен жүктелген жағдайда да іске асырылады. Тежеудің осы нұсқасын 4.41, б суретінің көмегімен қарастырайық.


Қозғалтқыш бастапқы режимде M белсенді жүктеме моментін еңсеру арқылы 1 сипаттамасындағы а нүктесінде жұмыс істейді делік. Егер енді якорь орамындағы кернеудің полярлығын өзгертпестен якорь тізбегіне R қосалқы резисторын енгізетін болсақ, онда қозғалтқыш 3 сипаттамасы бойынша жұмыс істейтін болады (e нүктесі). Бұл ретте қозғалтқыш моменті жүктеме моментінен аз болатындықтан, ол алдымен тежеу бастайды, осыдан кейін $M_c > M_{кз}$ белсенді жүктеме моментінің әсерімен жүктеме мен қозғалтқыш моменттері d нүктесінде теңескенше тарқатылады. Бұл ретте қозғалтқыш қарсы қосу арқылы тежеу режимінде жұмыс істейтін болады. Тежеудің осындай тәсілі қозғалтқыштың білігінде белсенді жүктеме моментін қалыптастыратын жүк көтергіш машиналар мен механизмдердің ЭЖ жиі қолданылады.

4.16. АРАЛАС ҚОЗДЫРҒЫШТЫ ТҰРАҚТЫ ТОКТЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ БАР ЭЛЕКТР ЖЕТЕГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ

Қосу схемасы 4.42, а сур. көрсетілген АҚТТҚ екі қоздыру орамына ие – қуат көзіне 2 резистор арқылы жалғанатын 1 тәуелсіз және 3 резистормен және 5 якорь тізбегімен тізбекті түрде жалғанатын 4 тізбекті. Осының салдарынан қозғалтқыштың магнит ағыны екі құрамдастың жиынтығын білдіреді – 1 ораммен жасалатын $\Phi_{овн}$ ағынының және 4 орамымен жасалатын $\Phi_{овп}$ ағынының. Осы ағындар мен Φ жиынтық ағынының якорь тогына тәуелділігі 4.42, б суретте сәйкесінше 3 және 2 штрих сызықтары мен 1 тұтас сызық түрінде көрсетілген. – I_d мәніне ұмтылатын якорь тогында Φ магнит ағынының нөлге ұмтылатынын атап өткен маңызды, яғни қозғалтқыш магнитсіздендіріледі.



4.42 -сурет



4.43 -сурет

АҚТТҚ электрмеханикалық және механикалық сипаттамалары сәйкесінше (4.60) және (4.61) формулаларымен беріледі, мұндағы Φ магнит ағындағы якорь тогының функциясы болып табылады.

Практикалық есептер үшін АҚТТҚ бірегей сипаттамалары қолданылады, бұлар анықтамалық әдебиетте келтірілген және 4.43-сур. көрсетілген. Олар сәйкесінше $I^* = I / I_{\text{ном}}$ якорьдің қатысты тогының $\omega^* = \omega / \omega_{\text{ном}}$ жылдамдығы мен $M^* = M / M_{\text{ном}}$ моментіне қатысты I және 2 тәуелділіктерін білдіреді, бұлар көбіне

БҚТТҚ бірегей сипаттамаларына ұқсас, алайда бір маңызды ерекшелігі бар: мінсіз бос жүрістің белгілі жылдамдығы.

АҚТТҚ сипаттамалары екінші квадрантта да орналасатындықтан, бұл оның барлық мүмкін энергетикалық режимдерде жұмыс істей алатынын білдіреді.

АҚТТҚ осы түрімен ЭП координаталарын реттеу якорь тізбегіндегі қосалқы резистордың кернеуін, магнит ағыны мен кедергісін өзгерту арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Сондай-ақ АҚТТҚ ЭЖ тежеудің келесі режимдерін қамтамасыз етеді: тәуелсіз қозатын және өздігінен қозатын, қарсы қосылатын динамикалық және рекуперативтік.

Екі қоздыру орамының болуы қозғалтқышты дайындауға кететін материалдар шығынын барынша арттыратынын және осы арқылы оның массасын, габариттік өлшемдері мен бағасын көтеретінін атап өтейік. Осы себепке байланысты қазіргі кезде қозғалтқыштың осы түрі оның қолданылуы қандай да бір спецификалық талаптармен қажет болғанда және техникалық-экономикалық есептермен расталғанда ғана қолданылады.

Бақылау сұрақтары

1. Электртехникалық өнеркәсіпте тұрақты ток қозғалтқыштарының қандай сериялары шығарылады?
2. Тәуелсіз қоздырғышты тұрақты ток қозғалтқышын қосудың негізгі схемасын сипаттандар.
3. Тұрақты ток қозғалтқыштарының сипаттамалары үшін формулалар шығарғанда қандай жорамалдар қабылданады?
4. Қозғалтқыштың энергетикалық режимінің түрлерін және сәйкес белгілерін атаңдар.
5. Тәуелсіз қоздырғышты тұрақты ток қозғалтқышы бар ЭЖ координаталарын реттеудің негізгі тәсілдерін атаңдар. ТҚТТҚ жылдамдығын реттеудің негізгі тәсілдерін сипаттандар.

6. Іске қосу диаграммасы дегеніміз не және ол қалай құрылады?
7. Тиристорлық басқарылатын түзеткіштің сұлбасы мен әсер ету қағидасын сипаттаңдар.
8. Г – Қ жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?
9. ТТ – Қ жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?
10. ЭЖ статикалық және динамикалық сипаттамаларын қалыптастырудың мақсаты мен мәні неде?
11. Тәуелсіз қоздырғышты қозғалтқыш якорін тұйықтау сұлбасын қандай жағдайда қолданған жөн?
12. «Ток көзі – қозғалтқыш» жүйесінің схемасы мен сипаттамалары қандай?
13. ЭЖ координаталарын импульстік реттеудің мәні неде?
14. Бірізді және аралас қозатын тұрақты ток қозғалтқыштарының бірегей сипаттамалары дегеніміз не?
15. БҚТТҚ қосу сұлбасы мен сипаттамаларының ерекшелігі неде?
16. БҚТТҚ жылдамдығын реттеу тәсілдерін атаңдар.
17. БҚТТҚ тежеу тәсілдерін атаңдар.
18. АҚТТҚ қосу сұлбасы мен сипаттамаларының

5-тарау. АСИНХРОНДЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ЭЛЕКТР ЖЕТЕКТЕРІ

Үш фазалы асинхронды қозғалтқышы бар ЭЖ өнеркәсіптегі, коммуналдық және ауыл шаруашылығындағы ең көп таралған түрі болып табылады. Мұндай күйі ТТҚ салыстырмалы түрде массасы, габариттік өлшемдері мен бағасы төмен, сондай-ақ жұмыста сенімділігі жоғары АД оңай дайындалуы мен пайдаланылуымен анықталады.

4А негізгі жалпы өнеркәсіптік сериясына қуаты 0,06-дан 400 кВт дейінгі және айналу осінің биіктігі 50-ден 355 мм дейінгі АҚ кіреді, олар әртүрлі модификациялармен және конструктивтік орындаулармен шығарылады: жоғары іске қосу моментімен және сырғумен; фазалық ротормен; ішіне орнатылатын; шуы аз; орнатылған температуралық қорғанысты; электромагниттік тежегішімен; сырғу мойынтірегімен; химиялық төзімді. АҚ сондай-ақ климаттық орындалуы мен орналасу санаты бойынша ерекшеленеді. Үлкен қуатты ЭЖ жинақтамасы үшін АН-2 (қуаты 2000 кВт-қа дейін), АВ (қуаты 8000 кВт-қа дейін), ДАЗО (қуаты 1250 кВт-қа дейін) сериялы АҚ және бірқатар басқалары шығарылады.

Кран механизмді ЭЖ үшін МТФ (фазалық роторы бар) және МТКФ (қысқа тұйықталған роторы бар) сериялы мамандандырылған АҚ шығарылады, ал жұмыс машиналары мен металл өнеркәсібінің механизмдері үшін МТН (фазалық роторы бар) және МТКН (с қысқа тұйықталған роторы бар) сериялы АҚ шығарылады.

Осы сериялардың құрамында көп жылдамдықты АҚ шығарылады. Аталған сериялы қозғалтқыштар жоғары механикалық беріктігімен, салыстырмалы аздаған іске қосу токтарында үлкен іске қосу моменттерімен, жақсы динамикалық көрсеткіштерімен ерекшеленеді. 4МТ жаңа сериялы кранды және металлургиялық АҚ қуат шкаласымен, стандарттаудың барынша жоғары деңгейімен, кеңейтілген жұмыстың жақсартылған техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен ерекшеленеді.

Қуаты 0,75-тен 160 кВт-қа дейінгі АИ сериялы қозғалтқыштар халықаралық стандарттар бойынша сәйкестендірілген параметрлерге ие.


Сонымен бірге электротехникалық өнеркәсіп жарылу қаупі бар және өртке қауіпті орталарда жұмыс істеу үшін В және ВР скриялы АҚ шығарады.

Соңғы кезге дейін АҚ негізгі қолдану саласы реттелмейтін ЭЖ болды. Соңғы жылдары электротехникалық өнеркәсіпте жиілік пен кернеудің тиристордық түрлендіргіштерін әзірлеу мен сериялық шығаруға байланысты өз көрсеткіштері тұрақты ток ЭЖ қалыспайтын сипаттамаларға ие реттелетін асинхронды ЭЖ шығарыла бастады. АҚ артықшылықтарына байланысты осындай ЭЖ қолдану автоматтандырылған ЭЖ дамуының үдемелі тенденциясын білдіреді.

5.1. АСИНХРОНДЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ҚОСУ СҰЛБАСЫ, СТАТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫС РЕЖИМДЕРІ

Үшфазалы АҚ кернеуі U_1 және жиілігі f_1 ауыспалы токтың үшфазалы желісіне қосылатын статор орамына және екі нұсқада орындалуы мүмкін ротор орамына ие.

Алғашқы нұсқасы үш контактілі сақинаға шығу арқылы өткізгіштерден үйреншікті үшфазалы орамның орындалуын қарастырады. Мұндай конструкция фазалық роторы бар АҚ сәйкес келеді (5.1, а сур.),



5.1 – сурет

Ол ротор тізбегіне әртүрлі электротехникалық элементтерді қосуға мүмкіндік береді, мысалы ЭЖ жылдамдығын, тоғын және моментін реттеуге арналған резисторлар, және АҚ арнайы қосу сұлбаларын құруға мүмкіндік береді.

Екінші нұсқасы – бұл ротор фазадарына алюминий құю арқылы орамды орындау, мұның нәтижесінде «тиін торы» атауымен танымал конструкция түзіледі.

Тұжырымдары жоқ және қысқа тұйықталған атауын алған осындай орамды АҚ схемасы 5.1, б сур. көрсетілген.

АҚ электрмеханикалық және механикалық сипаттамаларының өрнектерін алу үшін оны ауыстыру сұлбасы қолданылады, мұндағы статор мен ротор тізбектері өздерінің белсенді және индуктивтік кедергілерімен ұсынылған. АҚ ауыстыру сұлбасының ерекшелігі мұндағы токтың, ЭДС пен ротор тізбегінің параметрлерінің статор тізбегіне қарай есептелгендігінде (келтірілгендігінде), бұл осы екі тізбекті электрлік түрде жалғанған сұлбада бейнелеуге мүмкіндік береді, алайда шындығында олардың арасындағы байланыс электрмагниттік өріс арқылы жүзеге асырылады. Келтіру ЭДС бойынша АҚ трансформация коэффициентінің көмегімен жүзеге асырылады:

$$\kappa = E_1/E_{2\kappa} \approx 0,95 U_{\phi, \text{ном}}/E_{2\kappa}, \quad (5.1)$$


мұндағы E_1 және $E_{2\kappa}$ – жылжымайтын ротордағы статор мен ротордың фазалық ЭДС; $U_{\phi, \text{ном}}$ – желінің фазалық номиналды кернеуі.

Келтірудің есептеу формулалары былай түрленеді


$$E'_2 = E_2\kappa = E_1; I'_2 = I_2/\kappa; R'_2 = R_2\kappa_2; x'_2 = x_2\kappa_2, \quad (5.2)$$

Мұнда штрихпен келтірілген мәндері белгіленген.

Электрлік машиналар теориясында АҚ ауыстырудың екі негізгі сұлбасы әзірленген және қолданылады – барынша нақты Т-тәріздес және жеңілдетілген П-тәріздес. 5.2-сур. ауыстырудың П-тәріздес сұлбасы берілген, бұл алда АҚ сипаттамалары үшін формула шығаруда қолданылады. 5.1 және 5.2 сур. келесі белгілер қабылданған: U_p , U – желінің сызықтық және кешенді фазалық кернеуінің сәйкесінше әсер етуші мәні; I, I_ϕ , U – статор тогының, магниттеудің сәйкес кешенді фазалық токтары және ротордың белгіленген тогы; x_1, x'_2 – статор орамы фазасының шашырауағындарының сәйкесінше индуктивтік кедергілері мен ротордың белгіленген фазалары; x_μ – магниттеу контурының индуктивті кедергісі; $R_c, R_{1\Delta}, R_1 = R_c + R_{1\Delta}$ – сәйкесінше статордың, қосалқы резистордың орамына келтірілген белсенді фазалы кедергілер және статор фазасының жиынтық кедергісі; $R_p, R_{2\Delta}, R'_2 = R_p + R_{2\Delta}$ – сәйкесінше ротордың, қосалқы резистордың орамына келтірілген белсенді фазалы кедергілер және ротор фазасының жиынтық кедергісі; $s = (\omega_0 - \omega)/\omega_0$ – АҚ жылжуы; $\omega_0 = 2\pi f/p$ – АҚ магниттік өрісінің бұрыштық жылдамдығы (мінсіз бос жүрістің жылдамдығы);



5.2 – сурет



5.3 – сурет

f_i – қуаттандырушы кернеудің жиілігі; p – АД полюстері жұбының саны. 5.2-сур. көргеніміздей, статордың ЭДС ротордың келтірілген ЭДС тең, ал АҚ магниттік түйдегін анықтайтын I_m магниттеу тогы U_ϕ әсерімен x_m және R_m магниттеу контурының кедергілерінен тұратын жеке тізбек бойынша жүреді және статор мен келтірілген ротор тогының векторлық жиынтығын білдіреді, яғни $I_\mu = I_1 + I_2$.

АҚ $I'_2(s)$ электрмеханикалық сипаттамасы 5.2-сур. талдаудан тікелей алынатын өрнекпен сипатталады:

$$I'_2 = U_\phi / \sqrt{(R_1 + R'_2/s)^2 + x_k^2}, \quad (5.3)$$

Мұндағы $x_k = x_1 + x'_2$ – қысқа тұйықталудың индуктивтік фазалық кедергісі.

Тұрақты ток қозғалтқышымен салыстырғанда А) электр-механикалық сипаттамасы ротор тогының ω жылдамдығына емес, жылжуға тәуелділігі түрінде беріледі, бұл осы қозғалтқыштардың ерекшелігі болып табылады. Сондықтан сипаттамаға арналған өрнек жазбаның ықшам пішініне ие және талдау мен есептеулер үшін барынша ыңғайлы, ал $\omega(I'_2)$ түрдегі тәуелділікке көшу мына формуланың көмегімен жүзеге асырылады

$$\omega = \omega_0(1 - s). \quad (5.4)$$

А) электрмеханикалық сипаттамасын құру үшін осы тәуелділіктің өзіндік нүктелері мен оның асимптоталарын талдаймыз, бұл ретте s жылжуы мен ω жылдамдығына $\pm\infty$ шегіндегі әртүрлі мәндерді береміз

$$s = 0, \omega = \omega_0, I'_2 = 0 \text{ – мінсіз бос жүріс нүктесі;}$$

$$s = 1, \omega = 0, I'_2 = I'_{2\text{кл}} = U_\phi / \sqrt{(R_1 + R'_2/s)^2 + x_k^2} \text{ – қысқа тұйықталу нүктесі;}$$

$$s_1 = -R'_2/R_1, \omega_1 = \omega_0(1 + s_1), I'_2 = I'_{2\text{max}} = U_\phi/x_k \text{ – жағымсыз жылжулар аймағында жатқан ротор тогының ең жоғары мәнінің нүктесі;}$$

$$s \rightarrow \pm\infty, \omega \rightarrow \pm\infty, I'_2 \rightarrow I_\infty = U_\phi / \sqrt{R_{21}^2 + x_k^2} \text{ – жылжу мен жылдамдықты барынша шексіз арттырудағы ротор тогының асимптотасы.}$$

5.3-сур. АҚ электрмеханикалық сипаттамасы көрсетілген, бұл ретте вертикал ось бойынша (5.4) арақатынасымен байланысқан бір-біріне сәйкес АҚ жылдамдығы мен жылжуы көрсетілген.

АҚ механикалық сипаттамасы. Көбіне АҚ механикалық координаталары арқылы көрсетілген жылжу шығыны деп аталатын ротор тізбегіндегі қуат шығындары электрмагниттік және пайдалы механикалық қуаттың алуан түрлілігін білдіреді, яғни

$$\Delta P_2 = P_{\text{эм}} - P_2 = M\omega_0 - M\omega = M\omega s. \quad (5.5)$$

Электрлік шамалар арқылы көрсетілген ротордағы қуат шығындары былай анықталады

$$\Delta P_2 = 3 I_2'^2 R_2'. \quad (5.6)$$

(5.5) пен (5.6) теңестіріп, мынаны аламыз

$$M = 3 I_2'^2 R_2' / (\omega_0 s). \quad (5.7)$$

(5.7)-ге (5.3)-гі I_2' тогының мәнін қойып, мынаны аламыз

$$M = 3 U_\phi^2 R_2' / [\omega_0 s ((R_l + R_2'/s)^2 + x_k^2)]. \quad (5.8)$$

$M(s)$ шыққан тәуелділігін экстремумда зерттей келе, яғни dM/ds туындыны алып және оны нөлге теңестіріп, момент пен жылжудың екі экстремалды нүктелерінің бар екенін білеміз:

$$M_k = 3 U_\phi^2 / [2\omega_0 (R_l \pm \sqrt{R_l^2 + x_k^2})]; \quad (5.9)$$

$$s_k = \pm R_2' / \sqrt{R_l^2 + x_k^2}, \quad (5.10)$$

Бұл ретте мұндағы «плюс» белгісі $s > 0$ жылжу аймағына, ал «минус» белгісі $s < 0$ аймағына қатысты. АҚ экстремалды нүктелерге сәйкес M_k моменті мен s жылжу мәндері сыни атауына ие болды.

Егер (5.8) өрнегін (5.9)-ға бөліп, күрделі емес түрлендіру лерді орындасақ, онда механикалық сипаттаманы құру үшін басқа, барынша ықшам әрі ыңғайлы жазба нысанын алуға болады.

$$M = 2M_k (1 + as_k) / (s_k/s + s/s_k + 2as_k), \quad (5.11)$$

Мұндағы $a = R_l/R_2'$.

Механикалық сипаттаманың өзіндік нүктелері мыналар:

$s = 0, \omega = \omega_0, M = 0$ – мінсіз бос жүріс нүктесі;

$s = 1, \omega = 0, M = M_{k.3} = M_\Pi$ – қысқа тұйықталу нүктесі;

$s = s_{к.д}$, $M = M_{к.д}$; $s = -s_{к.г}$, $M = -M_{к.г}$ – сәйкесінше қозғалтқыш және генератор режимдеріндегі сыни нүктелер;

$s \rightarrow \pm\infty$, $\omega \rightarrow \pm\omega$, $M \rightarrow 0$ – механикалық сипаттаманың асимптотасы, бұл жылдамдық осі болып табылады.

5.4-сур. АҚ механикалық сипаттамасы берілген. Оның АҚ статорының қысқышындағы U желісінің қуаттандырушы кернеуінің фазаларын белгілі кезектестіруге сәйкес келетінін атап өтейік. Екі фазаларын кезектестіру тәртібі өзгергенде АҚ координаталардың басына қатысты симметриялық түрде орналасқан ұқсас механикалық сипаттамаға ие болады.

Кейбір жағдайда механикалық сипаттаманы құрғанда жуық формулалар қолданылады. Егер статордың белсенді кедергісін елемесе, яғни $a = 0$ деп санасақ, (5.11), (5.9) және (5.10) өрнектері сәйкесінше былай түрленеді

$$M = 2M_k / (s/s_k + s_k/s); \quad (5.12)$$

$$M_k = 3U_\phi^2 / (2\omega_0 x_k); \quad (5.13)$$

$$s_k = R_2' / x_k. \quad (5.14)$$

Егер (5.12)-де момент пен жылжудың ағымдағы мәндерінің орнына олардың $M_{ном}$ және $s_{ном}$ номиналды мәндерін қойып және M/M_k ең жоғары моментінің дүркінділігін λ_m арқылы белгілесек, онда сыни және номиналды жылжуды байланыстыратын формуланы аламыз


$$s_k = s_{ном} [\lambda_m \pm \sqrt{\lambda_m^2 - 1}]. \quad (5.15)$$

Бұл формула АҚ каталогтық (паспорттық) деректері бойынша s_k анықтау үшін қолданылуы мүмкін. 4А сериялары үшін қозғалтқыштардың жүкті ауыстырып тиейтін қабілетін анықтайтын λ_m дүркінділігі 1,8...2,6 шегінде жатыр, сәйкесінше s_k сыни жылжуы $s_{ном}$ номиналдысын шамамен 3... есеге арттырады ((5.15)-гі «+» белгісінде).

(5.12)-ні бұдан әрі жеңілдету аздаған жылжулар аймағында мүмкін, мұнда s/s_k қатынасын елемеге болады. Бұл жағдайда (5.12) өрнегі былай түрленеді

$$M = 2M_k s/s_k. \quad (5.16)$$

(5.16) формуласы $M_{ном}$, $\omega_{ном}$, $s_{ном}$ координаталарына ие номиналды нүктесі орналасқан қозғалтқыштың



5.4 – сурет

сызықтық участогына жақын аталмыш жұмыс сипаттамасын сипаттайды.

АҚ жылжу мәні мен белгісімен анықталатын барлық мүмкін энергетикалық режимде жұмыс істей алады, атап айтсақ:

$s=0, \omega=\omega_0$ – мінсіз бос жүріс режимі;

$s=1, \omega=0$ – қысқа тұйықталу режимі;

$0 < s < 1, 0 < \omega < \omega_0$ – қозғалтқыш режимі;

$s < 0, \omega > \omega_0$ – АҚ желіге параллель жұмыс істегендегі генератор режимі (рекуперативтік тежеу);

$s > 1, \omega < 0$ – АҚ желімен тізбекті түрде жұмыс істегендегі генератор режимі (қарсы қосумен тежеу).

Сонымен бірге, АҚ динамикалық тежеу режимі деп аталатын айнаымалы ток желісіне тәуелсіз генератор режимінде жұмыс істей алады. Бұл режимде айнаымалы ток желісінен ажыратылған АҚ статорының орамы тұрақты ток көзіне жалғанған, ал ротор тізбегі қысқа немесе қосалқы резисторларға тұйықталған (5.10-бөлімді қараңыз).

Электрмеханикалық және механикалық сипаттамалар үшін алынған формулалар, еске сала кетсек, үнемі қозғалтқыштың жасанды сипаттамаларын алумен байланысты АҚ координаталарын реттеудің мүмкін тәсілдерін атауға мүмкіндік береді. (5.3)-тен өтпелі режимде ротор мен статордағы тоқты реттеу АҚ статорына жүргізілетін кернеудің өзгеруімен, сондай-ақ статор мен ротор тізбектерінде қосалқы резисторлардың көмегімен қамтамасыз мүмкін екендігін түсінуге болады.

(5.8) формуласы АҚ моменті мен жылдамдығын реттеуде талап етілетін жасанды механикалық сипаттамаларды алудың мүмкін тәсілдерін анықтайды, атап айтсақ: қозғалтқышқа жүргізілетін кернеу деңгейі мен жиілігінің өзгеруі; статор мен ротор тізбектеріне қосалқы белсенді және реактивтік резисторларды қосу; АҚ магниттік өрісі полюстері жұбының санын өзгерту. АҚ қосудың арнайы схемаларының көмегімен іске асырылатын координаталарды реттеудің басқа тәсілдері де қолданылады – каскадты схемалар, электрдік білік схемалары.

5.1* есеп. МТН-312-6 типті АҚ келесі деректерге ие: $P_{\text{ном}} = 17,5 \text{ кВт}$, $n_{\text{ном}} = 945 \text{ об/мин}$; $U_{\text{ном}} = 380 \text{ В}$; $f_1 = 50 \text{ Гц}$; $I_{\text{ном}} = 43 \text{ А}$; $R_c = 0,34 \text{ Ом}$; $x_1 = 0,43 \text{ Ом}$; $R_p = 0,12 \text{ Ом}$; $\kappa = 2,66$; $\lambda_m = M_n / M_{\text{ном}} = 2,5$.

Қозғалтқыштың табиғи электрмеханикалық және механикалық сипаттамаларын есептеу және құру.

Мінсіз бос жүрістің жылдамдығын анықтаймыз:

$$\omega_0 = 2\pi f_1 / p = 2 \cdot 3,14 \cdot 50 / 3 = 104,8 \text{ рад/с.}$$

Ротор орамы кедергілерінің келтірілген мәндері мен қысқа тұйықталудың индуктивтік кедергісін есептейміз:

$$x_2^1 = x_2 \kappa_2 = 0,25 \cdot 7,08 = 1,8 \text{ Ом}; R_2' = R_2 \kappa^2 = 0,12 \cdot 7,08 = 0,89 \text{ Ом};$$

$$x_{\kappa} = x_1 + x_2' = 0,43 + 1,8 = 2,23 \text{ Ом}.$$

$I_2'(s)$ сипаттамасының сипаттық нүктелерін анықтайық:

$$I_{\kappa\lambda} = I_{1\phi} / \sqrt{(R_c + R_2')^2 + x_{\kappa}^2} = 220 / \sqrt{(0,34 + 0,89)^2 + 2,23^2} = 87,1 \text{ А};$$

$$s_1 = -R_p' / R_c = -0,89 / 0,34 = -2,6; I_{\max} = U_{1\phi} / x_{\kappa} = 220 / 2,23 = 99,5 \text{ А};$$

$$I_{\text{оо}} = U_{1\phi} / \sqrt{R_c^2 + x_{\kappa}^2} = 220 / \sqrt{0,34^2 + 2,23^2} = 98,4 \text{ А}.$$

$I_2'(s)$ электрмеханикалық сипаттамасын есептеу үшін (5.3) формуласы-
на параметрлердің табылған мәндерін қоямыз:

$$I_2' = U_{1\phi} / \sqrt{(R_c + R_2'/s)^2 + x_{\kappa}^2} = 220 / \sqrt{(0,34 + 0,89/s)^2 + 2,23^2}$$

Механикалық сипаттаманы есептеу үшін алдымен номиналды режим
мен сыни моменттің координаталарын анықтаймыз:

$$\omega_{\text{ном}} = \pi n_{\text{ном}} / 30 = 3,14 \cdot 945 / 30 = 99 \text{ рад/с};$$

$$s_{\text{ном}} = (\omega_0 - \omega_{\text{ном}}) / \omega_0 = (104,8 - 99) / 104,8 = 0,07;$$

$$M_{\text{ном}} = P_{\text{ном}} / \omega_{\text{ном}} = 17\,500 / 99 = 177 \text{ Н} \cdot \text{м}; M_{\kappa} = \lambda_{\text{м}} M_{\text{ном}} = 2,5 \cdot 177 = 442 \text{ Н} \cdot \text{м};$$

$$s_{\kappa} = R_p' / \sqrt{R_c^2 + x_{\kappa}^2} = 0,89 / \sqrt{0,34^2 + 2,23^2} = 0,4; a = R_c + R_2' = 0,34 + 0,89 = 0,34.$$

Шыққан мәндерді (5.11)-ге қойып, мынадай есептеу формуласын
аламыз:

$$M = 2M_{\kappa} (1 + as_{\kappa}) / (s/s_{\kappa} + s_{\kappa}/s + 2as_{\kappa}) = 1018 / (s/0,4 + 0,4/s + 0,3).$$

s жылжуын бере отырып, ток пен моменттің мәндерін есептейміз:

s	— 3	— 2,6	0	0,07	0,2	0,4	1	1,5
ω , рад/с	419,2	337	157,2	104,8	99	62,9	0	— 52,4
I_2' , А	99,4	99,5	83,4	0	16,6	64,7	87,1	91,8
M , Н·м	120	— 160	— 582	0	177	442	316	234


Шыққан деректерді қолдана отырып, табиғи I электрмеханикалық
және 2 механикалық сипаттамаларды құрамыз (5.5-сур.).

5.2* есеп. 4А160S типті қысқа тұйықталған роторы бар АҚкелесі
паспорттық деректерге ие: $P_{\text{ном}} = 15 \text{ кВт}$; $n_{\text{ном}} = 1465 \text{ об/мин}$; $I_{1\text{ном}} = 29,3 \text{ А}$;
 $\lambda_{\text{м}} = M_{\kappa} / M_{\text{ном}} = 2,3$; $\lambda_1 = I_{1\text{п}} / I_{1\text{ном}} = 7$; $p = 2$; $f_{1\text{ном}} = 50 \text{ Гц}$; $U_{1\text{ном}} = 380 \text{ В}$.

табиғи механикалық сипаттамасын есептеу.

Номиналды бұрыш жылдамдығын анықтаймыз:

$$\omega_{\text{ном}} = 2\pi n_{\text{ном}} / 60 = 2 \cdot 3,14 \cdot 1465 / 60 = 153 \text{ рад/с}.$$



5.5 – сурет

Мінсіз бос жүрістің жылдамдығын, номиналды момент пен жылжуды анықтаймыз:

$$\omega_0 = 2\pi f_1/p = 2 \cdot 3,14 \cdot 50/2 = 157 \text{ рад/с};$$

$$M_{\text{ном}} = P_{\text{ном}}/\omega_{\text{ном}} = 15\,000/153 = 98 \text{ Н} \cdot \text{м};$$

$$s_{\text{ном}} = (\omega_0 - \omega_{\text{ном}})/\omega_0 = (157 - 153)/157 = 0,025.$$

Шыққан деректер номиналды $(\omega_{\text{ном}}, M_{\text{ном}})$ және бос жүрістің $(\omega_0, 0)$ екі нүктесі бойынша АҚ механикалық сипаттамасының жұмыс участогын жуық құру үшін жеткілікті. Толық механикалық сипаттама алу үшін есептеуді жалғастырамыз.

АҚ сыни моментін анықтаймыз:

$$M_{\text{к}} = \lambda_{\text{м ном}} - 2,3 \cdot 98 = 225 \text{ Н} \cdot \text{м};$$

және (5.15) формуласы бойынша АҚ сыни жылжуын анықтаймыз (« + » белгісін қабылдап):

$$s_{\text{к}} = s_{\text{ном}} [\lambda_{\text{м}} + \sqrt{\lambda_{\text{н}}^2 - 1}] = 0,025 [2,3 + \sqrt{2,3^2 - 1}] = 0,11.$$

Табылған мәндерді (5.12) формуласына қойып, моменттің аламыз:

$$M = 2M_{\text{к}}/(s/s_{\text{к}} + s_{\text{к}}/s) = 2 \cdot 225/(s/0,11 + 0,11/s).$$


s	1	0,8	0,6	0,4	0,2	0,11	0
ω , рад/с	0	31,4	62,8	94,2	126	151	157
M , Н·м,	48,9	60,7	79,8	115	190	225	0

Шыққан деректер бойынша $M(s)$ және $M(\omega)$ ізделіп отырған тәуелділіктерін құрамыз (5.5-сур. 2-қисық).

5.2. РЕЗИСТОРЛАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН АСИНХРОНДЫ ҚОЗҒАЛТ-ҚЫШТЫҢ КООРДИНАТАЛАРЫН РЕТТЕУ

Көбіне реостатты деп аталатын координаталарды реттеудің осы тәсілі АҚ статорлық немесе роторлық тізбектеріне қосалқы белсенді резисторларды енгізу арқылы жүзеге асырылады (5.1-сур. қараңыз). Ол оны іске асырудың қарапайымдылығымен тартымды, бірақ сонымен бірге реттеу сапасы мен үнемділіктің аса жоғары емес мәндеріне ие.

Статор тізбегіне $R_{1д}$ қосалқы резисторларын енгізу ең алдымен өтпелі процестерде қысқа тұйықталған роторы бар АҚ тогы мен моментін реттеу (шектеу) үшін қолданылады. (5.3) формуласынан байқағанымыздай, резисторды статор тізбегіне жалғау осы жылдамдықта (жылжуда) статор мен ротор тогының төмендеуіне әкеледі. Басқа сөзбен айтсақ, барлық жасанды электрмеханикалық сипаттамалар бірінші квадрантта табиғидан төмен және солға қарай орналасады. $R_{1д}$ қосқанда ω_0 мінсіз бос жүрісінің жылдамдығы өзгермейтінін ескерсек, шығатын электрмеханикалық сипаттамаларды $R_{1д} = 0$ болғанда құрылған 1 табиғи сипаттамадан төмен орналасқан 2...4 қисықтар тобымен көрсетуге болады, бұл ретте жасанды сипаттамалардың үлкен көлбеуі $R_{1д}$ үлкен мәніне сәйкес келеді (5.6, а сур.). Осы сипаттамалардың практикалық құндылығы іске қосуда АҚ токтарын шектеу мүмкіндігін қамтамасыз етуден тұрады.



5.6 – сурет

Жасанды механикалық сипаттама алу үшін $R_{1д}$ -дің олардың өзіндік нүктелерінің координаталарына әсерін талдаймыз.

$\omega_0 = 2\pi f_1 / p$ бос жүріс жылдамдығы $R_{1д} = \text{var}$ болғанда өзгермейді, яғни барлық жасанды сипаттамалар жылдамдық (жылжу) осінің осы нүктесі арқылы өтеді.

M_k және s_k экстремумы нүктесінің координаталары $R_{1д}$ түрленгенде өзгереді, атап айтсақ: (5.9) және (5.10) сәйкес $R_{1д}$ ұлғайғанда сыни момент мен сыни жылжу азаяды. $s=1$ болғанда (5.8) формуласымен анықталатын іске қосу моменті де азаяды. Жүргізілген талдау $R_{1д} = \text{var}$ болғанда 2...4 жасанды механикалық сипаттамаларын 5.6, б сур. көрсетілген түрде

ұсынуға мүмкіндік береді. Мұндай сипаттамалар қажет болғанда өтпелі процестерде АҚ, соның ішінде іске қосу моментін төмендету үшін қолданыла алады. Сонымен бірге осы жасанды сипаттамалар АҚ жылдамдығын реттеу үшін аса жарамсыз, себебі олар оны өзгертудің аздаған диапазонын қамтамасыз етеді; $R_{1д}$ ұлғаю шамасына қарай сипаттамалардың қатандығы мен сыни моментпен сипатталатын АҚ жүкті ауыстырып тиеу қабілеті төмендейді; тәсіл төмен үнемділікке ие.

Осы кемшіліктеріне байланысты статор тізбегіндегі белсенді резисторлардың көмегімен АҚ жылдамдығын реттеу сирек қолданылады. Бұл тәсіл әдетте әртүрлі өтпелі процестерде – іске қосуда, реверсте және тежеуде қысқа тұйықталған роторы бар АҚ токтары мен моменттерін шектеу үшін қолданылады. Мысалы, мұндай схема екі жылдамдықты АҚ бар лифтітер ЭЖ қолданылады. Осындай ЭЖ жоғары жылдамдықтан статордың жылдамдығы төмен орамының тізбегіне төмендетілген жылдамдыққа ауысқанда АҚ тогы мен моментінің шектелуін қамтамасыз ететін қосалқы резисторлар енгізіледі. Кейбір ЭЖ ток пен моментті шектеу бір фазаға $R_{1д}$ қосу арқылы жүзеге асырылатынын атап өтейік (аталмыш симметриялық емес схемалар), бұл резисторлардың аз санында ток пен моментті азайту әсерін алуға мүмкіндік береді.


Ротор тізбегіне $R_{2д}$ қосалқы резисторларын енгізу (5.1, а сур. схеманы қараңыз) фазалы роторы бар АҚ тогы мен моментін реттеу, сондай-ақ оның жылдамдығын реттеу мақсатында қолданылады.

$R_{2д} = \text{var}$ болғандағы жасанды электрмеханикалық сипаттамалар 5.6, а сур. көрсетілген түрге ие болады және іске қосу тогын реттеу (шектеу) үшін қолданылуы мүмкін.

Бұл жағдайда жасанды механикалық сипаттамаларды құру үшін олардың өзіндік нүктелеріне талдау жүргізеді. (5.9) сәйкес АҚ мінсіз бос жүрісінің жылдамдығы мен оның ең жоғары (сыни) моменті $R_{2д}$ реттеуде өзгеріссіз қалады, ал (5.10) байқағанымыздай сыни жылжу осы резистордың кедергісіне пропорционал түрде өзгереді.

Орындалған талдау 1 табиғи ($R_{2д} = 0$) және 2 және 3 жасанды ($R_{2д3} > R_{2д2}$) сипаттамаларын құруға (5.7 сур.) және $R_{2д}$ өзгеруінің есебінен АҚ іске қосу моментін бір уақытта іске қосу тогын төмендеткен M_{κ} сыни мәніне дейін жоғарылатуға болатыны туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Бұл қозғалтқыштың жүкті ауыстырып тиеу қабілетін сақтауға мүмкіндік береді, бұл оның жылдамдығын реттеуде аса маңызды.

Қарастырылатын әдіс келесі көрсеткіштерге ие: сипаттамалар қаттылығының төмендеуіне және ұлғаюына қарай энергия шығынының өсуіне байланысты жылдамдықты реттеудің шағын диапазоны; тек негізгіден төменге қарай өзгертін жылдамдықты реттеу баяулығы,-



5.7 – сурет

$R_{2д}$ қосалқы резисторының өзгеру баяулығымен анықталады; осы ЭЖ жүйесін құруға байланысты аздаған шығындар, себебі әдетте реттеу үшін металл резисторлардың қарапайым және арзан жәшіктері қолданылады. Сонымен бірге эксплуатациялық шығындар біршама болады, себебі АҚ энергия шығындары ауқымды.

s (5.5) жылжуының ұлғаюына байланысты ротор тізбегіндегі шығындар артады, яғни жылдамдықты реттеудің үлкен диапазонын іске асыру едәуір энергия шығындарына және ЭЖ төмендеуіне әкеледі, осыған сәйкес осы тәсіл реттеудің шағын талап етілген диапазонында немесе қозғалтқыштың төмен жылдамдықта қысқамерзімдік жұмыс істеуінде қолданылады, мысалы көтеріп-тасымалдағыш манилар мен механизмдердің ЭЖ.

5.3. РЕТТЕГІШ РЕЗИСТОРЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ

Әдетте статор мен ротор тізбектерінде резисторлар есептеу бойынша есеп келесі жолмен тұжырымдалады: қозғалтқыштың паспорттық деректері белгілі; ротордың немесе статордың тізбектеріндегі қосалқы резисторлардың кедергісін есептеу талап етіледі, оларды қосқанда жасанды сипаттамалар сәйкесінше (ω_n, I_n) немесе (ω_n, M_n) координаталы нүктелер арқылы өтеді. Әдетте сипаттамалардың орналасуы жылдамдықты реттеу немесе АҚ іске қосу тогының немесе моментінің талап етілетін (ұйғарынды) мәндерін алу ниеті бойынша беріледі.

Статор тізбегіндегі резисторларды есептеу. Статордың барлық үш фазасына қосалқы резисторды қосу (симметриялық сұлба) іске қосу

Дүркінділігін қамтамасыз етуі тиіс кеңінен таралған есепті қарастырамыз, мұндағы

$I_{\text{лпн}}$, $I_{\text{лпс}}$ және $M_{\text{лпн}}$, $M_{\text{лпс}}$ – сәйкесінше қосалқы резисторды қосқанда және оларсыз АҚ іске қосу токтары мен моменттері.

Есептеу үшін [3] келтірілген әдістемені қолданамыз, ол үшін АҚ іске қосу моментіне сәйкес $z_{\text{к}}$ қысқа тұйықталудың толық кешенді кедергісі ұғымын:

$$z_{\text{к}} = U_{\text{лф}} / \sqrt{3} I_{\text{лпс}} \quad (5.17)$$

сондай-ақ қысқа тұйықталудың белсенді $r_{\text{к}}$ және реактивті $x_{\text{к}}$ кедергілері ұғымдарын енгіземіз, олар мына формула бойынша анықталады

$$r_{\text{к}} = z_{\text{к}} \cos \varphi_{\text{п}} \quad (5.18)$$

$$x_{\text{к}} = \sqrt{z_{\text{к}}^2 - r_{\text{к}}^2} \quad (5.19)$$

мұндағы $\cos \varphi_{\text{п}}$ – оны іске қосу моментіндегі АҚ қуаты коэффициенті.

Сонда α іске қосу тогының немесе μ моментінің белгіленген дүркінділігін алу үшін қосалқы резистордың талап етілген кедергісін мына формула бойынша анықтаймыз


$$R_{\text{лд}} = \sqrt{(z_{\text{к}}/\alpha)^2 - x_{\text{к}}^2} - r_{\text{к}} \quad (5.20)$$

$$R_{\text{лд}} = \sqrt{(z_{\text{к}}/\mu)^2 - x_{\text{к}}^2} - r_{\text{к}} \quad (5.21)$$

(5.18) ... (5.21) формулаларын қолданғанда мәні әдетте анықтама-лықтар мен каталогтарда берілмейтін $\cos \varphi_{\text{п}} = \cos \varphi_{\text{к.з}}$ анықтау негізгі қиындық тудырады. 5.8-сур. асинхронды қозғалтқыштың қуат коэффициентінің қысқа тұйықталу (іске қосу) режиміндегі номиналды қуатына орташаландырылған тәуелділіктері келтірілген, олар әртүрлі айналу жылдамдықтарына арналған 4А (2-қисық) және МТК (1-қисық) сериялы қозғалтқыштардың паспорттық деректері бойынша есептелген. Қысқа тұйықталған роторы бар қозғалтқыштардың 4А сериялары жуық $\cos \varphi_{\text{п}} = 0,3 \dots 0,5$, ал МТК және МТН сериялы АД үшін $\cos \varphi_{\text{п}} = 0,6 \dots 0,7$ қолдануға болады.

Сондай-ақ [3] белгіленген іске қосу тогы мен моментін алу мақсатында статордың бір фазасына қосылатын (симметриялық емес сұлба) қосалқы резисторды есептеу әдісі келтірілген.

Ротор тізбегіндегі резисторларды есептеу. Әдетте қосқанда



5.8 – сурет

АҚ белгіленген жасанды сипаттамаға ие болатын немесе ол (ω_n, M_n) координаталарымен белгіленген нүкте арқылы өтетін $R_{2д}$ қосалқы резисторының кедергісін анықтау қажет болады. Бұл ретте АҚ табиғи механикалық сипаттамасы белгілі (есептелген немесе эксперименттік тәсілмен алынған) екендігі болжанады, ал талап етілетін жасанды сипаттама іске қосу немесе жылдамдықты реттеу шарттары бойынша берілген.

$R_{2д}$ қосалқы резисторының кедергісін есептеу талап етілген жасанды механикалық сипаттаманың нысанына қарай бірнеше тәсілмен орындалуы мүмкін.

Егер жасанды сипаттама толық берілсе және сыни момент нүктесі анықталса (мысалы, 5.7-сур. 2 сипаттама), онда осы жағдайда есептеу (5.10) формуласына негізделеді, оның көмегімен 1 табиғи және 2 жасанды сипаттамалардағы АҚ сыни жылжу қатынасы табылады:

$$s_{к.е}/s_{к.и} = R'_p / (R'_p + R'_{2д1}) = R_p / (R_p + R_{2д1}), \quad (5.22)$$

мұндағы R_p – АД ротор орамы фазасының кедергісі.

(5.22)-ден ізделіп отырған мәнді анықтаймыз

$$R_{2д1} = R_p (s_{к.и}/s_{к.е} - 1). \quad (5.23)$$

(5.23) формуласы тек M_k сыни моменті үшін ғана емес, сонымен бірге M_n кез келген тіркелген моментіне тура. Осылайша, егер M_n, s_n координаталарына ие 3 жасанды сипаттаманың f кейбір нүктесі берілсе (5.7-сур. қараңыз), онда резистордың ізделіп отырған кедергісін мына формула бойынша табуға болады

$$R_{2д2} = R_p (s_n/s_e - 1). \quad (5.24)$$

мұндағы – M_n моментіне сәйкес 1 табиғи сипаттамасындағы АҚ s жылжуы.

Ротор орамы кедергісінің мәнін АҚ паспорттық деректерін қолдана отырып, келесі формула бойынша жуық табуға болады:

$$R_p = E_{2к} s_{ном} / (\sqrt{3} I_{2ном}). \quad (5.25)$$

Егер жасанды сипаттама өзінің жұмыс бөлігімен берілсе, онда резисторларды есептеу үшін ТҚТТҚ-ға қатысты 4-тарауда толық қарастырылған кесінділер әдісін қолдануға болады. 5.7-сур. осындай құрылым орындалған, ол үшін $M_{ном}$ номиналды моментіне сәйкес келетін вертикал сызық жүргізілген және a, b, c, d, e тән нүктелері белгіленген. Онда 2 сипаттаманы алу үшін ізделіп отырған резистордың кедергісі

$$R_{2д1} = R_{ном} bc/ae, \quad (5.26)$$

мұндағы $R_p = E_{2к} s_{ном} / (\sqrt{3} I_{2ном})$ – АҚ номиналды кедергісі; $E_{2к} - s = 1$ болғандағы ротордың ЭДС; $I_{2ном}$ – ротордың номиналды тогы.

Кесінділер әдісінің және 5.7-сур. көмегімен қажет болғанда I табиғи сипаттама бойынша ротор орамы фазасының кедергісін де табуға болады

$$R_p = R_{2ном} ab/ae, \quad (5.27)$$

Фазалы роторы бар АҚ-ға ие ЭЖ үшін үлгілік тапсырма қозғалтқыштың белгіленген іске қосудиаграммасын қамтамасыз етуші ротор тізбегіндегі резисторларды есептеу болып табылатынын еске сала кетейік. Әдетте АҚ іске қосу диаграммасы ТҚТТҚ (4.5-бөлімді, 4.7-сур. қараңыз) ұқсас АҚ механикалық сипаттамаларының жұмыс участогы сызықтыққа жуық деген болжам бойынша құрылады. АҚ іске қосу диаграммасын құрғанда әдетте M_1 моменті (0,8...0,9) M_k аспайтын мөлшерде қабылданады, ал M_2 моменті (1,1... 1,2) M_k құрауы тиіс. m іске қосу диаграммасының сипаттамаларының (сатыларының) саны мен M_1 және M_2 моменттерінің мәндері келесі арақатынас бойынша өзара байланысты:

$$m = \lg(1/s_{ном} M_1) / \lg(M_1/M_2). \quad (5.28)$$

Талап етілген іске қосу диаграммасын қамтамасыз етуші іске қосу резисторларын есептеу (5.24) немесе (5.26) формулаларының көмегімен жүргізіледі.

5.3* есеп. 4А160С типтес АҚ үшін қозғалтқыштың үш фазасына қосу $R_{1д}$ қосалқы резисторының кедергісін есептеу іске қосу тогын екі есеге азайтады ($\alpha = 0,5$).

Статор тізбегінде резисторлар болмағанда АҚ іске қосу тогын анықтаймыз:

$$I_{1п.с} = \lambda_1 I_{1ном} = 7 \cdot 29,3 = 205 \text{ A.}$$

(5.17) формуласы бойынша қысқа тұйықталудың толық кедергісін анықтаймыз:

$$z_k = U_{1ном} / (\sqrt{3} I_{1ном}) = 380 / (1,73 \cdot 205) = 1,08 \text{ Ом.}$$

5.8-сур. бойынша $\cos \varphi_n = 0,4$ қабылдап, (5.18) және (5.19) бойынша мыналарды анықтаймыз:

$$r_k = z_k \cos \varphi_n = 1,08 \cdot 0,4 = 0,43 \text{ Ом;}$$

$$x_k = \sqrt{(z_k^2 - r_k^2)} = \sqrt{1,08^2 - 0,43^2} = 1 \text{ Ом.}$$

Енді (5.20) бойынша ізделіп отырған кедергіні табамыз:

$$R_{1д} = \sqrt{(z_k/\alpha)^2 - x_k^2} - r_k = \sqrt{(1,08/0,5)^2 - 1^2} - 0,43 = 1,5 \text{ Ом.}$$

5.4* есеп. МТН-312-6типіті АҚ үшін (5.1 есепті қараңыз) ротор тізбегіне қосқанда механикалық сипаттамасы $\omega_{\text{н}} = 0,6 \omega_{\text{ном}}$, $M_{\text{н}} = 0,9 M_{\text{ном}}$ координаталы нүкте арқылы өтетін $R_{2\text{д}}$ қосалқы кедергісін есептеу. Осы жасанды сипаттаманы есептеу және құру.

Номиналды нүкте координаталарын қолдану арқылы белгіленген нүктенің координаталарын есептейміз (5.1 есептейміз):

$$\omega_{\text{н}} = 0,6 \omega_{\text{ном}} = 0,6 \cdot 99 = 59,4 \text{ рад/с};$$

$$s_{\text{н}} = (\omega_0 - \omega_{\text{н}}) / \omega_0 = (104,8 - 59,4) / 104,8 = 0,43;$$

$$M_{\text{н}} = 0,9 M_{\text{ном}} = 0,9 \cdot 177 = 159 \text{ Н·м};$$

және оны механикалық сипаттамалардың жазығына түсіреміз (5.5-сур. қараңыз).

$M_{\text{н}} = 159 \text{ Н·м}$ моменті үшін 0,06 тең болатын 2 жасанды сипаттамаларда АҚ жұмыс істегендегі $x_{\text{с}}$ жылжуын анықтаймыз.

(5.24) формуласы бойынша талап етілген қосалқы кедергіні анықтаймыз:

$$R'_{2\text{д}} = R'_p (s_{\text{н}} / s_{\text{с}} - 1) = 0,89(0,43/0,06 - 1) = 5,5 \text{ Ом}.$$

Қосалқы кедергіні енгізгендегі және 3 жасанды сипаттамадағы АҚ жұмысындағы сыни жылжу

$$s_{\text{к.и}} = (R'_{2\text{д}} + R'_p) / \sqrt{R_{\text{с}}^2 + x_{\text{к}}^2} = (0,89 + 5,5) / \sqrt{0,34^2 + 2,23^2} = 2,83,$$

(5.9) сәйкес жасанды сипаттамадағы сыни момент өзгермейді: $M_{\text{к}} = 442 \text{ Н·м}$. $s_{\text{к.и}}$, $M_{\text{к}}$ және $a = R_1 / R_2' = 0,34/6,39 = 0,05$ жаңа мәнін (5.11) қойып, механикалық сипаттамаға арналған келесі есептеу формуласын аламыз:

$$M = 2 \cdot 442(1 + 0,05 \cdot 2,83) / (s/2,83 + 2,83/s + 2 \cdot 0,05 \cdot 2,83).$$

s жылжуының бірқатар мәндерін бере отырып, АҚ жылдамдығы мен моментін анықтаймыз:

s	0	0,43	0,6	0,8	1	2,83
ω , рад/с	104,8	59,4	41,9	21	0	-192
M , Н·м	0	159	194	246	291	442


5.5 есеп. 4А 160Стипіті АҚ үшін (5.2 есепті қараңыз) $R_{2\text{д}}$ резистрының кедергісін есептеу, оны статор тізбегіне қосу іске қосу моментінің 20%-ға төмендеуін қамтамасыз етеді ($\mu = 0,8$).

5.6 есеп. МТН-312-6 типті АҚ үшін (5.1 есепті қараңыз) $R_{2\text{д}}$ кедергісін есептеу, оны ротор тізбегіне қосу қозғалтқыштың сыниға тең іске қосу моментін алуға мүмкіндік береді.

5.7 есеп. МТН-312-6 типті АҚ үшін (5.1 есепті қараңыз) іске қосу диаграммасын құру және $M_{\text{с}} = M_{\text{ном}}$ болғанда ($m = 2$) екі сатысында АҚ іске қосуды қамтамасыз етуші іске қосу резисторларының кедергісін есептеу. АҚ механикалық сипаттамаларының жұмыс участогы сызықтық деп қабылданын.

5.4. АСИНХРОНДЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ БАР ЭЛЕКТРЖЕТЕКТІҢ КООРДИНАТТАРЫН КЕРНЕУДІ ӨЗГЕРТУМЕН РЕТТЕУ

АҚ статорына берілетін кернеудің өзгерісі, оның координаттарын статикалық және динамикалық режимдерде жақсы көрсеткіштермен және өте оңай басқару сұлбаларының көмегімен (5.9 сур.) жүзеге асыруға, сондай-ақ үнемді жұмыс режимдерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді



5.9 – сурет

АҚ координаттарын реттеу мақсатында, стандартты кернеулі айнымалы ток желісі $U_{1ном}$ мен қозғалтқыш статоры 2 арасында кернеу реттегіш I жалғанған, оның шықпалық кернеуі $U_{1рег}$ қуаты төмен сыртқы басқару сигналының U_y көмегімен желілік кернеудің $U_{1ном}$ мәнінен нөлге дейін өзгереді. Сонымен қатар, қозғалтқыштағы кернеудің жиілігі өзгермей, стандартты кернеуге тең болады (50 Гц).


Статордағы кернеу бос жүріс жылдамдығын $\omega_0 = 2\pi f/p$ өзгертпейді, сондай-ақ қауіпті жылжуға s_k әсер етпейді, дегенмен критикалық моментті M_k айтарлықтай өзгертеді. (5.9) суретіне сәйкес, M_k азаюы кернеудің кему квадратына пропорционалды түрде жүреді. Нәтижесінде, $U_{1рег} = \text{var}$ болғанда, (1; 0,8; 0,6 және 0,4) $U_{1ном}$ кернеулерінде құрылған 3-6 жасанды сипаттамалары жылдамдықты реттеуге жарамсыздау болып қалады, себебі кернеу азайған сайын АҚ сындық моменті мен оның асқын жүктемелік қабілеті күрт төмендей бастайды, ал жылдамдықты реттеу диапазоны өте шағын. 5.9 суретінде бейнеленген тұйықталмаған сұлба өтпелі процестерде АҚ моментіне әсер ету үшін ғана қолданылады, бұл, мәселен, ЭЖ-тің қойылған жылдамдығын үдету үшін немесе жұмыс машинасының атқарушы органындағы керілісті реттеу үшін қажет болуы мүмкін.

Сонымен қатар, кернеудің өзгеруі (5.3) суретіне сәйкес АҚ тоқтың өтпелі режимдерінде реттеуді (шектеуді) жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл ретте электрмеханикалық сипаттамалар 5.6, а суретінде бейнеленген кысықтар түрінде болады.

АҚ статорындағы кернеуді реттеуге әр түрлі электртехникалық құрылғылар – автотрансформаторлар, магниттік күшейткіштер, сондай-ақ тиристорлық кернеу реттегіштер (ТКР) қолданылады, қазіргі таңда тиристорлық кернеу реттегіштер өзінің жоғары ПӘК-і мен қызмет көрсету жеңілдігі, сонымен қатар ЭЖ жұмысын автоматтандырудың қарапайымдылығы, өнеркәсіптерден шығарылып жатқан кең көлемді ассортиментінің арқасында кеңінен таралуда. ТКР – ЭЖ мен АҚ жұмыс режимдерін басқару және оңтайландыруға қатысты алуан түрлі қызметтерді орындауға мүмкіндік туғызады; олардың негізінде ЭЖ динамикалық сипаттамаларын тиісті деңгейде қалыптастыруға көмектесетін құрылғылар құрылады, сондай-ақ, олар АҚ жұмыс режимін аз жүктелімде ең жақсы энергетикалық көрсеткіштермен жүзеге асыруға көмектеседі.

ТКР әрекет ету принципін және оны қолдануға негізделген кең тараған «тиристорлық кернеу реттегіш – асинхронды қозғалтқыш» (ТКР – АҚ) жүйесін қарастырып өтейік.


5.10, а суретінде z_H айнымалы тогының бір фазалы жүктеліміндегі кернеуді реттеу схемасы көрсетілген. Бір фазалы ТКР-нің күш беретін бөлігі екі тиристор – VS1 және VS2 арқылы құралған, олар U1 жүйе кернеуінің екі жартылай периодында да жүктелімде тоқтың ағып өтуін қамтамасыз ететін қарама-қарсы параллельді схема арқылы қосылған. Тиристорлар U_a басқару импульстарын ИФБЖ-дан алады, ИФБЖ U_y сыртқы басқару сигналында олардың α басқару бұрышына ығысуын қамтамасыз етеді.



5.10 – сурет

Егер де VS1 және VS2 тиристорларына ИФБЖ-дан басқару импульстары берілмесе, онда олар жабық болады да, U_{per} жүктемесіндегі кернеу нөлге тең болдаы.

Тиристорларға басқару импульстары берілгенде, олар толығымен ашық болады, және жүктемеге желінің барлық кернеуі $U = U_{\text{сг}}$ қосылады (5.10, б сур. қараңыз). Егер де тиристорларға басқару импульстары шектік режимге қатысты аз ғана кешігумен берілетін болса ($\alpha \neq 0$ басқару бұрышы), онда жүктемеге желі кернеуінің бір бөлігі қосылады. α басқару бұрышын нөлден π -ға дейін өзгертіп, жүктемедегі кернеуді желінің толық кернеуінен нөлге дейін реттеуге болады.




5.11 – сурет

5.10, а суретінде көрсетілген бір фазалы сұлбаның негізінде, АҚ статорындағы кернеуді реттеуге арналған үш фазалы сұлбалар жұмыс істейді, олар алты тиристордан $VS1 \dots VS6$ құралады (5.11 сур.). Мұндай сұлбаларда қарама-қарсы параллель қосылған тиристорлар жұбының орнына, симистор атты шалаөткізгішті аспап қолданылуы мүмкін, бұл аспап токтың қозғалтқыш фазасында екі бағытта ағып өтуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ оның әрекет ету принципі тиристордыкімен бірдей. Симисторды қолдану арқылы, қолданылатын электрондық аспаптар санын екі есеге қысқартып, ИФБЖ сұлбасын жеңілдетуге болады.

Жүктемедегі кернеудің бейсинусоидты екенін атап өткен жөн, оны бірнеше синусоидты кернеулер – гармоникалардың жиынтығы түрінде бейнелеуге болады, олардың әрқайсысы белгілі бір жиілікпен өзгереді. Олардың біріншісінің (негізгі гармоника) өзгеру жиілігі қоректендіруші кернеу жиілігіне тең, ал басқа гармоникалардың өзгеру жиілігі біріншісіне қарағанда үлкен. Әдетте, бірінші гармониканың амплитудасы ең үлкен болады да, барлық негізгі есептеулер сол арқылы жүргізіледі.

Қозғалтқыштың координаттарын реттеуден бөлек, ТКР оның жылдамдығының бағытын да, яғни реверсті өзгертуге мүмкіндік береді. 5.12 суретінде қарама-қарсы параллель қосылған бес жұп тиристорларда $VS1 \dots VS10$ АҚ-ны басқарудың реверсті сұлбасы бейнеленген. Егер де ИФБЖ-ның басқару сигналдарын 1, 3 және 5 жұптарына жіберсе, онда АҚ статорындағы қоректендіруші кернеу АВС желі фазаларының реттілігімен жүреді де, қозғалтқыш бір бағытта айналады. Егер де басқару сигналдарын 2, 4 және 5 тиристор жұптарына жіберіп, ал 1 және 3 тиристор жұптарынан сигналдарды алып тастаса, онда АҚ статорының $C1, C2, C3$ шығыстарында желі кернеуінің фазаларының реттілігі ВАС болып өзгереді, бұл ретте магниттік өріс жылдамдығының бағыты және сәйкесінше АҚ роторының бағыты керісінше бағытқа өзгереді.



5.12 – сурет

ТКР-тің АҚ-ты басқаруға қатысты функционалды мүмкіндіктері мұнымен шектелмейді. Олардың көмегімен АҚ-тың мәжбүрлі электрлік тежелуін, ЭЖ-тің өтпелі режимдердегі қажеті динамикалық сипаттамаларын құруды, АҚ айнымалы жүктемеде жұмыс істегенде, оның режимдерін үнемді етуді қамтамасыз етуге болады. Қарастырылған ТКР сұлбаларының негізінде, АҚ-тың іске қосылуына, кері қимылына және тежелуіне қажетті тиристорлық реверсті және реверссіз түйістіргіштер(іске қосқыштар) жүзеге асырылады.


5.5. АСИНХРОНДЫ ЭЛЕКТРЖЕТЕК ЖҰМЫСЫНЫҢ ҮНЕМДІЛІГІН КЕРНЕУ РЕТТЕГІШТІҢ КӨМЕГІМЕН АРТТЫРУ

Аз жүктемеде асинхронды қозғалтқыштың ПӘК-і мен қуат коэффициенті төмендейтіндіктен, оның жұмысының экономикалық көрсеткіштері нашарлайтыны бізге электр машиналарының теориясынан мәлім.

АҚ статорындағы кернеуді оның кему бағытына қарай реттеу – азғантай механикалық жүктемелерде және ЭЖ-тің бос жүрісінде оның жұмыс үнемділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпорындар мен коммуналды шаруашылықтарда асинхронды ЭЖ-тердің саны көп болғандықтан, кернеулердің энергетикалық көрсеткіштерін арттыру мақсатында, оларды реттеудің әсері оразан зор болуы мүмкін.

АҚ тұтынатын ток барынша ықшамдалып, ондағы электр қуатының шығыны қысқартылатын ЭЖ-нің құрылу принципін қарастырып өтейік. Ол үшін I статор тогының M_c жүктеменің әр түрлі моменттеріндегі U кернеуіне тәуелділіктеріне (5.13, а сур.) сүйенеміз. $M_{c1} < M_{c2} < M_{c3} < M_{c4}$ сәйкес құрылған 1... 4 графиктерінде бейнеленгендей, әр моментке АҚ-тың желіден тұтынатын тогы минималды болатындай кернеу қолданылады.



5.13 – сурет

Әр жүктемеге арналған ток минимумдарының нүктелері арқылы тартылған штрих сызығы кернеуді ток функциясында реттеу заңын анықтайды, бұл заң орындалғанда, кез келген M_c жағдайында желіден минималды ток тұтынылады.

Қозғалтқыш тұтынып отыратын токты ықшамдайтын ЭЖ сұлбасы 5.13, б суретінде бейнеленген. Оның құрамына қозғалтқыш 4, кернеу реттегіш 3 пен ИФБЖ 2, ток 5 пен кернеу датчиктері 6, функционалды түрлендіргіш 7, инерциялық буын 8 мен салыстыру элементі I кіреді.

ЭЖ-ті басқаруға қажетті заң токтың бойымен жүргізілетін оң кері байланыстың көмегімен жүзеге асырылады. Үш фазалы датчик 5 токқа пропорционал сигналды өндіреді де, сигнал функционалды түрлендіргіштің 7 кірісіне келіп жетеді, функционалды түрлендіргіш АҚ-тағы кернеу мен оның білігіндегі жүктеме моменті арасындағы қажетті тәуелділікті (5.13, а суретіндегі штрих сызық) қамтамасыз етеді. Сұлбада кернеу арқылы жүргізілген қосалқы теріс кері байланыс қолданылған (буын 8), оның көмегімен өтпелі процестердің тиісті сапасы қамтамасыз етіледі. Электр қуатының жұмсалыу көлемін ықшамдаудан бөлек, мұндай схемада қарапайым құралдармен асинхронды ЭЖ-тің ПӘК-і мен қуат коэффициентін арттыруға болады.

Теориялық есептеулер мен тәжірибелік деректердің қорытындыларына сүйенсек, статордағы кернеуді реттеу арқылы, ЭЖ-тің энергетикалық көрсеткіштерін бірнеше пайызға дейін арттыруға болады, мұндай тәсіл асинхронды қозғалтқыштарды кеңінен қолданғанда көлемді экономикалық тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

5.6. ҚОРЕКТЕНДІРУШІ КЕРНЕУДІҢ ЖИІЛІГІН ӨЗГЕРТУ АРҚЫЛЫ АСИНХРОНДЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫН РЕТТЕУ

Кей кездері *жиіліктік* деп аталатын бұл тәсіл қазіргі таңда кең қолданысқа ие, және ол бірінші кезекте, АҚ жылдамдығын сапалы түрде реттеу үшін қолданылады. Оның принципі АҚ-ты қоректендіретін кернеудің f жиілігін өзгерте отырып, $\omega_0 = 2\pi f/p$ өрнегіне сәйкес оның жылдамдығын өзгертіп, әр түрлі жасанды сипаттамаларды алуға негізделген. Бұл тәсіл жылдамдықты кең диапазонда бірқалыпты реттеуге көмектеседі, ал соның нәтижесінде алынатын сипаттамалар жоғары қатаңдыққа ие болады. Сонымен қатар, жиіліктік тәсіл тағы бір аса маңызды қасиетімен ерекшеленеді: бұл жағдайда АҚ жылдамдығын реттеу оның жылжуын арттырмай жүргізіледі, сондықтан (5.5) бойынша анықталатын қуат шығыны аса көп болмайды.

АҚ-ты тиімді пайдаланып, оның жұмысының жоғары энергетикалық көрсеткіштеріне (қуат коэффициенті, пайдалы әрекет пен асқын

жүктемелік қабілеті) қол жеткізу үшін жиілікпен бірге, оған берілетін кернеуді де өзгерту қажет. Бұл ретте, кернеу өзгеруінің тиімді заңы M_c жүктеме моментіне тәуелді болады. Осылайша, жүктеменің тұрақты моментінде $M_c = \text{const}$ статордағы кернеу оның жиілігіне пропорционалды реттелуі керек

$$U_1/f_1 = \text{const.} \quad (5.29)$$

Жүктеме моментінің вентиляторлық (желдеткішті) сипатының (5.29) қатынасы төмендегідей болады

$$U_1/f_1^2 = \text{const}, \quad (5.30)$$

ал жүктеме моментінде жылдамдыққа кері пропорционал болады,


$$U_1/\sqrt{f_1} = \text{const.} \quad (5.31)$$

Осылайша, АҚ жылдамдығын жиіліктік тәсілмен реттегенде, жиілікті түрлендіргіш қолданылады, сонымен қатар, ол оның статорындағы кернеуді де реттеуге көмектеседі.

Тәжірибе жүзінде (5.29) – (5.31) өрнектеріне қарағанда әлдеқайда күрделі жиілікті басқару заңдары, әсіресе статордың белсенді кедергісінің болуын ескеретін заңдар қолданылатынын атап өткен жөн

АҚ-ты қосу сұлбасы және оның жиілікті өзгерткендегі сипаттамалары (5.14 сур.). ЭЖ-ке қажетті элемент – жиілікті және кернеуді I түрлендіргіш болып табылады (әрі қарай ЖТ белгісі қолданылады), оның кірісіне $f_1 = 50$ Гц өндірістік жиіліктің стандартты желілік кернеуі U_1 (220, 380 В және т.б.) беріледі, ал шығысынан $f_{1\text{per}}$ реттелетін жиіліктің айнымалы кернеуі $U_{1\text{per}}$ алынады (5.14, а сур. қараңыз). U_1/f_1 қатынастары (5.29)... (5.31) формулаларымен анықталады.

Шығу жиілігі мен кернеуін реттеу U басқарушы сигналының көмегімен орындалады, ол қозғалтқыш 2 жылдамдығының қажетті мәнін береді.



5.14 – сурет

Қозғалтқышты ең кең тараған заң $U_1/f_1 = \text{const}$ бойынша басқарып, оның механикалық сипаттамаларын талдағанда, қозғалтқыштың бос жүрісінің мінсіз жылдамдығы кернеу жиілігіне пропорционалды өзгеріп, ал M_k сындық моменті сол күйде қалатыны анықталды, оны (5.13) ықшамдалған өрнегінен көре аламыз. Демек, $\omega_0 \sim f_1$ және $x_k \sim f_1$ болғанда, критикалық момент $M_k \sim U_1^2/f_1 \sim U_1/f_1^2 = \text{const}$ болады.


Жиіліктік реттеу барысындағы механикалық сипаттамалар (5.14, б сур. қараңыз) номиналдыдан (желілік) төмен $f_{1\text{ном}}$ және одан жоғары жиіліктерге сәйкес келетін сипаттамаларға бөлінеді.

$f_1 < f_{1\text{ном}}$ жиіліктер аймағы. Бұл аймақта $f_{13} = f_{1\text{но}}$ $M > f_{14} > f_{15}$ (3-5 сипаттамалары) жиіліктері үшін $U_1/f_1 = \text{const}$ қатынасы орындалады, себебі АҚ-қа берілетін кернеу номиналдыдан (желілік) кему бағытына қарай реттеледі. Сондықтан $M_k = \text{const}$ мен АҚ тұрақты асқын жүктемелік қабілетке ие болады. Атап өтерлік жайт, (5.13) формуласын шығарарда ескерілмеген R_k кедергісінің әсерінен M_k моменті АҚ-ның төмен жылдамдықтары аймағында біраз кемиді, сол себепті $M_k = \text{const}$ сақтап тұру үшін, кернеу төмен жиілікте оған пропорционалды түрде емес, одан бірнеше деңгейге төменірек кемуі керек.

$f_1 > f_{1\text{ном}}$ жиіліктер аймағы. АҚ-тың қалыпты жұмысының шарттары бойынша, кернеуді номиналдыдан (төлқұжаттық) асыруға болмайды. Сондықтан бұл аймақтағы жылдамдықты реттеу $U_1 = U_{1\text{ном}} = \text{const}$ (f_{11} және f_{12} жиіліктеріндегі 1 және 2 сипаттамалары) бойынша жүргізіледі, яғни критикалық момент M_k (5.13)-ке сәйкес $f_{11} > f_{12} > f_{1\text{ном}}$ жиілігі артқан сайын кемитін болады.

ЖТ-тің әрекет ету принципі. Жиіліктік асинхронды ЭЖ-терде кеңінен қолданылатын алуан түрлі ЖТ-терді құрылымы мен пайдаланылатын техникалық құралдарына қарай екі топқа бөлуге болады.

Бірінші топты *электрмашиналық айналмалы ЖТ-тар* құрайды, оларда айнымалы жиілікті алу үшін қарапайым немесе электрлік машиналар қолданылады. 5.15 суретінде синхронды генераторы 4 бар ЖТ сұлбасы бейнеленген, одан үш асинхронды қозғалтқыш 5...7 қоректенеді.



5.15 – сурет

Түрлендіргіш екі бөліктен тұрады: тұрақты жылдамдық агрегаты, оның құрамына асинхронды қозғалтқыш 1 (оның орнына қозғалтқыштың кез келген түрі қолданылуы мүмкін) пен соның көмегімен айналатын тұрақты ток генераторы 2 кіреді, және айнымалы жылдамдық агрегаты, ол тұрақты токтың реттелетін қозғалтқышы 3 мен оны айналдыратын синхронды айнымалы жиіліктік генераторынан тұрады. Қозғалтқыш 1 жиілігі стандартты $f_1 = 50$ Гц желіден қоректенеді, ал синхронды генератордың шығыстарында 4 жиілік пен кернеу реттелуі мүмкін. Резистордың R_1 көмегімен генераторды 2 қоздыру орамаларының тізбектеріндегі қозғалтқыштың зәкіріне берілетін кернеу өзгереді, және соның әсерінен оның жылдамдығы мен генератордың 4 жылдамдығы да өзгереді. Бұл ретте синхронды генератордың 4 шығыстарындағы $f_{\text{рег}} = \omega_{\text{сх}} / (2\pi)$ өрнегімен анықталатын кернеу жиілігі өзгереді, демек қозғалтқыштардағы 5... 7 кернеу жиілігі де өзгереді. Бұл қозғалтқыштардағы кернеу синхронды генератордың 4 қоздыру орамаларының тізбегіне қосылған резистордың R_3 көмегімен реттеледі.


ЖТ-ті қолданып, қозғалтқыштар 5... 7 жылдамдығын кең диапазонда бірқалыпты реттеуге болады, алайда электрмашиналық ЖТ-да жиілікті реттеу процесінде айтарлықтай кемшіліктер бар. Мұндай түрлендіргіштерді жасау үшін төрт электрлік машина қажет, олар тұтынушылардың толық қуатына шамаланған (АҚ топтары) болуы керек, бұл оның қолайсыздығы мен өте жоғары бағасын анықтайды, әсіресе жүктеме қуаты ауқымды болғанда. Қуатты қос (екі есе) түрлендіру – жиілігі $f_1 = 50$ Гц айнымалы ток қуатын тұрақты ток қуатына, содан соң қайта реттелетін жиіліктің айнымалы тогының қуатына түрлендіру – жүйенің төмен ПӘК-ін анықтай отырып, бүкіл тізбек бойындағы қуат шығынымен бірге жүреді. Мәселен, төрт ЖТ электрлік машиналарының 1...4 әрқайсысының ПӘК-і 0,9-ды құраса, онда жалпы ПӘК 0,66-ға тең болады, яғни тұтыналатын қуаттың үштен бір бөлігі желіден жоғалады дегенді білдіреді. Сонымен қатар, тұрақты токтың коллекторлы машиналарын қолдану барысында оларды үздіксіз бақылап, күту керек, әдетте олар жұмыс істегенде қатты шулайды. Және де, электрмашиналық ЖТ-тегі жиіліктің өзгеруі инерциялы, ол электрмашиналық агрегаттың механикалық инерциясымен түсіндіріледі.

Айналмалы ЖТ-тердің электрлік машиналардың қарапайым және арнайы түрлерін қолданған өзге де схемалары кең тараған.


Қазіргі таңда *статикалық ЖТ-тер* кеңінен таралуда, бұлай аталу себебі, оларда жартылай өткізгішті аспаптар, реакторлар, конденсаторлар және т.б. секілді қозғалатын бөлшектері жоқ элементтер мен құрылғылар қолданылады. Статикалық ЖТ-тер, әсіресе, тиристорлар мен күштік транзисторлардың кең көлемде өндірілуіне байланысты тез дами бастады.

5.16 – сурет

Тікелей байланысты тиристорлық үш фазалы ЖТ-тің (ТЖТ) кең тараған сұлбаларының бірі 5.17 суретінде көрсетілген, ол үш бірдей 2, 3, 4 тиристорлар жиынтығынан тұрады, олар АҚ статорының z_a , z_b және z_c орамаларын қорекпен қамтамасыз етеді. Тиристорлар жиынтығына $C1$, $C2$, $C3$ фаза орамаларының бастары жалғанған, ал бұл орамалардың ұштары трансформатордың I нөлдік нүктесіне қосылған. Үш жиынтықтың әрқайсысы алты тиристордан тұрады, олардан үш анод пен үш катодпен трансформатордың I екінші реттік орамаларына жалғанған. Трансформатордың нөлдік нүктесі статордың үш фазалы орамасының ортақ нүктесімен байланыстырылған, сондықтан сұлба нөлдік деп аталады. Бұл сұлбаның әр фазасы басқаларынан дербес жұмыс істейді, сол себепті оның әрекет ету принципін түсіндіру үшін, кез келген бір фазаның



5.17 – сурет



5.18 – сурет

жұмысын, мәселен, $VS1... VS6$ тиристорларының 2 жиынтығымен басқарылатын А фазасының жұмысын қарастыруға болады.

Трансформатордың екінші реттік орамаларындағы фаза кернеулері синусоидалық заң бойынша өзгеріп (5.18, а сур.), жүктеме белсенді сипатқа ие болады деп алайық (егер де АҚ жүктеме болса, онда оның сипаты белсенді-индуктивті болады).

Сондай-ақ, $VS1... VS6$ тиристорлары жабық деп алайық (5.17 сур. караңыз)(оларға басқару блогынан басқарушы импульстер берілмейді). Бұл жағдайда барлық

кернеу трансформатордың шығысынан жабық тиристорларға беріледі де, статордағы кернеу нөлге тең болады.

Енді басқару блогынан $VS1$ тиристорына t_1 уақыт моментінде (5.18 сур, а қараңыз), $VS2$ тиристорына t_2 моментінде және $VS3$ тиристорына t_3 моментінде импульстер берейік. Бұл уақыт моменттерінде тиристорлар анодтарының потенциалдары катодтарға қарағанда аса жоғары болатын-дықтан, олар ашылады да, статор фазасына U_a , U_b және U_c трансформаторларының екінші реттік кернеулерінің үш синусоидтарының аймағына сәйкес кернеу беріледі. $VS1 ... VS3$ тиристорларынан басқарушы импульстарды алып тастап, $VS6$, $VS4$ және $VS5$ тиристорларына t_5 , t_6 және t_7 уақыт моменттерінде импульстер берсе, онда жүктемеде де үш синусоид аймағына сәйкес, бірақ полярлығы қарама-қарсы кернеу пайда болады. $VS1... VS3$ және $VS4... VS6$ тиристорлар тобын 5.18, б суретінде көрсетілген рет бойынша кезекпен ашқанда, U_{1perg} қисығы арасында қайталанып тұрады. Осылайша, статор орамасының фазасына жиілігі $f = 1/T$ және периоды T айнымалы ток кернеуі беріледі. Бұл кернеудің T периоды T_1 желілік кернеуінің периодына қарағанда (5.18, а сур. қараңыз) үлкен, немесе, басқаша айтқанда, АҚ статорындағы кернеудің жиілігі қоректендіруші кернеудің жиілігіне қарағанда аз. Үш фазалы схемаға арналған бұл шамалардың арақатынасы төмендегідей анықталады

$$T_{perg} = T_1 [3 + 2(h-1)]/3, \quad (5.32)$$

Мұндағы $h = 2, 3, ...$ - жиынтықтағы ашылатын тиристорлардың саны.

(5.32)-ге сәйкес, тұрақты ток буыны жоқ, қоректендіруші желі мен жүктемесі тікелей байланыстырылған ЖТ – АҚ статорындағы жиілікті желілікпен салыстырғанда, тек оның кему бағытына қарай реттей алатыны мәлім.

ЖТ-тің шығысындағы жиілікті реттеу диапазонын кеңейту $VS1... VS3$ тиристорларынан басқару импульстарын алу моменті мен оларды $VS4... VS6$ тиристорларына беру моменті арасына Δt_n паузасын енгізу арқылы жүзеге асырылады (5.18, б сур. қараңыз). Бұл жағдайда шығу жиілігі төмендегідей болады

$$f_{\text{per}} = 3f_1 / (3 + 2(h - 1) + \Delta t_n f_1). \quad (5.33)$$

Қарастырылып отырған ЖТ-тер, сондай-ақ, АҚ-тағы U_{per} кернеуін де реттеуге мүмкіндік береді, ол үшін тиристорларға басқару импульстарын $t_1, t_2, t_3, \dots$ моменттерінде емес (5.18, а сур. қараңыз), тиристорларды басқару а бұрышына сәйкес аздап кешіктіріп береді (5.18, в сур. қараңыз). Үздіксіз ток беріліп тұрғанда жүктемедегі әрекет етуші кернеу төмендегідей болады:

$$U_{\text{per}} = \sqrt{2} m_1 U_{\phi} \sin(\pi/m_1) \cos(\alpha/\pi) = U_{\text{permax}} \cos \alpha, \quad (5.34)$$

мұндағы m_1 – көректендіруші кернеу фазаларының саны; U_{ϕ} – желінің фазалық кернеуі.


Тиристорларға импульстар беру моментін басқару жүйесінің көмегімен өзгертіп отырып, жүктеме кернеуін 0-ден ($\alpha = 90^\circ$) максималды мәнге дейін ($\alpha = 0$) реттеуге болады.

Алынған қатынастар ЖТ-тің белсенді-индуктивті жүктемесі кезінде де орынды екенін атап өткен жөн. Бұл жағдайда кернеудің формасы ғана аздап өзгереді.

5.17 суретінде көрсетілген сұлбаның кемшіліктерінің бірі ретінде, трансформатор мен АҚ статоры орамаларының нөлдік шықпасының болуының қажеттілігін атауға болады. Сондықтан, тәжірибе жүзінде нөлдік сымдары жоқ ЖТ көпірлік сұлбалары кеңінен таралған.


Тұрақты ток буыны бар ЖТ сұлбасы (5.19 сур.) екі негізгі блоктан құралады: басқарылатын түзеткіш 2 пен 1 және 5 басқару блоктары бар басқарылатын инвертордан. U_1 стандартты жиілік f желісінің кернеуі U_1 басқарылатын түзеткіштің 2 кірісіне беріледі, ол айнымалы кернеуді U_x тұрақтыға E_0 түрлендіреді, оны басқару блогының 1 көмегімен кең ауқымда реттеуге болады.

Түзетілген және реттелетін кернеу E_0 инвертордың 3 кірісіне беріледі, ол кернеуді қозғалтқышқа 4 түсетін реттелетін жиіліктің f , үш фазалы кернеуіне $U_{1\text{per}}$ түрлендіреді. Инвертордың $f_{1\text{per}}$ шығу кернеуінің жиілігі 5 басқарушы блоппен U_y басқару сигналының функциясында реттеледі.



5.19 – сурет

Жүктемедегі кернеудің формасын анықтау үшін, АҚ статоры фазаларын қосуды алты уақыт интервалдарының әрқайсысында бөлек қарастырып көрейік. Интервал I барысында $VS1$, $VS5$ және $VS6$ тиристорлары ашық, z_A және z_C жүктемелерінің фазалары $+E_0$ көзінің плюстік шығарушына, ал z_B жүктемесінің фазалары минустік шығарушыға $-E_0$ жалғанған (5.22, а сур.). Егер де осындайда барлық үш фазаның кедергі-лері бірдей болатын болса, онда z_A және z_C жүктеме-лерінің параллель байланысқан фазаларының эквиваленттік кедергісі z_B жүктемесінің фазасындағы кедергіден екі есе аз болады. Онда z_A және z_C жүктемелерінің параллель байланысқан фазаларындағы кернеу де z_B жүктемесіндегі фазадан




5.23 – сурет


III интервалына өткенде (5.21 сур. қараңыз) $VS6$ тиристоры жабылады да, $VS3$ тиристоры ашылады ($VS1$ және $VS2$ тиристорлары әлі де жабық), соған сәйкес z_A және z_B жүктемелерінің фазалары параллель қосылады (5.22, в сур. қараңыз).

Дәл осылай статор орамалары фазаларының IV , V және VI интервалдарындағы байланысу схемасын бейнелеуге болады, олар I , II және III интервалдарының сұлбаларына сәйкес келеді, дегенмен фазалар басындағы кернеулердің полярлығы өзгешеленеді. $\lambda = T_{\text{per}}/2$ (5.23 сур.) болғандағы жүктеме фазаларындағы кернеудің өзгеру графигі сатылы түрде жүреді және ол айнымалы сипатқа ие, сондай-ақ бұл кернеудің максимумдары фазалар бойынша реттелетін жиіліктің үштен бір периодына жылжыған. Басқаша айтқанда, жүктемеде бейсинусоидал формада болса да, стандартты үш фазалы айнымалы ток кернеуінің жүйесі пайда болады.

ЖТ-тің шықпалық кернеуі біршама өзге формаға ие болуы үшін, әр тиристордың ашық күйдегі ұзақтығы реттелетін жиілік f_{per} периодының T_{per} үштен бірін құрау керек, және жүктеме бұрынғыша жүл-дызға жалғанып тұруы керек. $\lambda = T_{\text{per}}/3$ болғандағы тиристорлар жұмысының диаграммасы және үктемедегі кернеудің өзгеру графигі сәйкесінше 5.24 және 5.25 суреттерінде көрсетілген. Бұл жағдайда әр уақыт интервалында тек екі тиристор ашық тұрады және АҚ статоры орамаларының екі фазасы E_0 кернеуіне кезекпен қосылып тұрады, ал үшінші фаза қорек көзінен ажыратылған, сәйкесінше кернеу екі есе аз болады да, $E_0/3$ құрайды.



5.24 – сурет



5.25 сурет.

кезекпен байланыстырылған фазалардың әрқайсысында $E/2$ -ге тең, ал үшіншісінде (бос) нөлге тең болады.

5.20 суретінде көрсетілген үш фазалы жүктеменің үшбұрышқа қосылғандағы схема жұмысын да дәл осылай талдаудан өткізуге болады. $\lambda = T_{\text{рег}}/2$ болғанда, жүктеме фазаларындағы кернеудің формасы 5.25 суретінде көрсетілген қисықтармен бірдей болатыны анықталды, бірақ кернеу амплитудасы E_0 -ге тең бо-

лады, ал $\lambda = T_{\text{рег}}/3$ болғанда кернеу 5.23 суретінде көрсетілген қисықтардың формасын қайталайды, бірақ $E_0/3$, $E_0/2$ -ге және $2E_0/3$ E_0 -ге алмасады.

Тұрақты тогы бар ЖТ-тің басты ерекшелігі – олардың көмегімен АҚ статорындағы кернеу жиілігін желіліктен төмен не жоғары етіп бірқалыпты реттеуге болады, дәл сол себепті мұндай ЖТ-тер кең қолданысқа ие болды.

Басқарылатын инверторлардың түрлері. Жиілікпен басқарылатын асинхронды ЭЖ-те тиристорлар коммутациясымен, олардың байланысу схемаларымен, АҚ кернеуін реттеу тәсілдерімен және т.б. ерекшеленетін әр түрлі инверторлар қолданылады.

Тиристорлар тогының коммутациясының тәсілдеріне қарай, инверторлар желі жетегіндегі және автономды деп бөлінеді. Желі жетегіндегі инверторларда (оларды сондай-ақ тәуелді инверторлар деп те атайды) токты тиристордан тиристорға коммутациялау қорек көзі кернеуімен қамтамасыз етіледі.

Автономды (тәуелсіз) инверторларда ток коммутациясы үшін қосымша элементтер – тиристорлар, диодтар, индуктивтілік катушкалары мен конденсаторлары (дрессельдер) қолданылады.

Автономды инверторлар кернеу және ток инверторларына бөлінеді. Автономды кернеу инверторлары (АКИ) кернеу көзіне, мәселен шығысында үлкен сыйымдылықты конденсатор орнатылатын басқарылатын түзеткішке жалғанады. АКИ қатаң сыртқы сипаттамаға ие, яғни жүктеме тогы өзгергенде, олардың шығысындағы кернеу мүлдем өзгермейді деуге болады, сондықтан АКИ қолданылғандағы қозғалтқышты басқаратын әсерлер жиілік пен кернеу болып табылады.

Автономды ток инверторлары (АТИ) ток көзінен, мәселен шығысына индуктивтілігі үлкен реактор қосылған басқарылатын түзеткіштен қоректенеді. АТИ қолданылғанда АҚ-ты басқаратын әсерлер қызметін статор тогы мен жиілігі атқарады.

Автономды инвертордың әр түрінің жиіліктік-басқарылмалы асинхронды ЭЖ-терде қолданылатын өз саласы бар. Іс жүзінде, АКИ шықпалық кернеудің АҚ-тың жұмыс режимінен тәуелсіз болады, бұл оның ашық асинхронды ЭЖ-терде, сондай-ақ реттелетін қозғалтқыштар тобын басқарғанда қолданылатынын білдіреді. АКИ-лы ЖТ-тердің кемшіліктеріне келесілер жатады: кірісте үлкен сыйымдылықты конденсаторларды, өте көп тиристорлар мен коммутациялаушы элементтердің қолданылуы; желінің қуатын қалпына келтіру үшін қосымша желі жетегіндегі инверторды сұлбаға енгізу қажеттілігі.

АТИ-лы ЖТ-тер қарқынды қысқа уақыт режимінде жұмыс істейтін жоғары жылдамдықты кері ЭЖ-терін жасауға мүмкіндік береді. Мұндай түрлендіргіштердің артықшылығы АТИ кірісінде конденсатордың болмауы; сұлбаны күрделендірместен желіде белсенді энергияны қалпына келтіру (қайтару) мүмкіндігі; салыстырмалы түрде аз мөлшерде тиристорларды және қуат диодтарын қолданылуы. АТИ-дың кемшілігі – кіріс реакторын енгізу қажеттілігі болып табылады.


ЖТ-тің шықпалық кернеуі бірнеше жолмен басқарылуы мүмкін. Тікелей байланысты ЖТ-те ол реттелетін түзеткіштер сияқты жүзеге асырылады. Мұндай басқару фазалық деген атау ие болды.

Тұрақты ток буыны бар ЖТ-те жүктемедегі кернеуді реттеу (АҚ статорында) екі тәсілмен – арнайы кернеу реттегішінің көмегімен немесе инвертор арқылы жүзеге асырылады.

Алғашқы тәсіл, өз кезегінде, екі түрлі жолмен мүмкін – бақыланатын түзеткішті (фазалық басқару) немесе бақыланбайтын түзеткішті және оның түрлендіргіші мен кернеудің амплитудалық реттеуін орнататын ендік-импульстік түрлендіргішті (ЕИТ) қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл тәсілдің артықшылықтары кернеуді реттеудің кең спектрін және түрлендіргіштің кез-келген түрін пайдалану мүмкіндігін қамтиды.

Екінші тәсіл жиіліктерді және инвертордың өзіндегі кернеуді реттеу функцияларын қамтиды. Ол тиісті тристорларды басқару алгоритмдерінің көмегімен жүзеге асырылады және ендік- импульстік модуляцияны (ЕИМ) қолдануды қарастырады.

5.26 суретінде мысал ретінде асинхронды қозғалтқышы 3 бар ЭЖ-тің күш беретін бөлігінің сұлбасы көрсетілген, онда тұрақты ток буыны бар тиристорлық ЖТ мен автономды кернеу инверторы 2 қолданылған. Бұл схемада басқарылатын түзеткіштің шығысында I реактор L_0 мен C_0 фильтр конденсаторы қосылған, соңғысы $VD7... VD12$ диодтарымен бірге реактив қуатының циркуляциясын қамтамасыз етеді. Автономды кернеу инверторы 2 $VS1... VS6$ тиристорларында орындалған. Конденсаторлар C мен реакторлар L диодтармен $VD1... VD6$ бірге жасанды коммутация тізбектерін құрайды, олар тиісті уақыт моменттерінде $VS1... VS6$ тиристорларының өшіп қалуын қамтамасыз етеді.



5.26 сурет.

Инвертор шығысындағы кернеудің амплитудасы оның кірісіндегі E_0 кернеуінің өзгерісі арқылы түзеткішті басқару блогының I көмегімен реттеледі, ал оның $f_{\text{пер}}$ жиілігі инверторды басқару блогы беретін $VS1...VS6$ тиристорларының коммутациясының жиілігімен анықталады.

5.26 суретінде бейнеленген ЖТ схемасы кең таралған болса да, бірақ мұндай схеманың жалғыз түрі емес. Іс жүзінде кернеуді реттеу әдістерінде және тиристорлардың жасанды коммутация түрлерінде ерекшеленетін басқа сұлбалар да қолданылады. ЖТ-ті қолданудың кең перспективалары қуат транзисторларын (әсіресе, модульдік конструкциядағы оқшауланған қақпасы бар биполярлық транзисторларды) және басқару сұлбаларын іске асыру үшін микропроцессорлық жабдықты пайдалануымен байланысты дамымақ.

Жиілікті басқару өте үнемді, өйткені ол АҚ жылдамдығын ЭЖ-тің ПӘК-інің тиімділігін төмендетеді және индукциялық қозғалтқыштың қуатын асыра бағалау қажеттілігіне әкелетін ротор тізбегіндегі үлкен қуат шығындарынсыз реттеуді қамтамасыз етеді.

Жылдамдықты жиілікпен реттеубірқалыпты, кең диапазонда іске асырылуы мүмкін, табиғи сипаттаманың екі жағында да, яғни АҚ жылдамдығы номиналдыдан жоғары және төмен болуы мүмкін. Бұл жағдайда түзету сипаттамалары жоғары қатандыққа ие және АҚ үлкен жүктеме сыйымдылығын сақтайды.

Ашық жүйелерде іске қосылған жылдамдықты басқару диапазоны 5 ... 10, ал жабық жүйелерде (кері байланыстар қолданылғанда) оның мәні 1000 немесе одан да көп болуы мүмкін.

Белгіленген жоғары көрсеткіштерді ескере отырып, жиілік тәсілі қазіргі таңда кең қолданысқа ие болып жатқандығын атап өту керек. Сондай-ақ, жиілікті реттелетін асинхронды ЭЖ-ті пайдалану жалғыз мүмкін нұсқа болатын мысалдарды келтіруге болады: жоғары жылдамдықты электрайналдырықтар, электрұршықтар, жоғары жылдамдықты аэродинамикалық құбыр желдеткіштері, әр түрлі сынақ стендтері және т.б.

Жиіліктік ЭЖ-терді кеңінен қолдануға, көбіне, өндірістің әр түрлі орындаудағы статикалық ЖТ-терді өндіріп шығаруы ықпал етеді.

АҚ-ны квазижиілікпен басқару. Асинхронды ЭЖ-тердің жылдамдығын сапалы және үнемді реттеуді қамтамасыз ететін АҚ-ның жиіліктік басқарылуын жүзеге асыру – өте қымбат және функционалды күрделі ЖТ-терді пайдалануды талап етеді. Мұндай ЭЖ-терді жөндеу және пайдалану, әсіресе техникалық қызмет көрсетуші персоналдың біліктілігі төмен және күрделі жағдайларда, белгілі бір қиындықтарға әкеліп соғады. Түрлендіргіштердің қарапайым түрлерін қолдана отырып, жылдамдықты басқарудың жиіліктік әдісінің артықшылықтарын сақтап қалу ұмтылысы АҚ-ты басқарудың квази-жиілігін (жиілікке ұқсас) дамыту әдісіне ұласты.


Басқарудың бұл тәсілі 5.4 тарауында қарастырылған тиристорлық кернеу реттегіштерінің көмегімен АҚ статорында кернеудің төмендетілген реттелетін жиілігін алуға мүмкіндік береді, сондай-ақ, мысалы, әртүрлі жүк көтеру механизмдерінің жұмысының барысында қажетті асинхронды ЭЖ-тің төмен жылдамдықтарын алуды қамтамасыз етеді.

Квазижиілікпен басқарылатын асинхронды ЭЖ схемасының негізін (5.27, *а* сур.) стандартты кернеу реттегіш 1 құрайды, ол қарама-қарсы параллель қосылған үш жұп тиристорлардан *VS1... VS6* және басқару блогынан 2 тұрады. Басқару блогының кірісіне келіп түсетін С басқару сигналы арнайы квазижиілікпен басқару блогының 3 көмегімен жасалады, ол *VS1... VS6* тиристорларын асинхронды қозғалтқышқа 4 берілетін кернеудің жиілігі *f* желісінің жиілігінен төмен болатындай етіп реттеуді қамтамасыз етеді.

5.27, *б* суретінде *U_A*, *U_B*, *U_C* желісінің фазалық кернеулерінің қисықтары мен статор орамаларының *C1*, *C2* және *C3* қысқышта-рындағы *UC1*, *UC2* және *U_{c3}* кернеулерінің графиктері көрсетілген, олар сәйкес *VS1... VS6* тиристорларды басқару есебінен желілік кернеуден құрылады. Көрініп тұрғандай, АҚ статорының фазаларының кернеуі бейсинусоидал формаға ие және ол желі жиілігінен төмен жиілікпен өзгереді. Төмендетілген жиілікті алудың қарастырылып отырған принципі тікелей байланысты ЖТ-тің әрекет ету принципін қайталайды (5.17 және 5.18 сур. қараңыз), алайда бұл жағдайда жиілікті реттеу түрлендіргіштің аса қарапайым схемасы арқылы жүзеге асырылады.

АҚ статорындағы реттелетін жиілік $f_{\text{per}} = a f / (a + b)$ формуласына сәйкес дискреттік мәндерге ие болуы мүмкін, мұндағы *a* мен *b* – 1-ден 15-ке дейінгі кез келген толық сандар.

Бұл формуладан байқайтынымыз, АҚ-ны квазижиілікпен басқаруда жиілікті $0,5f_x$ деңгейінен бастап және одан төмен жүруі мүмкін.



5.27 сурет.


2 және 3 жасанды механикалық сипаттамаларының жұмыс аймақтарының қатандығы (5.27, в сур. қараңыз) шамамен 1 табиғи сипаттамасына сәйкес келеді, ал максималды момент табиғи сипаттамадағы АҚ сындық моментінің 60...90%-ын құрайды.

5.7. ПОЛЮСТЕР ЖҰПТАРЫНЫҢ САНЫН ӨЗГЕРТУ АРҚЫЛЫ АСИНХРОНДЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫН РЕТТЕУ

Мұндай реттеу тәсілі көпжылдамдықты деген атауға ие болған арнайы АҚ-тарды қолданғанда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл қозғалтқыштардың ерекшелігі екі бірдей секциядан (жартылай орамалардан) тұратын статор орамасы болып табылады, олардың әр түрлі байланыстыру сұлбаларын пайдалану арқылы p полюстер жұптарының санын өзгертуге болады. $\omega_0 = 2\pi f/p$ формуласына сәйкес, бұл ретте ω_0 магниттік өрістің айналу жылдамдығы өзгереді, яғни АҚ жылдамдығы да өзгеріске ұшырайды. Көпжылдамдықты АҚ-тардың роторы қысқа тұйықталған етіп жасалады.

Полюстер жұптарының саны тек дискреттік мәндерге ие бола алатындықтан ($p = 1, 2, 3, 4, \dots$), АҚ жылдамдығы да осы тәсілмен тек сатылы реттеле алады.




5.28 сурет.

Статор орамасының фазасы екі бірдей секциядан $1H - 1K$, $2H - 2K$ құралып, олардың әрқайсысында екі-екі өткізгіштен бар (5.28, а сур. қараңыз) және олар реттілікпен, сәйкес байланыстырылған. Дәл қазіргі уақыт моментінде статор орамасы бойымен бағыттауыш тілдермен көрсетілген бағытта ток ағып өтуде. Қолбұрғы ережесін қолдана отырып, өткізгіштер арқылы өтіп жатқан I токтың жасайтын магниттік күш сызықтарының бағытын анықтаймыз. Бұл жағдайда магниттік өрістің төрт полюсі бар екендігін, $p = 2$ немесе екенін байқауға болады.

Енді орамаға жіберілетін токтың ағымдық бағытын қалдырып, секциялардың қосылыстар сұлбасын, соның ішінде оларды реттілікпен және қарама-қарсы етіп өзгертейік (5.28, б сур. қараңыз). Бұл жағдайда статор орамасы полюстер жұбының жарты санымен өзінде магнит өрісті қалыптастырады. Полюстер жұптарының санын екіге бөлу 5.28, в суретінде көрсетілген сұлбада да орындалады, онда секциялар параллель қосылған. Кез келген жағдайда, полюстер жұптарының санының азаюы ток бағытын керісінше секцияның бірінде (бұл жағдайда, екіншіде) өзгерту арқылы орындалады. Магнит өрісінің айналу жылдамдығының өзгеру диапазоны екіге тең.

Көп жағдайда, тәжірибе жүзінде көпжылдамдықты АҚ-тардың статор орамдарын ауыстырудың екі сұлбасы қолданылады: үшбұрыштан қос жұлдызға дейін және жұлдыздан қос жұлдызға дейін. Статор орамаларының сұлбаларын және осы жағдайлардағы АҚ-тардың механикалық сипаттамаларын қарастырайық.

Үшбұрыш – қос жұлдыз. p_1 полюстер жұптарының барынша көп санын алу үшін статордың әр фазасының секциялары реттілікпен және сәйкес қосылып, үшбұрышқа жалғанады (5.29, а сур. қараңыз), мұндағы $A_{1н}$ және $A_{2н}$ – сәйкесінше А фазасының бірінші және екінші секцияларының бастары; $A_{1к}$ және $A_{2к}$ – олардың ұштары (В және С фазаларының енгізулері үшін де бұл белгілер бірдей). 5.29, б суретінде бейнеленген секциялардың байланысу сұлбасы 5.28, в суретінде көрсетілген сұлбамен бірдей, және ол АҚ полюстер жұптарының саны екі есе азайғанын анықтайды. Статор фазалары екі параллель қосылған секциялардан құралған сұлба қос жұлдыз атауына ие болды.



5.29 сурет.

Орамаларды үшбұрышқа 2 және қос жұлдызға 1 байланыстыру сұлбасына арналған АҚ-тың механикалық сипаттамалары 5.29, в суретінде көрсетілген.


Жұлдыз–қос жұлдыз. Бұл жағдайда төмен жылдамдық (p_1 полюстер жұптарының көп мөлшері) орамаларды дара жұлдызға қосу сұлбасына сәйкес болады (5.30, а сур.), оның әр фазасын бірінен соң бірі жалғанған секциялар құрайды (5.29, а сур. белгілерді қараңыз). Қос жұлдызға қосылу 5.29, б суретінде көрсетілген сұлба бойынша жүргізіледі, бұл ретте p_2 полюстер жұптарының саны екі есеге азаяды. Екіжылдамдықты АҚ-ның орамаларын жұлдызға 2 және қос жұлдызға 1 қосу барысындағы механикалық сипаттамалар 5.30, б суретінде бейнеленген.

Қарастырылып өткен екіжылдамдықты жүйелерден басқа үш және төртжылдамдықты АҚ-тар да пайдаланылады. Олардың біріншісінде, жоғарыда қарастырылып өткендей, статордың ауыстырылып қосылатын орамасына қосымша, бір ауыстырылып қосылмайтын орамасы болады. Төртжылдамдықты АҚ-тарда p_1, p_2, p_3, p_4 полюстерінің әр түрлі саны бар екі ауыспалы статор орамасы болады және олар төрт реттелетін механикалық сипаттамаларды алуға мүмкіндік береді.

АҚ-тың жылдамдығын реттеудің қарастырылып отырған тәсілі асинхронды ЭЖ-терінде оның кеңінен қолданылуын анықтайтын және бірінші кезекте үнемділікті сақтайтын бірқатар оң көрсеткіштермен сипатталады, себебі жылдамдықты өзгерту процесі барысында қозғалтқышты қажетсіз қыздыруға және оның ПӘК-ін нашарлатуға әкеп

соқтыратын ротор тізбегіндегі қосымша қуат шығындары болмайды.

Көпжылдамдықты АҚ-тардың механикалық сипаттамаларының (5.29, в және 5.30, 6 сур. қараңыз) қатаңдығы жақсы және олардың асқын



5.30 сурет.

жүктемелік қабілеті жеткілікті деңгейде болады.

«Жұлдыз–қос жұлдыз» ауыстырып қосу сұлбасын M_c жүктемесінің тұрақты моментінде, ал «үшбұрыш – қос жұлдыз» сұлбасын – тұрақты қуат сипатына ие ЭЖ жүктемесінде қолданған жөн.

Қарастырылып өткен тәсілдің басты кемшілігі – қозғалтқыш жылдамдығын сатылы өзгерту және оны реттеу диапазонының салыстырмалы түрде шағын, әдетте 6...8 болуы.


5.8. АСИНХРОНДЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ҚОСУДЫҢ КАСКАДТЫҚ СҰЛБАЛАРЫНДА ОНЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫН РЕТТЕУ

Жоғарыда қарастырылып өткен кейбір тәсілдермен АҚ жылдамдығын реттеу ротор тізбегінде «жылжу шығындары» атты қуат шығындарының шығуымен қатар жүреді, асинхронды ЭЖ-тің экономикалық көрсеткіштерін едәуір азайтады.

Ротор тізбегіндегі қуат шығындары пайдаланылған бірінші сұлбалар АҚ-ты басқа электр машиналарымен арнайы байланыстыру арқылы жасалды, сондықтан бұл сұлбалар каскадтық деп аталды. Қазіргі уақытта қосымша электр машиналары арқылы емес, жартылай өткізгіш құрылғылар мен трансформаторлар арқылы АҚ-тың жылжымалы энергиясын қолданатын сұлбалар бар, бірақ бұл сұлбалар да каскадтық деп аталады.

Жалпы алғанда, каскадтық сұлбалар деп АҚ жылдамдығын реттеуді қамтамасыз етіп, сонымен бірге энергия шығындарын бір мезгілде пайдалануға мүмкіндік беретін АҚ-ты қосу сұлбаларын айтады. Бұл энергияны пайдалану тәсіліне қарай, электрмеханикалық және электрлік машиналық-шұралық каскад сұлбалары болып бөлінеді.

Электрмеханикалық машиналық-шұралық каскадта (5.31, а сур.) 1 жұмыс машинасын қозғалысқа келтіретін АҚ роторының орамасы 2, жартылайөткізгішті шұраларда жинақталған үш фазалы басқарылмайтын түзеткішке 4 қосылады. Түзеткіштің шығаруштарына қосымша тұрақты ток машинасының зәкірі 3 жалғанған, оның ЭҚК-і $E_{в.м}$ түзеткіштің ЭҚК-іне $E_{в}$ қарай бағытталған. АҚ 2 мен машина 3 бір білікпен байланыстырылған. Осы сұлбадағы қуаттың теңгерімін қарастырайық.



5.31 сурет.

Желіден келіп түсетін қуат P_1 АҚ статорындағы 2 шығындарды шегергеннен кейін, роторға беріледі. Электрмагниттік деп аталатын және пайдалы механикалық қуат $P_2 = M\omega$ түріндегі $P_{эм} = M\omega_0$ өрнегімен анықталатын бұл қуаттың көп бөлігі жұмыс машинасына 1 жіберіледі. Жылжу шығындарының қуатын $\Delta P_2 = M\omega_0 s$ анықтайтын қалған бөлігі АҚ роторының 2, түзеткіштің 4 және қосалқы машинаның 3 тізбектеріндегі шығындарды шегергеннен кейін, соңғысының көмегімен механикалық қуатқа айналады да, жұмыс машинасының 1 білігіне қайтады.

Егер де сұлбадағы шығындарды елемесе, жұмыс машинасына 1 барлық электрмагниттік қуаттың $P_{эм}$ берілетіндігін байқауға болады. Шынында да, жұмыс машинасының қозғалтқыш білігіне АҚ-тан 2 $P_2 = M\omega$ қуаты келіп түседі, ал қосалқы машинадан 3 – $P_{в.м} = \Delta P_2 = M\omega_0 s$ қуаты келіп түседі, нәтижесінде жұмыс машинасының білігіндегі механикалық қуаттың жиынтығы $P_{р.м} = P_2 + P_{в.м} = M\omega + M\omega_0 s = M\omega_0 = P_{эм}$ болады.

Электрлік машиналық-шұралық каскадта (5.31, б сур. қараңыз) электрмеханикалықпен салыстырғанда, қосалқы машинаның 3 АҚ-пен 2 механикалық байланысы жоқ, ол айнымалы ток желісіне жалғанған синхронды генераторға 5 жалғыз білігімен қосылған, яғни шығын қуаты жұмыс машинасының 1 білігіне емес, желіге беріледі, ал жұмыс машинасына тек механикалық қуат $P_2 = M\omega$ беріледі.

Каскадтық сұлбалардағы жылдамдықты реттеу принципін қарастырайық, бұл осы машинаның қоздыру тогына әсер ету нәтижесінде қосалқы машинаның 3 ЭҚК-ін өзгерту арқылы жүзеге асырылады.

Белгіленген режимде ЭЖ-тің жұмысы барысында қоздыру тогы I_b артады делік, оның арты ЭҚК-тің E_{BM} артуына ұласады, сәйкесінше түзетілген ток кемиді, ол төмендегі өрнекпен анықталады:


$$I_d = (E_b - E_{B.M}) / R_c \quad (5.35)$$

Мұндағы R_c – түзетілген токтың белсенді кедергісінің жиынтығы; E_b – түзеткіштің 4 ЭҚК-і.

I_d кемуі және соның нәтижесінде АҚ роторының тогының кемуі оның моментінің төмендеуіне алып келеді, ол жұмыс машинасының 1 жасайтын жүктеме моментінен M_c кем болады. Соның салдарынан, қозғалтқыштың жылдамдығы төмендей бастайды, ал оның жылжуы s мен ротор орамасының ЭҚК-і $E_2 = E_{2K}s$ өсе бастайды. Ротордың ЭҚК-інің артуы ротордағы токтың артуына және соның нәтижесінде АҚ моментінің де артуына алып келеді, ол қайтадан жүктеме моментімен теңеседі де, АҚ жылдамдығы өзгермейтін болады. Қозғалтқыш қайтадан белгіленген режимде жұмыс істей бастайды, бірақ жылдамдығы әлдеқайда төмен болады. Ток I_b азайған жағдайда, АҚ жылдамдығы артады.

Токтардың әр түрлі мәндеріне $I_{1...4}$ (соответственно $I_b = (0; 0,2; 0,4; 1,0) I_{Bном}$) арналған электрмеханикалық каскадтың механикалық сипаттамаларын (5.32, а сур.) қарастырғаннан байқайтынымыз, максималды момент каскадтың жылдамдығы төмендеген сайын артады, себебі қосалқы машинаның қоздыру тогы артқан сайын оның моменті де артады. Бұл ретте максималды моментті сол моментте сәйкес жылдамдыққа тудыруды анықтайтын каскадтың максималды механикалық қуаты қосалқы машинаның әр түрлі қоздыру токтарында өзгеріссіз қалады. Сондықтан электрмеханикалық каскадты тұрақты қуат каскады деп атайды.

Қосалқы машинаның қозғалыс тогы нөлге жақын болғанда, электрлік каскадтың механикалық сипаттамасы (5.32, б сур. қараңыз) АҚ-тың табиғи сипаттамасына жақын болады.



5.32 сурет.

Қоздыру тогы қозғалысы артқан сайын, 2... 4 жасанды сипаттамалары табиғидан 1 төмен орналасады, бұл ретте номиналды қоздыру тогына $I_{\text{вном}}$ ең төмен сипаттама сәйкес келеді. Каскадтың максималды моменті тек АҚ арқылы анықталады (5.31 сур. қараңыз), ол әртүрлі сипаттамаларда шамамен тұрақты болып қалады. Сондықтан электрлік каскад тұрақты каскад деп аталады.


Қазіргі таңда күштік тиристорлық түрлендіргіштердің кең етек жайғанына байланысты, оларды электрмашиналық айналмалы түрлендіргіштермен алмастыру мүмкіндігі пайда болды. Әсіресе, электрмашиналық агрегат 3... 5 (5.31, 6 сур. қараңыз) түзеткіштен 4 келіп түсетін тұрақты ток қуатын желіге берілетін айнымалы ток қуатына түрлендіреді. Мұндай машиналық агрегат статикалық жиілікті түрлендіргішпен алмастырылуы мүмкін, ондай агрегат трансформатор 3 мен инвертордан 3 тұрады (5.33 сур.). Бұл сұлбада АҚ роторының орамасына 1 басқарылмайтын түзеткіш 5 пен инвертор 3, сондай-ақ реактор 4 жалғанған, ол түзетілген токтың пульсациясын тегістеуге арналған. Мұндай сұлбасы асинхронды ЭЖ асинхронды вентильді каскад атауына ие болды.

Инвертор, жоғарыда айтылғандай, тұрақты ток қуатын айнымалы ток қуатына түрлендіргіш болып табылады. Инвертордың ЭЖК-ін тұрақты ток машинасының электр қозғалтқыш күшін реттегендей реттеуге болады. Осылайша, асинхронды шұралық каскадтың механикалық сипаттамалары шұралық-машиналық электр каскадының сипаттамаларына ұқсас.

Қарастырылып өткен сұлбаларға ұқсас асинхронды вентильді каскадтардың сұлбалары өте көп. Бұл сұлбалар олардың күрделілігіне, жылдамдықты басқарудың техникалық мүмкіндіктеріне, қуат индикаторларына және т.б. қарай ерекшеленеді. Алайда, оларды пайдалану қағидасы мен функциялары бірдей: пайдалы жұмысты орындау және АҚ жылдамдығын тегіс реттеуге мүмкіндік беретін жылжу қуатын пайдалану.

Каскадтық қосу сұлбаларындағы АҚ-тың жылдамдығын реттеудің негізгі көрсеткіштерін атап өтейік.

Каскадтық сұлбалардағы жылдамдықты реттеудің тәжірибелік диапазоны әдетте 2-ден аспайды. Бұл жылдамдықты реттеуге арналған диапазон артқан сайын, және соған сәйкес АҚ-тың жыл-жуы күшейген сайын оның роторлық тізбегіндегі барлық құрылғылардың белгіленген қуаттарын арттыру қажетті-лігімен түсіндіріледі.



5.33 сурет.

Осылайша, екіге тең реттеу диапазонында, машиналық-шұралық электрлік каскадтың белгіленген қуаты – АҚ-тың номиналды қуатының 250%-ын құрайды, оның ішінде 100%-ы АҚ-тың өзіне тиесілі болса, ал түзеткіш, қосалқы машина және синхронды генераторға 50%-дан келеді.


Каскадтық сұлбалардағы АҚ-тың жылдамдығын реттеудің бірқалыптылығы жоғары және қосалқы машинаның немесе ЖТ-тің ЭЖК-інің өзгеруінің бірқалыптылығымен анықталады. Жылдамдықты реттеу табиғи сипаттамадан төмен қарай жүргізіледі, бірақ кейбір арнайы каскадтық сұлбалар екі аймақтық реттеуді де қамтамасыз етеді.

Жылдамдықты реттеудің бұл әдісін іске асыру кезінде орын алатын елеулі күрделі шығындарға қарамастан, пайдалы жұмыс үшін жылжу қуатын пайдалану есебінен каскадтық сұлбаларды қолдану шағын жылдамдықты реттеу ауқымы бар күшті асинхронды ЭЖ-тер үшін үнемді болуы мүмкін. Бұл – қуатты желдеткіштердің, ортадан тепкіш сорғылардың, компрессорлардың, желдеткіштердің, сынақ қондырғыларының электр жетектері.

АСИНХРОНДЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ЭЛЕКТРЖЕТЕК КООРДИНАТТАРЫН РЕТТЕУДІҢ ИМПУЛЬСТІК ТӘСІЛІ

Жартылайөткізгішті техниканың дамуы АҚ координаттарын импульстік реттеуді пайдалануды жандандырды. Оның мәні АҚ тізбектерінің немесе қоректендіруші желінің параметрлерін мерзімді (импульсті) өзгертіп тұруға негізделеді. Асинхронды ЭЖ-ке қатысты, әдетте, АҚ-қа берілетін кернеуді немесе ротор не статор тізбектеріндегі резисторлар кедергісін импульсті өзгерту орындалады. Бұл тәсілдер көбінесе жылдамдықты реттеу үшін қолданылады, бірақ қажет болған жағдайда олар АҚ моменті мен тогын реттеуге де мүмкіндік береді.

АҚ 1 роторының тізбегіндегі резисторлар 3 кедергісін $R_{2д}$ импульсті реттеу үшін (5.34, а сур.) оларға параллель



5.34 сурет.


өзгертілмелі толтырмамен $0 < \gamma < 1$ (сіңіргіштік) жұмыс істейтін басқарылатын кілттің (мәселен, электромагниттік немесе тиристорлық контактор) контактілері 2 қосылады. Түзеткіші 4 бар АҚ ротордың 1 түзеткішті ток тізбегіне қосылған кедергі резисторын 5 импульсті реттеу сұлбасы да аналогты жұмыс істейді. Резисторды 5 ұштастыру у толықтыруымен басқару арқылы жұмыс жасайтын тиристорлы кілттің 6 көмегімен жүзеге асады.

Қарастырылып отырған сұлбаларды қолдана отырып, у әртүрлі мәніндегі АҚ жасанды механикалық сипаттамаларының жиынтығын алуға болады (5.34, в сур). 7 және 10 сипаттамаларын талдайтын болсақ, $\gamma = 1$ және $\gamma = 0$ тең болғандағы басқарылатын кілттің жұмысының шекті режимі үшін құрылған. $\gamma = 1$ болса (кілт 2 тұрақты жабық немесе тиристор 6 тұрақты ашық) резистор қысқартылған және АҚ табиғи механикалық сипаттама 7 бойынша жұмыс жасайды. $\gamma = 0$ болса (кілт 2 тұрақты ашық немесе тиристор 6 тұрақты жабық) резистор толықтай ротор тізбегіне енгізілген және АҚ жасанды сипаттама 10 бойынша жұмыс жасайды. $0 < \gamma < 1$ болғандағы аралық мәнінде резистордың эквивалентті кедергісі ротор тізбегінде $R_{\text{экв}} = (1 - \gamma) R_{\text{рд}}$

Формуласына сәйкес өзгереді және жасанды сипаттамалар 8 және 9 шектердің арасында орналасады.

Осылайша АҚ сипаттамасын статор тізбегіндегі қосымша резистор кедергісін R импульсті реттеу бойынша алуға болады. 5.1, б суретінде көрсетілген сұлбада басқару кілттерін резисторлармен параллельно қосу және олардың айнылмалы толықтыру у арқылы жұмысы жасанды электромеханикалық және механикалық АҚ сипаттамаларын қисық түрде алуға мүмкіндік береді, 5.6 сур. көрсетілген.

АҚ статорындағы кернеуді импульсті реттеу тиристорлы реттеу кернеуінің көмегімен жүзеге асады. Бұл жағдайда жасанды механикалық сипаттамалар пайда болады, 5.9 сур. аналогты көрсетілген.



5.35 сурет.

АҚ координаттарын импульсті әдіспен реттеу көрсеткіштерін жақсарту үшін әр түрлі кері байланыстарды қолдана отырып ЭП тұйықтаушылары пайда болады. Автоматты реттеу γ нәтижесінде АҚ механикалық сипаттамалары (5.35 сур) қатты болады. Мұндай сипаттамаларды алуға мүмкіндік беретін сұлбалар 11 тарауда қарастырылған.

Импульсті әдістерді қолдану жағдайлар қатарында қарапайым басқару сұлбаларының көмегімен ЭП координаттарын реттеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.


5.9. АСИНХРОНДЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ТЕЖЕУ

АҚ тежеу статор тізбегін тұрақты ток көзіне қосу жолымен айналымы ток желісінен қоректенуі арқылы (динамикалық тежеу) жүзеге асыруға болады, сонымен қатар өзін өзі қоздыруы арқылы да болады.

АҚ негізгі сұлба бойынша (5.1, а сур) қосқан кезде қосылуға қарсы тежеу және қалпына келтірулі тежеуге мүмкін болады.

Қосылуға қарсы тежеу екі жолмен жүзеге асады. Оның біреуі АҚ қоректендіретін кернеудің екі фазасының статорында тізбектелудің өзгеруімен байланысты. Мысалы, АҚ а нүктесінде механикалық сипаттама 1 бойынша АВС желісінде кернеу фазасы статорында тізбектелуі арқылы жұмыс жасайды деп қарастыралық. Сонда екі фазалардың қайта қосылуында (мысалы, В және С) АҚ d нүктесіндегі сипаттама 3 бойынша жұмысына өтеді, қосылуға қарсы тежеуге сәйкес келетін d-b аймағы. Айта кететін жағдай, АҚ моменті мен тоқты шектеу үшін тежеуді жүзеге асыру үшін ротор немесе статор тізбегіне қосымша резисторлардың қосылады.

АҚ қосылуға қарсы тежеу режиміне өтуінің басқа жолы M_c жүктемесінің моментінің белсенді сипаты бойынша қолданылуы мүмкін болады. Жүкті АҚ көмегімен тежеуді қамтамасыз ете отырып түсіру қажет болсын делік (жүкті тежеп түсіру деп аталатын). Ол үшін АҚ ротор тізбегіне (қисық 2) үлкен қосымша кедергімен $R_{2д}$ көтерілуге қосылады. M_n қозғалтқышының түсу моментін M_c жүктеме моментімен басып кетуінің



5.36 сурет.

жалғасы және оның жүгінің белсенді сипаты $\omega_{\text{уст}1}$ қалыптасқан жылдамдықпен түседі. АҚ сонымен қатар қосылуға қарсы тежеу режимінде жұмыс жасайтын болады.

Қалпына келтіруші тежеу АҚ жылдамдығы синхрондыны ω_0 басып кеткен жағдайда жүзеге асады және ол желімен параллельно генераторлы режимде жұмыс жасайды. Мұндай режим, мысалы, екі жылдамдықты АҚ жоғары жылдамдықтан төменгі жылдамдыққа өткен кезінде пайда болуы мүмкін, 5.36. б сур көрсетілген. АҚ бастапқы күйде а нүктесіндегі сипаттама 1 бойынша ω_0 жылдамдығымен айналып жұмыс жасады деп қарастыралық. Полюс жұптарының саны өскен жағдайда АҚ *bc* аймағы *b* нүктесіндегі сипаттама 2 бойынша жұмысына өтеді, ол күшін желіге беретін тежеуге сәйкес келеді.


Тежеудің бұл түрі АҚ тоқтап тұрған кездегі және сипаттамадан сипаттамаға өткен кездегі «қозғалтқыш – жиілікті түрлендіргіш» жүйесіне жүзеге асырылуы мүмкін. Ол үшін шығыс кернеу ПЧ жиілігінің кішірейту орындалады, яғни, ω_0 синхронды жылдамдығы. Механикалық инерция күшімен АҚ ағымдағы жылдамдығы ω , ω_0 магнит өрісінің айналуына қарағанда жайырақ өзгереді, яғни оны тұрақты айналдырады. Осыған байланысты желіге күш беру тежеу режимі пайда болады. Айта кетейік, ПЧ сонымен қатар қозғалтқыштан желіге күш беруге қабілетті.

Қалпына келтіруші тежеу жүкті түсірген кездегі жүк көтеру механизмдерінің ЭП жүзеге асуы мүмкін. Ол үшін АҚ жүкті түсіру бағытында қосылады (5.36, а сур. 3 сипаттама). Жүгіру біткен соң ол с нүктесінде $\omega_{\text{уст}2}$ жылдамдығымен жұмыс істейтін болады. Сонымен бірге желіге күш берумен жүкті түсіру үрдісі жүзеге асады.

Қалпына келтіруші тежеу АҚ тежеудің ең үнемді түрі болып табылады.

АҚ статор орамдарын **динамикалық тежеу** үшін АҚ айнымалы ток желісінен ажыратады және тұрақты ток көзіне қосады, бұл 5.37 суретінде көрсетілген. АҚ 1 роторының орамдары сонымен қатар қысқартылған болуы мүмкін немесе оның тізбегіне қосымша резисторлар 3 *R* кедергісімен бірге қосылады.

Тұрақты ток 1 резистор 2 арқылы реттелетін мән болып табылады, статор орамдары бойымен ағады және кеңістікте қозғалмайтын магниттік өріс (АҚ қоздырады) тудырады. Ротордың айналуы кезінде оның ішінде ЭҚК туады, оның әсерінен орамдарда кеңістікте қозғалмайтын магнитті ағым тудыратын ток ағады. Ротор тоғының АҚ нәтижелік магнит өрісіне әсері тежеу моментін тудырады, осыған байланысты тежеу әсеріне қол жеткізіледі. Бұл жағдайда қозғалтқыш айнымалы ток желісінен тәуелсіз генератор режимінде жұмыс істейді, ЭП қозғалмалы бөліктерінде және ротор тізбегінде жылу түрінде тарайтын электрлік жұмыс машиналарында кинетикалық энергияны түрлендіреді.



5.37 сурет.

Динамикалық тежеу режиміндегі АҚ сипаттамаларының формуласы сұлбаларын ауыстыруды талдау негізінде шығарылады. Формулалар қорытындысын жібере отырып, АҚ электромеханикалық $I_2'(s)$ (қисық 7) және механикалық $M(s)$ қисық 4 ... 6 сипаттамаларын графикалық ұсыналық.

$IR(s)$ сипаттамасы суретте бірінші квадрантта орналасқан, мұндағы $s = \omega / \omega_0$ — динамикалық тежеу режиміндегі АҚ сырғуы. АҚ механикалық сипаттамалары екінші квадрантта орналасқан.


Динамикалық тежеу режиміндегі АҚ әртүрлі жасанды механикалық сипаттамаларын ротор тізбегінде қосымша резисторлардың 3 кедергісін R өзгерте отырып немесе статор орамдарында берілетін I_n тұрақты токты өзгерте отырып алуға болады. Суретте АҚ механикалық сипаттамалары I_n және R әртүрлі үйлесімдері үшін көрсетілген. Сипаттама 6 I_{n1} тогына және R резистор кедергісіне сәйкес келеді, мұндағы максималды сәт(момент) M_{m1} болып табылады, ал сырғуы, оған сәйкесінше — s_{m1} . $3 R_{2\Delta 2} > R_{2\Delta 1}$ резистор кедергілерінің ұлғаюы $I_n = \text{const}$ болғанда, максималды моменттік өзгеруіне әкелмейді, максималды сырғу s_m сияқты, сонымен қатар тепе-теңдікте өседі, 4 сипаттамада көрсетілген.

$R = \text{const}$ болғанда I_n ($I_{n2} > I_{n1}$) токтың өсуі максималды моменттің ток квадратына пропорционалды өсуін тудырады. Бұл жағдайда қозғалтқыштың сипаттамасы қисық түрге 5 ие болады. I_n және R мәндерін әртүрлілеп динамикалық режимдегі АҚ механикалық сипаттамаларының қалаған түрін алуға болады, асинхронды ЭП тежеудің сәйкес жиілігін де.

Өзін өзі қоздыру кезіндегі тежеу АҚ желіден ажыратып тастағаннан кейін оның электромагнитті өрісі аз ғана болса да уақыт аралығында өшеді (бірден жоғалады). Осы өшкен өріс энергиясына байланысты және АҚ қосудың арнайы сұлбаларын қолдануға байланысты оның өзін өзі қоздыруын қамтамасыз етуге болады және тежеу режимін жүзеге асыруға болады.

Тәжірибеде АҚ конденсаторлы және магнитті тежеу деп аталатын қолданыс тапты.


Конденсаторлы тежеу кезінде, 5.38, а суретінде көрсетілген сұлбада АҚ 1 статорға қосылған конденсаторлар 2 көмегімен жүзеге асады. Айта кететін жағдай, конденсаторлар статорға тұрақты қосылуы мүмкін (саңырау қосылу) немесе үшбұрыш немесе жұлдыз тәріздес сұлбаға қосылатын қосымша жалғағыштың көмегімен қосылуы мүмкін.



5.38 сурет.

АҚ 1...3 сипаттамаларының орналасуы дәне түріне байланысты анықталатын фактор (5.38, б сур), яғни тежеу қарқындылығы, конденсаторлардың сыйымдылығы C (қисық 1...3 $C_1 < C_2 < C_3$ мәндеріне сәйкес) деп аталады. Ол қаншалықты көп болса соншалықты тежеу моментінен максималды түрде көп болады, ал сипаттамалар АҚ төменгі жылдамдығының аумағында араласатын болады.

Магнитті тежеу, 5.39, а суретінде көрсетілген жалпы сұлба, қозғалтқыш 2 статорын ажыратқаннан кейін жүзеге асады және шығыстарын қысқаша байланыстар 1 көмегімен тұйықталу арқылы да. Электрмагниттік энергия қозғалтқыштың сақталуына байланысты қозғалтқыштың өзін өзі қоздыруы өтеді және оның білігінде тежеу моменті туады.



5.39 сурет.

Мұндай тежеудің ерекшелігі қозғалтқыштың магниттік өрісін өшіретін аз ғана уақытпен анықталатын тез ағымдылығы болып табылады, бірақ пайда болған тежеу моменттері жеткілікті түрде үлкен және ЭЖ қарқынды тежеуді қамтамасыз етеді.

АҚ тәжірибелік мүмкіндіктері кернеудің тиристорлы реттегіштерін кеңінен қолдауға мүмкіндік берді, ол қозғалтқышты қосу мен оны тежеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қозғалтқышты қарқынды тежеуді қамтамасыз ету үшін біріктірілген әдіс жиі қолданылады, мысалы, қысқа тұйықтау тежеуімен бірге сәйкестелінген динамикалық тежеу сияқты. Бұл әдіс қарсы-параллельді қосылған тиристорлардың $VS1...VS4$, екі жұбынан тұратын тиристорлы құрылғыда болуы мүмкін (5.39, б сур), қозғалтқышты I қорек көзіне қосып және ажыратуға және статор орамдарын қысқа тұйықталумен тежеуді жүзеге асыратын қосымша тиристорға $VS5$ қызмет етеді. Тежеу келесі тәсілмен орындалады. $VS1...VS4$ тиристорларын жапқаннан кейін және қозғалтқышты желіден ажыратқаннан кейін $VS5$ тиристорына басқару сигналы беріледі, және ол статордың екі фазасын қысқа тұйықтайды. Тежеу қарқындылығы статор орамдарының қысқа тұйықталуымен азайса, басқару сигналы $VS1$ тиристорына беріледі, ол статор тізбегіне түзеткіш токты өткізеді және динамикалық тежеу режимін қамтамасыз етеді.


Тиристорлы іске қосу реттегіштерінің сериялы шығарылымдары АҚ тежеудің басқа да нұсқаларын қамтамасыз етеді, сонымен қатар электромагнитті моменттік лақтырулардың төмендеуі оның кернесіз іске қосылуы деп аталады (5.11 тарауында).

5.11. АСИНХРОНДЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШТАҒЫ ӨТПЕЛІ ПРОЦЕСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ОЛАРДЫҢ ЖАСАЛУЫ

Жалпы асинхронды ЭЖ-те АҚ-тың электромагнитті инерциялылық орамын анықтайтын электромагнитті және инерциямен ЭЖ механикалық бөліктерінің элементтерін анықтайтын механикалық өтпелі процестер пайда болады.

Электромагнитті өтпелі процестер. АҚ-тың статор мен ротордың орамдарымен өзара магнитті байланысқа түскен, роторды айналдырғанда орындары үзіліссіз өзгеріп отыратын бірнеше электрмеханикалық қуат жаңартқышы бар. Осыдан соң барып АҚ-ты қосқан сәтте, реверсте және тоқтатқанда пайда болатын статор мен ротор орамындағы өтпелі тоқтар өте күрделі теңселгіштікке тәуелді болып өзгереді,

ал олармен анықталатын электрмагнитті моменттер теңселгіш қасиетке ие және уақыттың күрделі функциясы болып табылады. Үлгі ретінде 5.40 суретте АҚты қосқанда 1 және 2 момент жылдамдығы кезіндегі өзгерістердің эксперименталды графигі көрсетілген, ал 5.40 суретте салыстыру үшін механикалық сипаттама статистикасы бойынша қаланған есептелген график көрсетілген.



5.40 сурет.

Олардың айырмашылықтарын көрсету қиын емес.

Құрылымы үшін моменттің мағынасы мен өтпелі процес уақытындағы сол моменттің жылдамдығы алынатын АҚтың динамикалық механикалық 1 $\omega(M)$ сипаттамасы өте күрделі болып келеді. (5.40 сур.кар.). Ол формула (5.11) бойынша есептелген АҚ-тың 2 статикалық механикалық сипаттамасынан бірден ерекшеленеді. Осы екі сипаттаманың айырмашылығы өтпелі электрмагнитті процесстердің АҚ-қа ағып өтуімен сипатталады. Қозғалтқыш моменті статор мен ротордың өтпелі тоғы статикалық режимде арнайы формуламен есептелген шамадан тыс болса өтпелі режимде бірнеше рет артылып қалуы мүмкін. Өтпелі құрылымдық тоқтармен негізделген магнитті жазықтық өтпелі электромагнитті моменттердің күшеюі мен әлсіреуін анықтайтын еріксіз (орнатылған) құрылымды токпен жасалған негізгі жазықтықты не күшейтеді, немесе әлсіретеді. Кейбір сәтте момент 1 алғашқы телімдегідей теріс (тежеуіштік) болуы мүмкін.

1 мен 2 сипаттамның аталған айырмашылықтары АҚ-тың динамикалық сипаттамасы оның орамдық параметрлеріне ғана байланысты емес, жүктеме моменті мен ЭЖ инерциясы моментіне де байланысты екендігімен анықталады. Бұдан басқа АҚтың өтпелі электрмагнитті моментінің сипаттамасы өтпелі процеске де (қосу, реверс, тоқтату) және қозғалтқыштың магнитті жазықтықтағы бастапқы деңгейіне де байланысты.

Бұл тәуелділіктердің талдауы инерцияның үлкен жиынтық моменттерінде және жүктеме моментінде АҚ-тың қисық моменті өтпелі процестің басында көптеген кемшіліктер мен баяу іске асатын өшулер болатынын анықтауға болады. Кішігірім моменттер кезінде инерциялар мен жүктемелер керісінше жүзеге асады.


АҚ реверсте болғанда және тоқтағанда оның өтпелі процесінің сипатына сонда қалған магниттік жазықтық үлкен әсер етеді. Себебі қозғалтқышты сөндіргенде оның магнитті ағыны желіде бірден нөлге дейін төмендей алмайды. Есептеулер мен эксперименттердің көрсетуі бойынша бұл ағынның болуы өтпелі процеске кері әсерін тигізіп, АҚ-тың реверс пен тоқтаған сәтіндегі өтпелі моменттердің ұлғаюына әкеліп соғады.

Қозғалтқыштың өтпелі электромагнитті моменттерін қосқан сәтте оның шартты моменттері 3-5 есеге, реверсте тұрған сәтте 12-18 есеге дейін көтеріледі.

АҚ-тағы өтпелі процестер табиғатынан бейсызықты болып келетін және мерзімді коэффициенттерден тұратын дифференциалды теңгерім жүйесімен [21] сипатталады. Олардың шешімі $\omega(t)$ және $M(t)$ тәуелділіктерін табу үшін ЭЕМ көмегімен мақсатты түрде өндіру олып табылады.

Механикалық өтпелі процестер асинхронды ЭЖ-те АҚ моменттері $M(\omega)$ және атқарушы органның $M_c(\omega)$ жалпы жағдайда жылдамдықтың (сырғанау) бейсызықты функциясы болып табылатын механикалық қозғалтқыштардың (2.16) теңгерімімен сипатталады. Ізделіп алынған тәуелділіктер $s(t)$, $\omega(t)$ және $M(t)$ 2.7. бөлімінде қарастырылған.

5.41 суретте сұлбасы көрсетілген «**Жиілікті жаңартушы – асинхронды қозғалтқыш**» (ЖЖ-АҚ) жүйесіндегі өтпелі процестер БТ – ТҚТТҚ жүйесінде өтпелі процеске өзіндік мінезімен құрылуы мүмкін (4.8 бөл.қар.).



5.41 сурет.


Ол үшін $U3$ тапсырмасының сигналы түскенде ЖЖ 2 кіргендегі $U_y(t)$ бағыты сигналының өзгеруіне қажетті заңды құрып 1 қарқындықты қадағалаушы қолданылады және осы есеппен АҚ 3 өтпелі үдерісіндегі жылдамдық пен моменттің өзгеріс графигін алуға мүмкіндік болады.

Жиіліктің баяу өзгерісі және АҚ-қа салынған күш электрмагнитті өтпелі үдерістің бірен-саран және толықтай жойылуына әсер етеді және сонымен сипатталады.

Үлгі ретінде 5.41 суретте қосу, реверс және тоқтату траекториясының механикалық сипаттамасы жиіліктің бейсызықты заңдылықта өзгергені жазықтықта көрсетілген, соныра $\omega_0(t)$ қозғалтқышының магнитті жазықтықтағы жылдамдығы көрсетілген. АҚ қосуына $0ab$ аумағы келеді, реверске – bcd аумағы, ал тоқтатуға – $de0$ осы траекториясының аумағы сәйкес келеді. АҚ-ты тоқтатқан сәтте ($0e$ аумағын қоспағанда) экономикалық тұрғыда ойға қонымды болып келетін желідегі қуаттың рекуперациясы жүзеге асатынын байқауға болады.

Қысық өтпелі $\omega(t)$ және $M(t)$ үдерістерін іске қосу үшін 4.8 бөліміндегі «жаңартқыш – қозғалтқыш» жүйесіне арналған формуланы қолдануға болады және осы тұста АҚ жұмысы оның механикалық мінездемелерінің бейсызықты аумақтарында жүзеге асатынын есепке алу керек.

«АҚ-тың күшін қадағалайтын» жүйедегі өтпелі үдерістің құрылымы. Жоғарыда аталып өткендей асинхронды ЭЖ-тегі өтпелі үдерістер үшін жалпы жағдайда электрмагнитті моменттердің амплитуда бойынша қалт кетуі негізделген және олар оның механикалық бөліктеріндегі қосымша динамикалық күшейтулерді шарттап, оның элементтерінің қирауына әкеп соғуы мүмкін. Осындай жағдайларда яғни ЭЖ-тің кинематикалық сұлбасына электрмагнитті моменттің өтпелі әсері міндетті емес тіпті керегі де жоқ, көбіне жағдайда АҚ моментінің құрылымына салынған күшті реттеуде (ТРН) тиристорлық реттегіш көмегімен жүгінуге тура келеді. АҚ-қа негізделген күштің баяу түрде ұлғаюына оның фаздық орамының жүйеге қосылу реттілігімен АҚ электрмагнитті моментінің ақаулары азаю эффектсіне ұшырайды. 5.42 суретінде 1 моментінің өзгерісі мен 2 АҚ қосылу үдерісіндегі қарғымалы түрде жылдамдығы көрсетілген, ал 5.42 суретте АҚ-қа түскен негізгі күштің экспоненциалды сипаты негізінде өзгерісі көрсетілген.



5.42 сурет.

Егер бірінші жағдайда максималды түрде екі есе АҚ апатты жағдай орын алса, екінші жағдайда күштемелердің өсуі барысында уақыт жиілігі 0,025 с құрайтын экспоненттер бойынша электрмагнитті моменттің теңселгіш моменті мүлдем пайда болмайды. АҚ-қа түскен негізгі күштің өзгеру жылдамдығы осы және де басқа да кез-келген заңдылықтар бойынша өзгеруі мүмкін. Мысалға сызықты заңдылықпен өзгеруі мүмкін.

ТКР-ті қолдану тағы да бір маңызды практикалық тапсырманы шешуге мүмкіндік береді. Ол – АҚ-тың қосылған тоқтарын реттеуді (шектеу) қолға алу. Оның маңыздылығы үлкен (бірнеше мың немесе мыңдаған кВт) қуатты қозғалтқыштарды іске қосқан кезде байқалады. Үлкен қуатты қозғалтқыштарды тікелей (тоқтың шектеуінсіз) іске қосқан сәтте пайда болған тоқтар желідегі күштің төмендеуіне әкеп соғады. Ол соңыра басқа электрқабылдағыштардың жұмысына әсер етіп, электрмагнитті механиканың және ЭЖ-тің шамадан тыс жылу жүктерінің артылуына әкеледі. АҚ-қа салынған күштің баяу өзгерісі оның қойылуы кезінде осы қайшы құбылыстарды төмендетуге мүмкіндік береді. Моменттің қалаған кестесіне қол жеткізу үшін және АҚ-тың өтпелі үдерісіндегі тоқтың құрылымы үшін негізделген ТКР іске қосқыш немесе «жұмсақ» стартерлер деген атауға ие болған

5.12. БІР ФАЗАЛЫ АСИНХРОНДЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ БАР ЭЛЕКТРЖЕТЕК

Электр жүйесінің негізгі көзі болып тұрғылықты және әкімшілік қалалар мен ауылды жерлердегі ғимараттағы айнымалы тоқтың бір фазалы желісі болса бір фазалы АҚ-пен ЭЖ қабылданады. Бұл қозғалтқыштар ереже бойынша кішігірім қуат күшімен (10 кВт-қа дейін) шығарылады және кір жуғыш машиналар, тоңазытқыш, медициналық аппараттардың, шаңсорғыш, сауатын аппараттардың, центрифуга, кішігірім өңдейтін станоктардың жетектерінде қолданылады.

Бір фазалы АҚ-тың әртүрлілігі болып орындаушы қозғалтқыштар табылады, олар әртүрлі автоматты бағыттағы қондырғыларда қолданылады және жылдамдықтың кең тұрғыда реттелу мүмкіндіктерімен сипатталады.


Өнеркәсіп қазіргі таңда бір фазалы АҚ АОЛБ сериясымен шығарады, олардың қуаттылығы 127, 220 және 380 В күш түскенде әрі 1370 – 2900 айн/мин номиналды жылдамдықпен 18-ден 400 Вт-қа дейін барады.; АВЕ қуаттылықпен 10 – 400 Вт-қа дейін; УАД қуаттылықпен 1 – 70 Вт-қа дейін бір фазалы режимде және тағы басқалары.

Бір фазалы АҚ үшфаздымен салыстырғанда көптеген нашар техникалық сипаттамалар мен көрсеткіштерге ие екенін ескере кетейік.

Сонымен бір фазалы АҚ-тың қуаттылығы үшфазды АҚ-тың қуаттылығының 70% жуық пайызын және аумақты көлемін құрайды

Бір фазалы АҚ шамадан тыс қуаттылығы төмен болып келеді.


Бір фазалы АҚ-тың қосылу сұлбасы мен сипаттамасы. Бір фазалы АҚ статорда екі орамды болып келеді: негізгі (жұмыс істейтін) және іске қосатын. Бір фазалы АҚ-тың роторы ақшыл торда қысқа әрі жабық күйде іске асады. Алдымен 5.43 суретте көрсетілген бір фазалы АҚ-тың жұмысын яғни қосу сұлбасын қарастырайық. Бұнда іске қосу орамы өшіп тұр.



5.43 сурет.

Жұмыс істеп тұрған I қозғалтқыштың орамы айнымалы тоқтың бір фазалы желісіне U_1 күшімен және f жиілігімен қосылады. Бұл орамның бір фазалық тоғы Φ_A және Φ_B екі аумағына орналастыруға болатын, біркелкі амплитуда мен қарсы жаққа біркелкі жылдамдықпен $\omega_0 = 2\pi f/p$ айналдыратын пульстық магниттік аумақ қалыптастырады. Бұл магнитті аумақтарға 5.43 суретінде көрсетілген $\omega(M_A) - 3$ и $\omega(M_B) - 1$ механикалық сипаттамалар сай келеді. $\omega(M) - 2$ қозғалтқышының салдарлы сипаттамасы M_A және M_B моменттерінің бір және сол жылдамдықтағы алгебралық қосындысы болып табылады. Бұл сипаттама қысқа тұйықталуларды есептемегенде үшфазды АҚ-тың механикалық сипаттамасын еске түсіреді. Ротор қозғалмауы кезінде мағыналары жағынан бірдей бірақ M_1 және M_2 белгілері бойынша қарама-қайшы ($\gamma = 0, s = 1$) Φ_A және Φ_B магнитті жазықтықтар қалыптастырады, сондықтан салдарлы моментті ($M_n = M_1 - M_2$) іске қосқан сәтте теңгерімі нөлге тең болады және қозғалтқыш оның толқынына жүктелген момент болмаса да айналымға келмейді. Бір фазалы АҚ-ты іске қосу кезінде айналмалы магнитті аумақты түрде алуға мүмкіндік беретін қосалқы іске қосу орамдары болады, соңыра нақты бір іске қосу моменті пайда болады.

Бір фазалы АҚ түрлері. Электрлік машиналардың теориясынан білетініміздей, айналмалы магниттік өрісті алу үшін қозғалтқыш статорында кем дегенде екі орама орналастырылуы керек, және олар кеңістік ішінде белгілі бір бұрышқа жылжытылып, олар арқылы уақыт ішінде ығысқан максимумдары бар айнымалы токтар ағып өтуі керек. Осыған сәйкес, іске қосу орамасы қозғалтқыш статорына оның осін жұмыс орамасының осіне қарай 90° -қа жылжытып орналастырылуы керек, ал токтардың ығысуы оның тізбегіне қосымша фаза ығыстырушы элементтің (кедергі) қосылуымен қамтамасыз етіледі. 5.44 суретінде бір фазалы АҚ-тарды қосудың үш сұлбасы көрсетілген.



5.44 сурет.

5.44, а суретінде жұмыс 1 және іске қосу 5 орамалары U_V кернеулі бір фазалы айнымалы ток желісіне қосылады. Пп тогының фазасын 11 тогына қарай ығыстыру үшін іске қосу орамасының тізбегіне кедергісі zn фаза ығыстырушы элемент 4 қосылады, фаза ығыстырушы элемент ретінде белсенді резистор, индуктивтілік катушкасы немесе конденсатор қолданылуы мүмкін. Осындай ығыстырудың нәтижесінде, АҚ-ты іске қосқанда айналмалы магниттік өріс пайда болады да, ол белгілі бір іске қосу моментін дамытады.

АҚ-ты іске қосудың келесі ретпен жүреді. Алдымен екі ораманы желіге жалғайтын орамалары 2 және 3 тұйықталады да, АҚ жылдамдығын үдете бастайды. Белгілі бір жылдамдықта кілттің 3 көмегімен, іске орамасы желіден ажыратылады да, қозғалтқыш тек жұмыс орамасымен жұмыс істеуін жалғастыра береді. Кілт уақыт релесі, ток релесі немесе ортадан тепкіш реттегіштің көмегімен автоматты түрде басқарыла алады.


Фаза ығыстырушы элемент ретінде конденсатор қолданылғанда, бір фазалы АҚ ең қолайлы сипаттамаларға ие болады. Егер де конденсатордың сыйымдылығының көлемі ротор қимылсыз тұрғанда іске қосу орамасы жұмыс орамасының тогына қарай 90° -қа жылжитындай етіп тандалса, онда АҚ-ты орнынан қозғағанда шеңберлі айналмалы магниттік өріс пайда болады да, айтарлықтай іске қосу моментін дамыту мүмкіндігі туады

Конденсаторлы іске қосу орамасы АҚ іске қосылғаннан кейін және ол негізгі режимде жұмыс істеп тұрғанда өшірілмеуі де мүмкін. Бұл жағдайда ол енді қосымша орама емес, екінші жұмыс орамасына айналады. Мұндай қозғалтқыш конденсаторлы деп аталады (5.44, 6 сур. қараңыз) және де оның техникалық көрсеткіштері іске қосу орамасы бар АҚ-қа қарағанда әлдеқайда жоғары. Іс жүзінде конденсаторлы АҚ – 1 және 3 орамалары бар екі фазалы АҚ болып табылады, ол конденсатордың 2 көмегімен бір фазалы желіге қосылады.

Қажет болған жағдайда, бір фазалы АҚ есебінде қысқа тұйықталған роторлары бар үш фазалы қарапайым АҚ-тарды да қолдануға болады. Үш фазалы АҚ-ты қосудың мүмкін сұлбаларының бірі 5.44 суретінде көрсетілген, онда статордың a және b фазаларының орамалары ретпен байланыстырылып, тікелей қоректендіруші желіге қосылған, ал фаза орамасы дәл сол желіге конденсатор 2 арқылы жалғанады. Үш фазалы АҚ орамаларын бір фазалы желіге қосудың өзге сұлбалары бар, алайда олардың бәрінде ол бір фазалы АҚ сипаттамалары мен ерекшеліктерін иеленеді.

Бір фазалы АҚ-тың бір түрі – полюстері экрандалған қозғалтқыш болып табылады. Мұндай АҚ-тың статорында бір фазалы жұмыс орамасының айқын бейнеленген полюстері болады. Әр полюсті ұштықтың бөлігі қысқа тұйықталған ораммен қамтылған (экрандалған). Қозғалтқыштың осындай тәсілмен орындалуы оның жұмыс орамасы арқылы ток жүріп өткенде, айналмалы магниттік өріске жақын өрістің пайда болуын қамтамасыз етеді, соның әсерінен белгілі бір іске қосу моменті жасалады.

Бір фазалы АҚ-тардың бөлек бір тобын атқарушы қозғалтқыштар құрайды, олардың статорында екі орама (5.45, a сур.) – қоздыру 1 және басқару 3 орамалары болады. Қоздыру орамалары үнемі желіге қосылып тұрады, және олар атқарушы АҚ-ты қоздыруды қамтамасыз етеді. Екінші орама арнайы басқару блогынан 2 қоректенеді, оның көмегімен оған берілетін



5.45 сурет.

U_o кернеуінің амплитудасын, немесе U_i қоздыру кернеуіне қатысты оның фазасын немесе екеуін де *реттеуге* болады. Бірінші жағдайда атқарушы АҚ-ты амплитудалық басқару туралы айтылса, екіншісінде – фазалық және үшіншісінде – аралас басқару туралы айтылады. $U_{o,y}$ кернеудің амплитудасын немесе фазасын өзгерту сыртқы басқару U_y сигналы бойынша жүргізіледі. Атқарушы АҚ-тың салыстырмалы бірліктерде құралған механикалық сипаттамалары 1-4 (жылдамдық пен моменттің номиналды мәндері базалық ретінде қабылданған) 5.45, 6 суретінде көрсетілген ($U_y / U_{ном} = 1; 0,75$; кезінде сәйкесінше 0,5 және 0,25).

Атқарушы АҚ-тардың тағы бір түріне шағын инерциялы қозғалтқыштар жатады, олардың роторының массасы аз болады, және сәйкесінше инерция моменті де төмен болады. Магниттелмеген бос және ферромагниттелген бос роторлы АҚ-тар да қолданыста бар.

Магниттелмеген бос роторы бар АҚ-тың қарапайым электртехникалық болаттан жасалған екі – сыртқы және ішкі статоры болады. Олардың арасына ротор орналастырылады, ол алюминий қорытпасынан жасалған жұқа бүйірлі (1 мм-ге дейін) цилиндрден тұрады. Екі фазалы орама, әдетте, сыртқы статорға орнатылады.

Шағын инерциялы АҚ-тың ферромагниттік роторы бос цилиндр түрінде жасалады. Ротордың мұндай құрылымы АҚ жұмысы барысында магниттік ағын тек ротордың беткі бөлігінің аз ғана қабаты арқылы өтетіндігімен түсіндіріледі, яғни оның ішіндегі металл қолданылмайды және ол еш зақымсыз алынып тасталады.

Бір фазалы атқарушы АҚ-ты бақыланатын ЭЖ-те қолдану мысалы 9 тарауда қарастырылған.


5.9. ЖАЗЫҚ АСИНХРОНДЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ЭЛЕКТРЖЕТЕК

Асинхронды ЭЖ-тердің көпшілігінде айналмалы қозғалысты қозғалтқыштар қолданылады, мұндай қозғалтқыштарды қолданғанда, атқарушы органдары ілгерілемелі қозғалатын жұмыс машиналары мен механизмдерінің жетектеріне (металл өңдейтін станоктар мен көпірлі крандарды қозғалтатын ілгерілету механизмдері, ұсталық-баспақтау машиналары, транспортерлер, ысырмалар және т.б.) қозғалтқыш білігінің айналмалы қозғалысын ілгерілемелі қозғалысқа айналдыратын механикалық берілістер қажет. Мұндай механикалық берілістерге қосиінді-бұлғақты механизм, тегершік – төрткілдеш, бұрандама – гайка және тағы да басқа бірқатар берілістер жатады.

Мұндай ЭЖ-терде ілгерілемелі қозғалатын қозғалтқыштарды пайдалануға деген ұмтылысты түсінуге болады, себебі соның арқасында механикалық берілістерді қолданудан бас тартып, жетек пен технологиялық жабдық жұмысының техникалық және экономикалық

көрсеткіштерін арттыруға болады. Дәл сол себепті тұрақты және айнымалы ток жазық қозғалтқыштары, әсіресе асинхронды ЖАҚ-тар жасалып шығарылды.

Мұндай қозғалтқыштың құрылымы жайлы түсінікті қалыптастыру үшін, ойша айналмалы қозғалысты АҚ роторы мен статорын жасаушы бойымен кесіп, 5.46, а суретінде көрсетілгендей оларды жазықтыққа жаю керек. ЖАҚ-тың әрекет ету принципі айналмалы АҚ-тың әрекет ету принципімен бірдей. Статор 3 орамасын 4 айнымалы ток желісіне қосқанда, ол магниттік өрісті қалыптастырады, ол $v = 2tf_1$ сызықтық жылдамдықпен ілгері қозғалады, мұндағы f_1 – корректендіруші кернеудің жиілігі, t – статордың полюстік бөлінісінің ұзындығы. Сызықты қозғалатын магниттік өріс ротор 2 орамасында ІЭҚК-ті жасайды, соның әсерінен онда ток ағып өте бастайды. Дәл осы ток пен магниттік өрістің өзара әрекеттестігі роторда (оны екінші реттік элемент деп атайды) тартым күшін жасайды да, ол оны қозғалысқа әкеледі.



5.46 сурет.

Екінші реттік элемент ЖАҚ статордан (бірінші реттік элемент) ұзын немесе қысқа, орамасыз немесе орамамен, жазық не цилиндр формасында болуы мүмкін. Мысал ретінде түтік тәрізді ЖАҚ-тың құрылымын қарастырайық (5.46, б сур. қараңыз), оның статоры цилиндр түрінде 1 жасалған, оның ішінде ораманы жасайтын шарғылар 2 мен магнит өткізгіштің бөлігі болып табылатын металл шайбалар 3 орналасқан. Статордың ішіне ферромагниттік материалдан жасалған, түтік тәріздес қозғалғыш екінші реттік элемент 4 орналастырылады.

Орамасыз жазық екінші реттік элемент табақ, жолақ немесе рельс түрінде жасалады, олар екі статор арасында (екіжақты статоры бар ЖАҚ) немесе статор мен ферромагниттік білік арасында орналастырыла алады. Екінші реттік элементі жолақ түріндегі ЖАҚ-тың әрекет ету принципі көлемді ферромагниттік роторы бар қарапайым АҚ-тың әрекет ету принципімен бірдей.

ЖАҚ керіқайтымды режимде де жұмыс істей береді, онда екінші реттік элемент қозғалыссыз тұрады да, статор ғана қозғалады. Мұндай ЖАҚ-тар әдетте транспортта қолданылады, онда екінші реттік

элемент есебінде рельс (немесе арнайы жолақ) қолданылады, ал қозғалмалы элемент транспорт құралының өзіне орналастырылады.

ЖАҚ координаттарын реттеу, қарапайым айналмалы қозғалтқыштыкімен бірдей, резисторлардың көмегімен, жиілікті және берілетін кернеуді өзгерту арқылы жүзеге асырылады, ал тежеу динамикалық немесе қарама-қарсы болуы мүмкін.

Барабандарға 3 бекітілген металл таспасының 2 көмегімен бұйымдарды 1 тасымалдауға арналған конвейердің (5.46, с сур. қараңыз) жетегіне ЖАҚ-ты қолдану мысалын қарастырайық. Таспа 2 ЖАҚ-тың екі статорының 4 арасынан өтіп, оның екінші реттік элементі болады. Бұл жағдайда ЖАҚ-ты қолдану таспа қозғалысының жылдамдығын арттыруға, оның сырғанап кетуін болдырмауға, механикалық берілістен бас тартуға мүмкіндік береді. Бірнеше ЖАҚ-тарды орнату ұзын конвейерлерді құруға мүмкіндік туғызады, қозғалмалы АҚ бар дәстүрлі ЭЖ-ті қолданғанда бұған қол жеткізу қиынырақ.

ЖАҚ-ты ұсталық-баспақтау машиналарының, штоктары ілгерілемелі қозғалатын ысырмалар мен клапандардың, тоқыма станоктарының, лифт есіктері механизмдерінің жетектері үшін пайдаланған абзал. Жазық қозғалтқыштар қолданылатын тағы бір үлкен сала – электр көліктері саласы болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. АҚ-тардың қандай серияларын электртехникалық өнеркәсіптер шығарады?

2. АҚ алмастыру сұлбасы дегеніміз не?

3. АҚ қандай энергетикалық режимдерде жұмыс істей алады?

4. АҚ-тың жасанды механикалық сипаттамаларын қандай тәсілдермен алуға болады?

5. АҚ координаттарын резисторлардың көмегімен реттеу тәсілінің қандай артықшылықтары мен кемшіліктері бар?

6. АҚ статорындағы кернеуді реттеу оны басқаруға қатысты қандай мүмкіндіктерді ұсына алады?

7. АҚ үнемділігін реттеу принципі неден тұрады?

8. Неліктен жиіліктік басқару тәсілінде АҚ-қа берілетін кернеу де өзгеріске ұшырайды?

9. ЖТ-гердің қандай түрлерін білесіз?

10. Тікелей байланысты ЖТ-тің әрекет ету принципін түсіндіріңіз.

11. Басқарылатын инверторлардың әрекет ету принципін түсіндіріп, оның негізгі түрлерін атаңыз.

12. Жиілікпен басқарылатын асинхронды ЭЖ-те АҚ-қа берілетін кернеуді реттеу ненің есебінен жүреді?

13. Көпжылдамдықты АҚ-тың полюстер жұптарының әр түрлі сандарын алу принципін түсіндіріңіз.

14. АҚ-ты қосудың каскадтық сұлбаларының пайда болу себебі неде? Каскадтық сұлбалардың түрлерін атап, сол сұлбалардағы АҚ-тың жылдамдығын реттеу принципін түсіндіріңіз.

15. АҚ бар ЭТ-тің координаттарын импульстік реттеу тәсілінің мәні неде?

16. Импульстік реттелетін жабық ЭЖ-тер не үшін қызмет атқарады?

17. АҚ-тың негізгі қосу сұлбасындағы тежеу қандай тәсілдермен жүзеге асырылады?

18. АҚ-тың динамикалық тежелісі дегеніміз не?

19. Асинхронды ЭЖ-тердегі өтпелі процестердің басты ерекшелігі неде?

20. Асинхронды ЭЖ-тердегі өтпелі процестің қалыптасуы қандай жолдармен жүреді?

21. Бір фазалы АҚ-тарды қолдану салалары қандай?

22. Бір фазалы АҚ жұмысының басты ерекшеліктері неде?

23. Бір фазалы АҚ жұмысының басты ерекшеліктері неде?

6 Тарау. СИНХРОНДЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ЭЛЕКТРЖЕТЕКТЕР


Синхронды үш фазалы қозғалтқыштар (СҚ) алуан түрлі жұмыс машиналары мен механизмдерінің ЭЖ-терінде кеңінен қолданылады, бұл олардың өте жоғары техника-экономикалық көрсеткіштерімен түсіндіріледі. СҚ жоғары қуат коэффициентіне $\cos \phi$ ие, ол бірге жақын немесе тіпті одан асып кетеді. СҚ-ның озық $\cos \phi$ коэффициентімен жұмыс істеп, оның үстіне желіге реактив қуаттың бере алу қабілеті жұмыс режимін жақсартып, электрмен жабдықтау жүйесінің үнемділігін арттыруға мүмкіндік береді. Заманауи СҚ-тардың ПӘК-і 96-98%-ды құрайды, бұл жылдамдығы мен сыртаумақтық өлшемі дәл сондай АҚ-тың ПӘК-інен 1-1,5% -ға жоғары. Синхронды қозғалтқыштарда асқын жүктемелік қабілетті қоздыру тоғын реттеу жолымен реттеуге болады, мұнда оның АҚ-қа қарағанда желі кернеуінен тәуелділігі төмен. Синхронды қозғалтқыш абсолютті қатаң механикалық сипаттамаға ие. СҚ құрылымының маңызды артықшылығы – онда үлкен ауа саңылауының болуы, сондықтан оның сипаттамалары мен ерекшеліктері мойынтіректердің тозуы мен ротор монтажының олқылығына аса тәуелді болмайды.

Электртехникалық өнеркәсіптер әр түрлі мақсаттағы СҚ серияларын шығарады. Жалпы қолданысқа қуаты 132-ден 1000 кВт-қа дейінгі СД2 және СД3 қозғалтқыштар сериясы, қуаты 315-тен 4000 кВт-қа дейінгі және коректендіру (жеткізу) кернеуі 380 мен 6000 В арасындағы СДН-2 және СДН-3 қозғалтқыштар сериясы шығарылады. Вертикаль сорғылардың жетегінде қуаты 4000-нан 12 500 кВт-қа дейінгі ВДС және ВДС2 қозғалтқыштары және қуаты 630-дан 3200 кВт-қа дейінгі ВСДН

қозғалтқыштар қолданылады. Жарылыс қаупі бар СДКП2 (315-5000 кВт) және СТДП (630-12 500 кВт) сериялы СҚ түрлері де бар.


6.1. СИНХРОНДЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫҢ ҚОСЫЛУ СҰЛБАСЫ, СТАТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫС РЕЖИМДЕРІ

Қосылу сұлбасы 6.1, а суретінде көрсетілген СҚ статоры айнымалы ток желісіне қосылатын үш фазалы орамасы бар асинхронды қозғалтқыш статорына ұқсас орындалады. СҚ роторында қоздыру және тиіннің торы тәріздес қысқа тұйықталған іске қосу орамалары болады. Құрылымдық тұрғыдан СҚ айқын полюсті және айқын емес полюсті цилиндр түрінде болуы мүмкін. Қоздыру орамасын қоректендіру көзі ретінде көбіне қуаты төмен (СҚ қуатының 0,3-3%-ы) айнымалы ток генераторы 2 қолданылады, ол қоздырғыш деп аталады, және ол қозғалтқышпен 1 бірге бір білікте орнатылады. Қозғалтқыштың қоздыру тогын I реттеу резистордың 3 көмегімен қоздырғыштың 4 қоздыру тогын $I_{\text{в}}$ өзгерту арқылы жүзеге асырылады. СҚ қоздыруды автоматтық түрде реттеудің (ҚАР) заманауи схемаларында тиристорлық басқарылатын түзеткіштер (тиристорлық қоздырғыштар) кеңінен қолданылады.



6.1 сурет.

СҚ айналмалы моменті статор орамалары жасайтын айналмалы магниттік өріс пен қоздыру орамасы немесе ротордағы тұрақты магниттер жасайтын магниттік өрістің өзара әрекеттестігімен шартталады. Бұл өрістердің өзара әрекеттестігі бағыты тұрақты СҚ айналмалы моментін тек ротор магниттік өріс жылдамдығымен $\omega_0 = 2\pi n f_1 / p$, яғни айналып тұрған өріспен синхронды айналғанда ғана жасай алады.



6.2 сурет.

Осылайша, СҚ-тың механикалық сипаттамасы $\omega(M)$ (6.1, б сур. қараңыз) ω_0 ординаталы горизонталь сызықтан тұрады, ол жүктеменің қандай да бір максималды моментіне $M_{\max}$ дейін бар болады, егер де ол шамадан асып кетсе СҚ синхронизмнен шығып қалады, яғни ротор мен магниттік өрістің синхронды айналуы бұзылады.

Қозғалтқыш пен желінің синхронды жұмысы сақталатын жүктеменің максималды моментін $M_{\max}$ анықтау үшін, СҚ бұрыш-тық сипаттамасының қызметі пайдаланылады (6.2 сур.). Ол M моменттің θ ығысу бұрышынан E статоры мен желінің фазалық кернеуінің U_ϕ ЭҚК векторлары арасындағы тәуелділігін көрсетеді.

СҚ моменті Θ бұрышының синусоидал функциясы болып табылады:

мұндағы U_ϕ – желі кернеуінің фазалық мәні; E – СҚ статоры орамасындағы ЭҚК; x_1 – СҚ орамасы фазасының индуктивті кедергісі; ω_0 – магниттік өрістің айналу жылдамдығы.

СҚ моменті максималды мәнге $\theta = \pi/2$ болғанда жетеді. Ығысу бұрышы СҚ-тың асқын жүктемелік қабілетін сипаттайды: мәндер үлкен болғанда Θ қозғалтқыш синхронизмнен шығып қалады, ал мәндер кіші болғанда – оның жұмысы тұрақты болады. Бұрыштың $\Theta_{\text{ном}}$ номиналды мәндері әдетте 25-30 құрайды, оларға номиналды момент $M_{\text{ном}}$ сәйкес келеді, және бұл жағдайдағы максималды моменттің еселігі төмендегідей болады: $\lambda_m = M_{\max} / M_{\text{ном}} = 2..2,5$.

6.2. СИНХРОНДЫ ҚОЗГАЛТҚЫШТЫҢ ІСКЕ ҚОСЫЛУЫ

Ротор жылжымайтын болғанда, және статор орамаларын айнаымалы ток желісіне, ал қоздыру орамаларын тұрақты ток көзіне қосқанда, статор мен ротордың магниттік өрістерінің өзара бағыттары үнемі өзгеріп отыратындықтан, СҚ бағыты бойынша тұрақты моменттің орнына, айнаымалы таңбалы айналдырушы моментін дамытады, соның нәтижесінде оны іске қосатын арнайы шараларсыз ω_0 синхронды жылдамдыққа дейін үдей алмайды.


Қазіргі таңда шектеулі түрде қолданылатын іске қосу тәсілдерінің бір түрі қуаты төмен қосалқы қозғалтқышты қолданумен байланысты,

аталған қозғалтқыш СҚ білігінде орна-
тылады. Осы қозғалтқыштың көмегімен
жүктелінбеген СҚ роторы синхронды
жылдамдыққа дейін үдеп, желімен син-
хрондалады.


«СҚ – тұрақты ток генераторы»
жүйелерінде қосалқы қозғалтқыш
Электрлік біліктің жұмысы келесідей болады. Егер де екі машинаның білігінің жүктемесі бірдей болса, онда олар бір жылдамдықпен синхронды (және синфазалы) айналады. Мәні тең E_2^1 және Е&Р қосымша машиналарының ЭҚС қарсы бағыта салдарынан олардың роторларының шынжырдағы I_2 тоғы болмайды және 3 мен 4 машиналар моменттерді дамытпайды.

6 біліктегі жүктеме моменті қандай да бір себептермен көбейді деп болжайық. Осының салдарынан АД 4 роторы АД 3 роторынан қала бастайды және $E_2^{(2)}$ бұл машинаның ЭҚЖ векторы өз қалыпына қатысты кеңістік 0 бұрышына бұрылады (7.5, 6 сур.қара). 3 және 4 машиналардың роторлық шынжырында $A E_2$ айырымдық ЭҚЖ пайда болады, оның әрекетінен ротор бойынша I_2 теңестіру тоғы өте бастайды. Себебі осы токтың ЭҚЖ $A E_2$ векторының проекциясы оң болады, онда 4 машина 6 білігінде қосымша қозғалыс моментін дамыта бастайды, соның есебінен оның жылдамдығы білігінің жылдамдығымен теңеседі.

3 және 4 машиналар теңестіру әрекеті теңестіруші (синхрондайтын) моментімен анықталады

$$M_{yp} = M_{и.с} s \sin\theta/s_{\kappa}, \quad (7.12)$$

мұнда $M_n = 2M_k (s / s_{k\ell} + s_k / s)$ – іске қосудың қалыпты (негізгі) сызбасында 3 және 4 қосымша асинхронды машиналардың моменті.

Қосымша машиналардың теңестіру әрекеті көп болса, 0 бұрышы сонша көп болады. Теңестіру моментінің көбеюі $\Theta = n / 2$ мәніне дейін болады, содан соң теңестіру моменті азая бастайды және электрлік білік жүйесі синхрондықтан түсіп қалуы мүмкін. Қосымша машиналар жұмыс істейтін теңестіру моменті сырғанауға пропорционалды. Сондықтан электрлік білік жүйесінің құру кезінде олардың көп сырғанауы кезінде осы машиналардың жұмысын қамтамасыз етуге тырысады. Бұл үшін негізгі қозғалтқыштармен салыстырғанда жоғарырақ номиналды жылдамдықты қосымша машиналарды таңдайды немесе бірліктен көп жылжытатын магниттік өріске қарсы қосымша машиналардың айналуын қолданады.

Бірінші жағдайда бірліктен көп емес қосымша машиналардың сырғанауын қамтамасыз етеді. Мысалы, егер де электрлік біліктің негізгі қозғалтқыштары қосымша машиналардан екі есе аз номиналды жылдамдығы болса, соңғыларының жұмысы $s > 0,5$ сырғанауында болады.


Өріске қарсы қосымша машиналардың айналуын қамтамасыз ету тәжірибеде жиі іске асырылады, себебі бұл әртүрлі типті машиналарды қолданумен байланысты емес және үлкен теңестіру нәтиже береді. Сонымен бірге бұл жағдайда қосымша машиналар роторының шынжырларында ротор тоғының жиілігі артуынан қуаттылықты жоғалтуы артатындығын атап кеткен жөн.

Қосымша машиналарсыз электрлік біліктің сызбасы 7.6 суретінде келтірілген. Электрлік біліктің жүйесі сондай-ақ тек негізгі қозғалтқыштардан жасалған, олар бұл жағдайда жұмыс және теңестіру машиналарының функцияларын орындайды. Бұл үшін 1 және 2 қозғалтқыштардың статорлық орамалары желіге қоректендіретін паралельно қосылады, ал роторлылар қарсы біріктіріледі. Барлық үш фазаға ротордың орамаларына паралельді $R_{2д}$ кедергісімен 3 с реттелетін резисторлары қосылады. $R_{2д} = 0$ кезінде электрлік білігі қысқа бекітулі роторлармен бір-бірінен тәуелсіз жұмыс істейтін асинхронды қозғалтқыштар әдеттегідей жұмыс істейді.

$R_{2я} \neq 0$ және бірдей жылдамдықта АҚ айналу кезінде $0 = 0$ машиналарының ЭҚЖ векторлары арасында жылжу бұрышы кезінде және олар реостатты сипаттамаларда жұмыс істеп бірдей моменттерді дамытады.

Бір қозғалтқыштың жүктемесі ұлғайту кезінде 0 бұрышы нөлге теңеспейді, сондықтан теңестіру тоғы мен момент пайда болады. Теңестіру моменті үлкен жүктемелі машинаны жеңілдетеді және азырақ жүктеуліні толтырады, бұл ретте қозғалтқыштың жылдамдығы теңеседі, ал олардың роторларының қалыпы $\theta \neq 0$ келісілмеуі кейбір бұрышымен сипатталмайды. Қарастырылатын сызба үшін максималды мүмкін келісу бұрышы теңестіру машиналарымен жүйе үшін сияқты $\pi / 2$ құрайды.

Негізгі жұмыс машиналарымен электрлік біліктің негізгі құндылығы қосымша машиналардың жоқтығы болып табылады.



7.6 сурет

Бірақ та қозғалтқыштардың роторлық шынжырына сырғанауды арттыру жолымен теңестіру моментін арттыру үшін қосымша кедергіні қосу қажет, бұл ондағы қуаттың қосымша жоғалтуына әкеледі. Әдетте негізгі жұмыс машиналарымен электрлік вал екі валға қосылынған жүктеме моментінің аздаған айырмашылығында ғана қолданады.

Бақылау сұрақтары

1. Өзара байланысты ЭЖ дегеніміз не?
2. Қандай өзара байланысты ЭЖ көп қозғалтқышты және қандай электрлік вал деп аталады?
3. Механикалық дифференциалмен ЭЖ ерекшелендіру қасиеттері қандай?
4. Теңестіру машиналарымен электрлік білік сызбасында негізгі қозғалтқыштардың жылдамдықтарын теңестіру ненің есебінен пайда?
5. Теңестіру машиналарынсыз электрлік вал әрекетінің принципін түсіндіріңіз.

8 тарау. ЭЛЕКТР ЖЕТЕГІНІҢ ЭНЕРГЕТИКАСЫ

ЭЖ басты мақсаты жұмыс машиналары мен механизмдердің орындаушы органының қозғалысында және осы қозғалыспен басқару болады. Бірақ та бұл ретте электрэнергиясын қолдану мен жоғалтуды ескеру қажет, ЭЖ желі мен басқа электр қабылдағыштарына қалай әсер ететіндігін. ЭЖ бұл қасиеттерін бағалау энергетикалық көрсеткіш деп аталатын көмегімен іске асырылады, олардың қатарына тиімді әрекетінің коэффициентіне, қуаттылығының коэффициенті, қуаттылық пен энергияны жоғалту, ал кейде желіден қоректенетін тиісті қуаттылығы мен энергиясы қатарына жатады.

Энергетикалық көрсеткіштер жаңаларды құру кезінде де, әлдеқашан әрекет етуші ЭЖ жұмысын бағалау кезінде де кең қолданылады. Әлбетте жұмыс машиналары немесе механизмдерінің белгіленген технологиялық үрдісін қамтамасыз етіп, басқа энергетикалық көрсеткіштермен салыстырғанда жоғарырақ болуы тиіс. Егер де әлдеқашан жұмыс істеген ЭЖ бұл көрсеткіштері айтарлықтай номиналдыдан жаман, бұл ЭЖ модернизация туралы сұрақты қою заңды. Бұған қоса жетілдіруге капиталды шығындар ПЖК и cos ϕ арттыру есебінен эксплуатациялық шығындарды қысқартумен салыстыру керек.

Энергетикалық және материалдық ресурстарды үнемдеу бірінші дәрежелі маңыздылық міндетіне ауысқанда қазіргі уақытта ЭЖ жоғары энергетикалық көрсеткіштерінің қамтамасыз ету өзекті екендігін атап өтейік.

ЭЖ қуаттылық пен энергияны жоғалту жалпы жағдайда электр қозғалтқыштағы, механикалық ауысудағы, күштік түрлендіруде және басқару жүйесіндегі жоғалтулардан тұрады, бірақ та негізгі болып ары қарай негізгі назар аударылатын электр қозғалтқыштағы жоғалтулар болып табылады.

8.1. ЭЛЕКТР ЖЕТЕГІНІҢ ОРНЫҚҚАН РЕЖИМІНДЕГІ ҚУАТ ПЕН ЭНЕРГИЯНЫ ЖОҒАЛТУ

Руатын жоғалту электр қозғалтқышында екі жоғалтуды құрайтын суммасын ұсыну ыңғайлы – тұрақты K және ауыспалы V яғни

$$\Delta P = K + V. \quad (8.1)$$

Тұрақты дегеніміз қозғалтқыштың жүктемесіне тәуелсіз қуатты жоғалту ұйғарылады. Оларға магнит өткізгіш болатындағы жоғалтулар, мойынтіректегі үйкелістен механикалық жоғалтулар және желдету жоғалтулар жатады. СҚ мен тұрақты ток қозғалтқышында тұрақты жоғалтуларға тәуелсіз қозулармен қозу орамаларындағы жоғалтуларды жатқызады.

Қатаң айтқанда нақтылықтағы тұрақты жоғалтулар өзгеріссіз болмайды, қозғалтқыштың жылдамдығынан, оны қоректендіретін кернеудің амплитудасы мен жиілігі және басқа да факторлар қатарына байланысты. Бірақ та бұл жоғалтулар болмашы өзгергендіктен, олар әдетте өзгермеген және тең номиналмен қабылданады.

Өзгермелі деп ЭЖ механикалық жүктемесімен анықталатын олармен ток өту кезінде қозғалтқыш орамаларында ерекшеленетін жоғалтулар ұйғарылады. Қозғалтқыштағы қуаттың ауыспалы жоғалтулары жалпы жағдайда электрлік немесе механикалық ауыспалы және параметрлер арқылы анықталады.

Тұрақты ток қозғалтқыштарында қуаттың ауыспалы жоғалтулары

$$V = I^2 R, \quad (8.2)$$

мұнда I , R – сәйкесінше қозғалтқыш якорі шынжырының кедергісі

Үш фазалы асинхронды қозғалтқыштарда

$$V_1 = V_1 + V_2 = 3I_1^2 R_1 + 3I_2'^2 R_2', \quad (8.3)$$

мұнда V_1 , V_2 – сәйкесінше статор мен ротор орамалары шынжырындағы қуатты жоғалту. II-сияқты орын басу сызбасын қолдану кезінде (5.2 сур.қар.), R_1 резистор бойынша I_2^1 ток өтеді, статордағы жоғалтулар

$$V_1 = 3I_1^2 R_1 = I_2'^2 R_1 R_2' = V_2 R_1 / R_2' \quad (8.4)$$

ал толық ауыспалы жоғалтулар

$$V_1 = 3I_2'^2 (R_1 + R_2') = V_2 (1 + R_1 / R_2'). \quad (8.5)$$

Синхронды қозғалтқыштарды

$$V = 3I_1^2 R_1. \quad (8.6)$$

Номиналды режимде қозғалтқыш жұмысы кезінде қуатты жоғалту номиналды ПЖК және қозғалтқыштың номиналды қуатының төлқұжаттық деректері бойынша анықталады:

$$\Delta P_{\text{ном}} = P_{\text{ном}}(1 - \eta_{\text{ном}})/\eta_{\text{ном}}. \quad (8.7)$$

Қуатты үнемі жоғалту

$$K = \Delta P_{\text{ном}} - V_{\text{ном}}. \quad (8.8)$$

Қозғалтқыштағы энергияны жоғалту. t қозғалтқышының жұмысында тұрақты жүктемемен энергияны толық жоғалту, K мен V шартталған,

$$\Delta A = \Delta P t_p. \quad (8.9)$$

Циклдық өзгеретін жүктемемен қозғалтқыштың жұмысы кезінде бар циклда энергияны толық жоғалту

$$\Delta A = \int_0^{t_n} \Delta P(t) dt \approx \sum_{i=1}^m \Delta P_i t_i, \quad (8.10)$$

мұнда $\Delta P_i t_i$ – циклдің i -учаскесінде қуатты жоғалту мен жұмыс уақыты;
 m – циклдің бөлек учаскелерінің саны, $\sum_{i=1}^m t_i = t_n$ – цикл уақыты

Жоғарыда келтірілген формулалар қозғалтқыштардың тоқтары мен шынжырлардың кедергілері бойынша қуат пен энергияны жоғалту есебін орындауға мүмкіндік береді. Бұл жоғалтулар механикалық ауыспалы және қозғалтқыштардың параметрлері бойынша да есептелуі мүмкін.

Тұрақты тоқ қозғалтқышының якорі мен асинхронды қозғалтқыштың роторында ерекшеленетін қуаттың ауыспалы жоғалтулары механикалық ауыспалы және параметрлері арқылы өрнегі (4.11) көмегімен анықталуы мүмкін

$$V = V_2 = M\omega_0 \delta = M\omega_0 s, \quad (8.11)$$

мұнда $\delta = s = (\omega_0 - \omega)/\omega_0$ – ДПТ салыстырмалы жылдамдығы немесе АҚ сырғанауы.

(8.4) сәйкес АҚ статорындағы ауыспалы жоғалтулар

$$V_1 = V_2 R_1 / R_2' = M\omega_0 s R_1 / R_2'. \quad (8.12)$$

АҚ толық ауыспалы жоғалтулар:

$$V = V_1 + V_2 = M\omega_0 s (1 + R_1 / R_2'). \quad (8.13)$$

(8.13) формуласы АҚ қуатты жоғалтуды белгілі момент, идеалды бос жүрістің жылдамдығы бойынша (магниттік өрісінің айналу жылдамдығы), R_1 және R кедергілерінің сырғанауы мен қатынасы) бойынша есептеуге мүмкіндік береді.

Қозғалтқыштардағы энергияның толық жоғалуы осы жағдайда (8.9) немесе (8.10) бойынша есептеледі.

Түрлендіргіште қуат пен энергияны жоғалту электрлік болады және (8.2) және (8.9) формулалары бойынша анықталады. Қозғалтқыштармен басқару үшін жартылай өткізгіш түрлендіргіштерді қолдану кезінде олардағы жоғалтулар шұрадағы, трансформаторлардағы, тегістеуші және теңестіруші реакторларда, жасанды коммутация құрылғыларының сүзгілері мен элементтеріндегі жоғалтулардан құрылады. Түрлендіргіштердің жартылай өткізгіш элементтеріндегі жоғалтулар біршама аз (номиналды қуаттан бірнеше пайыз).

Трансформаторлар мен роторлардағы жоғалтуларды есептеу кезінде олардың орамаларындағы кедергі немесе формуламен анықталатын түрлендіргіштің эквивалентті кедергісі алынады (4.34).

Қуатсыз басқару жүйесінде қуатты жоғалту әдетте бірнеше ондаған ваттан артпайды және нақты электрлік есептеулерді орындау кезінде назарға алынады.

Механикалық ауысда қуатты жоғалту ең алдымен қозғалатын бөліктердегі үйкеліспен анықталады және беретін моменттен айтарлықтай тәуелді.

Механикалық ауысудағы жоғалтулар әдетте ПЖК көмегімен анықталады, оның мәні әртүрлі түрлері мен жүктемелері үшін анықтамалық әдебиетте келтіріледі, мысалы [24].

8.1* есеп. 4АН160S4 типті АҚ $P_{\text{ном}} = 18,5$ кВт номиналды қуаты бар; жылдамдығы $n = 1450$ айн/мин; статор тоғы $I_1 = 36,5$ А; ПЖК $\eta_{\text{ном}} = 88\%$; $\cos \varphi_{\text{ном}} = 0,87$; $M_{\text{пуск}} / M_{\text{ном}} = 1,3$; $M_{\text{мах}} / M_{\text{ном}} = 2,1$; $J = 0,37$ кг·м².

АҚ қуатын жоғалтуды егер де қатынасы $R_1/R_2' = 0,6$ табиғи сипаттамада $M_c = 0,9M_{\text{ном}}$ моментімен оның жұмысы кезінде есептеу.

Себебі жұмыс режімі жүктеме моментімен тапсырылған, механикалық координаттары мен параметрлері арқылы жоғалтуды есептеу үшін формуланы қолданасыз. Номиналды режим мен бос жүріс кезінде АҚ жылдамдығын анықтаймыз:

$$\omega_{\text{ном}} = 2\pi n_{\text{ном}} / 60 = 2 \cdot 3,14 \cdot 1450 / 60 = 152 \text{ рад/с};$$

$$\omega_0 = 2\pi f_1 / p = 2 \cdot 3,14 \cdot 50 / 2 = 157 \text{ рад/с}.$$

Номиналды сырғанау мен АҚ моментін анықтаймыз:

$$s_{\text{ном}} = (\omega_0 - \omega_{\text{ном}}) / \omega_0 = (157 - 152) / 157 = 0,033;$$

$$M_{\text{ном}} = P_{\text{ном}} / \omega_{\text{ном}} = 18500 / 152 = 122 \text{ Н·м}.$$

АҚ механикалық сипаттамасының жұмыс учаскесін сызықтық деп қабылдап, (5.16) $M_c = 0,9 M_{\text{ном}} = 0,9 \cdot 122 = 110 \text{ Н-м}$ кезінде

$$s_c = s_{\text{ном}} = 0,033 \cdot 0,9 = 0,03 \quad \text{табамыз.}$$

(8.13) формула бойынша берілген нүктеде ауыспалы жоғалтуларды анықтаймыз:

$$V = V_1 + V_2 = M\omega_0 s(I + R_1 / R'_2) = 110 \cdot 157 \cdot 0,03(1 + 0,6) = 829 \text{ Вт.}$$

(8.7) бойынша номиналды режимде толық жоғалтуларды табамыз:

$$\Delta P_{\text{ном}} = P_{\text{ном}} (1 - \eta_{\text{ном}}) / \eta_{\text{ном}} = 18500(1 - 0,88) / 0,88 = 2523 \text{ Вт.}$$

Номиналды режимде ауыспалы жоғалтулары (8.13) бойынша табамыз:

$$V_{\text{ном}} = M_{\text{ном}} \omega_0 s(I + R_1 / R'_2) = 122 \cdot 157 \cdot 0,033(1 + 0,6) = 1011 \text{ Вт.}$$

АҚ тұрақты жоғалтулар

$$K = \Delta P_{\text{ном}} - V_{\text{ном}} = 2523 - 1011 = 1512 \text{ Вт.}$$

8.2* есеп. 2ПН-132 типінің ДПТНВ келесі номиналды деректері бар: $P_{\text{ном}} = 5,5 \text{ кВт}$, $U_{\text{ном}} = 110 \text{ В}$; $I_{\text{ном}} = 59 \text{ А}$; $n_{\text{ном}} = 1500 \text{ об/мин}$; $\eta_{\text{ном}} = 80\%$; $R_{\text{я}} = 0,146 \text{ Ом}$; $J = 0,05 \text{ кг-м}^2$. Жұмыс циклі ішінде қозғалтқыш якорінде ауыспалы энергия жоғалтуын анықтау, онда ол $t_1 = 10 \text{ мин}$ уақыты ішінде $M = 0,6$ Ином жүктеме моментімен жұмыс істейді, $t = 3 \text{ мин}$ уақыты ішінде $M_{c2} = M_{\text{ном}}$ номиналды жүктемесімен жұмыс істейді және $t_3 = 15 \text{ мин}$ уақыты ішінде $M_{c3} = 0,8 M_{\text{ном}}$ моментімен жұмыс істейді. Циклдағы қозғалтқыштың қозу тоғы өзгермейді және номиналдыға тең.

Қозғалтқыштағы магниттік түйдек өзгермегендіктен, (4.3) формула көмегімен моменттің белгілі еселік бойынша циклдің бөлек учаскелерінде якордің шынжырындағы тоқтарын табуға болады:

$$I_{c1} = I_{\text{ном}} M_{c1} / M_{\text{ном}} = 59 \cdot 0,6 = 35,4 \text{ А}; I_{c2} = I_{\text{ном}} = 59 \text{ А}; I_{c3} = 0,8 I_{\text{ном}} = 47,2 \text{ А.}$$

(8.10) формулаға сәйкес якорь орамаларындағы энергияны жоғалту

$$\Delta A = \sum_{i=1}^3 \Delta V_{i1} t_i = \sum_{i=1}^3 I_{i1}^2 R_{i1} t_i = 0,146(35,4^2 \cdot 600 + 59^2 \cdot 180 + 47,2^2 \cdot 900) = 493,8 \text{ кДж.}$$

8.3. есеп. 8.1 есебінің шарттары үшін номиналды режимде және бір сағатта белгіленген нүктеде АҚ желісінен тұтылынатын энергияның санын анықтау.

8.4. есеп. 8.2 есебінің шарттары үшін цикл уақытына желіден тұтынылатын электр энергиясының санын анықтау.

8.2. ЭЛЕКТР ЖЕТЕГІНІҢ АУЫСПАЛЫ РЕЖИМДЕРІНДЕ ҚУАТ ПЕН ЭНЕРГИЯНЫ ЖОҒАЛТУ

Іске қосу, реверс, тежеу кезінде туындайтын жылдамдық пен токтың жүктемесінің өзгеруі қағида бойынша номиналды деңгейді арттырады. Осы себептен қозғалтқыш пен ЭЖ басқа элементтерінде ерекшеленетін жоғалтулар маңызды болып, оның жұмысының энергетикалық көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етеді. Сондай-ақ қозғалтқыштағы жоғалтулардың артуы оның қосымша қызуына әкелетіндігін атап кеткен жөн, бұл оларды дұрыс бағалаудың маңыздылығын баса айтады.

Ауыспалы үрдістегі электр энергиясын жоғалтуды анықтаудың динамикалық режимдері негізгі болатын ЭЖ үшін үлкен маңызы бар. Оларға мысалы, илемдік орнак, көтергіш кран, сүргілеу білдектері, лифтер және т.б. жатады.

Жалпы жағдайда $t_{n,n}$ ауыспалы үрдісі уақытнда келесі өрнек көмегімен анықталуы мүмкін:

$$\Delta A = \int_0^{t_{n,n}} \Delta P dt = \int_0^{t_{n,n}} K dt + \int_0^{t_{n,n}} V dt = \Delta A_K + \Delta A_V, \quad (8.14)$$

Мұнда ΔA_K және ΔA_V – сәйкесінше қуаттың тұрақты және ауыспалы жоғалтулармен белгіленген энергия жоғалту, потери энергии,

ΔA_K энергиясын жоғалту K қуатты тұрақты жоғалту ауыспалы үрдіс уақыты кезінде өзгермегенде тез табуға болады, яғни

$$\Delta A_V = K t_{n,n}. \quad (8.15)$$

ΔA_V энергиясын жоғалту ток және кедергі арқылы ауыспалы қуатты жоғалтуды білдіретін (8.2) ... (8.4) формулары арқылы табуға болады:

$$\Delta A = \int_0^{t_{n,n}} i^2(t) R dt \quad (8.16)$$

(8.16) өрнегін ΔA_V анықтау үшін қолдану көптеген жағдайларда ауыспалы үрдісте $i(t)$ қозғалтқыш тоғының өзгеру заңын білу қажетті екендігінен қиынға түседі, сондай-ақ R кедергісінің өзгеруі туралы деректерді білу. Себебі әдетте $i(t)$ тәуелділігі аналитикалық білдірілмейді, ал R ауыспалы үрдістерінде өзгермейді, интегралдың нақты есептеуі (8.16) қиынға түседі.

Ауыспалы үрдісте энергияны жоғалтуды анықтау үшін ең ыңғайлы қатынасын есептеуі егер қуаттың ауыспалы жоғалтуы

механикалық ауыспалы және параметрлері арқылы белгіленгенде анықталады.

Жүктемесіз ЭЖ жұмысы кезінде энергияны жоғалту ($M_e = 0$). ДПТ якорі мен АҚ роторында энергияны жоғалту бір формула бойынша (8.11) анықталады және сондықтан энергияның ауыспалы жоғалтулары қозғалтқыштың осы бөліктерінде тағы сәйкес анықталады:

$$\Delta A_{r0} = \Delta A_{20} = \int_0^{t_{п.п}} M \omega_0 s dt = \int_0^{t_{п.п}} M (\omega_0 - \omega) dt, \quad (8.17)$$

Мұнда $s = \delta = (\omega_0 - \omega) / \omega_0$ – қозғалтқыштардың сырғанауы немесе қатысты жылдамдығы.

Механикалық қозғалыс теңеуін (2.16) қолданып, ауыспалы ретінде уақытты (8.17) шығарып тастайық. (5.4) есебімен $M_e = 0$ кезінде аламыз

$$dt = J d\omega / M = -J \omega_0 ds / M. \quad (8.18)$$

(8.18) сәйкес (8.17) dt ауыстырайық, біріктіру шегін бір уақытта өзгертеміз, яғни $t = 0$ ауыспалы үрдіс уақытының бастапқы моментіне $s = s_{\text{нач}}$ жылжу сәйкес келеді, ал соңғы уақытына $t_{п.п}$ – жылжу $s = s_{\text{кон}}$. Онда (8.18) түрі болады

$$\Delta A_{20} = \int_{s_{\text{нач}}}^{s_{\text{кон}}} M \omega_0 s (-J \omega_0 ds / M) = -J \omega_0^2 \int_{s_{\text{нач}}}^{s_{\text{кон}}} s ds = J \omega_0^2 (s_{\text{нач}}^2 - s_{\text{кон}}^2) / 2. \quad (8.19)$$

(8.19) алынған өрнек энергия жоғалтуын анықтау үшін ыңғайлы, себебі оны қолдану кезінде уақыттағы ЭЖ координаттары өзгеруін білу талап етілмейді, J , ω_0 параметрі мен $s_{\text{нач}}$ мен $s_{\text{кон}}$ мәні болса болды

(8.19) арқылы, мысал үшін, ДПТ якорі мен АҚ роторындағы энергияны жоғалтуды оларды іске қосу, реверс және бос тежелгендегі энергия жоғалтуын анықтайық.

$\omega_{\text{нач}} = 0$ және $\omega_{\text{кон}} = \omega_0$ қозғалтқыштарын іске қосқанда, себебі $s_{\text{нач}} = 1$, $s_{\text{кон}} = 0$, осымен сәйкес

$$\Delta A_{20}^n = J \omega_0^2 / 2. \quad (8.20)$$

(8.20) сәйкес энергияны жоғалту сандық кинетикалық энергияға тең екендігін атаған қызық, ол ЭЖ қозғалатын механикалық бөліктерін іске қосу соңында жиналады.

Энергияны жоғалтудың динамикалық тежеуінде $s_{\text{нач}} = 1$ және $s_{\text{кон}} = 0$ болғандықтан, (8.20) мәнімен анықталады, яғни $\Delta A_{20}^n = \Delta A_{20}^r$ бұл режимде ЭЖ кинетикалық энергияны барлық қоры жылу түрінде ін энергия жоғалтуын айналады.

Қарама-қарсы қосулы тежеу кезінде $s_{нач} = 2, s_{кон} = 1$, энергияны жоғалтулар

$$\Delta A_{20}^T = 3J\omega_0^2/2. \quad (8.21)$$

яғни олар ЭЖ кинетикалық энергиясы қорының үшеуіне тең. Демек, қарамақарсы қосылумен тежеу кезінде энергияны жоғалту динамикалық тежеу кезіндегі жоғалтудан айтарлықтай (3 есе) артық.

$s_{нач} = 2, s_{кон} = 0$ реверс және энергия жоғалту кезінде

$$\Delta A_{20}^P = 4J\omega_0^2/2. \quad (8.22)$$

Яғни қарама-қарсы қосу мен іске қосу тежеу кезіндегі жоғалту суммасына тең.

(8.19) өрнегі ДПТ толық ауыспалы энергия жоғалтуын анықтайды, яғни $\Delta A_{20} = \Delta A_{r0}$.

АҚ толық ауыспалы энергия жоғалтуын анықтау үшін статор шынжырындағы жоғалтуларды табу керек. Бұл үшін (8.12) өрнегін қолданамыз, одан байқағанымыздай

$$\Delta A_{10} = \Delta A_{20} R_1/R_2'. \quad (8.23)$$

Онда АҚ толық энергия жоғалтуы

$$\Delta A_{r0} = \Delta A_{10} + \Delta A_{20} = J\omega_0^2(1 + R_1/R_2')(s_{нач}^2 - s_{кон}^2)/2. \quad (8.24)$$

АҚ роторындағы энергияны жоғалту оның кедергісіне байланысты емес, ал АҚ статорындағы жоғалтулар уақытында оның кедергісінен пропорционалды.

Жүктемемен ЭЖ жұмысы кезінде энергияны жоғалту ($M_c \neq 0$). Жүктемемен қозғалтқыштың жұмысы кезінде энергияны жоғалтуды анықтау үшін сондай-ақ бастапқы формула (8.17) дұрыс. Осы формуладан көрінгендей ДПТ якорі мен АҚ роторында энергияны жоғалтуды анықтау үшін ауыспалы үрдісте қозғалтқыш жылдамдығы мен оның жүктелу моментін білу қажет, яғни $\omega(t)$ и $M(t)$ тәуелділігі болу керек. Осы тәуелділіктерді (8.17) формуларға қойып, қойылған есепті шешуге болады.

Энергетикалық көрсеткіштерді бағалық есептеу үшін энергияны жоғалту жеңілдетілген есептеуін орындайды, яғни ауыспалы үрдістердегі қозғалтқыш моменті өзгермейді және M_{cp} кейбір орташа моментке тең, онда ауыспалы үрдістердің ұзақтығы қозғалтқыштың моменті нақты өзгергендегі кезіндегі сияқты болып қалады. Есептеу формуласын алу үшін (8.17) бастапқы формуласы қолданылады, онда

$$dt = -J\omega_0 ds / (M \pm M_c).$$

мұнда «-» белгісі іске қосуға, ал «+» белгісі – қозғалтқыштың тежеуіне сәйкес келеді. (8.17) dt қойып және M -ны $M_{\text{ср}} = \text{const}$ біріктірілу шегін бір уақытта ауыстырып, келесі өрнекті аламыз:

$$\Delta A_{2n} = \Delta A_2 M_{\text{ср}} / (M_{\text{ср}} \pm M_c), \quad (8.25)$$

мұнда $M_{\text{ср}}$ – орташа, ауыспалы үрдіс уақытында өзгермеген қозғалтқыш моменті.

(8.25) өрнегі АҚ роторы мен ДПТ якорінде ауыспалы үрдістерінде жүктемемен энергияны жоғалтуды анықтайды. $\Delta A_{\text{ин}}$ статоры мен АҚ $\Delta A_{\text{н}}$ толық жоғалту анықтау үшін (8.23) және (8.24) формулаларын қолданады.

(8.25) сәйкес жүктемемен қозғалтқыштың жұмысы кезіндегі энергияны жоғалту оның бос жұмысы кезіндегі жоғалтулармен салыстырғанда іске қосу режінінен артады және тежеу режімінде азаяды. Соңғысы тежеу кезінде қордағы кинетикалық энергияның бөлігі жүктеменің моментін жеңуге шығындалады, сондықтан қозғалтқышта жоғалту түрінде оның қалған бөлігі бөлінеді.

«Түрлендіруші-қозғалтқыш» жүйесінде энергияны жоғалту. П-Д жүйесінің оң қасиеті болып ауыспалы үрдістерде энергияны жоғалтуды айтарлықтай қысқарту мүмкіндігі болады. Бұл ДПТ үшін басқарушы түзеу кернеуі және АД үшін түрлендіруші жиілігінің кернеу жиілігі көмегімен ауыспалы үрдістерде бірқалыпты өзгеріс жолымен жетеді, соның нәтижесінде олармен белгіленетін қозғалтқыштың идеалды бос жүрісінің жылдамдығы біртіндеп өзгеріс болады. Бұл ретте ω_0 жылдамдығы мен якорь немесе роторының жылдамдығы арасындағы айырмашылық аз болады, кернеу немесе жиілігінің секірмелі түрдегі өзгерісі кезінде қозғалтқыштағы жоғалтуларға әкеледі. $M_c = 0$ және ω_0 жылдамдығы болғанда шексіз ақырын өзгереді, энергияның берілетін көзі кинетикалық энергия қозғалтқышының хабарламасына ғана барады, ал жоғалтулар болмайды.

Идеалды бос жүріс жылдамдығының уақытнад сызықтық өзгеріс кезінде қозғалтқышта энергияны жоғалту неге тең болатынын қарастырайық. Бұл жағдайдағы ауыспалы үрдістер (4.8 бөл.қар.) екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезеңде На первом этапе $0 < t < t_0$ уақытының бөлігінде ω_0 идеалды бос жүрісінің жылдамдығы сызықтық заң бойынша өзгереді:

$$\omega_0 = \pm \varepsilon t + \omega_{0\text{нач}}, \quad (8.26)$$

мұнда $\varepsilon = d\omega_0(t)/dt$, – жылдамдықтың өзгеріс темпі (туынды) ал қозғалтқыштың жылдамдығы мен моменті (4.49) мен (4.50) сәйкес

көрсетіледі. Екінші кезеңде $t > t_0$ $\omega_0 = \text{const}$ кезінде жылдамдық та, момент те (2.30) және (2.32) сәйкес көрсетілді.

Сәйкесінше ауыспалы үрдіс кезіндегі энергияны жоғалту кезеңдердің әрқайсысы үшін екі құраушы сумма түрінде ұсынуға болады.

ДПТ якорі мен АҚ роторында энергияны жоғалту ауыспалы үрдістің бірінші кезеңінде оған (4.49) $\omega(t)$ және (4.50) $M(t)$ байланысты қойып, (8.17) бастапқы формуласының көмегімен алуға болады. Энергияны жоғалту ауыспалы үрдістің екінші кезеңінде (8.17) көмегімен, бірақ сәйкесінше (2.30) және (2.32) оған $\ln(t)$ мен $M(t)$ өрнектерді қойғанда анықталады

Көрініп тұрғандай, жалпы жағдайда П-Д жүйесінде энергияны жоғалтуды есептеу оңай емес есепті білдіреді, оның шешімі [8, 12, 14] қарастырылған. Жеке жағдайларда қозғалқыштың бос іске қосылғанында, энергияны жоғалту үшін қорытынды өрнегі келесі түрде болады

$$\Delta A_{20}^n = \Delta A_{20} \cdot 2T_m / t_{n0}. \quad (8.27)$$

мұнда T_m – уақыттың электромеханикалық тұрақтылығы; t_{n0} – нөлден бастап белгіленген жылдамдыққа дейін жылдамдықтың сызықтық өму уақыты; $\Delta A_{j0} - \omega_0$ жылдамдықтың сатылап өзгеруі кезінде энергияны жоғалтуы (8.19).

(8.27) көрінгендей, t_{n0} уақытты көбейткенде, қозғалтқыштағы энергияны жоғалту азаяды. ω_0 жылдамдығының бірқалыпты өзгеруі жағдайында қозғалтқыштың реверсі мен тежеуі кезінде энергияны жоғалтудың азаюы болады.

Генератордан («генератор – қозғалтқыш» жүйесі) оны қуаттандыру кезінде ДПТНВ ауыспалы үрдісінде энергияны жоғалту зор емес. Бұл жағдайда генератордың ЭДС пен қозғалтқыштың идеалды жүріс жылдамдығы экспоненциалдық заң бойынша ауыспалы режимде өзгереді, бұл генераторды қоздыруының инерциялық шынжырында үрдістермен анықталады. Іске қосы режимінде қозғалтқыштағы энергияны бос жоғалту

$$\Delta A_{20} = \Delta A_{j0} = J\omega_0^2 / [2(m+1)]. \quad (8.28)$$

мұнда $m = T_b / T_m$ – тұрақты уақыт еселігі; T_b – генератор қозуы шынжырының тұрақты уақыты.

(8.28) көрінгендей бұл жағдайда қозғалтқышта энергияны жоғалту якордегі кернеуді секірмелі өзгеру кезінде сәйкес жоғалтулармен салыстырмалы бойынша $(m+1)$ есе азаяды. Басқаша айтқанда генератордың қозу инерциялық шынжыры және ДПТ кернеу баяу өзгерсе, ондағы ауыспалы үрдістерде энергия жоғалтулары аз болады.

Ауыспалы үрдістерде электр энергиясын жоғалтудың тәсілдері. Ауыспалы үрдістерде электр энергиясын жоғалтудың азаюы маңызды мағынасы бар, себебі ЭЖ жұмысының энергетикалық көрсеткіштерін жақсартуға көмектеседі.


Алынған формулалары талдауы, әсіресе (8.19), ауыспалы үрдістерде электр энергиясын жоғалтуды төмендетудің екі негізгі тәсілі бар: ЭЖ J инерциясының моментін азайту және ω_0 қозғалтқышының идеалды бос жүрісінің жылдамдықтарының ауыспалы үрдістерінде реттеу.

ЭЖ инерция моментін азайту қолданылатын электр қозғалтқыштарының инерция моментін төмендету есебінен мүмкін, яғни якорьдің инерция төмендетілген моменті бар аз инерциялы қозғалтқыштарды қолдану есебінен (бос немесе дискілік якорьмен оның диаметріне якорьдің ұзындығына жоғарылатылған қатынасымен қозғалтқыштар); механикалық берудің рационалды құрастыру (редуктордың оптималды табыстама санын, рационалдық өлшемдерін, механикалық беру элементтерінің түрлерін таңдау); оның жартылай номиналды қуаттығы бар бір қозғалтқышты екеуімен ауыстыру. Есептеу көрсеткендей, жартылай қуаттылықтың екі қозғалтқышының инерциясының суммалық моменті толық қуатты бір қозғалтқыштың инерция моментінен аз болады. Мысалы, қуаттылығы 45 кВт 4АН200 типті екі қозғалтқыш инерциясының суммалық моменті $2 \cdot 1,38 = 2,76 \text{ кг} \cdot \text{м}^2$. Қуаттылығы 90 кВт 4АН250 қозғалтқышы сол жылдамдыққа есептелген, инерцияның моменті $3,53 \text{ кг} \cdot \text{м}^2$, яғни 30% көп.

Тұрақты тоқ қозғалтқыштардың *идеалды бос жүрісінің жылдамдығын реттеу* «басқарушы түзеуші – қозғалтқыш» жүйесінде якорьда кернеудің өзгеруімен қамтамасыз етіледі, ал АҚ – «жиілік түрлендіруші -АҚ» жүйесінде қуаттандыратын кернеудің жиілігінің немесе көп жылдамдықты АҚ полюстерінің жұп саны өзгеруімен қамтамасыз етіледі.

Мысал ретінде 8.1. суретінде келтірілген оның жоғары жылдамдықта (I сипаттама) екпіні немесе механикалық сипаттамалар арқылы жүктеме болмағанда жоғары жылдамдықпен тежеу кезінде екі жылдамдықты АҚ роторында электр энергиясын жоғалтуды есептейміз.

АҚ іске қосуы екі тәсілмен мүмкін: статор орамасының p_1 полюстар



8.1 сурет

жұбының санына қосылуымен (тікелей іске қосу, 1 сипаттама) немесе статор орамасының алдымен $p_2 = 2p_1$ (2 сипаттамасы) полюстар жұбының санына қосылумен, ал сосын статор орамасының p полюстары жұбының санына ауыстырумен (сатылы іске қосу).

(8.19) сәйкес 1 сипаттама бойынша тікелей іске қосу кезінде АҚ роторында энергияны жоғалту $s_{\text{нач}} = 1$, а $s_{\text{кон}} = 0$ $\Delta A_{2n} = J \omega_{01}^2 / 2$ түрде болады.

$s_{\text{нач}} = 1$, $s_{\text{кон}} = 0$ және $\omega_{02} = \omega_{01} / 2$ есепке ала 2 сипаттама бойынша (іске қосудың бірінші сатысы) АҚ екпіні кезінде сатылы іске қосуы кезінде энергияны жоғалту келесі түрде болады

$$\Delta A_{2c1} = J \omega_{02}^2 / 2 = J \omega_{01}^2 / 8,$$

Ал $s_{\text{нач}} = 0,5$, $s_{\text{кон}} = 0$ есепке ала отырып 1 сипаттама бойынша (іске қосудың екінші сатысы) АҚ екпіні кезінде

$$\Delta A_{2c2} = J \omega_{01}^2 / 8.$$

Сатылық іске қосу кезінде суммалық жоғалтулар

$$\Delta A_{2c} = \Delta A_{2c1} + \Delta A_{2c2} = J \omega_{01}^2 / 4.$$

Салыстыру көрсеткендей, сатылық іске қосу кезінде тікелей іске қосуды салыстыру бойынша электр энергиясын жоғалту төмендеуі еке есе болды. Осылайша, бос жүрістің жылдамдығы ауыспалы үрдісте өзгеріс есебінен ротордағы энергияның жоғалтуы төмендеуі болады, ол статордағы жоғалту мен АҚ толық жоғалтуды анықтайды.

Жалпы жағдайда егер ауыспалы үрдісте идеалды бос жүрістің жылдамдығы n реттеу сатылары бар, ротордағы энергияны жоғалту n есе азаяды:

$$\Delta A_2 = J \omega_{0n}^2 / (2n),$$

мұнда ω_{0n} – соңғы сатыға сәйкес келетін қозғалтқыштың идеалды бос жүрісінің максималды жылдамдығы.

Көп жылдамдықты АҚ және жоғары жылдамдықпен көп сатылы тежеу кезінде жоғалтулар азаяды. 1 сипаттамалы қозғалтқыш бір сатыға қарсы қосылумен тежеу кезінде p_1 қозғалтқышының полюстары жұптарының санына сәйкес, бірақ статордағы кернеудің фазаларын алмасу тәртібінің өзгеру кезіндегі 3 сипаттама бойынша жұмысқа ауысады. Нөлдік жылдамдыққа дейін тежеу уақытнда роторда энергияны жоғалту.

$$\Delta A_2 = 3 J \omega_{01}^2 / 2.$$

Полюстар жұбының санын p_1 -дан $p_2 = 2p_1$ -ға өзгерту жолымен сатылы тежеу кезінде АҚ алдымен 2 сипаттама бойынша жұмысқа ауысады, онда желіге энергия берумен ω_{02} жылдамдығына дейін тоқтайды. Бұл кезеңде энергияны жоғалту ($s_{\text{нач}} = -1$, $s_{\text{кон}} = 0$ кезінде)

$$\Delta A_{2c1} = J\omega_{02}^2/2 = J\omega_{01}^2/8,$$

Келесі кезеңде полюстар жұбының сол санында фазалардың кезектесуінің өзгеру жолымен қарсы қосылумен (4 сипаттама) тежеу іске асырылады, онда жоғалтулар (при $s_{\text{нач}} = 2$, $s_{\text{кон}} = 1$)

$$\Delta A_{2c2} = 3J\omega_{02}^2/2 = 3J\omega_{01}^2/8,$$

Сатылық тежеу кезінде суммалық жоғалтулар

$$\Delta A_{2c} = \Delta A_{2c1} + \Delta A_{2c2} = J\omega_{01}^2/2.$$

Яғни тікелей тежеу кезінен үш есе аз. Осыған пропорционалды статордағы жоғалтулар мен АҚ суммалық жоғалтулар төмендейді.

8.5* есеп. Бос іске қосу мен жүктеменің номиналды моменті кезінде 4АН160S4 типі АҚ ауыспалы энергияны жоғалтуды анықтау (8.1 есебінің деректерін қар.).

$s_{\text{нач}} = 1$, $s_{\text{кон}} = 0$ босқа іске қосу кезінде (8.24) формуласы бойынша қозғалтқыштағы ауыспалы жоғалтуларды анықтаймыз:

$$\Delta A_{\text{ГО}} = J\omega_0^2(1 + R_1/R_2)(s_{\text{нач}}^2 - s_{\text{кон}}^2)/2 = 0,37 \cdot 157^2(1+0,6)(1^2 - 0^2)/2 = 7296 \text{ Дж.}$$

Жүктемемен іске қосу кезінде энергияны жоғалтуды есептеу үшін жақын формуланы (8.25) қолданамыз. Іске қосу кезінде қозғалтқыштың орташа моментін іске қосулық және максималды (сыни) моментінің суммасының тең жартысына қабылдаймыз:

$$M_{\text{ср}} = (M_{\text{пуск}} + M_{\text{мах}})/2 = (1,3 M_{\text{ном}} + 2,1 M_{\text{ном}})/2 = 122(1,3 + 2,1)/2 = 207 \text{ Н·м.}$$

$$M_c = M_{\text{ном}} \text{ номиналды жүктемемен іске қосу кезіндегі жоғалтулар}$$

$$\Delta A_{\text{ГОМ}} = \Delta A_{\text{ГО}} M_{\text{ср}}/(M_{\text{ср}} - M_c) = 7296 \cdot 207/(207 - 122) = 17 \text{ 685 Дж.}$$

8.6* есеп. 2ПН-132 (8.2 есептегі мәліметтерді қар.) типінің тәуелсіз қозусыз тұрақты тоқ қозғалтқышы үшін $t_{\text{п0}} = 1$ с оның кіру кернеуінің уақытының өсуімен басқарушы өзгерту және желіден бос іске қосу кезінде якорьдағы энергияны жоғалтуды салыстыру. Қозғалтқыштың білігіне келтірілген суммалық инерция моменті $0,1 \text{ кг·м}^2$ құрайды.

Алдын-ала номиналды жылдамдықты анықтайық:

$$\omega_{\text{ном}} = \pi n_{\text{ном}}/30 = 3,14 \cdot 1500/30 = 157 \text{ рад/с.}$$

Номиналды режим үшін электронмеханикалық сипаттаманы $k\Phi_{\text{ном}}$ көбейтіндіні табайық (4.4)

$$k\Phi_{\text{ном}} = (U_{\text{ном}} - I_{\text{ном}} R_{\text{ном}}) / \omega_{\text{ном}} = (110 - 59 \cdot 0,146) / 157 = 0,65 \text{ В} \cdot \text{с}$$

және бос жүрістің жылдамдығы

$$\omega_0 = U_{\text{ном}} / k\Phi_{\text{ном}} = 110 / 0,65 = 169 \text{ рад/с.}$$

(8.19) формуласы бойынша желіден бос қозғалтқыш кезінде якорьдегі энергияны жоғалтуды анықтаймыз (кернеуді сатылы беру):

$$\Delta A_{\text{я0}} = J\omega_0^2(s_{\text{нач}}^2 - s_{\text{кон}}^2) / 2 = 0,1 \cdot 169^2(1^2 - 0^2) / 2 = 1428 \text{ Дж.}$$

ЭЖ электромеханикалық тұрақты уақыты мен қозғалтқыштың номиналды моментін анықтаймыз:

$$M_{\text{ном}} = P_{\text{ном}} / \omega_{\text{ном}} = 5500 / 157 = 53 \text{ Н} \cdot \text{м};$$

$$T_{\text{м}} = J\omega_0 / M_{\text{к.з}} = J(\omega_0 - \omega_{\text{ном}}) / M_{\text{ном}} = 0,1(169 - 157) / 35 = 0,03 \text{ с.}$$

(8.31) формула бойынша бір секунд ішінде кернеудің сызықтық өсуі кезінде якорьде энергияны жоғалтуды есептейміз:

$$\Delta A_{20}^n = \Delta A_{\text{я0}} \cdot 2T_{\text{м}} / t_{\text{п0}} = 1428 \cdot 2 \cdot 0,03 / 1,0 = 86 \text{ Дж.}$$

Кернеудің бірқалыпты өсуі кезінде $t_{\text{п0}} / 2T_{\text{м}} = 1 / 2 \cdot 0,03 = 16,7$ есе.

8.7 есеп. АҚ үшін (8.5 есептегі мәліметтерді қар.) динамикалық тежеу және бос реверс кезінде қозғалтқыштағы энергияны ауыспалы жоғалтуды анықтау және $M_{\text{с}} = M_{\text{ном}}$ жүктемесінің номиналды моменті кезінде есептеп, тежеу және реверс кезінде қозғалтқыш $M_{\text{ср}} = 207 \text{ Н} \cdot \text{м} = \text{const.}$ моментін дамытады.

8.8 есеп. 4A180S4/2 екі жылдамдықты АҚ келесі төлқұжаттық мәліметтері бар: $P_{\text{ном}} = 22/26,5 \text{ кВт}$; $n_{\text{ном}} = 2920 \text{ ай/мин}$; және $n_{2\text{ном}} = 1470 \text{ ай/мин}$; $J = 0,21 \text{ кг} \cdot \text{м}^2$. Бос тікелей және сатылы іске қосу кезінде оның роторында ауыспалы жоғалтуды салыстыру.

8.3. ЭЛЕКТР ЖЕТЕГІНІҢ ПАЙДАЛЫ ӘСЕР КОЭФФИЦИЕНТІ

Жалпы жағдайда, ЭЖ әртүрлі жылдамдықпен немесе жүктемемен білікте кей циклде жұмыс істеп тұрғанда қалыптасқан, сондай-ақ өтпелі режимдерде циклді (немесе орташа) ПӘК

$$\eta_{\text{ц}} = A_{\text{пол}} / A_{\text{потр}} = A_{\text{пол}} / (A_{\text{пол}} + \Delta A) = \sum_{i=1}^n P_{\text{пол}i} t_i / (\sum_{i=1}^n P_{\text{пол}i} t_i + \sum_{i=1}^n \Delta P_i t_i), \quad (8.29)$$

сәйкесінше мұнда $A_{\text{пол}}$, $A_{\text{потр}}$ – пайдалы механикалық және пайдаланылған электр энергиясы, ΔA – энергияның шығыны; $P_{\text{пол}}$ – циклдың i -ші бөлікшесінде пайдалы механикалық қуат; ΔP_i – циклдың i -ші бөлікшесінде қуаттың шығыны; n – ЭЖ жұмыс бөлікшелерінің саны.

Егер ЭЖ қалыптасқан тәртіпте жұмыс істесе, онда формула (8.29) жайдақталады және мындай түрде болады

$$\eta = P_{\text{пол}} / (P_{\text{пол}} + \Delta P). \quad (8.30)$$

ЭЖ электр механикалық жүйе ретінде болса, оның ПӘК түрлендіргіш құрылғының, электр қозғалтқыш пен механикалық берілістің ПӘК көбейтіндісімен анықталады:


$$\eta = \eta_{\text{п.у}} \eta_{\text{д}} \eta_{\text{м.п}}. \quad (8.31)$$

(8.29) формула бойынша ЭЖ бөлек элементтерінің ПӘК анықтағаннан кейін (8.31) бойынша жалпы ЭЖ ПӘК табады.

(8.31) өрнегінде қозғалтқыштың ПӘК анықтаушы болады, оны толығырақ қарастырамыз.

8.2 сурет, а) тұрақты және айнымалы токтың электр қозғалтқыштарының номинал ПӘК өзгеру заңдылығын олардың номиналды қуатына P және жылдамдығына байланысты көрсетеді. Көрініп тұрғандай номиналды қуат деңгейі өскенде номиналды ПӘК де өседі, ол қозғалтқыштың пайдалы қуатына қатысты қуат шығынының азаюымен түсіндіріледі.

Жоғары жылдамдықпен қозғалтқыштарда (кисық 1-3 сәйкесінше $\omega_0 = 314; 157; 105$ рад/с) осындай номиналды қуат кезінде одан жоғары номиналды ПӘК болады. Осылайша одан да қуатты және жылдам қозғалтқыштар жоғарырақ номиналды ПӘК-пен сипатталады.



8.2 сурет

Жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштың ПӘК оның білікте пайдалы механикалық қуаттың нығайтылуына байланысты болады. Аз жүктеме кезінде қозғалтқыштың ПӘК көп болмайды (8.2 сурет қ., б), жүктеме көбейгенде ол номиналдан біршама аз қуат кезінде максималды мәніне жеткенше $\eta_{\text{тах}}$ өседі.

Қозғалтқыштың ПӘК арттыру тәсілдері мынадай: бос жүріс кезінде қозғалтқыштың жұмыс уақытын шектеу; номиналға жақын жұмыс кезінде қозғалтқыштың жүктемесін қамтамасыз ету (соның ішінде аз жүктелген қозғалтқышты аз қуатты қозғалтқышқа

ауыстыру жолымен, оны экономикалық тұрғыдан түсіндіру қажет, яғни ауыстыруға кеткен күрделі шығындардың орны пайдалану шығындарын азайту есебінен толтырылуы керек); үнемдеу реттегішін қолдану (5.5 тар. қ.); өтпелі режимдерде энергия шығындарын азайту. Реттелетін ЭЖ-де қуатты шығыны аз әдістер қолдану керек, мысалы асинхронды және синхронды қозғалтқыштардың жиілісін реттеу.

8.9* тапсырма. 2ПН-132 типті қозғалтқыштың ПӘК берілген циклдегі оның жұмысы кезінде есептеу (8.2 берілген тапсырмаларда қ.).

Қозғалтқыш білікте ауыспалы жүктемемен жұмыс істегендіктен, ПӘК (8.29) формула бойынша есептеледі.

(8.7) бойынша қуаттың толық шығынын номинал режимде есептейміз:

$$\Delta P_{\text{НОМ}} = P_{\text{НОМ}} (1 - \eta_{\text{НОМ}}) / \eta_{\text{НОМ}} = 5500(1 - 0,8)/0,8 = 1357 \text{ Вт},$$

және қуаттың тұрақты шығындарын:

$$K = \Delta P_{\text{НОМ}} - V_{\text{НОМ}} = 1375 - 508 = 867 \text{ Вт}.$$

Жүктеме моменттеріне сәйкес ТТҚ жылдамдығы циклдің бөлек бөлікшелерінде (4.5) формула бойынша есептеледі. Сондықтан алдын ала анықтаймыз

$$M_{\text{НОМ}} = P_{\text{НОМ}} / \omega_{\text{НОМ}} = 5500/157 = 35 \text{ Н·м};$$

$$k\Phi_{\text{НОМ}} = M_{\text{НОМ}} / I_{\text{НОМ}} = 5500/(157 \cdot 159) = 0,6 \text{ В·с};$$

$$\omega_0 = U_{\text{НОМ}} / k\Phi_{\text{НОМ}} = 110/0,6 = 183 \text{ рад/с}.$$

$$\text{Сонда } \omega_{c1} = \omega_0 - M c1 R_{\text{я}} / (k\Phi_{\text{НОМ}})^2 = 183 - 0,6 \cdot 35 \cdot 0,146 / (0,6)^2 = 167 \text{ рад/с};$$

$$\omega_{c2} = \omega_{\text{НОМ}} = 157 \text{ рад/с}; \omega_{c3} = 162 \text{ рад/с}.$$

$$P_{\text{ПОЛ}} = P_{\text{МЕХ}} = M_c \omega_c, \text{ есепке алсақ, } \Delta P = K + V, \text{ табамыз}$$

$$\eta_{\text{ц}} = (\sum_1^3 M_{c1} \omega_{c1} t_i) / (\sum_1^3 M_{c1} \omega_{c1} t_i + K \sum_1^3 t_i + \sum_1^3 V_i t_i) =$$

$$= (21 \cdot 167 \cdot 600 + 35 \cdot 157 \cdot 180 + 28 \cdot 162 \cdot 900) / (7167 \cdot 10^3 + 867 \cdot 1680 +$$

$$+ 0,146 \cdot [(0,6 \cdot 59)^2 \cdot 600 + 59^2 \cdot 180 + (0,8 + 59)^2 \cdot 900]) = 0,83.$$

8.10 тапсырма. 4АН160S4 типті қозғалтқыштың ПӘК берілген нүктеде оның жұмысы кезінде есептеу (8.1 берілген тапсырмада қ.).

8.4. ЭЛЕКТР ЖЕТЕК ҚУАТЫНЫҢ КОЭФФИЦИЕНТІ

Айнымалы тоқ желісіне қосылатын ЭЖ одан белсенді P_a және реактивті Q қуатты қабылдайды. Белсенді қуат ЭЖ пайдалы жұмысына және оның шығынын толтыруға жұмсалады, ал реактивті қуат қозғалтқыш пен оның басқа элементтерінің электромагнит өрісінің құрылуын қамтамасыз етіп тікелей пайда жұмыс істемей-

ді. Реактивті қуатқа қатысты оны қолдану туралы емес, ал желі мен қозғалтқыш арасындағы алмасу (церкуляция) туралы айту жөн екенін атап өтеміз.

ЭЖ жұмысы активті және реактивті қуаттың басқа қолданушысындағыдай қуат коэффициентімен сипатталады

$$\cos \varphi = P_a / S = P_a / \sqrt{P_a^2 + Q^2}, \quad (8.32)$$

мында S – толық (немесе жорамал) қуат.

Электртехникадан белгілі болғандай φ бұрышы желі кернеуі мен ЭЖ тоғы арасындағы фаза жылжуын анықтайды: егер ол реактивті қуатты қолданса онда фазалардың жылжуы $\varphi \neq 0$ және $\cos \varphi \neq 1$. Егер ЭЖ реактивті қуатты қолданбаса онда $\varphi = 0$ и $\cos \varphi = 1$.

ЭЖ реактивті қуатты қолданғанда онымен электрмен жабдықтауды оның элементтерінде кернеу мен энергияның косымша шығындарын келтіріп жүктейді. Осы себептен әрқашан жұмысының негізгі энергетиялық көрсеткіштерінің бірі ретінде максималды мүмкін $\cos \varphi$ қамтамасыз етуге тырысу керек.

Егер ЭЖ қалыптасқан және өтпелі режимдерде әр түрлі жүктемемен немесе жылдамдықпен жұмыс істесе, онда ол реактивті қуат тұтынушы ретінде қуаттың орташа немесе циклді коэффициентімен сипатталады, ол сәйкес формуламен A_a цикл үшін тұтынылған энергияның A_n толық және жорамал энергиясына ара қатынасымен анықталады

$$\cos \varphi = A_a / A_n = \sum_{i=1}^n P_{ai} t_i / \sum_{i=1}^n S_i t_i, \quad (8.33)$$

мында $S_i = \sqrt{P_{ai}^2 + Q_i^2}$.

ЭЖ айнаымалы ток қозғалтқышымен жұмысы, оған қоса «басқарылатын түзеткіш – тұрақты ток қозғалтқыш» тұрақты тоғының ЭЖ жүйесі қуат коэффициентімен сипатталады,

АҚ қуат коэффициенті. Қуаттың белсенді P_a және реактивті Q үш фазалық АҚ белгіленген жұмыс режиміне қарай келесі формулар бойынша есептеледі:


$$P_a = P_1 = P_{\text{мех}} + \Delta P = M\omega + K + V_1 + V_2; \quad (8.34)$$

$$Q = 3I_\mu^2 x_\mu + 3I_1^2 x_1 + 3I_2^2 x_2' \quad (8.35)$$

$R_\mu \approx 0$ және $I_\mu = U_\phi / x_\mu$ болғанда АҚ П-түрлі алмастыру сұлбасының (5.2 суретін қ.) формуласын (8.35) былай жазуға болады:

$$Q = 3U_\phi I_\mu + 3I_2^2 x_k = 3U_\phi I_\mu + M\omega_0 s x_k / R_2'. \quad (8.36)$$

8.3, а суретінде АҚ номиналды қуат коэффициентінің түрлі номиналды қуаттардан $P_{\text{ном}}$ және полюстер p сандарынан (егер $p_1 = 1$ қисық 1, егер $p=4$ қисық 2 кезінде) тәуелділігі келтірілген. Номиналды қуат пен айналу жылдамдығы жоғары болған қозғалтқытар үшін $\cos \varphi_{\text{ном}}$ жоғары болған мәні тән.



8.3 сурет

Көпшілік АҚ $\cos \varphi_{\text{ном}} \sim 0,8-0,9$. Бұл мәндерге $Q = (0,5-0,75) P_1$, яғни, АҚ белсенді қуаттың әр киловатына желіден 0,5-0,75 кВА реактивті қуатты тұтынады және неғұрлым $\cos \varphi$ төмен болса соғұрлым АҚ желіден көп реактивті қуатты қолданады, ал ол қосымша тоқпен жүктей отыра қосымша шығындар тудырады.

АҚ қуат коэффициенті біршама оның жүктемесіне тәуелді болады. Бос жүріс кезінде АҚ қуат коэффициенті көп емес, себебі бұл ретте белсенді қуатпен салыстырғанда реактивті қуат үлесі біршама жоғары. АҚ жүктемесі өскенде шамамен оның номиналды мәндерінің тұсында өзінің максималды мәніне жетіп $\cos \varphi$ мәні де өседі. $\cos \varphi_{\text{ном}}$ түрлі номинал мәндері кезінде сериясы 4А АҚ үшін $P / P_{\text{ном}}$ жүктемесінің механикалық еселігіне $\cos \varphi$ тәуелділігі 8.3 б-суретінде көрсетілген.

АҚ электрмен жабдықтау жүйесінде реактивті қуаттың негізгі тұтынушылары болып келеді, сондықтан олардың қуат коэффициентін арттыру маңызды техникалық-экономикалық міндетті білдіреді. Қазіргі таңда АҚ $\cos \varphi$ арттырудың бірнеше әдістері бар.

Аз жүктелген АҚ қуаты аз қозғалтқыштармен ауыстыруы, 1, 2, 3 қисықтармен келтірілген, олар сәіндейкесінше $\cos \varphi_{\text{ном}} = 0,9; 0,8$ және 0,6 (8.3, б-с. қ.) кезінде құрылған. Аз қуатты АҚ ауыстырған кезде артықтау $\cos \varphi$ -пен үлкен жүктемелер саласында жұмыс істейтін болады. Толық жүктелген қозғалтқыштың ПӘК

жоғары болатынын ескертеміз. Қозғалтқыштың ауыстырылуы ЭЖ кез-келген жаңғыруы сияқты экономикалық негізделуі тиіс.

Бос жүрістегі АҚ жұмыс уақытын, яғни төмен $\cos \varphi$ – мен жұмыс уақытын шектеу. Ол үшін қозғалтқыш оның бос жұмысы кезінде автоматты түрде немесе оператормен сөндіріледі.

Аз немесе айнымалы жүктемемен жұмыс істейтін *АҚ қоректену кернеуінің төмендеуі*. Бұл ретте желіден тұтынылатын ток пен реактивті қуат азаяды және $\cos \varphi$ көбейеді. Бұл әдіс кернеу реттегішінің көмегімен (5.5 тарау. Қ.) немесе мүмкіндік болса статор орамын үшбұрыш сұлбасынан жұлдызға ауыстырумен іске асырылады, ол әр фазаның орамында $\sqrt{3}$ рет кернеу төмендеуіне әкеледі.

АҚ СҚ-ға ауыстыру, егер ол жұмыс машинасының технологиялық процесс шарттары бойынша мүмкін болғанда және экономика жағынан негізделгенде.

«Басқарылатын түзеткіш – тұрақты ток қозғалтқышы» (БТ-ТТҚ) жүйесінің қуат коэффициенті. Бұл жүйеде қозғалтқыш зәкірінің кернеуі басқарылатын түзеткіш шұраларының ашылуындағы кідіріспен реттелетіндіктен кернеуге қатысты ЭЖ тоғының фазасы жылжиды және ол реактивті қуатты желіден тұтына бастайды. Бұған қоса, БТ-ТТҚ жүйесінің жұмысы электрмен жабдықтау жүйесі кернеуінің синусоидалық формасының бұрмалануын туғызады, ол электр қозғалтқыштарының қызып кетуінен, олардың қуаты мен ПӘК төмендеуінен, жұмыс кезінде қатты вибрация мен шудың болуынан байқалатын басқа ЭЖ кері әсерін тигізеді.

Кернеудің синусоидалық формасының бұрмалануы басқа электр энергиясын қолданушылардың, автоматика, қорғау және хабарлағыш құрылғыларының қалыпты жұмысын бұзатын, байланыс желісінде кедергі тудыратын кернеудің жоғары гармоникасының пайда болуына әкеп соқтырады.

Кернеу мен токтың синусоидалсыздығы өлшегіш құралдарының қосымша қателіктеріне әкеледі, оған қоса реактивті қуатын өтеу үшін қолданылатын конденсаторлар батареяларына, олардың ток пен кернеу бойынша асқын жүктелуін тудырып кері әсер етеді.

БТ-ТТҚ жүйесінің қуат коэффициенті екі фактормен анықталады: ток желісінен қолданылатын негізгі бірінші гармониканың φ_1 бұрышпен ток кернеуі мен осы токтың бұрмалану коэффициентіне ν қатысты жылжуы:

$$\cos \varphi = \nu \cos \varphi_1, \quad (8.37)$$

$$\cos \varphi_1 = \cos(\alpha + \gamma/2), \quad (8.38)$$


мұнда $\nu = I_i/I$ – бұрмалану коэффициенті; I – ток желісінен қолданылатын әрекеттік мән; I_i – осы токтың бірінші

гармоникасының әрекеттік мәні; α , γ – сәйкесінше шұраларды басқару және коммутация бұрыштары.

Келтірілген өрнектерден тұрақты тоқ шұралық ЭЖ қуат коэффициенті қозғалтқыштың шұраларды басқару бұрышымен а анықталатын қозғалтқыш жылдамдығынан және коммутация бұрышы у анықтайтын оның жүктемесімен байланысты болатынын көреміз. Жылдамдықтың төмендеуі (реттеу диапазонының ұлғаюы) немесе жүктеменің көбеюі ЭЖ қуат коэффициентін азайтады. Қозғалтқыш білігіндегі номинал жүктеме кезінде (8.4, а-с.) $\phi^* = \phi / \phi_{0c}$ салыстырмалы жылдамдықтан шұралық ЭЖ $\cos \phi$ тәуелділік анализі қуат коэффициентінің азаюы жылдамдықтың төмендеуіне пропорционал жүретінін, яғни реттеу диапазонының ұлғаюын көрсетеді. Бұл келесі жылдамдықты реттеу кезіндегі қуат коэффициенті үшін жақын өрнектен де көрінеді:

$$\cos \phi \approx \cos \alpha = E_{dmax} = \omega 0 / \omega_{0e} \quad (8.39)$$

мұнда E_d – қайта жасаушының ЭДС; ω_0 – мінсіз бос жүру жылдамдығы, сәйкес E_d .



8.4 сурет

$M_c = \text{const}$ болған кезде қозғалтқыштың әр жылдамдықтағы бірдей жұмыс уақытымен жылдамдықты реттеу кезінде D реттеу диапазонынан қуаттың орташа циклдік коэффициентінің $\cos \phi_{св}$ тәуелділігі 8.4, б с. көрсетілген.

БТ-ТТҚ жүйесінің жұмысы кезінде қуат коэффициентінің артуы мен желі кернеуінің синусоидальдылығының азаюына бірнеше әдіспен қол жеткізуге болады:

Бір уақытта реактивті қуат орнын толтыруды, жоғарғы гармоникаларды сүзгілеу мен фазалар бойынша кемшіліктердің азаюын қамтамасыз ететін орнын толтырушы сүзгі және симметриялаушы сүзгі құрылғыларын қолдану есебінен.

Бұл құрылғыларды ЭЖ электр желісіне қосу түйінінде орналастырған жөн. Олар реактивті қуатты реттейтін және әдетте арнайы теристорлы қайта жасаушы негізінде орындайды басқарылмалы өтемдеуіштен және ЭЖ тоғының жоғарғы

гармониктарын сүзу, оған қоса реактивті қуаттың орнын толтыру үшін қолданылатын энергетикалық сүзгіден тұрады. Энергетикалық сүзгілер шұралық ЭЖ (жүктеме) жоғарғы гармоника жиілігіне ниеттенген бірізді индуктивті-сыйымды резонанстық тізбекті білдіреді. Сүзгінің параллель қосылған резонанстық тізбек саны кернеудің синусоидалсыздық коэффициенті 5% көп болмайтындай болуы керек. Әр жоғарғы гармоника үшін өзінің сүзгісі қолданылады;

синхронды қозғалтқыштар мен конденсаторлар, реактивті қуаттың тиристорлы көздері жататын дәстүрлі өтемдеуіш құрылғыларын қолдану жолымен. Синхронды қозғалтқыштар электрмен жабдықтау жүйесінде реактивті қуаттың орнын толтыратын ыңғайлы және тиімді құрал болып табылады. Өзінің негізгі жетекті электр қозғалтқыш қызметін орындай отыра СҚ бір уақытта желіге реактивті қуатты түрлендіре алады, яғни озық $\cos \phi$ жұмыс істейді, ол қозу токтарының сәйкес реттелуімен қамтамасыз етіледі (6.4 т. қ.). Синхронды өтемдеуіштер жүктемесіз жұмыс істейтін СҚ білдіреді. Олардың негізгі қызметі электрмен жабдықтау жүйесінде реактивті қуатты реттеуден тұрады. Өзінің әрекеті бойынша конденсаторлар тым аса қозған СҚ эквивалентті, басқа реактивті қуат көздерімен салыстырғанда олардың осы қуатты аз шығындау, монтажи мен пайдалануы қарапайым сияқты артықшылықтары бар. Олардың кемшіліктеріне түрлендіретін қуаттың кернеуден тәуелділігін, тоқ пен кернеу бойынша шамадан тыс жүктеме кезінде жеткіліксіз төзімділігін, оған қоса құрамында жоғарғы гармоника артық желілерде жұмысының нашарлауын жатқызуға болады. Реактивті қуаттың тиристорлы көздері шұраларының жасанды коммутациясы бар түрлендіргіштерді қолданумен құрылады. Мұндай қайта жасаушының түзетілген тоқ жағында реакторы (энергияның индуктивті жинақтаушысы) немесе конденсаторлар батареялары (энергияның сыйымды жинақтаушысы) болады. Түрлендіргіштің реактивті элементпен байланысы электрмен жабдықтау жүйесінде реактивті қуатты реттеу үшін құрылғы жасауға мүмкіндік береді;

БТ басқарудың арнайы заңдылықтарын және олардың ұраларын коммутациялау әдістерін қолдану жолымен, оларға өндеуіштерді кезекті және симметриясыз басқару және түрлендіргіштердің шұралар жасанды коммутациясы жатады. Бұл тәсілдердің болмысы [12] қаралған.

8.11* тапсырма. МТКН 412-6 типті АҚ төлқұжаттық деректері: ПВ = 25% қосу ұзақтығы кезінде $P_{\text{ном}} = 36$ кВт; $n = 920$ айн/мин; Қуат коэффициентін анықтаңыз оның табиғи сипатындағы жұмысы кезінде

 - Implemented using a thermal relay R_T (labeled as R_T in the diagram) that monitors the motor's temperature.
 - The relay is connected to the motor winding and the thermal relays $KR1$ and $KR2$.
- Motor:** A three-phase motor M is connected to the system.

АҚ-ны тоқтау үшін $SB3$ түймешегін басу қажет. KM түйістіргіші ажырағанда статор тізбегінде өз түйіспелерін ажыратып, қозғалтқышты айнымалы ток желісінен ажыратады. Осымен бір мезгілде $KM1$ аппараты тізбегінде KM түйіспесі тұйықталады және KT релесі тізбегінде KM түйіспесі ажырайды, бұл $KM1$ тежелу түйістіргішінің қосылуына, статор орамына R_t резисторы арқылы V түзеткішінен тұрақты токтің берілуіне және қозғалтқышты динамикалық тежелу режиміне ауыстыруға алып келеді. KT уақыт релесі қорегін жоғалтып, уақыттық кешігуді санауды бастайды.

272

өз түйіспелерін ажыратады, ол ажыратылады және статор тізбегіне тұрақты токтың берілуін тоқтатады. Сұлба бастапқы қалпына қайта оралады.


Динамикалық тежелудің қарқындылығы R_t резисторымен реттеледі, оның көмегімен қозғалтқыш статорында қажетті тұрақты ток белгіленеді.

Статордың айнаымалы және тұрақты ток көздеріне бір мезгілде қосылу мүмкіндігін болдырмау үшін аталған сұлбада осы аппараттардың шарғылары тізбегінде айқаса қосылған KM және $KM1$ ажыратқыш түйіспелерінің көмегімен типтік бұғаттау пайдаланылады.

Фазалық роторлы асинхрондық қозғалтқыштарды басқарудың негізінен орта және үлкен қуатқа есептелген типтік сұлбалары іске қосу, реверс және тежеу кезінде ротор тізбегінде қосымша резисторларының көмегімен токты шектеуді ескеруі тиіс. Кейбір жағдайларда резисторлар ротор тізбегіне қозғалтқыштың іске қосу моментін ұлғайту мақсатында енгізіледі.

Асинхронды қозғалтқыштың уақыт функциясында бір сатыда іске қосылу және ЭҚК функциясында қосуға қарсылықпен тежелу сұлбасы (10.35-сурет) келесі түрде жұмыс істейді. Кернеу берілгеннен кейін KT уақыт релесінің қосылуы орын алады, ол өзінің ажыратқыш түйіспесімен $KM3$ түйістіргіші қорек тізбегін үзеді, сол арқылы оның қосылуын және ротор тізбегінде қосу резисторларының уақытынан бұрын қысқа тұйықталуын болдырмайды.

$SB1$ түймешегін басу кезінде $KM1$ түйістіргіші қосылады, статор желіге жалғанады, YB электромагниттік тежегіші тежеуден босатылады



10.35 сурет

және қозғалтқыштың екпін алуы басталады. $KM1$ түйістіргішін қосу бір мезгілде $KM4$ түйістіргішінің іске қосылуына алып келеді, ол өзінің түйіспелерімен қосу кезінде қажет емес $R_{д2}$ қосуға қарсылық резисторын ұштастырады, сондай-ақ КТ уақыт релесішарғысы тізбегін үзеді. Соңғысы қорегін жоғалтып, уақыттық кешігуді санауды бастайды, осыдан кейін $KM3$ түйістіргіші шарғысы тізбегінде өзінің түйіспесін тұйықтайды, ол іске қосылып, ротор тізбегінде $R_{д1}$ қосу резисторын ұштастырады және АҚ өзінің табиғи сипаттамасына шығады.

Схемада тежелуді басқаруды ротордың ЭҚК деңгейін (жылдамдықты) бақылайтын KV тежелу релесі қамтамасыз етеді. R_p резисторының көмегімен ол іске қосу кезінде ($0 < s < 1$) роторда көзделген ЭҚК қосу үшін үшін жеткіліксіз болатындай, ал қосылуға қарсы режимде ($1 < s < 2$) жеткілікті болатындай түрде реттеледі.


Қозғалтқышты тежеуді жүзеге асыру үшін $SB2$ қосарлы түймешегін басу қажет, оның ажыратқыш түйіспесі $KM1$ түйістіргіші шарғысының қорек тізбегін үзеді, АҚ-ны желіден ажыратады, бұл ретте $KM4$ түйістіргішінің қорек тізбегі үзіледі және KT релесінің қорек тізбегі тұйықталады, яғни $KM3$ және $KM4$ түйістіргіштері ажыратылады, ал АҚ роторы тізбегіне $R_{д1}$ және $R_{д2}$ кедергісі енгізіледі.

$SB2$ түймешегін басу бір мезгілде $KM2$ түйістіргіші шарғысының қорек тізбегін тұйықтауға алып келеді, ол қосылып, қозғалтқышты статордағы желілік кернеудің фазаларын басқа кезектестіру арқылы желіге қайта қосады, яғни АҚ қосуға қарсылықпен тежелу режиміне көшеді. Бұл ретте KV релесі іске қосылады және $SB2$ түймешегі жіберілгеннен кейін өзінің және оның тұйықтағыш түйіспелері арқылы $KM2$ түйістіргішінің қорегін қамтамасыз етеді.

Тежелудің соңында жылдамдық нөлге жақындағанда және ротордың ЭҚК төмендегенде KV релесі ажырайды және өзінің ажыратқыш түйіспесімен $KM2$ түйістіргіші шарғысының қорек тізбегін үзеді. Соңғысы қорегін жоғалтып, қозғалтқышты желіден ажыратады және сұлба бастапқы қалпына келеді. Бұл ретте YB тежегіші қорегін жоғалтып, АҚ білігінің бекітілуін (тежелуін) қамтамасыз етеді.

Асинхронды қозғалтқыштың ток функциясында бір сатыда іске қосылу және жылдамдық функциясында динамикалық тежелу сұлбасына (10.36-сурет) $KM1$, $KM2$ және $KM3$ түйістіргіштері, KA ток релесі, SR жылдамдықты бақылау релесі, KV аралық релесі, динамикалық тежелуге арналған T төмендеткіш трансформаторы, VD түзеткіші кіреді. Жоғарғы ток қорғанысы $FA1$ және $FA2$ сақтандырғыштарымен, ал артық жүктемеден қорғаныс $KK1$ және $KK2$ жылу релелері арқылы жүзеге асырылады.

Сұлба төмендегі түрде жұмыс істейді. QF автоматтық ажыратқышының көмегімен қозғалтқышты қосу үшін кернеу берілгеннен кейін $SB1$ түймешегі басылады, яғни $KM1$ түйістіргіші қосылады, оның күштік түйіспелерімен қозғалтқыш желіге қосылады.



10.36 сурет

Ротор тізбегінде токтың берілуі КА ток релесінің қосылуын және $KM2$ жылдамдатқыш түйістіргіші тізбегінің ажырауын туғызады, яғни қозғалтқыштың екпін алуы ротор тізбегінде R_{2d} қосқышрезисторымен басталады.

KM1 түйістіргішінің қосу *SBI* түймесінің ұштастырылуына, *KM3* тяжелу түйістіргіші шарғысы тізбегінің ажырауын және *KV* кернеудің аралық релесінің қосылуын туғызады, бұл *KM2* түйістіргішінің қосылуын туғызбайды, себебі бұған дейін аталған тізбекте *KA* релесінің түйіспесі ажыратылған болатын.


Қозғалтқыштың жылдамдығы артуына қарай ЭҚК және ротордағы ток төмендейді. Ротордағы токтың мәні КА босату релесінің тогіне тең болған жағдайда ол ажырайды және өзінің ажыратқыш түйіспесімен *КМ2* түйістіргіші корек тізбегін үзеді, ол қосылғаннан кейін $R_{2д}$ қосқыш резисторын ұштастырады, осыдан кейін АҚ өзінің табиғи сипаттамасына шығады. Қозғалтқыштың айналысы *КМ3* түйістіргіші тізбегінде *SR* жылдамдық релесі түйіспесінің тұйықталуын туғызады, алайда бұған дейін оның тізбегінде *КМ1* түйістіргішінің түйіспесі ажыратылғандықтан, ол іске қосылмайды.

Қозғалтқышты тежелу режиміне ауыстыру үшін SB2 түймешегін басу қажет. Бұл ретте $KM1$ түйістіргіші қорегін жоғалтады және қозғалтқышты айнымалы ток желісінен ажыратады. $KM1$ түйістіргішінің түйіспелері тұйықталғаннан кейін $KM3$ тежелу түйістіргіші қосылады, ол T трансформаторына қосылған VD түзеткішінен статор орамы қорегі тізбегін тұйықтай отырып, АҚ-ны динамикалық тежелу режиміне ауыстырады. Бір мезгілде KV және KM2 аппараттары қорегін жоғалтады, бұл R_{2d} резисторын ротор тізбегіне енгізуді қамтамасыз етеді және қозғалтқыш тежелу бастайды.

Қозғалтқыштың нөлге жақын жылдамдығы кезінде *SR* жылдамдықты бақылау релесі *KM3* түйістіргіші шарғысының қорек тізбегіндегі өзінің түйіспесін ажыратады, ол ажырап, тежелуін тоқтатады. Сұлба бастапқы қалпына қайтып оралады және одан әрі жұмыс істеуге дайын болады.

Егер *KA* ток релесі шарғысын ротордың емес статордың фазасына қосса сұлбаның әрекет ету қағидаты өзгермейді.

ПДУ6220 типті панель (10.37-сурет) фазалық және қысқа тұйықталған роторлы АҚ басқару панельдерінің жүйеленген құрамына кіреді және оларды екі сатыда іске қосуды және уақыт функциясында динамикалық тежелуді қамтамасыз етеді.



10.37 сурет

Сұлбаға *Q1*, *Q2* ажыратқыштарымен және *QF* автоматымен 220 В тұрақты ток кернеуін және 380 В айнымалы ток кернеуін беру кезінде *KT1* уақыт релесі қосылады да ротор тізбегінде толық қосқыш резистормен қозғалтқышты іске қосуға дайындайды. Бір мезгілде егер пәрменді бақылағыш тұтқасы нөлдік (орта) позицияда және *FA1...FA3* максималдық-ток релесі қосылмаған болса, қорек кернеуінің төмендеуінен қорғайтын *KV* релесі іске қосылып, сұлбаны жұмысқа дайындайды.

Қозғалтқышты іске қосуды немесе табиғи сипаттамалардың бірі бойынша жүзеге асырылады, бұл үшін *SA* тұтқасы тиісінше 1, 2 немесе 3 жағдайына орнатылады. Бұл ретте АҚ-ны желіге қосатын *KM1* желілік түйістіргіші, электрмагниттік тежегіштің *YA* шарғысы желісіне қосатын *KM5* тежеуді басқару түйістіргіші қосылады, ол бұл ретте қозғалтқышты және динамикалық тежелу процесін


басқаратын КТЗ уақыт релесін тежеуден босатады. SA тұтқасын 2 немесе 3 жағдайына ауыстыру кезінде КМ3 және КМ4 жылдамдату түйістіргіштері қосылады да қозғалтқыш екпін алуын бастайды.

Қозғалтқышты тежеу SA тұтқасын нөлдік (орта) жағдайына ауыстыру кезінде жүргізіледі. Бұл ретте КМ2 және КМ5 түйістіргіштері ажыратылады және АҚ-ны тұрақты ток көзіне қосатын КМ4 динамикалық тежелу түйістіргіші қосылады. Нәтижесінде қозғалтқышты құрамалы (механикалық және динамикалық) тежеу процесі жүргізіледі, ол КТЗ релесі тежелу уақытына сәйкес келетін уақыттық кешігуді санауынан кейін аяқталады.

10.9. СИНХРОНДЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШТАРЫ БАР ЭЛЕКТР ЖЕТЕКТЕРІН БАСҚАРУДЫҢ ТИПТІК ТОРАПТАРЫ МЕН СҰЛБАСЫ

СҚ басқарудың релелік-түйістіргіштік схемалары қозғалтқышты қосу және ажырату, қосу токтерін шектеу сияқты әдеттегі операциялардан басқа оның желіде синхрондалуын қамтамасыз етуі тиіс. Қозғалтқышты желіде синхрондау кезінде қозуды басқаруды қамтамасыз ететін СҚ бар ЭЖ типтік сұлбаларын қарастырайық.

Жылдамдық функциясында СҚ қозуын басқарудың типтік сұлбасы (10.38, а-сурет). Бұл сұлбада қозу орамын U_B қорек көзіне қосуды КР жылдамдық релесімен басқарылатын КМ2 түйістіргіші жүзеге асырады. Бұл реленің шарғысы R_p разрядтық резисторы бөлігімен VD диоды арқылы байланысады. КМ1 түйістіргішін қосу кезінде (оның басқару тізбегі суретте көрсетілмеген) қозғалтқыш статорының орамы айнымалы ток желісіне қосылады да айналатын магниттік өріс құрады, ол қозғалтқыш сәтін туғызып, соның әсерінен екпін алуын, ал қозу орамында ЭҚК басталады. Осы ЭҚК әсерінен КР релесінің шарғысы бойынша түзетілген ток жүре бастайды, ол



10.38 сурет

КМ2 түйістіргішінің қорек тізбегін қосады және ажыратады, яғни қозғалтқыштың екпін алуы қозу орамымен R_p разрядтық резисторына қысқа тұйықталған қозу тогінсіз жүргізіледі.

Ротор жылдамдығы өсуіне қарай оның ЭҚК, яғни *KR* релесі шарғысындағы ток те төмендейді. Синхрондалатын жылдамдық кезінде *KR* релесі шарғысындағы ток іске қосу тогінен аз болады, ол ажыратылады және сол арқылы қозу орамын қорек көзіне қосатын, *СҚ* желімен синхрондалу процесін қамтамасыз ететін *КМ2* түйістіргішінің қосылуын туғызады.


Ток функциясында *СҚ* қозуын басқару сұлбасына (10.38, б-сурет) *КА* ток релесі, *ТА* ток трансформаторынан қоректенетін орам және *КТ* уақыт релесі кіреді. Қозғалтқышты желіге *КМ1* түйістіргішімен қосу кезінде *статор орамы тізбегінде* іске қосу тогі беріліп, *КА* релесінің іске қосылуына алып келеді. Бұл реленің түйістіргіші *КТ* уақыт релесінің қорек тізбегін тұйықтай отырып, *КМ2* қозутүйістіргішінің ажыратылуын туғызады, яғни қозғалтқыштың екпін алуы алдыңғы жағдайдағы сияқты R_p разрядтық резисторына қысқа тұйықталған қозу орамымен жүргізіледі.

Синхрондалатын жылдамдық және *статорда* аз ток кезінде қозғалтқышты іске қосудың соңында *КА* релесі ажыратылады және *КТ уақыт* релесінің шарғысы қорегін жоғалтады. Белгілі уақыттық кешігумен *КМ2* түйістіргіші қосылады және өзінің түйіспелері арқылы *СҚ* желімен синхрондалу процесін қамтамасыз ете отырып, қозу орамын U_b қорек көзіне қосады.

Жоғарыда қарастырылған сұлбаларда *КМ2* қозу түйістіргіші іске қосылғаннан кейін R_p разрядтық резисторының тізбегі үзілетінін айта кеткен жөн, бұл оның жұмысының жылулық режимін жеңілдетеді және сұлбаның үнемділігін жоғарылатады.

Электртехникалық өнеркәсіпте әртүрлі үлгідегі *СҚ* басқару шкафтары мен типтік панельдері шығарылады. Мысал ретінде ПУ 7502 сериялы төменгі вольтты *СД* панельдерін басқару сұлбасын қарастырайық (10.39-суретті қараңыз), аталған сұлба оның тәуелсіз *НОВ* және жүйелі *ПОВ* қозу орамы, қоректендіру кернеуінің деңгейі төмендегенде қозуды үдеткіші бар *G* қоздырғышымен тікелей (токті шектеусіз) іске қосылуын қамтамасыз етеді. Сұлбада сонымен қатар, жылулық қорғаныс (*КК* релесі, *ТА1* және *ТА2* ток трансформаторлары), ток қорғанысы (*QF1* және *QF2* автоматтары) және айнымалы (*KV2*, *KV3* релесі) және тұрақты (*KV1* релесі) ток желілері кернеуінің төмендеуінен қорғаныс қарастырылған.

СҚ іске қосу және тұрақты ток кернеуінің сұлбасын қоректендіретін қалыпты деңгейде ғана мүмкін болады. Мұндай жағдайда, егер *SA* пәрменді бақылағыштың тұтқасы орта жағдайда болса, Және *QF1* мен *QF2* автоматтары қосылы болса, *KV2*, *KV3*



10.39 сурет

кернеу релелері және KT уақыт релесі іске қосылып, сұлбаны қосуға дайындайды. SA тұтқасын «Қос.» жағдайына ауыстырған кезде $KV1$ релесі іске қосылады, $KM1$ желілік түйістіргішінің шарғысы қорек көзіне қосылады, бір мезгілде CQ статорының орамына айнымалы токтың кернеуі беріліп, ол екпін алуын бастайды. Синхрондалатын жылдамдық кезінде G қоздырғышының және сәйкесінше қозғалтқыштың қозуы жүргізіледі, яғни оны желімен синхрондау процесі басталады.

Қоректендіргіш кернеудің күрт төмендеуі кезіндегі аталған сұлбаның жұмысы 10.5-бөлімінде қарастырылған (10.17-суретті қараңыз). $KM2$ үдету түйістіргішінің қосылғаны туралы KH көрсеткіш релесі сигнал береді. Сұлбада статор тогін бақылау үшін $PA1$ амперметрі, ал қозу тогін бақылау үшін RS тұйығынан қоректенетін $PA2$ амперметрі қарастырылған.

10.1-есеп. ЭКК функциясында бір сатыда ТҚТТҚ іске қосуды және уақыт функциясында қосуға қарсылықпен оның тежелуін қамтамасыз ететін басқару схемасын құру.

10.2-есеп. Уақыт функциясында екі сатыда ТҚТТҚ іске қосуды және жылдамдық функциясында (жылдамдықты бақылау релесін пайдаланып) оның динамикалық тежелуін қамтамасыз ететін басқару сұлбасын құру.

10.3-есеп. Уақыт функциясында фазалық ротормен екі сатыда АҚ іске қосуды және жылдамдық функциясында (жылдамдықты бақылау релесін пайдаланып) қосуға қарсылықпен оның тежелуін қамтамасыз ететін басқару сұлбасын құру.

10.4-есеп. Қысқа тұйықталған ротормен АҚ тікелей іске қосуды және уақыт функциясында қосуға қарсылықпен оның тежелуін қамтамасыз ететін басқару сұлбасын құру.

10.10. КОММУТАЦИЯ, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ АППАРАТТАРЫН ТАҢДАУ

ЭЖ коммутациясын, басқару және қорғау аппараттарын таңдауға қозғалтқыштың атаулы (паспорттық) деректері, оның жұмысының режимдері мен шарттары негіз болып табылады. Қолданылатын құрылғы өзіне жүктелетін барлық функцияларды толық қамтамасыз етуі және ЭЖ жұмыс шарттарына сәйкес келуі тиіс.

Автоматтық ажыратқыштар номинал тогі, кернеуі, токтың түрі, шектеулі коммутациялық қабілеттері, электрдинамикалық және термиялық тұрақтылығы, өзіндік қосылу уақыты бойынша таңдалады. Олардың барлық параметрлері әдеттегі және авариялық режимдерде ЭЖ жұмысына, ал құрылымдық орындалуы – орналастыру шарттарына сәйкес келуі тиіс.

Автоматтарда әртүрлі ағытқыштардың көмегімен қамтамасыз етілетін жылулық және максималдық қорғаныстар болған кезде олардың тағайындамасы қозғалтқыштың тиісті токтерінің деңгейлеріне сәйкес келуі тиіс. Жоғарғы ток қорғанысы қозғалтқышты іске қосу кезінде іске қосылмауы тиіс, бұл үшін оның $I_{у.м.}$ тағайындамасын арақатынасы бойынша таңдау қажет

$$I_{у.м.} \geq k_{у} I_{қосу} \quad (10.2)$$

Мұнда $I_{қосу}$ – қозғалтқыштың іске қосу тогі; $k_{у} = 1,5... 2,2$ – ағытқыштың түрін және тағайындамаға қатысты оның іске қосылу тогінің мүмкін болатын таралуын ескеретін коэффициент. Артық жүктемеден қорғаныс (жылулық қорғаныс) оның тағайындамасы тогі мен қозғалтқыштың номинал тогінің келесі арақатынасы кезінде тиімді болып саналады:

$$I_{у.т.} = (1,2-1,4) I_{ном.} \quad (10.3)$$

Автоматтың шекті коммутациялық қабілеті қысқа тұйықтау тогінің жоғарғы мәні болып саналады, ол жарамды қалпында оны бірнеше рет ажыратуға қабілетті.

Автоматтың электрдинамикалық тұрақтылығы қысқа тұйықтау тогінің амплитудасымен анықталады, оны зақымдамай ұстауға қабілетті.

Автоматтың термиялық тұрақтылығы жылудың жоғарғы рұқсаттық мөлшерімен анықталады, ол қысқа тұйықтау тогінің әсері кезінде оны зақымдамай ұстай алады. Бұл параметрлердің ЭЖ жұмыс шартына сәйкестігін анықтау үшін қысқа тұйықтау тогі алдын ала анықталады.

Электромагниттік аппараттар (түйістіргіштер, реле, магниттік қосқыштар). Олар таңдалатын көрсеткіштер қатарына бас тізбек пен басқару тізбегі (шарғылармен қоса) кернеуінің сипаттамасы мен мәні; түйістіргіштердің коммутациялық қабілеті мен саны, жол берілетін қосылулар жиілігі; жұмыс режимі; орналасу санаты; қоршаған орта әсерінен қажетті қорғаныс дәрежесі.

Басқару және қорғаныс функцияларын орындайтын релені таңдау кезінде кіретін әсер ету шамасының түрі (ток, кернеу, қуат), уақыттық кешігу (уақыт релесі), қайта коэффициенті, іске қосылу және босату уақыты қосымша ескеріледі.

Ажыратқыштар мен ауыстырғыштар кернеудің түрі мен мәні, жүктеме тогі, механикалық және электрлік тозуға тұрақтылық шарттары бойынша жол берілетін ауысулар саны, құрылымдық орындалуы бойынша таңдалады.

Басқару түймешектері мен кілттері кернеудің түрі мен деңгейі, коммутацияланатын ток мәні, коммутацияланатын тізбектер саны, талап етілетін қорғаныс деңгейі, климаттық жағдайлар, механикалық және электрлік тозуға тұрақтылық бойынша таңдалады.

Сақтандырғыштар. Сақтандырғышты балқымалы ендірмені таңдау қозғалтқыштың қосу тогімен анықталады, яғни ол оны іске қосу кезінде жанып кетпеуі тиіс. Қысқа тұйықталған роторлы АҚ үшін қосу уақыты 5 с дейінгі кезде балқымалы ендірме тогі

$$I_{п.в} = I_{косу}/2,5 \quad (10.4)$$

қосу уақыты 5 с артық кезде

$$I_{п.в} = I_{косу}/(1,6 \dots 2). \quad (10.5)$$

Фазалық роторлы АҚ және әдеттегі орындалған ТТҚ үшін балқымалы ендірме тогі номинал токке қатысты есептеледі:

$$I_{п.в} \geq (1 \dots 1,25) I_{ном}. \quad (10.6)$$

Басқару тізбегін қорғау үшін балқымалы ендірме тогі келесі шарттар бойынша таңдалады

$$I_{п.в} = 2,5 I_c, \quad (10.7)$$

Мұнда I_c – басқару сұлбасында бір мезгілде қосылған аппараттардың жоғарғы саны шарғыларының жиынтық тогі.

Максималток релесі. Қысқа тұйықталған роторлы АҚ қорғау кезінде токтің тағайындамасы арақатынасқа сәйкес таңдалады

$$I_{у.т} = (1, 2 \dots 1, 3) I_{\text{косу}} \quad (10.8)$$

ал фазалық роторлы АҚ және ТТҚ үшін

$$I_{у.т} = (2 \dots 2, 5) I_{\text{ном}} \quad (10.9)$$

Аппараттарды таңдау толығырақ [22]-да қарастырылған.

Бақылау сұрақтары

1. ЭЖ басқарудың ажыратылған сұлбалары негізінен қандай функцияларды орындайды?
2. Іске қосуды, реверсті, қозғалтқышты тежеуді басқарудың ажыратылған сұлбалары қандай қағидалар бойынша құрылады?
3. Қолмен басқару аппараттарын атаңыз және қызметін түсіндіріңіз.
4. Қашықтан басқару аппараттарын атаңыз және әрекет ету қағидасын сипаттаңыз.
5. ЭЖ координаттар датчиктерін атаңыз және қызметін түсіндіріңіз.
6. ЭЖ басқару сұлбаларында қорғаныстың қандай түрлері пайдаланылады?
7. ЭЖ-да қандай аппараттардың көмегімен қорғаныстың түрлері іске асырылады?
8. ЭЖ басқару сұлбаларында қолданылатын типтік бұғаттауларды атаңыз.
9. Түйіспесіз логикалық элементтер электр сигналдарын түрлендірудің қандай типтік операцияларын орындайды?
10. ЭЖ схемаларында қандай күштік резистор түрлері қолданылады?
11. ЭЖ-да тежегіш құрылғылардың қандай түрлері қолданылады?
12. Электргидравликалық итергіштің әрекет ету қағидасын түсіндіріңіз.
13. Тұрақты ток қозғалтқыштарын басқарудың типтік релелік-түйістіргіштік сұлбаларының жұмыс тәртібі туралы түсінігіңізді 10.1... 10.4 тапсырмаларын шеше отырып тексеріңіз.
14. Ақаулар болған жағдайда (мысалы, түйістіргіш пен реле шарғылары тізбектерінің үзілуі, олардың түйіспелерін пісіру, сақтандырғыштардың күйіп кетуі және т.б.) басқарудың типтік релелік-түйістіргіштік сұлбаларының жұмысы туралы түсінігіңізді тексеріңіз.

11-тарау. ЭЛЕКТР ЖЕТЕГІН БАСҚАРУДЫҢ ТҮЙЫҚТАЛҒАН СҰЛБАЛАРЫ УПРАВЛЕНИЯ ЭЛЕКТРОПРИВОДА


Тұйықталған сұлбалар сапасы жоғары жұмыс машиналарының атқарушы органдары қозғалысын басқаруды қамтамасыз ету талап етілетін жағдайларда қолданылады (жылдамдықты реттеудің үлкен диапазоны және оны қолдаудың дәлдігі, ауыспалы процестердің берілген сапасы және тоқтаудың қажетті дәлдігі, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ЭЖ өзінің жоғары үнемділігі немесе оңтайлы қызмет атқаруы).

11.1. ЭЛЕКТР ЖЕТЕГІНІҢ ТҰЙЫҚТАЛҒАН ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ СҰЛБАЛАРЫ

ЭЖ тұйықталған құрылымдары сыртқы наразылықтарды өтеу қағидасы және кері байланыс қағидасы деп аталатын бас тарту қағидасы бойынша құрылады.

Өтеу қағидасын ЭЖ сыртқы ұйытқуы – оның ω жылдамдығын реттеу кезіндегі M жүктеме моментін өтеу мысалында қарастырайық (11.1, а-сурет). ЭЖ мұндай тұйықталған құрылымының негізгі белгісі ЭЖ-ге кіруде $U_{3,c}$ жылдамдығының берілетін сигналымен бірге жүктеме моментіне барабар сигнал берілетін тізбектің болуы болып табылады: $U_m = k M_c$, мұнда k_m – барабарлық коэффициенті. Нәтижесінде ЭЖ басқару U_{Δ} жиынтық сигналымен жүзеге асырылады, ол жүктеу моментінің толқуы кезінде автоматты түрде өзгере отырып, ЭЖ жылдамдығын берілген деңгейде ұстап тұруды қамтамасыз етеді.

Тиімділігіне қарамастан, 11.1, а суретте келтірілген сұлба бойынша ЭЖ басқару M_c жүктеу моментінде (ұйытқу моменті) қарапайым және сенімді датчиктердің болмауына байланысты сирек жүзеге асырылады. Сондықтан тұйықталған сұлбалардың көпшілігінде ауытқу қағидасы (кері байланыс қағидаты) пайдаланылады, ол ЭЖ шығуын оның кіруімен жалғастыратын кері байланыс тізбегінің болуымен сипатталады. Аталған жағдайда жылдамдықты реттеу кезінде кері байланыс тізбегі пайдаланылады (11.1, б-суретті қараңыз), ол бойынша жылдамдықтың ағымдағы мәні туралы ақпарат (кері байланыс сигналы $U_{o,c} = k_{o,c} \omega$) ЭЖ кірмесіне беріліп, $U_{\Delta} = U_{3,c} - U_{o,c}$ (оны сонымен қатар келісілмеу немесе қателік сигналы деп атайды), ол жылдамдықтың берілген жылдамдықтан айырмашылығы кезінде



10.39 сурет

тиісінше автоматты түрде өзгереді және ЭЖ басқару жүйесінің көмегімен мұндай ауытқуларды жояды.

ЭЖ немесе жұмыс машинасының басқа координаталарын реттеу қажеттілігі кезінде осы координаталар бойынша кері байланыстар пайдаланылады. Тұйықталған ЭЖ-де қолданылатын барлық кері байланыстар оң және теріс, желілік және желілік емес, қатаң және

иілгіш болып бөлінеді. Оң кері байланыс деп сигналы берілетін сигналмен сәйкес бағытталған сигнал аталады, *теріс* байланыстың сигналы оған қарсы бағытталған («-»)11.1, б-сурет).

Қатаң кері байланыс ЭЖ орнатылған және ауыспалы режимдерінде де әрекет етеді. *Иілгіш* кері байланыс сигналы ЭЖ ауыспалы режимдерінде ғана қолданылады және олардан талап етілетін сапаны қамтамасыз етуге, мысалы, жол берілетін қайта реттеуде қозғалыстың тұрақтылығы және т.б. үшін қызмет атқарады.


Желілік кері байланыс үшін реттелетін координата мен $U_{\text{с}}$ кері байланыс сигналы арасындағы барабар тәуелділік тән, *желілік емес* байланысты іске асыру кезінде бұл тәуелділік желілік емес.

ЭЖ-да реттелетін координаталардың түріне қарай жылдамдық, жағдай, ток, кернеу, магниттік ағын, ЭҚК бойынша байланыстар пайдаланылады.


ЭЖ-да көрсетілген “ішкі” кері байланыстардан басқа технологиялық процестердің берілген жүрісі мен сапасын қамтамасыз ету үшін түрлі технологиялық датчиктердің, мысалы температураның, тартылу, кесу күші, қысым, шығын және т.б. датчиктердің сигналдары беріледі. Бұл жағдайда ЭЖ технологиялық процесті немесе операцияны іске асыратын жұмыстық машинамен немесе механизммен бірге автоматтық реттеу жүйесін құрады (11.2-сурет). Бұл жүйеде ЭЖ шығу координатасы $X_{\text{шығ}}$ (мысалы, жылдамдық) РМ жұмыстық машинасы үшін басқарушы әсер болып табылатын және оны беретін сигналдың $X_{\text{зп}}$, сондай-ақ ұйытқыш әсердің $X_{\text{ұйтқ2}}$ өзгерістері кезінде технологиялық процестердің берілген жүрісін қамтамасыз ететін күштік реттегіш құрылғы болып табылады. Аталған жағдайда ЭЖ үшін берілетін сигнал $X_{\text{з.т}}$ технологиялық параметрдің берілетін сигналы мен $X_{\text{т.о.с}}$ технологиялық кері байланыс берілетін сигналы арасындағы ауытқу сигналы (келісілмеу) болып табылады. Технологиялық кері байланыс сигналдары бірнеше болуы мүмкін, ал ЭЖ үшін берілетін сигналды шығару үшін ЭЕМ немесе микропроцессорлар пайдаланылады.

Жоғарыда айтып өткендей, атқарушы органның қозғалысын басқару үшін кейде ЭЖ бірнеше координаталарын, мысалға, ток (сәт) пен жылдамдықты реттеу талап етіледі. Мұндай жағдайда тұйықталған ЭЖ келесі құрылымдық схемалардың бірі бойынша орындалады.

Жалпы күшейткіші бар ЭЖ схемасы (11.3-сурет). Сұлбада қабылданған белгілер талдау қолайлылығы үшін екі бөлікте – ЭЧД және механикалық МЧД түрінде көрсетілген электр қозғалтқышын қоспағанда 1.1-суреттегі ЭЖ жалпы сұлбасына сәйкес келеді.



11.2 сурет




11.3 сурет

Сұлба ЭЖ екі координаталарын – ток (момент) пен жылдамдықты реттеуді қамтамасыз етеді. Бұл сұлбада $C_{ост}$ тогі және $C_{осс}$ жылдамдығы бойынша кері байланыс сигналдары $УУ$ басқарушы құрылғысының кірмесіне U_{3c} жылдамдығының берілетін сигналымен бірге беріледі, мұнда алгебралық жинақталады. Сұлба іске асыру қарапайымдылығымен ерекшеленеді, бірақ ЭЖ координаталарын бір-бірінен тәуелсіз реттеуге мүмкіндік бермейді. ЭЖ теориясында бөлгіштер деп аталатын желілік емес кері байланыстарды пайдалану есебінен кейбір диапазонда оларды тәуелсіз реттеуді жүзеге асыруға болады, бұл аталған кемшілікті ішінара жояды.

Координаталарды бағынысты реттеу сұлбасы (11.4-сурет) алдыңғысынан принципті түрде ерекшеленеді. Онда әрбір координатаны реттеу тиісті кері байланыстармен тұйықталған контурлар құратын өзіндік реттегіштермен (ток PT , жылдамдық PC) жүзеге асырылады. Бұл контурлар $U_{3,T}$ ток контуры үшін кіру (беру) сигналы жылдамдық контурының оған қатысты сыртқы шығу сигналы болып табылатындай түрде орналасады. Осылайша, токтың ішкі контуры сыртқы жылдамдық контурына – ЭЖ негізгі реттелетін координатына бағынатын болады.

Мұндай сұлбаның негізгі артықшылығы әрбір координатаны оңтайлы баптау мүмкіндігіне негізделеді, осыған байланысты ЭЖ-да кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, ток контурының жылдамдық контурына бағынуы ток пен моментті шектеу процесін оңайлатуға мүмкіндік береді, бұл үшін тек жылдамдық реттегіші



11.4 сурет

шығуында сигналды тиісті деңгейде ұстап тұру қажет (ток деңгейін беру сигналы).

Қозғалтқыш білігінің жағдайын реттеу үшін 11.3 және 11.4-суреттерінде келтірілген сұлбаларға тиісті кері байланысты енгізу қажет.

Қарастырылған схемалар жеке алынған жұмыс машинасының басқару құрылымын көрсетеді. Көптеген нақты технологиялық процестерде бірнеше өзара әрекет ететін жұмыс машиналары мен механизмдерін бірыңғай кешенге біріктіру көзделеді. Мұндай технологиялық кешендер автоматтандырылады, бұл ретте ЭЖ негізгі функция атқарады. Тиісті басқару есебінен олар барлық технологиялық операциялардың талап етілетін жүйелілігін қамтамасыз етеді, өнеркәсіптік жабдықтың және ЭЖ оңтайлы жұмыс режиміне қол жеткізіледі, қажетті бұғаттаулар мен қорғаныс жүзеге асырылады.

Технологиялық кешендерді басқару үшін ЭЕМ кеңінен пайдаланылады. Олар технологиялық процестің барысы туралы үлкен көлемдегі ақпаратты жылдам өңдеуді жүргізуге, берілген бағдарламаға сәйкес жұмыс машиналары мен механизмдерінің ЭЖ-на басқарушылық әсерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әсіресе күрделі технологиялық процестерді тұтас, сондай-ақ жекелеген өндірістік операциялар мен циклдерді автоматтандыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін микропроцессорлық басқару техникасын пайдалану кезінде үлкен мүмкіндіктер ашылады.

11.2. ЭЛЕКТР ЖЕТЕГІН БАСҚАРУДЫҢ ТҰЙЫҚТАЛҒАН СҰЛБАЛАРЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ

ЭЖ басқарудың заманауи тұйықталған жүйелері әдетте дұрыс тандау мен пайдалану кезінде басқарудың, автоматтандыру мен диагностиканың кең функционалдық мүмкіндіктерімен, пайдаланудағы сенімділігімен, жоғары ПӘК-мен және бағасының қатысты төмендігімен ерекшеленетін жартылай өткізгіш элементтер мен құрылғылардың негізінде іске асырылады. Сонымен қатар, ЭЖ элементтерін қорек көзіне қосу, қорғаныс пен дабылдың бірқатар түрлері бұл жүйелерде қолмен және электромагниттік басқарылатын жоғарыда қарастырылған электрлік аппараттардың көмегімен жүзеге асырылады.

Тұйықталған ЭЖ күштік бөлігі қандай да бір түрлендіргіштің – түзеткіштің, инвертордың, жиілікті түрлендіргіштің, тұрақты немесе айнымалы токтың кернеуін реттегіштің негізінде іске асырылады. Бұл түрлендіргіштерде олардың негізінде диодтар, тиристорлар, транзисторлар мен түрлі модульдер (біріктірілген құрылғылар) пайдаланылады.

Диодтар (басқарылмайтын вентильдер) басқарылмайтын түзеткіштер сұлбаларында қолданылады және бірнеше килоамперге дейінгі токтерге және бірнеше киловольт кернеуге шығарылады. Сонымен қатар, белгілі склба бойынша бір корпуста жалғанған бір немесе одан көп диодтар түріндегі диодтық модульдер де шығарылады.

Тиристорлар (басқарылатын диодтар) түрлендіргіштердің барлық түрлерінде пайдаланылады. Сонымен қатар, тікелей кернеу импульсымен қосылатын диодтық тиристорлар (динисторлар), екі қарсы-параллель қосылған тиристорларға теңсимметриялық тиристорларнемесе симмисторлар (ағылш. TRIAC), желілік ағынмен басқарылатын оптотиристорлар, жылдам әрекет ететін жоғары жиілікті тиристорлар және т.б. пайдаланылады. Аталған толық басқарылмайтын, анодта кернеудің өрістілігі өзгерген кезде ғана басқарушы сигналды алғаннан кейін жабылатын тиристорлармен қатар, түрлендіргіштерде техникалық әдебиеттерде GTO ретінде белгіленетін толық басқарылатын (жабылатын) тиристорлар да қолданылады. Мұндай тиристорларды ажырату (жабу) олардың басқарушы электродына теріс басқару тогі импульсын еру арқылы жүргізіледі.

Қуатты тиристорлар бірнеше килоамперге дейінгі жұмыс токтеріне және бірнеше киловольтқа дейінгі кернеуге есептелген. Сондай-ақ әртүрлі жасалған тиристорлық және тиристорлық-диодтық модульдер қолданылады, оларда күштік элементтерді басқару мен қорғауды қамтамасыз ететін қосымша орнатылған элементтер болуы мүмкін. Мұндай модульдерді кейде «зияткерлік күштік модульдер» деп атайды.

Транзисторлартолық басқарылатын құралдар болып табылады және өздерінің техникалық сипаттамалары бойынша биполярлық, оқшауланған бекітпелі биполярлық (ағылш. IGBT), далалық (ағылш. MOSFET) және статикалық индукциялы далалық (ағылш. SIT) болып бөлінеді. Күштік транзисторлық түрлендіргіштерде биполярлық (қосулы күйінде қуатты шығынының төмендігі) және далалық (жоғары кіру кедергісі) транзисторлардың оң қасиеттерін иеленген IGBT үлгілі транзисторлар кеңінен таралған.

Күштік транзисторлар әртүрлі түрлендіргіштердің типтік сұлбаларына сәйкес келетін модульдер түрінде шығарылады. Олардың замануи орындалуында басқару, қорғау, диагностика және сұлбаның басқа элементтерімен байланыс функцияларын жүзеге асыратын қосымша элементтердің болуы қарастырылған.

Қозғалтқышты басқарудың күштік түрлендіргіштер іске асыратын заңдарын қалыптастыру үшін ЭЖ тұйықталған сұлбаларында басқарушы элементтердің белгілі жинағы болады: реттелетін координатаның өзгеру сипаты мен деңгейін белгілеуші

(бағдарламалық) құрылғылар; технологиялық процесс пен ЭЖ жұмысының барысы туралы ақпарат беретін реттелетін координаталар және технологиялық параметрлер датчиктері; беруші құрылғылар мен координаталар мен параметрлер датчиктерінің сигналдары негізінде басқарушы әсер қалыптастыратын реттегіштер мен функционалдық түрлендіргіштер; токтың түрі, деңгейлер және сигналдар түрі және т.б. бойынша олардың кіру және шығу сигналдарын келісімдеу есебінен барлық аталған элементтерді бірыңғай сұлбаға жалғауға мүмкіндік беретін келісуші элементтер.

Заманауи ЭЖ басқарушы құрылғыларын техникалық іске асыру алуан түрлі. Олар өздерінің элементтік базасы, токтың түрі, қуаты, құрылымдық орындалуы және басқа көптеген белгілері бойынша ерекшеленеді. Сигналдарды түрлендіру сипаты бойынша басқару құрылғылары аналогтық және дискреттік болып бөлінеді.

Аналогтық құрылғылар мен элементтер кіру және шығу сигналдары арасындағы функционалдық (желілік немесе желілік емес) тәуелділіктің болуымен сипатталады, бұл ретте шығу сигналы кез келген мәнді қабылдауы мүмкін. Күштік аналогтық құрылғыларға басқарылатын түзеткіштер және жиілікті түрлендіргіштер мысал бола алады, оларда шығу кернеуі мен жиілігі кіретін басқару сигналының деңгейіне қарай кең шеңберде реттелуі мүмкін.

Дискреттік элементтермен құрылғыларда кіру сигналы белгілі мәнге жеткен кезде пайда болатын немесе жоғалып кететін тек нөлдік немесе максималды шығу сигналы болуы мүмкін. Дискреттік элементтерге реле және түйіспесіз логикалық элементтер мысал бола алады. Дискреттік элементтердің негізінде ЭЖ басқарудың сандық схемалары құрылады.

Жоғарыда қарастырылған барлық күштік және басқару құрылғылары автоматтандырылған ЭЖ-да қолданылады. Жоғарғы техникалық және экономикалық әсерге бір ЭЖ-да түрлі элементтерді пайдалану арқылы қол жеткізуге болады.

Жақын уақытқа дейін реттеуші, белгілеуші, келісуші және функционалдық құрылғылар, сондай-ақ ЭЖ координаталары датчиктері жеке сериялармен «шашылып» шығарылды, бұл басқару схемасын жобалауды, оларды ретке келтіру мен пайдалануды қиындатты. Техникалық басқару құралдарын жасаудағы прогрестік құбылыс бірегей блоктық реттеу жүйесін (ББРЖ) әзірлеу болды. Бұл жүйені пайдалану жиынтық басқару құралдары өндірісін бірегейлендіруді қамтамасыз етеді, ЭЖ жобалауды, ретке келтіру мен пайдалануды жеңілдетеді, олардың техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартады.

ББРЖ жүйесі электрониканың қарапайым элементтерінде (ББРЖ-А) және интегралдық микросұлбаларда орындалатын (ББРЖ-АИ) аналогтық және қарапайым элементтерден (ББРЖ-Д)

және микросұлбалардан тұратын (ББРЖ-ДИ) дискреттік (сандық) болуы мүмкін.

ЭЖ басқару сұлбаларының маңызды сипаттамасы оларда жұмыс істеу алгоритмін өзгерту (қайта баптау) мүмкіндігінің болуы немесе болмауы болып табылады. Осы белгі бойынша олар қатаң (өзгермейтін) алгоритм сұлбалары және өзгерметін алгоритм сұлбалары болып бөлінеді.

Қатаң алгоритм сұлбаларында сигналдарды түрлендіру жалғасу сұлбасына және элементтердің сипаттамасына сәйкес жүзеге асырылады. Мұндай сұлбаның жұмыс істеу алгоритмін өзгерту үшін тиісті элементтерді ауыстыру (қайта монтаждау) қажет.

Бағдарламаланатын алгоритмдер сұлбалары осы құрылғылардың аппараттық бөлігінің жұмысын басқаратын бағдарламаны өзгерту есебінен басқаруды өзгертуге мүмкіндік береді. Мұндай құрылғыларды іске асыру басқарудың компьютерлік (микропроцессорлық) техника құралдарын пайдаланып жүзеге асырылады және заманауи ЭЖ маңызды даму үрдісі ретінде сипатталады.

11.3. ЭЛЕКТР ЖЕТЕКТЕРІН БАСҚАРУДЫҢ АНАЛОГТЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІ МЕН ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ

Мұндай элементтер мен құрылғылардың жұмысын ББРЖ жүйелері мысалында қарастырайық.

ББРЖ-А аналогтық тармағы тұрақты токтың транзисторлық күшейткіштері, пәрмендік және белгілегіш құрылғылары, функциялық түрлендіргіштер, координата датчиктері, келісу құрылғылары және қорек блоктары жинағынан орындалады және тұрақты токтың бірегейлендірілген сигналына есептелген (0 ± 10) мА, (0 ± 24) В, бұл оларда жалпы мақсаттағы транзисторларды пайдалануға мүмкіндік береді.

ББРЖ аналогтық тармағының дамуы интегралдық микросұлбаларда ББРЖ-АИ сериясын әзірлеу болып табылды, оларды қолдану басқару сұлбасының сипаттамасын жақсартуға және олардың функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік берді. ББРЖ-АИ блоктары ащалық ағытқышы бар ауысымды ұяшықтарда орналасады және баспалық монтажда ие. Бұл серия оның элементтерін ББРЖ-ДИ дискреттік элементтерімен және технологиялық процестерді автоматтандырудың басқа құрылғыларымен жалғауға мүмкіндік беретін бірегейлендірілген электрлік сигналға есептелген ± 10 В, ± 5 мА.

Операциялық күшейткіш (ОК) аналогтық жүйенің негізгі элементі болып табылады. Ол теріс кері байланыспен қамтылған, күшейткіш коэффициенті үлкен ($10\ 000$ дейін) тұрақты ток күшейткіші түрінде болады.

11.5-суретте келтірілген сұлба бойынша қосыған операциялық күшейткішкіру сигналдарын U_{BXI} түрлендіруді жүзеге асырады

$$U_{\text{ВЫХ}} = -z_{\text{o.c}} \sum_1^n (U_{\text{BXI}} / z_{\text{BXI}}), \quad (11.1)$$

мұнда n – кіру сигналдарының саны; z_{BXI} – жалпы жағдайда кешенді белсенді-сыйымдылық кіру кедергісі ОК, $z_{\text{o.c}}$ – кері байланыс желісінің кешенді кедергісі.

Қарапайым жағдайда ОК бір сигнал кіргенде U_{BX} , аз $z_{\text{o.c}} = R_{\text{oc}}$ и $z_{\text{BXI}} = R_1$, кіру сигналының түрленуі келесі түрде болады

$$U_{\text{ШЫҒ}} = -R_{\text{o.c}} U_{\text{КІР}} / R_1 = k U_{\text{КІР}}, \quad (112)$$

яғнионың $k = R_{\text{o.c}} / R_1$ коэффициентіне көбейтілуі және белгісінің қарама-қарсыға өзгеруі жүргізіледі. $R_{\text{o.c}} = R_1$ және $k = 1$ кезінде кіру сигналының белгі бойынша терістелуі орын алады.


Если $z_{\text{o.c}} = R_{\text{o.c}}$ және $z_{\text{BXI}} = R_{\text{BXI}}$ болса, онда ОК бір мезгілде тиісті коэффициентке көбейте отырып. оған берілетін электр сигналдарын қосуды жүзеге асырады, яғни

$$U_{\text{ВЫХ}} = - \sum_1^n (U_{\text{BXI}} / k_i), \quad (11.3)$$

мұнда $k_i = R_{\text{o.c}} / R_{\text{BXI}}$

Кіру тізбектеріне және кері байланыс тізбектеріне қосу кезінде ОК конденсаторлары резисторларымен қатар кіру сигналдарының ЭЖ-де талап етілетін басқару әсерін алу үшін қажетті басқа түрлі түрленулері жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндай сұлбалар реттегіштер деп аталады. 11.1-кестеде ОК пайдаланылатын реттегіштердің кейбір таралған сұлбалары келтірілген.

Реттегіштер өздерінің атауларына орындайтын кіру сигналдарын функционалдық түрлендірулеріне байланысты ие болды.



11.5 сурет

Пропорционал (П) реттегіш жоғарыда қарастырылған кіру сигналын ауқымды (пропорционал) түрлендіруді $k = R_{oc}/R_i$ коэффициентімен жүзеге асырады және оның белгісін терістейді. Кестеде t_0 уақыт моментінде оған сатылы кіру сигналын беру кезінде осы реттегіштің шығу сигналының уақыт ішінде өзгеру сипаттамасы көрсетілген. Бұл жағдайда шығу сигналы k түрлену коэффициенті мен кіру сигналын қайталайды. Реттегішке сатылы кіру сигналын беру кезінде $U_{\text{шығ}}(t)$ тәуелділігі оның ауыспалы функциясы атауын иеленді.

Интегралдық (И) реттегіш. Бұл реттегішті іске асыру үшін ОК кері байланыс тізбегіне C_{oc} конденсаторы, ал кіретін тізбекке R_i резисторы қосылады. Нәтижесінде реттегіш интеграциялау құрылғысы қасиетіне ие болады және оның шығу кернеуі кіру сигналының интегралымен анықталаы.

Дифференциалдық (Д) реттегіш. Бұл реттегішті жалғау сұлбасы $T = R_{oc} C I$ коэффициентімен кіру сигналын дифференциялауды қамтамасыз етеді. Дұрыс дифференцияланған реттегіштің ауыспалы сипаттамасы шексіз үлкен амплитуданың электрлік импульсы және аз ұзақтығы түрінде болады (оңайлату үшін кестеде $U_{\text{кір}}(t)$ кіру сигналының графигі көрсетілген жоқ).

Апериодты (А) реттегіш. Мұндай реттегіштің ауыспалы функциясы уақыт ішінде шығу сигналына экспоненциалдық тәуелділігі болып табылады.

Пропорционал-интегралдық (ПИ), пропорционал-дифференциалдық (ПД) және пропорционал-интегралдық-дифференциалдық (ПИД) реттегіштердің сұлбалары мен сипаттамалары 11.1-кестесінде келтірілген. Бұл реттегіштер ЭЖ-да басқарудың күрделі заңдарын іске асыру кезінде талап етілетін кіру сигналдарын кешенді түрлендіруді жүзеге асырады.


ББРЖ-АИ-да реттегіштер сұлбаларын іске асыру үшін К1УТ402А микросұлбаларында екі күшейткіші бар У2-АИ және У4-АИ операциялық күшейткіштерінің ұяшықтары, сондай-ақ кіру тізбегі, ОК кері байланыс және шығу сигналын шектеу элементтері қолданылады.

Функционалдық түрлендіргіштер ББРЖ-АИ құрамына кіреді және кіру сигналынан квадраттауға және квадраттық түбірді шығаруға (ПК-1АИ ұяшығы), аналогтық кіру сигналдарын көбейтуге және бөлуге (УМ-1АИ, УМ-2АИ, МДУ-1АИ ұяшықтары), сигнал модулін бөлуге (ВМ-1АИ ұяшығы), кіру және шығу сигналдары арасында желілік емес тәуелділікті жүзеге асыруға (ПФ-1АИ ұяшығы) мүмкіндік береді. Бұл түрлендіргіштер бір немесе бірнеше ОК базасында іске асырылады.

Электр сигналдарының басқа желілік емес түрлендіргіштерін ОК негізінде іске асырылатын көптеген сұлбалардың көмегімен де алуға болады. Мысал ретінде, сигналды шектеуді қамтамасыз ететін ОК қосу сұлбасын (11.6, а-сурет) қарастырайық.


Реттегіштің түрі	Сұлбасы	Түрлендіріштің түрі	Реттегіштің параметрлері	Ауыспалы функция
П		$U_{\text{вых}} = kU_{\text{вх}}$	$k = R_{0,c}/R_1$	
И		$U_{\text{вых}} = \frac{1}{T} \int U_{\text{вх}} dt$	$T = R_1 C_{0,c}$	
Д		$U_{\text{вых}} = T \frac{dU_{\text{вх}}}{dt}$	$T = R_{0,c} C_1$	
А		$U_{\text{вых}} = kU_{\text{вх}} + \frac{1}{T} \int U_{\text{вх}} dt$	$k = R_{0,c}/R_1$ $T = R_{0,c} C_{0,c}$	
ПИ		$U_{\text{вых}} = k(U_{\text{вх}} + \frac{1}{T} \int U_{\text{вх}} dt)$	$k = R_{0,c}/R_1$ $T = R_{0,c} C_{0,c}$	
ПД		$U_{\text{вых}} = k(U_{\text{вх}} + T \frac{dU_{\text{вх}}}{dt})$	$k = R_{0,c}/R_1$ $T = R_1 C_1$	
ПИД		$U_{\text{вых}} = k(U_{\text{вх}} (1 + T_2/T_1) + T \frac{dU_{\text{вх}}}{dt} + \frac{1}{T} \int U_{\text{вх}} dt)$	$k = R_{0,c}/R_1$ $T_1 = R_{0,c} C_{0,c}$ $T_2 = R_1 C_1$	

Бұл функцияны орындау үшін ОК кері байланыс тізбегіне $R_{о.с}$ резисторына параллель $VD1$ және $VD2$ екі стабилитроны қосылады. $U_{ст}$ стабилитрондарының тесілу (тұрақтану) кернеуіне сәйкес келетін шығу кернеуінің деңгейіне дейін $U_{шығ.}(U_{к.ір})$ желілік сипаттамасымен ОК әдеттегі масштабтық түрлендіргіш ретінде жұмыс істейді (11.6, б-суретті қараңыз). Шығу кернеуі $U_{сг}$ деңгейіне жеткен кезде стабилитронның тесілуі, кері байланыс тізбегінде эквиваленттік кедергіорын алады, демек (11.3) сәйкес, ОК күшейткіш коэффициенті нөлге тең болады, шығу кернеуі өзгеруін тоқтатады (шектеледі). Екі стабилитрон қосу $U_{шығ.}(U_{к.ір})$ симметриялық сипаттамасын алуды қамтамасыз етеді. Егер кері байланыс тізбегінен $R_{о.с}$ резисторын алып тастаса, схема сезімтал емес аймақсыз релелік желілік емес сипаттамасын алуды қамтамасыз етеді. Шығудағы $U_{сг}$ сигналы кіру сигналы түскеннен кейін дереу пайда болады.



11.6 сурет

Сигналдарды желілік емес түрлендірудің бірқатар сұлбаларында стабилитрондардың орнына тірек (жабушы) кернеудің потенциометрлері мен диодтар пайдаланылады. 11.7, а-суретте $VD1$, $VD2$ диодтары және тірек кернеудің потенциометрлері ТКП пайдаланылатын сұлба келтірілген. Диодтар $\pm U_{тр}$ тірек кернеулері оларды жабатындай түрде қосылады, себебі, катодтардың




11.7 сурет

потенциалымен салыстырғанда олардың анодтарының неғұрлым төмен потенциалы пайда болады. Сондықтан $U_{кр}$ сигналы $U_{тір}$ тірек сигналынан кем болған кезде диодтар жабық күйінде қалады және ОК шығуында кернеу болмайды. $U_{кр}$ сигналы $U_{тір}$ тірек сигналынан көбірек болған кезде диодтардың бірі ашылады және ОК шығуында кернеу пайда болады да одан әрі $k = R_{oc}/R_1$ күшейткіш коэффициентімен желілік түрде өзгереді. 11.7, б-суретте көрсетілген сипаттама сезімтал емес аймағы бар сипаттама деп аталады. $U_{тір}$ кернеу деңгейін және k күшейткіш коэффициентін өзгерте отырып, оның әртүрлі түрлерін қамтамасыз етуге болады.

11.6, а және 11.7, а-суреттерінде келтірілген біріктірілген сұлбалар сезімтал емес аймағы бар үш позициялы релеге сәйкес келетін $U_{кр}$ ($U_{шығ}$) сипаттамасын алуға мүмкіндік береді.

Пәрмендік (белгілеуші) құрылғылар СКА үлгісіндегі сельсинді басқару аппараты базасында іске асырылады. Олар үш түрде жасап шығарылады – тұтқалы жетекпен (СКАР), педальдық жетекпен (СКАП) және маховикті жетекпен (СКАЗ).

Сельсинді басқару аппаратының электрлік сұлбасын қарастырайық (11.8, а-сурет). ОК сельсин статорының бір фазалы орамы кернеуі $U_c = 110$ В жиілігі 50 Гц айнымалы ток желісіне қосылады. Айнымалы токтың $U_{шығ}$ шығу кернеуі ротор орамының екі фазасынан алынады және одан әрі VD басқарылмайтын түзеткіштің немесе ФСТ фазалық сезімтал түзеткіштің көмегімен түзетіледі. Бірінші жағдайда $U_{шығ1}$ шығу кернеуі тұрақты өрістілікке ие болады, ал екінші жағдайда $U_{шығ2}$ сигналының өрістілігі статор мен ротор кернеуі фазаларының жылжуына тәуелді болады. Осылайша, ФСТ шығу сигналының өрістілігі



11.8 сурет

айнымалы токтың кіру кернеуінің фазасымен анықталатын түзеткіш болып табылады.

Сельсин роторын бұру кезінде оның орамдарында берілетін ЭҚС амплитудасы және сәйкесінше $U_{\text{шығ}}$ шығу кернеуінің амплитудасы $U_{\text{шығ}}(\varphi)$ қисығы бойынша ротордың бастапқы жағдайында нөлден бастап ($\varphi = 0$) жоғарғы мәнге дейін $\varphi = 90^\circ$ (11.8, б-суретті қараңыз) өзгереді. Басқару аппаратының шығу сигналының желілік тәуелділігін алу үшін ротор бұрылыс бұрышы функциясында $\varphi = \pm 60^\circ$ аймағы пайдаланылады.


Сельсиндік басқару аппараты негізінде БЗС және БСШД үлгісіндегі ББРЖ қарқындылық задатчиктері орындалады. БЗС қарқындылық задатчигінде ротор РД-09 үлгілі бір фазалы реверсивтік атқарушы қозғалтқышымен жылжиды, ал БСШД задатчигінде ШДР 711 үлгілі қадамдық қозғалтқышы көмегімен жылжиды.

Басқару сұлбаларында, оның ішінде ББРЖ-да желілік және айналыс қозғалысты потенциометриялық белгілегіш құрылғылар (задатчиктер) кеңінен қолданылады. 11.8, в-суретте келтірілген сұлба шығуда екі өрісті сигналды алуды, ал 11.8, г, д-суретте келтірілген сұлба бір өрісті сигналды алуды қамтамасыз етеді.

Егер потенциометрлердің сырғақтарын атқарушы қозғалтқыштардың көмегімен жылжытса, олар қарқындылық задатчигі функцияларын орындай алады. Осындай қағида бойынша ББРЖ-да реостаттық жылдамдық блогы (РЖБ) жасалған, онда РД-09 қозғалтқышы редуктор арқылы РПП үлгісіндегі екі потенциометрдің сырғақтарын жылжытады. Потенциометр білікшелерінің бұрылу бұрышы $0-300^\circ$, олардың шеткі қалыптары микроажыратқыштармен шектеледі.

ББРЖ-да ЗИ-2АИ үлгілі статикалық (қозғалтқыш қолданылмай) қарқындылық задатчигі қарастырылған. Сатылы кіру сигналын уақыт ішінде желілік өзгертін шығу кернеуіне түрлендіруге арналған бұл құрылғыда төрт ОК қолданылады, оның біреуі басқарылатын шектеу режимінде (11.6, а-суретті қараңыз), екіншісі – интегратор режимінде (11.1-кестені қараңыз), ал үшінші мен төртіншісі – инверторрежимінде жұмыс істейді. Операциялық күшейткіштің ЗИ-2АИ ұяшығы өзінің шығу кернеуін $0,5-120$ с уақыт ішінде ± 10 В шеңберінде өзгертуді қамтамасыз етеді.

ЭЖ басқару сұлбаларында сонымен қатар уақыт ішінде өтетін конденсатор әсеріне құрылған қарқындылық задатчиктері қолданылады. 11.9, а-суретте С конденсаторы және R резисторы пайдаланылатын қарапайым қарқындылық задатчигі көрсетілген. R-С тізбегіне $U_{\text{кір}}$ сатылы кіру сигналын беру кезінде оның шығуындағы $U_{\text{шығ}}$ сигналы экспонент бойынша өзгертін болады (11.9, б-суретті қараңыз). $T = RC$ уақыт тұрақтысын өзгерте отырып, шығу сигналы өзгеруінің түрлі қарқынын алуға болады.




11.9 сурет

Электр жетектерінің координаталары датчиктері. Айтып өткеніміздей, тұйықталған ЭЖ-да талап етілетін статикалық және динамикалық сипаттамаларды қалыптастыру үшін жылдамдық, жағдай, ток пен кернеу бойынша тиісті датчиктердің көмегімен іске асырылатын кері байланыстар қолданылады. Жылдамдық пен токтың аналогты датчиктері 10.4-да қарастырылды. Тұйықталған ЭЖ басқарудың аналогты сұлбаларында қолданылатын кейбір басқа датчиктерді қарастырайық.

ТТҚ ЭЖ арналған *кернеу датчиктері* 11.10, а-суретте көрсетілгендей, М қозғалтқыштың зәкірі қысқыштарына қосылатын потенциометрдің негізінде орындалады. RP потенциометрінен алынатын $U_{он}$ кернеуі бойынша кері байланыс сигналының деңгейі, демек кернеу бойынша кері байланыс коэффициенті де потенциометр қозғалтқышының қалпымен анықталады.

Айнымалы ток қозғалтқыштарының ЭЖ-да кернеу бойынша кері байланыс сигналын алу үшін трансформаторлық сұлбалар пайдаланылады (11.10, б-суретті қараңыз). Аналогты сұлбалар УВ – ТТҚ жүйесінде қолданылады, мұнда кернеу трансформаторлары УВ айнымалы ток тізбегіне қосылады.



11.10 сурет

ББРЖ-да ток пен кернеу бойынша кері байланыс тізбектерін іске асыру ток пен кернеу датчиктері деп аталатын ПН-1АИ және ПН-2АИ ұяшықтары көмегімен жүзеге асырылады. Олар кері байланыс коэффициенттерін реттеуге мүмкіндік береді және күштік тізбектер мен басқару тізбектерінің гальваникалық шешімін қамтамасыз етеді.

Жағдай датчиктері атқарушы органның немесе қозғалтқыш білігінің жағдайына пропорционал электр сигналын алу үшін қолданылады. Мұндай датчиктерде сельсиндер, потенциометрлер мен айналатын трансформаторлар пайдаланылады.

Жағдайдың тұрақты токке шығатын сельсинді датчиктері (11.8, а-суретті қараңыз) атқарушы органмен немесе қозғалтқыш білігімен жалғанады, соның нәтижесінде олардың шығу кернеуі жағдайға пропорционал болады. ЭЖ-да БД 160, БД 404, БД 501, ДИД 505, НЭД-101 үлгісіндегі сельсиндер пайдаланылады.

Бақылаушы ЭЖ-да задатчиктің, жағдай датчигінің, келісілмеуді (қателікті) өлшегіштің функцияларын орындайтын сельсиндік құрылғы қолданылады. Оған екі сельсин, өзара жалғасқан ротор орамдары кіреді. Бұл ретте бір сельсиннің (задатчик) статор орамы қорек көзіне жалғанады (11.8, а-суретті қараңыз), ал басқа сельсиннің (датчик) статор орамынан кернеу алынады, оның мәні мен фазасы олардың роторлары жағдайы арасындағы келісілмеу бұрышымен анықталады. Бұл сигнал одан әрі фазалық сезімтал түзеткішке беріледі.

Жағдайдың потенциометрлік датчиктері 11.8, в...д суреттеріндегі сұлбалар бойынша орындалады. Мұндай датчиктің қозғалтқышын қозғалтқыш білігімен жалғастыру кезінде оның шығу кернеуі біліктің жағдайына пропорционал болады.

Айналатын трансформаторлар негізіндегі жағдай датчиктері электрмеханикалық құрылғылар болып табылады. Сельсиндердегі сияқты олардың шығу кернеулері жылжымалы бөліктің жағдайымен анықталады.

Келісу құрылғылары басқарудың түрлі элементтерін бірыңғай сұлбаға жалғау үшін қолданылады. ББРЖ-АИ-да мұндай құрылғыларға осы жүйенің элементтерін басқа құрылғылармен жалғауға мүмкіндік беретін +24 В кіру сигналы; кернеуі 1000 В дейін электр тізбектерін потенциалдық бөлу үшін қолданылатын РГ-2АИ және РГ-3АИ гальваникалық шешім ұяшықтары; басқару сұлбасында электр сигналдарының сүзгісін қамтамасыз ететін Ф1-АИ және Ф2-АИ сүзгі ұяшықтары бар У1-АИ келісуші күшейткіштің ұяшығы жатады.

ББРЖ құрамына сондай-ақ тұрақты және айнымалы токтың тұрақтандырылған шығу кернеуімен қорек блоктары кіреді.

11.4. ЭЛЕКТР ЖЕТЕКТІҢ ДИСКРЕТТІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ҚҰРАЛДАРЫ

Технологиялық процестерді басқаруда осы процестердің барысы және олардың жұмыс режимдерін оңтайландыру мақсатында ақпаратты жинау, өңдеу және бақылау үшін электрондық есептеу

машиналар (ЭЕМ) қолданылады. Есептеу техникасының құралдарын, оның ішінде бірінші кезекте микропроцессорлық басқаруды қолдана отырып, технологиялық процестерді кешенді автоматтандыру еңбек өнімділігін және сапасын айтарлықтай арттыруға, сонымен қатар жабдық жұмысының сенімділігін жоғарылатуға және қызмет көрсету персоналының жұмыс жағдайларын жақсартуға мүмкіндік береді.

Жұмыс машиналары мен механизмдердің жұмыстарын кешенді ақпараттандыруда олардың ЭЖ-ға қойылатын көптеген талаптар басқарудың цифрлық сұлбаларын орындауға мүмкіндік береді. Олар ЭЖ жұмысының жоғары дәлдігін және тезерекеттігін қамтамасыз етеді және үлкен сенімділігі мен энергияны аз тұтынумен сипатталады. ЭЖ басқарудың цифрлық сұлбалары технологиялық процестерді басқаратын ЭЕМ-мен үйлесіп, олармен ортақ автоматтандырылған басқару жүйесін (АБЖ) құрады.

Көп жағдайларда өз бойында аналогты және цифрлық (дискретті) элементтер мен құрылғылардың үздік қасиеттерін үйлестіретін ЭЖ басқарудың аралас цифрлық-аналогты сұлбаларын құрған жөн.

ЭЖ-да қолданылатын цифрлық басқару құралдарын келесі топтарға бөлуге болады: қарапайым логикалық операцияларды жүзеге асыратын логикалық элементтер мен триггерлер; логикалық элементтердің жиынтығынан тұратын және сигналдарды күрделірек функционалды түрлендірулерді орындайтын цифрлық тораптар (элементтер кешені); ЭЖ басқарудың күрделі функцияларын жүзеге асыратын цифрлық құрылғылар (тораптар кешені); ЭЖ басқару бойынша барлық функцияларды кіріктірудің жоғары формасы болып табылатын цифрлық есептеу машиналары – ЦЕМ (цифрлық құрылғылар кешені).


Белгілі бір шарттылығына қарамастан, осындай жіктеу ЭЖ басқарудың цифрлық сұлбаларын талдауда ыңғайлы болады.

Дискретті (цифрлық) элементтер, тораптар мен басқару құралдарының жиынтығы аналогты құралдармен салыстырғанда анағұрлым кең және алуан түрлі. Атап айтқанда, РББЖ-АИ жүйесінде (реттегіштердің біріздендірілген блоктық жүйесі) функционалдық құрылғылардың шамамен 15 түрі болса, РББЖ-ДИ жүйесінде 30-дан аса, яғни екі есе көп осындай құрылғы бар. Негізгі дискретті элементтер мен құрылғыларды қарастырайық.

Триггер – екі тұрақты күйі бар және сыртқы басқарушы сигналдың ықпалымен бір күйден екінші күйге қарғып өту қабілетіне ие цифрлық басқару құралдарының элементтерінің бірі. Триггерлердің қолданылуымен әртүрлі логикалық және есептеу тораптары, сондай-ақ, өндіруші құрылғылар мен жад құрылғылары құрылады. «Өнеркәсіптік электроника» курсының зерттеу пәні болып табылатын триггерлердің техникалық жүзеге асырылуына тоқталмай, олардың функционалдық сипаттамаларын қарастырамыз.

Триггер НЕМЕСЕ-ЕМЕС сияқты екі логикалық элементтен тұрады (11.11, а-сур.) және төмендегідей жұмыс істейді. $X_1 = 1$ кіріс сигналын бергенде және $\bar{X}_2$ ($X_2 = 0$) сигналы болмаған жағдайда жоғары элементтің шығысы $\bar{Y} = 0$ күйіне, ал төменгі (негізгі) элементтің шығысы – $Y = 1$ күйіне орнатылады (айнымалы шаманың үстіндегі сызықпен оның инверстік күйі белгіленеді). X_1 ($X_1 = 0$) сигналы алынғанда сұлбалар n осы күйі сақталады. Енді $X_2 = 1$ сигналын бергенде басқа тұрақты түрге өтеді, онда $Y = 0$, ал $\bar{Y} = 1$.

R – S-триггер 11.11, б-сур. көрсетілген және оның жұмысы статикалық асинхрондық триггердің жұмысына сәйкес келеді. Ағылшын сөзі Set – орнату деген мағынадан өзінің атауына ие болған S кірісіне $X_1 = X_s = 1$ кіріс сигналы беріледі, одан кейін триггердің тура шығысында $Y = 1$ бірлік сигналы, ал инверстік шығыста $\bar{Y} = 0$ сигналы пайда болады (орнатылады). R кірісіне (Reset – түсіру ағылшын сөзінен) $X_2 = X_r = 1$ бірлік сигналы берілгенде Y шығысы бойынша сигнал нөлдік деңгейге ($Y = 0$), ал инверстік шығысы бойынша – бірлік ($\bar{Y} = 1$) деңгейге ауыстырылады.



11.11 сурет

Егер екі кірісте де сигналдар жоқ болса ($X_s = X_r = 0$), триггер өзінің алдыңғы күйін «есте сақтайды», бұл оның маңызды қасиеті болып табылады. $X_s = X_r = 1$ сигналдардың тіркесуіне тыйым салынады, себебі триггердің шығыс күйлерінің белгісіздігін тудырады.

Кіріс сигналдары көздерінің триггердің кірістерімен тікелей әлеуетті байланысы болып, ол солардың деңгейіне жауап қайтаратын жағдайға «статикалық» анықтамасы тән. Егер триггердің кірістері кіріс сигналдарының көздерімен тікелей емес, импульстық трансформаторлар (RC-тізбектер және т.б.) арқылы байланысты болса, ол тек қана кіріс кернеуінің айырмаларына (өзгерістеріне) жауап береді және олардың деңгейіне жауап бермейді. Триггерді

осылай басқару динамикалық деген атауға ие болды. Егер триггер кіріс сигналы 0-ден 1-ге өзгерген жағдайда іске қосылса, оның кірістері тура деп аталады және олардың шартты белгіленуі 11.11, в-сур. көрсетілген. Кері жағдайда, триггер кіріс сигналы 1-ден 0-ге өзгерген жағдайда іске қосылса, оның кірістері инверстік деп аталады және олардың шарты белгіленуі 11.11, г-сур. келтірілген.

«Бей синхрондық» анықтамасы триггердің кіріс сигналдардың жиынтығымен анықталатын ерікті уақытта ауысу мүмкіндігіне сәйкес келеді. Егер триггердің ауысуы тек қана қатаң белгілі бір уақытта орындалуы қажет болса, ол тағы бір C кірісімен толықтырылады, оған X_c тактілік жиіліктегі импульстер жіберіледі. Сонда $X_c = 0$ жағдайында триггер алдыңғы күйін сақтайды, ал $X_c = 1$ сигналының пайда болуы оны ауыстыруға рұқсат береді. Статикалық кірістері бар синхрондық $R - S$ -триггердің шартты белгіленуі 11.11, д-суретінде көрсетілген.

D-триггер синхрондық триггердің бір түрі болып табылады. Оның кірісіне бір сигнал X_D ғана түседі. Осындай триггерді $R - S$ -триггерден алу үшін оның S кірісіне X_D , сигналын, а R кірісіне – инверсті сигнал жіберу керек. *D*-триггердің шартты белгіленуі 11.11, е суретінде келтірілген.

T-триггердің есептік кіруі ғана бар және осы кіру бойынша импульстық сигналмен басқарылады, және кезекті кіру импульсі түскенде триггердің шығуында сигнал қарама-қарсыға өзгереді. Осындай триггелер өздерінің негізгі қолданыстарын импульстерді санауыштарда және бөлгіштерде тапты. *T*-триггердің шартты белгіленуі 11.11, ж суретінде келтірілген.

Екісатылы синхрондық $R - S$ -триггер екі триггерден – кіру және шығу триггерлерінен тұрады, ол оның функционалды мүмкіндіктерін анағұрлым кеңейтеді. Сыртқы айқас байланыстарды қолдану арқылы оның негізінде $/\wedge$ -триггер, который может работать в режимах $R - S$ -триггердің, *D*-триггердің және *T*-триггердің режимдерінде жұмыс істей алатын, яғни әмбебап болып табылатын $/\wedge$ -триггерді шығаруға болады.

Цифрлық тораптар мен құрылғылар өздерінің функционалдық мақсатына қарай есептік, логикалық, жад құрылғылары, келісу элементтері, уақытша құрылғылар, цифрлық-аналогты түрлендіргіштер, деректерді енгізу-шығару құрылғылары және координаталардың цифрлық датчиктері. Осы топтардың құрамын және жеке, ең жиі қолданылатын құрылғылардың жүзеге асырылуын қарастырамыз.

Есептеу құрылғылары әртүрлі арифметикалық операцияларды орындауға арналған. Есептеу операциялары цифрлық тораптарда екілік санақ жүйесінде орындалады. Бұл жүйеде бізге үйреншікті ондық санақ жүйесінің кез келген санын 2 (жүйенің негізі) санының

әртүрлі дәрежелерін қиыстырумен шығара аламыз. Мысалы, 87 ондық санын келесі жолмен жаза аламыз:

$$(87)_{10} = 1 \cdot 2^6 + 0 \cdot 2^5 + 1 \cdot 2^4 + 0 \cdot 2^3 + 1 \cdot 2^2 + 1 \cdot 2^1 + 1 \cdot 2^0 = (1010111)_2,$$

яғни, екі санды: 0 және 1 сандарын қиыстырумен ұсына аламыз, бұл сандар екі саны осы разрядының (дәрежесінің) бар (1) немесе жоқтығын (0) көрсетеді. 0-ден 9-ға дейінгі сандарды екілік формамен ұсынамыз:

Саны	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Екілік форма	0000	0001	0011	0011	0100	0101	0110	0111	1000	1001

Санақ жүйесінің негізі сандарды ұсыну үшін қолданылатын сандардың санын көрсетеді. Мысалы, екілік жүйеде (негізі 2) екі сан ғана – 0 және 1, ал ондық жүйеде – 10 (0-ден 9-ға дейін) қолданылады.

Басқарудың цифрлық құрылғыларында сандарды сегіздік және он алтылық санақ жүйесі де қолданылады. Сегіздік санақ жүйесінде сегіз сан: 0-ден 7-дейінгі сандар қолданылады. Ондық 87 саны бұл жүйеде төмендегідей жазылады:

$$(87)_{10} = 1 \cdot 8^2 + 2 \cdot 8^1 + 7 \cdot 8^0 = (127)_8.$$

Он алтылық санақ жүйесінде сандарды ұсыну үшін он сан: 0, 1,..., 9 және латын әрпі – A (он), B (он бір), C (он екі), D (он үш), E (он төрт), F (он бес) қолданылады. Мысалы, A3E,4 он алтылық сан ондық жүйеде төмендегідей жазылады:

$$(A3E,4)_{16} = 10 \cdot 16^2 + 3 \cdot 16^1 + 14 \cdot 16^0 + 4 \cdot 16^{-1} = (2622,25)_{10}.$$

Бұл жүйенің латын әріптерін екілік формада ұсынуға болады: A – 1010; B – 1011; C – 1100; D – 1101; E – 1110; F – 1111.

Сегіздік (он алтылық) санын екілік формаға ауыстыру үшін осы санның әрбір санын тиісті үшразрядтық (төртразрядтық) екілік санмен ауыстыру керек:

$$(24,7)_8 = (10100,111)_2; (5D,6)_{16} = (1011101,11)_2.$$

Он алтылық және сегіздік жүйелер ақпаратты анағұрлым ыңғайлы екілік формада жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Екілік сандарға арифметикалық амалдарды орындау ережелері келесідей:

қосу
 $0 + 0 = 0; 0 + 1 = 1; 1 + 0 = 1; 1 + 1 = 0$ +үлкен разрядқа тасымалдау бірлігі;

алу

$0 - 0 = 0; 1 - 0 = 1; 1 - 1 = 0; 10 - 1 = 1$ бірлікті үлкен разрядтан қарызға алғанда;

көбейту

$0 \times 0 = 0; 0 \times 1 = 0; 1 \times 0 = 0.$


Есептеу құрылғыларына есептеуіштер, жиілік бөлгіштері, сумматорлар және компараторлар (салыстыру құрылғылары) жатқызылады.

Санауыш – кіру сигналдарының санын есептеуге арналған цифрлық торап. Олар қосындылайтын, азайтатын және реверсивті санауыштар болып бөлінеді.

Біртіндеп қосындылайтын екілік санауыш (11.12, а-сур.) төрт екі сатылы Г-триггерлерден тұрады. Бірінші және екінші триггерді қосу және өшіру (шығыс Y_1) X_{6x} кіріс сигналы импульстерінің артқы шебімен орындалады (11.12, б-сур. қараңыз). Қалған триггерлерді қосу және өшіру алдыңғы триггердің тура шығысы импульстерінің артқы шебімен орындалады.

$Y_1 - Y_4$ триггерлерінің шығыс сигналдарының жиынтығы санауышқа түскен екілік формада ұсынылған импульстердің санына сәйкес келеді, триггердің реттік саны екілік санның разрядын анықтайды. Мысалы, санауыштың кірісіне алты импульс түссе, онда $Y_4 = 0, Y_3 = 1, Y_2 = 1, Y_1 = 0$, яғни m импульстердің саны $m = (0110)_2 = (110)_2 = (6)_{10}$. Санауыштың сыйымдылығы $N = 2^n - 1$, формуласы бойынша триггерлердің n санымен анықталады, яғни қарастырылып жатқан $n = 4$ сұлбасы үшін осындай санауышта $(N)_{10} = 2^4 - 1 = (15)_{10} = (1111)_2$ саны жазылуы мүмкін.

Жиілік бөлгіші. 11.12-сур. келтірілген сұлбаны жиілікті бөлу үшін де қолдануға болады. Расында да, 11.12, б-сур. диаграммаға



11.12 сурет

сәйкес, әрбір кейінгі триггердің шығыстарында импульстердің саны бір уақытта екі есе азаяды, яғни, олардың жиілігі екіге азаяды.


Санауышты нөлдік бастапқы күйге орнату (санауышты тазалау) X_R бірлік сигналын барлық триггерлердің R -кірістеріне жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Реверсивті санауыштар сандарды қосындылауды да, азайтуды да қамтамасыз етеді, ал азайту санауыштары – азайтуды ғана қамтамасыз етеді. Бұл санауыштар ұқсас сұлбалар бойынша құрылады.

Сумматор – бұл екі санды қосу операциясын орындайтын цифрлық торап. Әдетте сумматор екілік қосу кестесіне сәйкес жұмыс істейтін бірразрядты қосындылайтын сұлбалардың жиынтығы болып табылады. 11.13, а сур. келтірілген бірразрядты сумматордың сұлбасы екі бірразрядтық a және b сандарын екілік жүйе бойынша қосуды жүзеге асырады:

$$a + b = \begin{cases} 0 + 0 = 0, & S = 0, & P = 0 \\ 0 + 1 = 1, & S = 1, & P = 0. \\ 1 + 0 = 1, & S = 1, & P = 0. \\ 1 + 1 = 10, & S = 0, & P = 1 \end{cases}$$

Мұнда екі бірлікті қосу барысында нәтиже екіразрядтық формада ұсынылады: $S = 0$ – осы разрядта және $P = 1$ – келесі, келесі, үлкендеу разрядқа тасымалдау. Сөйтіп, ерікті разряд үшін қосындылау алдыңғы разрядтан тасымалдау нәтижесі болып табылатын a, b және P , қосылғыштарын ескере отырып орындалуы тиіс. Мысал үшін 11.13, б – сур. төртразрядты сумматордың сұлбасы келтірілген.



11.13 сурет

Сумматорлар азайту операциясын да жүзеге асыруға мүмкіндік береді, ол үшін азайғышқа азайтқыштың разряд бойынша толықтыруын қосу операциясымен ауыстырады. Азайтатын сумматордың сұлбасын [17] қараңыз.

Компаратор – бұл L_n және B_n екі санын салыстыру функциясын

орындайтын цифрлық торап. Осы салыстыру нәтижесінде $A = B$; $A > B$; $A < B$ ара салмақтарының біреуінің ақиқаттылығы анықталады, олардың әрқайсысы тиісті шығыста бірлік сигналмен белгіленеді. Бірразрядтық компаратордың a және b бірразрядтық сандарын салыстыруда жұмыс істеу принципін 11.2-кесте түсіндіреді.


n -разрядтық сандарды салыстыру разряд бойынша орындалады, одан кейін қосымша логикалық сұлба арқылы үлкен разрядтан бастап салыстыру нәтижелері талданады.

11.2 - кесте

a	b	$Y_1(a = b)$	$Y_2(a > b)$	$Y_3(a < b)$
1	1	1	0	0
1	0	0	1	0
0	1	0	0	1
0	0	1	0	0

Логикалық цифрлық тораптар дискретті электр сигналдарына әртүрлі логикалық операцияларды жүзеге асыруға арналған. Оларға импульстер үлестіргіші, шифраторлар, дешифраторлар (шифрды жай жазуға айналдырушы) және мультиплексорлар жатқызылады.

Импульстер үлестіргіші импульстердің бірканалдық бірізділігін үйлестіруді қамтамасыз ететін цифрлық торап, бұл ретте үлестіргіштің алдыңғы $(i - 1)$ -ші шығысында сигналы Y_{i-1} жоғалып кеткенде i -ші шығыста Y_i бірлік сигналы пайда болады, $\bar{Y}_i$ сигналы кіріс (тактілік) импульспен алынады. Үлестіргішті төрт D-триггерде жүзеге асыру үлгісі 11.14, a -суретінде келтірілген.



11.14 сурет

Бірінші триггердің шығысында бастапқы қалыпта $Y_1 = 1$ бірлік сигналы бар деп жорамалдайық. S кірісіне бірінші кіріс (тактілік) импульстың X_C келуі (11.14, 6-сур. қараңыз) бірінші триггердің шығысынан сигналдың жоғалуына ($Y_1 = 0$) және екіншінің шығысында сигналдың пайда болуына ($Y_2 = 1$) алып келеді. Келесі импульс түскенде Y_2 сигналы нөлге теңеледі, ал Y_3 сигналы – бірге теңеледі және т.б. Төртінші триггердің шығысынан сигнал кері байланыстың тізбегі бойынша бірінші триггердің кірісіне түседі және цикл қайталанады. Импульстерді үлестіргіштің әрбір шығысы $Y_1 \dots Y_4$ бойынша үлестірілу жиілігі $= 1/n$, (11.4) ара қатынасымен анықталады,

$$f = f_t / n, \quad (11.4)$$

онда n – үлестіргіштің триггерлерінің саны; f_t – тактілік импульстердің жиілігі.

Дешифратор (декодер) сигналды осылай түрлендіруді n кірістерінде жүзеге асырады, оның шығыстарының бірінде бірге тең сигнал пайда болады, ал қалған шығыстарда нөлге тең сигналдар сақталады. Шифратор кері операцияны орындайды, ол кірістердің бірінде бірлік сигналды бірнеше шығыстарда екілік санға айналдырады.


Мультиплексор – бұл сигналдарды бірнеше кіріс желілерінен бір шығыс желісіне жіберуді қамтамасыз ететін цифрлық торап. Кіріс желісін таңдау мульти-плексордың басқарушы кірістеріне жіберілетін басқарушы импульстық сигналдың (кодтың) көмегімен орындалады. Мультиплексор дешифратор сұлбасын шағын түрлендіру арқылы орындалады.

Жад құрылғылары ақпаратты есте қалдыру, сақтау және беруге арналған. Оларға регистрлар, матрица-жинақтауыштар және сақтау құрылғысы жатқызылады.

Регистр көпразрядтық екілік санды жазуға, сақтауға және беруге, олармен күрделі емес логикалық операцияларды орындауға арналған.

11.15-сур. үшразрядтық A санын сақтау үшін регистрдің сұлбасы келтірілген. Сұлбаның негізін үш триггер және алты & деп белгіленген алты И логикалық элемент құрайды.

Жазбаның алдында R кірістеріне $X_R = 1$ сигналы жіберіледі, ол триггерлердің шығыстарына нөлдік сигналдарды орнатады $Y_0 = Y_1 = Y_2 = 0$, яғни алдыңдағы санды «өшіреді» және регистрді жаңа санды жазуға дайындайды. a_0, a_1, a_2 разрядты екілік



11.15 сурет

санды жазу $X_3 = 1$ сигналы түскенде басталады, бұл сигнал сандық ақпаратты қабылдау үшін триггерлердің кірістерін «ашады». Жазылған сан жадыда сақталады және $X_b = 0$ болған жағдайда регистрде сақталады. Жазылған санды оқып алу үшін $X_{сч} = 1$ сигналы беріледі, ол Y_0, Y_1, Y_2 шығыстарына А санының жазылған сандарын шығаруға мүмкіндік береді.

11.15-сур. көрсетілген схема жұмысының қарастырылған тәртібі регистрге санды параллельді кодта енгізуге сәйкес келеді, параллельді кодта ақпарат бір уақытта барлық разрядтар бойынша жазылады.

Параллельді кодтан басқа, сандарды регистрге жазуда бірізді код та қолданылады, ол санды n тактіде бір шығыста жазуды көздейді, тактілер жазылатын санның n разрядтарына сәйкес келеді.

Регистрлерде косымша байланыстар мен логикалық элементтерді енгізу кодты терістету, санды оңға немесе солға разрядтардың талап етілетін санына жылжыту, сандарды басқа разрядқа аудару және сияқты логикалық операцияларды орындауға мүмкіндік береді.

Жад құрылғыларында сақталатын ақпарат көлемі арнайы бірліктермен – биттармен және байттармен өлшенеді. Бит – бұл 0 немесе 1 мәндерін қабылдайтын екілік санның бір разряды. Биттар (разрядтар) тобы сөз құрайды, ол 4, 8, 12 және 16 биттан тұруы мүмкін. Ұзындығы 8 бит сөз байт атауын иеленді.

Матрица-жинақтауыш регистрмен салыстырғанда сақталатын ақпараттың анағұрлым жоғары көлемімен ерекшеленетін жады торабы болып табылады. Матрицаның негізін триггерлер қалайды, олар 1 бит ақпаратты (бірразрядтық екілік сан) сақтауға қабілетті. Көпразрядтық матрица параллельді жалғанған бірразрядтық матрицалардан тұрады. Ақпаратты енгізу және шығару жазу немесе оқып алуға тиісті сигнал берілгенде матрицаның барлық ұяшықтарын байланыстыратын ішкі деректер шиналары (ДШ) арқылы жүзеге асырылады. Бұл сигналдар ұяшықтарға арнайы коммутациялану құрылғысынан басқару шиналары (БШ) арқылы беріледі.

Бағдарламаланатын логикалық матрица (БЛМ) функционалдық деңгейі анағұрлым жоғары матрица-жинақтауыштың бір түрі болып табылады. Оның мақсаты – ЭЖ басқарудың талап етілетін логикалық функциясын қалыптастыру. БЛМ кірісіне тиісті келістіру блоктары арқылы ЭЖ басқару, қорғау және бұғаттаудың сыртқы құрылғылары – басқару, реле, шеткі ағытқыштар және т.б. батырмалары арқылы жіберіледі. Талап етілетін бағдарламаға, жүзеге асырылатын логикалық және диодтық элементтерді біріктіру сұлбасына сәйкес, БЛМ алынатын ақпаратты басқарудың логикалық

сигналына түрлендіреді, бұл сигнал келістіру блоктары арқылы ЭЖ-ның атқарушы элементтеріне жіберіледі. БЛМ 10-тарауда қарастырылған ЭЖ басқарудың түйіспесіз ашық сұлбаларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сақтау құрылғысы (СК) ақпараттың үлкен көлемдерін сақтауға арналған. Ақпаратты дүркін-дүркін жазу және оқуды қамтамасыз ететін СК жедел сақтау құрылғылары (ЖСК) атауын иеленді. ЖСК ерекшелігі – ол ақпаратты қорек көзі болған жағдайда ғана сақтайды, ал ол болмаса, ақпарат жоғалып кетеді.

Жазылған ақпаратты тұрақты сақтауға арналған СК тұрақты сақтау құрылғылары (ТСК) деген атауды иеленді. Бұл құрылғылар онда жазылған ақпаратты қорек болмаса да сақтауға қабілетті. ТСК-ға сақталатын ақпараттың үлкен көлемі, ЖСК-мен салыстырғанда анағұрлым қарапайым сұлбалар және энергияны азырақ тұтыну тән.

Уақытша құрылғыларға жиілігі 100... 500 кГц (I атқару) немесе 1...5 МГц (II атқару) тактілік импульстерді шығаруға арналған эталондық жиілік генераторы және шығу сигналының жиілігі 200 кГц-дейін әмбебап мультидірілдеткіш жатқызылады.

Цифрлық-аналогты құрылғылар төмендегілерден құралады: екілік немесе екілік-ондық кодты тұрақты тоқтың кернеуіне түрлендіретін код- кернеу түрлендіргіші (ТКК); импульстердің қадағалау жиілігін тұрақты тоқтың кернеуіне, сонымен қатар, кері түрлендіруді жүзеге асыратын жиілік-кернеу түрлендіргіші (ЖКТ) және кернеу-жиілік түрлендіргіші (КЖТ).

Келістіру құрылғылары РББЖ-ДИ тораптары мен сигналдарын электр жетекті басқаруды релелік-түйістіргіш аппаратурасымен, логикалық тораптардың шығыс сигналдарын күшейтуді және электр тізбектерінің гальваникалық (әлеуетті) айырығын келістіруді қамтамасыз етеді.

Одан бөлек, РББЖ-ДИ құрамына ақпаратты енгізу-шығарудың қосалқы тораптары және қорек блогы кіреді.

РББЖ-ДИ шеңберінде қарастырылған цифрлық тораптардың базасында күрделі арифметикалық және логикалық операцияларды орындауға мүмкіндік беретін басқарудың типтік блоктары да әзірленген. Оларға цифрлық ақпаратты өңдеуге арналған блоктар (сандарды қалыптастырғыш, сандар дискриминаторы, арифметикалық құрылғы) және жиілік сигналдарын (жиілік сигналдар генераторы, сандық интегратор, басқарылатын жиілік бөлгіші) өңдеуге арналған блоктар, сан кодын жиілікке және жиілікті сан кодына түрлендіру, ақпаратты енгізу және шығару блоктары (кіру және шығу жады регистрлері, импульстік сигналдарды және күй-жағдайдың кодтық датчиктерін қалыптастырғыш, шығыс

күшетйткіштер), сонымен қатар, ЭЖ басқару сұлбаларының аналогты элементтерімен байланыс блоктары жатқызылады.

РББЖ-ДИ тораптары мен блоктары К 155 және К 172 сериялы цифрлық интеграл микросұлбалардың және К 124, К 140, К 153 және К 190 сериялы аналогты интеграл сұлбалардың негізінде жүзеге асырылады. Сыртқы тізбектермен байланыс және келістіру құрылғыларында оптрондық кілттер мен геркондық релелер қолданылады. РББЖ-ДИ-да оның жұмысын РББЖ –АИ-мен келістіруге мүмкіндік беретін біркелкіленген электр сигналы $0...10\text{ В}$, $\pm 5\text{ мА}$ қолданылады. «Металл – оксид – жартылай өткізгіш» (МОЖ) құрылымы бойынша орындалған логикалық элементтер үшін логикалық нөл 0-ден -1 В-ға дейінгі кернеуге, ал логикалық бірлік – -9,5 –нан -20 В-ға дейінгі кернеуге сәйкес келеді. «Транзисторлы-транзисторлық логика» (ТТЛ) типті элементтер үшін бұл деңгейлер тиісінше $0...0,4\text{ В}$ и $2,4... 5\text{ В}$ құрайды. РББЖ -ДИ элементтері баспа монтажымен өлшемі $100 \times 160\text{ мм}$ шынытекстолиттік тақшаларда (модульдерде) орналастырылады, сигналдарды енгізу және шығару разъемдардың көмегімен жүзеге асырылады. Модульдер блоктарға жинақталады, ал блоктар өз кезегінде бірыңғай блоктық біріздендірілген конструкциялардың (ББК) кассеталарына жалғастырылады.


11.5. БАСҚАРУДЫҢ ТҮЙЫҚ СҰЛБАЛАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖЫЛДАМДЫҚ ДАТЧИКТЕРІ ЖӘНЕ ЖАЙ-КҮЙЛЕРІ

Түйық ЭЖ қозғалтқыш білігінің жылдамдығы мен жай-күйі туралы ақпарат алу үшін жылдамдық және жай-күйлердің аналогты және дискретті датчиктері қолданылады.

Жылдамдық датчиктері (тахогенераторлар) қозғалтқыш білігінің немесе жұмыс машинасының атқару органының жылдамдығын өлшеу арналған. Олар шағын қуатты мамандырылған электр машиналары болып табылады, олардың шығыс кернеуі олардың якорінің (роторының) айналу жылдамдығына пропорционалды, яғни $I_{\text{шығ}} = \gamma \omega$, мұнда γ – пропорционалдық коэффициенті. Тахогенераторларға қойылатын негізгі талап – $U(\omega)$ тәуелділігінің желілікке максималды жақындауы, бұл олардың жұмысының дәлдігін анықтайды.

Жұмысының қағидасы мен құрылымы бойынша тахогенераторлар тұрақты және айнымалы тоқты болады.

Тұрақты ток тахогенераторлары тәуелсіз көзден (11. 16, а-сур.) немесе тұрақты магниттен (10.7, б-сур. қараңыз) қоздырылатын шағын генераторлар болып табылады.



11.16 сурет

Айнымалы тоқ тахогенераторлары негізінен бейсинхрондық типтілері қолданылады және өздерінің құрылымы бойынша бір фазалы бейсинхрондық қозғалтқыштардан аз ерекшеленеді. Олардың екі орамасы бар (11.16, б-сур. қараңыз), олардың біреуі ҚО жабдықтағыш желіге қосылады және тахогенераторды қоздыруға арналған, ал екіншісі ӨО өлшеуіш орама болып табылады. Осы ораманың қысқыштарындағы кернеу $u_{\text{вых}}$ тахогенератордың айналу жылдамдығына пропорционалды.


Синхрондық тахогенераторлар көпполустық тұрақты магнит түріндегі роторы аз қуатты бір фазалы синхрондық генератор болып табылады. Ротор айналғанда ол құратын магниттік өріс статордың орамасы орамдарын кесіп өтеді және онда айналу жылдамдығына пропорционалды ЭҚК туралайды, сондықтан статор ораманың қысқыштарында шығыс кернеуі ротор жылдамдығына пропорционалды болып шығады.

Шығыс кернеуінің ротор жылдамдығына тәуелділігі синхрондық тахогенераторлардың ерекшелігі болып табылады.

Жылдамдықтың аналогты датчиктерінен басқа тұйық сұлбаларда цифрлық датчиктер кеңінен қолданылып жатыр, олардың сигналдары басқарудың цифрлық сұлбаларына тікелей түсе алады. Осындай датчиктерді қолдану жұмыс машиналары мен механизмдердің атқару органдарының жылдамдығын реттеудің дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жылдамдықтың импульстық индукциялық датчигі қозғалтқыш немесе жұмыс машинасының білігімен жалғанған тісті дисктен 1 (11.17-сур.) тұрады. Осы дисктің тістеріне қарама-қарсы индуктор 2 орналасқан, бұл индуктор U_n қорек көзіне қосылған өлшеу орамасы 3 бар тұрақты магнит болып табылады. Орамадан алынатын кернеу конденсатор С арқылы бір мезгілде импульстерді қалыптастырғыштың ролін атқаратын күшейткіштің У кірісіне жіберіледі. Дисктің айналуы барысында оның тістері мен индуктор 2 полюстарының арасындағы саңылау өзгереді. Соның нәтижесінде ауа саңылауының магниттік кедергісі және диск тістері 1 мен индуктордың арасынан өтетін магниттік ағын шұғыл өзгереді. Өзгермелі магниттік ағын ЭҚК орамында 3 индуцирлейді, оның жиілігі $f = \omega N / (2\pi)$, мұнда N – диск тістерінің саны; ω – дисктің дисктің (қозғалтқыш білігінің) жылдамдығы.

Осы ЭҚК-мен құрылған айнымалы токтың кернеуі $u_{\text{вых}}$ конденсатор С арқылы күшейткіштің кірісіне беріледі, ол бұл сигналды күшейте отырып, одан шығыс тік төртбұрышты импульстардың бірізділігін қалыптастырылады, олардың




11.17 сурет

жиілігі өлшенетін жылдамдыққа пропорционалды. Әрі қарай бұл импульстер мысалы, РББЖ-ДИ-да бар «жиілік-код» цифрлық блогының көмегімен оларды белгілі бір уақыт аралығында алынған санды келесі интервалдың уақытына сақтап, санау арқылы екілік санға түрлендіреді. Қажет болған жағдайда жиілігі бойынша айнаымалы осы сигналды ЭЖ басқарудың аналогты сұлбаларында қолдану үшін тұрақты токтың кернеуіне (мысалы, интегралдық операциялық күшейткіштің көмегімен) де түрлендіруге болады.

Жай-күй датчиктері ЭЖ басқарудың тұйық сұлбаларында қолданылады және аналогты немесе цифрлы жүйелермен орындалады.

Айнаымалы (бұрмалы) трансформаторлар, қозғалтқыш білігі немесе жұмыс машинасының жай-күйінің (бұрылыс бұрышы) аналогты датчиктері болып табылады, қуаты аз индукциялық электр машинасы болып есептеледі. Олардың жұмысын кең тараған синустық-косинустық айнаымалы трансформатордың (СКАТ) мысалында қарастырамыз. Бұл трансформатордың (11.18, а-сур.) төрт орамасы бар, олардың екеуі (қозу орамасы ҚО және өтемдеуші орама ӨО) статорда орналасқан және екеуі (өлшеуіш $OII1$ және $OII2$) екінші реттік деп аталады, олар роторда орналасқан. Ротор жай-күйі тексерілуі тиіс қозғалтқыштың валымен немесе жұмыс машинасымен жалғастырылады.



11.18 сурет

Қозу орамасына ҚО U_1 айнаымалы тоғының кернеуі жіберіледі. Оның ықпалымен өтетін ток СКАТ-тың ауа саңылауында ток магниттік ағынды құрады, оны ЭЖК екінші реттік (роторлық) орамаларда туралайды. Осы ЭЖК-нің $OII1$ (синустық) орамасындағы мәні синуска пропорционалды, ал $OII2$ орамасында (косинустық) – роторға қатысты ротор бұрылысының ϕ бұрышының косинусына пропорционалды. z_1 және z_2 жүктемелеріндегі $U = U_{\max} \sin \phi$ және $U_2 = U_{\max} \cos \phi$ кернеулері қозғалтқыш білігінің ϕ бұрылысының бұрышы туралы ақпараты болып табылады.

Әдетте тұйықталатын өтемдеуші орама ΘO ротор орамалары тоғының магниттік өрісінің зиян ықпалын өтеуге арналған, сөйтіп айналмалы трансформаторлардың қателерін төмендетуді қамтамасыз етеді.

ЭЖ тұйық жүйелерінде желілік айналмалы трансформаторлар да қолданылады, олардың ротор орамасының шығыс кернеуі ϕ бұрышына тура пропорционалды.

Сельсин, ЭЖ басқарудың тұйық жүйелерінде жай-күйдің аналогты датчигі ретінде жиі қолданылады, біліктің бұрылысы бұрышын электр сигналына түрлендіруді қамтамасыз ететін аз қуатты электр машинасы болып табылады. Сельсиннің тапсырғыш құрылғысы ретінде қолданылуын 11.3 бөлімінде, ал қадағалаушы ЭЖ-ның жай-күйі датчигі және келісілмеуді өлшеуші ретінде қолданылуын – 11.10 бөлімінде қараңыз.


Магнесин (11.18, б-сур. қараңыз) бұрылыс бұрышының түйіспесіз электрмеханикалық датчигі болып табылады, сельсинмен салыстырғанда айналмалы трансформаторы бар анағұрлым қарапайым құрылымы, азырақ салмағы және габариттік өлшемі және өлшеудің жоғары дәлдігі бар ($2,5^\circ$ -дан кем).

Магнесин паздарсыз тороидальді өзекшеден 2 тұрады, оған шиыршықты орама 3 оралған. Ораманың оны айнымалы токтың бір фазалық жабдықтағыш желіге қосу үшін $C1$, $C2$ қысқыштары және бір-біріне 120° бұрышпен орналасқан, шығыс кернеуін түсіру үшін $C3$, $C4$ шығыстары бар. Магнесин роторы қозғалтқыштың білігімен жалғанатын цилиндрлі формалы тұрақты магнит l болып табылады. $C1$, $C2$ қысқыштарына U_1 жеткізу кернеуін жібергенде $C3$, $C4$ орама шығыстарында магнесин ϕ роторының бұрылысы бұрышына пропорционалды, ЭЖ басқа сұлбасына түсетін $i_{\text{вых}}$ шығыс кернеуі пайда болады.

Индуктосин ЭЖ механикалық элементтерінің немесе жұмыс машиналарының атқару органдарының желілік жылжуларын өлшеу үшін қолданылады. Құрылысы бойынша ол желілік бейсинхронды қозғалтқышқа ұқсайды және жазық статор мен жылжымалы роторы бар. Статорда орналасқан бастапқы орамасы айнымалы токтың бір фазалық желісіне қосылады, бұл ретте екінші рет орамасында роторды жылжытуда оның қалпына тәуелді ЭҚК тураланады. Индуктосиндердің дәлдігі бірнеше микрометрге жетуі мүмкін.

Бастапқы элемент ретіндегі *жай-күйдің сандық фотоэлектрлік датчигі* машины қозғалтқыш немесе жұмыс машинасының білігімен жалғанатын кодтаушы дисктен (11.19, а-сур.) тұрады. Диск бірнеше центрілік сақинадан (жолдардан) тұрады, олардың әрқайсысында сегмент тәрізді мөлдір және мөлдір емес учаскелері бар. Минималды радиусты (яғни, диск осіне ең жақын орналасқан т.) сақинаның осындай екі учаскесі бар және

ол шығыс санының үлкен разрядына жатқызылады. Әрбір келесі сақинада осы учаскелердің саны екі есе артады, ол сандарды екілік ұсынуда келесі разрядқа сәйкес келеді. Суретте көрсетілген диск үш сақинадан тұрады, ол оны үш разрядтық екілік санның көмегімен қалыптастыруға көмектеседі.



11.19 сурет

Сигнал алу фотоэлектрлік әдіспен орындалады. Ол үшін дисктің бір жағынан сақиналарының саны бойынша жарық көздері – жарықдиодтар, ал екінші жағынан – жарықты қабылдауыштар – фотодиодтар орналастырылады. Олардың арасында дисктің мөлдір учаскесі тұрғанда, жарықдиод фотодиодты жарықтандырады, соңғысының электр кедергісі күрт өзгереді, ол жай-күй датчигінің келесі жұмысы үшін шығыс ықпалы болып табылады электрлі.

Бір разрядқа сәйкес келетін жай-күй датчигінің бір каналының схемасы 11.19, б сур. көрсетілген. VD фотодиод реле элементі режимінде операциялық күшейткіштің ОК кірісіне қосылған. Бастапқы қалыпта күшейткіш теріс тірек кернеуімен $C_{оп}$ «жабық» болады. Фотодиодты VD жарықдиодпен жарықтандырғанда күшейткіш «ашылады» және оның шығысында екілік санның бірлігіне сәйкес келетін электр сигналы пайда болады. Күшейткіштердің саны жай-күй датчигінің разрядтылығын анықтайды. Кодтаушы дисктің жай-күйінің 360° шегінде (бір айналым) кез келген қалпына күшейткіштердің шығысындағы нөлдер мен бірліктердің белгілі бір тіркесімі, яғни бұрыштың белгілі бір сандық белгіленуі сәйкес келеді. Қарастырылып жатқан үш разрядтық датчик (11.19, в-сур. қараңыз) жұмысының диаграммасынан көретініміз: дискті 360° -ге бұрғанда күшейткіштер шығыстарынан 000-дан 111-ге дейін сигналдардың сегіз комбинация орын алады. Бұл санның ондық жүйеде 0-ден 7-ге дейін өзгеруіне сәйкес келеді.

Келтірілген диаграммадан жай-күй датчигі шығысынан сигнал әр 45° сайын өзгереді де көруге болады, бұл оның дискреттілігін (дәлдігін) анықтайды. Жалпы жағдайда жай-күйдің цифрлық датчигінің дискреттілігі $\Delta\varphi = 360^\circ/2^n$ өрнегімен анықталады, онда n – оның разрядтарының саны.

Жай-күйдің цифрлық датчиктерінің дәлдігін арттыру үшін қозғалтқыштың білігімен редуктор арқылы жалғанған бірнеше кодтаушы дисктер қолданылады.

Жай-күй датчиктерінде фотоэлектр бастапқы элементтердің орнына дәлділігі жоғарырақ шығыс сигналдарын алуға мүмкіндік беретін индуктосиндері бар индуктивті датчиктер қолдана алады. Олардың дәлдігін сипаттайтын осындай датчиктердің айыру қабілеті $\Delta\varphi = 360^\circ/(p-2^n)$ өрнегімен анықталады, онда, p – число пар индуктосин полюстері жұптарының саны. Бұл сан бірнеше жүзді құрай алатындықтан, дәлдік бұрыштық секундалардың бірнеше бірлігімен (немесе ондық бірліктермен) қамтамасыз етіле алады.

ЭЖ басқарудың цифрлық жүйелерінде ПДФ-3 және ДИФ-5 типті импульстік датчиктер қолданыс тапты. Олардың біріншісінің импульстердің екі сериясы түрінде шығыс сигналы бар, импульстері бір-біріне қатысты периодтың ширегіне ығыстырылған. Қозғалтқыш білігінің бір айналымында импульстердің саны 600 құрайды. Өртүрлі модификациялы ДИФ-5 типті датчиктер датчик білігінің бір айналымында 45-тен 1800-ге дейін импульс алуға мүмкіндік береді.

Соңғы кезде ЭЖ тұйық сұлбаларында қозғалтқыш білігінің жылдамдығы мен жай—күйінің кешенді жылдамдық және жай-күй датчиктері қолданылады. Оларға ПДФ-8 және ПДФ-9 типті датчиктер жатқызылады, олар жылдамдық датчигінен (тұрақты ток түйіспесіз тахогенератор) және біліктің бір айналымында 125-тен 2500-ге дейін импульс шығаратын ротордың жай-күйінің и фотоимпульстық датчигінен тұрады. Сонымен қатар, мұндай датчиктер ЭЖ-да вентильді қозғалтқыштары бар ЭПБ-1 және ЭПБ-2 қолданылады.

11.6. ЭЛЕКТР ЖЕТЕГІН БАСҚАРУДЫҢ МИКРОПРОЦЕССОРЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ

Микропроцессор (МП) деп цифрлық ақпаратты өңдеу және осы процесті басқаруды жүзеге асыратын және бір немесе бірнеше үлкен интеграл микросұлбаларға (ҮИМ) негізделген бағдарламалық-басқарылатын құрылғы. Осы анықтамада тұжырымдалған МП негізгі белгілеріне тоқталамыз.

Микропроцессор бір немесе бірнеше ҮИС негізінде орындалады, олардың әрқайсысы бірнеше ондық мың қарапайым элементтерден – транзисторлар, диодтар, резисторлар және конденсаторлардан тұрады ҮИС ауданы бірнеше ондық шаршы миллиметрден аспайды. МП-ның осындай орындалуы оның энергияны аз тұтынуын, жұмыстағы жоғары сенімділігін, шағын салмағы мен габариттік өлшемдерін, ал жаппай шығаруда – қымбат емес бағасын анықтайды.

Микропроцессор икемді жұмыс алгоритмі бар басқару элементі болып табылады, ол оған жүктелетін өзгертіле алатын бағдарламамен анықталады. МП-ның осы маңызды ерекшелігін жақсырақ түсіну үшін ЭЖ басқару сұлбаларының логикалық тораптарының жұмысысын еске түсіреміз (10.6 бөлімді қараңыз). Бұл сұлбаларда берілген логикалық операцияларды жүзеге асыру үшін өзара тиісті жолмен жалғанған логикалық элементтердің белгілі бір жиынтығы қолданылады. Осындай сұлбалардың қызмет ету алгоритмін өзгеру қажеттілігі болғанда оларды қайта жөндеу (қайта монтаждау) керек, ол бір элементті басқаларына ауыстырумен немесе жаңа элементтерді қосу және оларды жалғау сұлбасын өзгертумен байланысты болады, яғни басқа сөзбен айтқанда, басқару сұлбасының аппараттық (элементік) бөлігін өзгеру талап етіледі.

МП қолдануда сұлбаның қызмет ету алгоритмін өзгерту бір бағдарламаны екінші бағдарламаға ауыстыру арқылы қолжеткізіледі, ол оңай, қарапайым, басқару сұлбасын қайта баптауға кететін уақытты азайтуға мүмкіндік береді.


Осылардың барлығы МП негізінде орындалған күрделі өндірістік кешендерден бастап, балаларға арналған ойындарға дейін басқару құралдарын қолданудың қарқынды өсуін анықтады. МП энергетикалық жүйелердің жұмысын және жеке энергоблоктарды автоматтандыру үшін, автомобильдерді басқаруда, тұрмыс техникасында, ғылыми зерттеулер мен жобалық жұмыстарды автоматтандыру және басқа көптеген жағдайларда қолданылады. Дамыған елдерде МП үшін УИС шығару шашамен екі жыл сайын екі есе артуы МП қолдану салаларының кеңеюін дәлелдейді.

ЭЖ координаталарын реттеу диапазонына, оның функционалды міндеттеріне, сенімділігі мен құнына қойылатын талаптардың үнемі өсуі; сондай-ақ, электроника және микроэлектрониканың жаңа жетістіктері микропроцессорлық техниканың жаңа түрі – қозғалтқыштарды басқаруға арналған микроконтроллердің (ағылш. Motor control) пайда болуына негіз болды. ЭЖ-да қолдануға бағытталған бұл құралдар секундына бірнеше ондық миллион операциялар жасау сияқты өнімділікке ие болып, цифрлық басқару жүйесінің жоғары тиімді кіріккен жүйелерін, сондай-ақ, технологиялық жабдықты автоматтандыру сұлбаларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Микропроцессордың құрылымдық сұлбасына (11.20, а сур.) арифметикалық-логикалық құрылғы *АЛҚ*, басқару құрылғысы *БҚ* және регистрлік сақтау құрылғысы *РСҚ* кіреді. МП-ның осы үш негізгі бөлігі үш байланыс желісімен – деректер шиналары *ДШ*, адрестер шиналарымен *ΔА* және басқару шиналарымен *БШ* байланыстырылған.

Арифметикалық-логикалық құрылғы екілік сандар түрінде ұсынылған деректермен арифметикалық және логикалық операцияларды орындауға арналған. Осы операциялар өткізілетін

деректер операндтар деп аталады. Әдетте операцияға екі операнд қатысады, олардың біреуі арнайы регистрде – аккумуляторда А, ал екіншісі – регистрлерінде *РСК* (немесе МП жадысында) орналасады. Кейде *АЛҚ* МП-ның операциялық бөлігі деп атайды.



11.20 сурет

Регистрлік сақтау құрылғысы содержит жалпы мақсаттағы регистрлерді (ЖМР), сонымен қатар арнайы мақсаттағы регистрлерді, пәрмендер санаушыын ПС қамтиды. Кейде *РСК*-ны МП-ның ішкі жадысы деп атайды.

Басқарушы құрылғы блоктарының жұмысын қамтамасыз ететін басқару сигналдарын шығаруға арналған. *БК* құрамына пәрмендер регистрі *ПР* кіреді, онда осы сәтте орындалып жатқан пәрмен тіркеліп жазылады.

Бұрын атап өтілгендей, МП жұмысы оның жадысында жазылған бағдарламамен қамтамасыз етіледі.

Бағдарлама. Ақпаратты өңдеудің берілген алгоритмін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін пәрмендердің реті бағдарламаны құрайды. МП жұмысының маңызды ерекшелігі – онда бағдарламаның пәрмендері қадамдық режимде қатаң жазылған ретте орындалады.

Бағдарламаның әрбір пәрмені не істеу керек, операция нәтижесін қандай операндтармен және қай адрес бойынша орналастыру керектігі туралы ақпаратты қамтиды. Ол үшін команданың 11.20, б-сур. келтірілген құрылымы бар. Оның бірінші бөлімі операция кодын ОПК, яғни операндтарға операцияның сипатын (мыс., қосу, логикалық салыстыру және т.б.) қамтиды. Пәрменнің екінші бөлігі – адрестік – осы операция жүргізіліп жатқан операндтардың орналасу адрестерін, нәтиженің орналастырылуы тиіс регистрдің адресі немесе жады ұяшығын қамтиды.

МП пәрмендері, адрестері және операндтары екілік көпразрядтық сандармен белгіленеді, барлық цифрлық құрылғыларда сияқты, кернеудің екі деңгейінің – жоғары және төмен деңгейдің комбинациясымен ұсынылады. Бірінші МП-да төртразрядтық сандар

қолданылса, қазіргі МП-да сегіз және он алты разрядтық сандар қолданылады. ақМП-да көпразрядтық екілік сандарды қолдану олардың жұмысының тезерекеттігін және дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді.

МП бағдарламасы (пәрмендер жиынтығы-ПЖ) бірнеше тәсілмен жазыла алады. Біріншісі пәрмендерді тікелей екілік сандар түрінде, осы МП-ға түсінікті машиналық код түрінде жазуды көздейді. Бағдарлама құрудың осындай әдісі көптеген жағдайларда ыңғайсыз болып шығады және әсіресе, үлкен бағдарламаларды құру барысында көп уақыт шығынын талап етеді.


Бағдарламалау тілдерін қолдану анағұрлым ыңғайлы болып саналады. АССЕМБЛЕР типті төмен деңгейлі тілдер МП-мен қатынас құралы ретінде шарты мнемокодтарда ұсынылған бірнеше ондық типтік пәрмендерді қамтиды. Мысалы, К 580 типті отандық сегізразрядтық МП үшін осы типтің тілі шамамен 80 типтік пәрменді қамтиды – арифметикалық, логикалық, деректерді жіберу, басқаруды беру және бірқатар басқа пәрмендер. Қайсыбір тілдің бағдарламалау кезеңінде қолданатынын атап өткен жөн, ал МП өзінің жұмысында екілік сандарды қолданады.

ФОРТРАН, ПАСКАЛЬ, ПЛ/М, БЕЙСИК, СИ, АДА және олардың түрлері (диалектілер) сияқты жоғары деңгейлі бағдарламалау тілдері микропроцессорлық схемаларды пайдаланушыға үлкен мүмкіндіктер мен ыңғайлылықтарды ұсынады. Осы тілдерде құрастырылған бағдарламалар әрі қарай кросс-бағдарламалар атауын иеленген арнайы бағдарламалардың көмегімен МП-ға түсінікті машиналық кодтар жүйесіне таратылады (аударылады).

11.20, а сур. ұсынылған МП тікелей ЭЖ (немесе басқа объектіні) басқару үшін қолданыла алмайды. Басқару функциясын орындау үшін МП сұлбасы бірқатар блоктармен толықтырылуы тиіс, олардың қатарына жад құрылғылары, ЭЖ басқа блоктарымен келістіру құрылғылары, енгізу-шығару құрылғылары, тактілік импульстердің генераторы және т.б.

Микропроцессорлық жүйе. МП және жоғарыда тізілген құрылғылардың жиынтығы микропроцессорлық жүйені (МПЖ) құрайды, оның құрылымдық сұлбасы 11.21-сур. келтірілген.

Осы МПЖ құрамына МП-мен қатар жедел ЖСҚ және тұрақты ТСҚ жад құрылғылары, интерфейстік құрылғы *ИҚ*, сыртқы объектілермен түйіндесу құрылғылары *ТҚ*; сыртқы сақтау құрылғылары *ССҚ*, ақпаратты енгізу-шығару құрылғылары *ЕШҚ*, *ДШ*, *БШ* және *АШ*-дан құралатын жалпы шина *ЖШ* кіреді. Одан бөлек, ЭЖ күштік бөлігі ЭЖКБ сұлбасында белгіленген түрлендіргіш – қозғалтқыш – механикалық беріліс). Қысқаша МПЖ әрбір құрылғысын қарастырамыз.



11.21 сурет

ЖСҚ және ТСҚ сақтау құрылғылары служат өңделуге тиісті деректер мен бағдарламаны, сонымен қатар, өңдеу нәтижелерін орналастыру үшін арналған. МПЖ мүмкіндіктерін кеңейту үшін, *ЖСҚ* мен *ТСҚ*-дан басқа, *ССҚ* қолданылуы мүмкін, олардың қатарына иілгіш магниттік дисктердегі ақпарат жинақтауыштар, сондай-ақ, кассеталық жинақтауыштар жатады.

Ақпаратты енгізу-шығару құрылғылары (ЕШҚ) МПЖ және адамның оған ыңғайлы формада өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету үшін арналған. Енгізу-шығару құрылғыларына басқару пультінің пернетақтасы, баспа машинка (принтер), графиксалғыштар, ақпаратты визуалды ұсыну құрылғылары және т.б

Түйіндесу құрылғылары (*ТҚ*) МПЖ-нің әртүрлі сыртқы (перифериялық) құрылғылармен байланысын қамтамасыз етеді. Олардың алуан түрлі сұлбалық және элементтік жүзеге асырылулары мүмкін. Атап айтқанда, МПЖ-ны ЭЖ координаттар датчиктерімен байланысы үшін (Д және ЭЖ басқару сұлбаларының блоктары (*ЭЖБС*) электр сигналдарын широко используются аналогты-цифрлық (АЦТ) және цифрлы-аналогты (ЦАТ) түрлендіргіштер кеңінен қолданылады, сұлбада *ТҚ1* және *ТҚ2* деп белгіленген.

МПЖ-ны с *ССҚ* және *ЕШҚ*-мен байланыстыруға арналған *ТҚ3* және *ТҚ4* түйіндесу құрылғылары деректерді сақтау үшін случае буферлік (аралық) жады регистрлері болып табылады, деректер жалпы шинадан *ЖШ* сыртқы құрылғыларына және кері жіберіледі. Контроллер (микрoкoнтроллер) атауын алған түйіндесу құрылғылары күрделірек функцияларды орындайды, және олардың жұмысы бағдарламаланады.

Осы МПЖ жұмысын басқа МПЖ және ЭЕМ-мен келістіруді орындайтын *ТҚ5* түйіндесу құрылғылары адаптерлер деп аталады.

Интерфейстік құрылғы (ИҚ) – бұл МП, жады және сыртқы құрылғылардың (*ЕШҚ, ССҚ, Д*) арасында ақпарат жіберуді басқаруды қамтамасыз ететін электрондық сұлбалар, шиналар мен алгоритмдердің (бағдарламалардың) жиынтығы. Басқа сөзбен айтқанда, интерфейстік құрылғы МПЖ-ның жұмыс режимі ауысқан жағдайда көрсетілген сыртқы құрылғылармен талап етілетін өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді. Қайсыбір сыртқы құралдан басқару сигналы түскен жағдайда бір бағдарламаны орындаудан басқасына ауысу типтік үлгі болып табылады. Мұндай ауысу үзілім атауын иеленді. Ұзу бағдарламасы аяқталғаннан кейін ИҚ МРЖ-ның үзілген бағдарлама бойынша жұмысқа қайта оралуын қамтамасыз етеді. ИҚ мысалдары – таймер, жадыға тура қолжеткізу блогы, үзілімдерді ұйымдастыру блогы.

МП, жады және интерфейстің жиынтығы микроЕЭМ атауына ие болды, интерфейс ИҚ, ТҚ және ЖШ-дан құралады.

МПЖ мен микроЕЭМ мақсатына қарай әмбебап және мамандандырылған болып бөлінеді.

Әртүрлі объектілерді (оның ішінде ЭЖ), технологиялық процестерді, өнеркәсіп мекемелерін басқаруды қамтамасыз ете алатын, әртүрлі есептеу операцияларын орындай алатын МПЖ мен ЕЭМ әмбебапқа жатқызылады. Осы функцияларды орындау үшін МПЖ-ның 11.21-сур. көрсетілген сыртқы (перифериялық) құрылғылардың ауқымды жиынтығы бар. Әдетте нақты қолдануда осы құрылғылардың бір бөлігі іске қосылмауы мүмкін, яғни әмбебап МПЖ және ЕЭМ элементтік артықтыққа ие.


Мамандандырылған деп өздерін құру кезеңінің өзінде нақты қолдануға – білдек немесе роботтың ЭЖ басқару сұлбалары, тұрмыстық аспаптап немесе балалар ойындары, өлшеу жүйелері және т.б. бағытталған МПЖ аталады. Бұл жағдайда МПЖ-ның нақты, алдын ала анықталған функциялардың орындалуын қамтамасыз ететін құрылғылары және бағдарламалық қамтамасыз етілуі болады.

Бағдарламаланатын контроллер (БК) мамандандырылған МПЖ-ның кең тараған мысалы болып табылады.

БК-ның орындайтын функцияларын және әсіресе, оның құрылымдық ерекшеліктерін жақсырақ түсіну үшін сұлбаларға (10.23-сур. қараңыз) жүгінеміз, олар ЭЖ басқаруда әртүрлі логикалық операцияларды жүзеге асырады – бір түйістіргіш қосылу тұрғанда екіншісін қосуға тыйым салу, басқару батырмасын басқанда және тыйым салатын қорғаныс сигналы болмаған жағдайда қозғалтқышты іске қосуға рұқсаттың берілуі. Осыған ұқсас сұлбалар қатты (немесе монтаждық) логика атауын иеленді, себебі берілген логикалық операциялардың жүзеге асырылуы элементтердің белгілі бір жиынтығымен және олардың арасындағы байланыстармен қамтамасыз етіледі. Басқарудың күрделі жүйелерін жүзеге асыруда

(20...30 элемент және одан да көп) қатты логикалы сұлбалар үлкен салмаққа және габариттік өлшемдерге ие болады, олардың энергия тұтынуы артады, баптау және олардың жұмысын диагностикалау және тиісінше жөндеу күрделене түседі. Осындай сұлбалардың ең маңызды кемшілігі – жаңа функцияларды ендіруде немесе жарым-жартылай өзгертуде сұлбаларды қайта жасау (қайта монтаждау) қиындығы.

Бағдарламаланатын контроллерлерді МПЖ-ның бір түрі ретінде қолдану ЭЖ басқарудың күрделі сұлбаларын құрастыруда баламалы (техникалық және экономикалық тұрғыдан тиімді) шешім болып табылады. БҚ қолдану қатты логикалы сұлбаларға тән, бірінші кезекте, басқарудың күрделі заңдарын жүзеге асыруда икемділіктің жоқтығы сияқты кемшіліктерден құтылуға мүмкіндік береді. Бағдарламаланатын контроллер – бұл логикалық кіріс сигналдарды өңдеу, оларды түрлендіру және ЭЖ-ға басқарушы ықпалдарды жасауға арналған және алдын ала берілген бағдарлама бойынша жұмыс істейтін мамандандырылған МПЖ. Түсетін ақпаратты өңдеу және басқарушы ықпалдарды жасау процесі БҚ-да бағдарлама бойынша жүзеге асырылады және уақыттың шынайы масштабында орындалады.



11.22 сурет

БҚ (1.22-сур) құрамына сақтау құрылғысы *СК* кіреді, онда оның жұмысының бағдарламасы қамтылған; бірізді енгізілетін сигналдарға логикалық операцияларды жүзеге асыратын логикалық процессор *ЛП* (11.20-сур. сұлбада *АЛҚ*); кіріс *K1* және шығыс *K2* сигналдарының коммутаторлары; БҚ-ның кіріс *ТҚ 1* және шығыс *ТҚ2* сигналдарымен түйілісу құрылғылары, сонымен қатар, жады *Ж*, оған логикалық операцияларды орындау нәтижелері келіп түседі.

Технологиялық процестің барысы, ЭЖ жеке бөліктерінің жұмыс режимдері, қорғаныстың жай-күйі туралы ақпаратты қамтитын $u_{\text{кпр}1}, u_{\text{кпр}2}, \dots, u_{\text{вх}3}$ кіріс сигналдары түйістіру құрылғысының *ТҚ1* кірісіне келіп түседі, түйістіру құрылғы олардың гальваникалық айырығын және олардан осы БҚ-да қолданылатын мәні мен түріне сәйкес келетін сигналдардың қалыптастырылуын қамтамасыз етеді.

Осылай қалыптастырылған сигналдар поступают на вход коммутатордың *K1*, кірісіне келіп түседі, ол который

последовательно подает на *ЛП-ға СҚ-дан* келіп түсетін кезекті пәрменде қамтылған адресі жібереді.

СҚ-да жүктелген бағдарламамен анықталатын ЛП түрлендірулерден кейін сигналдар коммутатор *К2* арқылы жады Ж регистріне, сосын *ТҚ2* арқылы *БК* шығысына келіп түседі.

Операцияларды бірізді орындау қағидасы ақпаратты өңдеу уақытын ұзартады, бірақ бір операцияны орындау уақыты бірнеше микросекунд қана құрағандықтан, БК тезәрекеттігі көп жағдайда жеткілікті болады.

Кіріс сигналдары ретінде кернеуі тұрақты немесе айнымалы тоқтың 5-тен до 250-ге В дейінгі сигналдарға рұқсат беріледі, олардың жалпы саны мыңға жетіп, одан да көп бола алады. Шығыс түйістіру құралдары *ТҚ2* әдетте шығыс тізбектерінің гальваникалық айырығын қамтамасыз ететін және реле, контакторлар, электр магниттерінің катушкалар сияқты қуатты атқару құрылғыларын басқаруға мүмкіндік беретін оптрондық тиристорлар негізінде құрылады.


Басқарудың цифрлық жүйелері теориясында кез келген логикалық түрлендірулер қарапайым ЖӘНЕ, НЕМЕСЕ, ЕМЕС логикалық операциялардың көмегімен орындалатыны көрсетіледі. Бұл ереже БК жұмысын бағдарламалық қамтамасыз етудің қарапайымдылығын, МПЖ саласында бағдарламалау саласында арнайы білімдері жоқ қызметкерлерге де қолжетімділігін анықтайды. Жүктеу, логикалық, меншіктену, циклды басқару және арнайы пәрмендер БК-ның типтік командалары болып табылады. Пәрмендер жүйесінің тиісті мнемоникалық маңызы бар.

11.7. ТҰРАҚТЫ ТОҚ ҚОЗҒАЛТҚЫШТАРЫ БАР ЭЛЕКТР ЖЕТЕКТІ БАСҚАРУДЫҢ ТҰЙЫҚ СҰЛБАЛАРЫ

«Түрлендіргіш-қозғалтқыш» (Т – Қ) қағидасы бойынша құрылған ажыратылған ЭЖ сипаттамасының салыстырмалы түрде қаттылығы жоғары емес, себебі оған түрлендіргіштің ішкі кедергісінің ықпалы әсер етеді. Жылдамдықты реттеудің ауқымды диапазондарына және жоғары дәлдігіне қолжеткізу үшін қаттырақ сипаттамалар талап етіледі, бұл сипаттамаларды Т – Қ тұйық жүйесінде ғана қамтамасыз ету мүмкін.

Одан бөлек, ажыратылған жүйенің сипаттамалары тоқ пен сәтті дәл реттеуді (шектеуді) қамтамасыз етпейді, ол да Т – Қ тұйық жүйесіне өтуді талап етеді. Әртүрлі кері байланыстарды қолдана отырып, қозғалтқыштың жылдамдығын, тоғын, сәтін және қалпын реттеудің тұйық сұлбаларын қарастырамыз.

Тәуелсіз қоздырылатын тұрақты тоқты қозғалтқышының жылдамдығы бойынша теріс кері байланысымен Т – Қ тұйық жүйесі. Осындай жүйенің негізін (11.23, а-сур.) Т – Қ ажыратылған жүйесі құрайды. ТҚТҚ білігінде жылдамдық датчигі – тахогенератор $ТГ$ орналасқан, оның шығыс кернеуі $U_{Tr} = \gamma \omega$ жылдамдығына пропорционалды және кері байланыстың сигналы болып табылады. Пропорционалдық коэффициенті γ жылдамдық бойынша кері байланыстың коэффициенті деп аталады және тахогенератордың I_{Tr} қозу тоғын өзгерту есебінен реттеле алады.



11.23 сурет

$U_{Tr} = \gamma \omega = U_{oc}$ кері байланыс сигналы u_{3c} жылдамдығының жетекші сигналымен салыстырылады және олардың айырмасы келісілмеу (қате) сигналы түрінде u_{bx} қосымша күшейткіштің U кірісіне жіберіледі, ол k_{γ} коэффициентімен u_{bx} келісілмеу сигналын күшейтеді және оны U басқару сигналы түрінде T түрлендіргіштің кірісіне жібереді.

ТҚТҚ тұйық жүйедегі сипаттамаларын алу үшін (4.30) және (4.31) өрнектерін, 4.11 сур. сұлбасын, сонымен қатар, ара қатынастарды пайдаланымз (11.23, а-сур. қараңыз)

$$U_{bx} = U_{3c} - \gamma \omega; \quad (11.5)$$

$$U_y = k_y U_{\text{вх}}; \quad (11.6)$$

$$E_{\text{п}} = k_{\text{п}} U_y, \quad (11.7)$$

мұнда $E_{\text{п}}$ және $k_{\text{п}}$ – тиісінше ЭҚК және түрлендіргішті күшейту коэффициенті.

(4.30) және (4.31) біртіндеп $E_{\text{п}}$ –ні өрнекке ауыстырып (11.7), әрі қарай U_y өрнекке ауыстырып (11.6), сосын $U_{\text{вх}}$ өрнекке ауыстырып (11.5), күрделі емес түрлендірулерден кейін ТТҚ тұйық жүйедегі сипаттамалары үшін келесі флomuлаларды аламыз:

$$\omega = \frac{k_y k_{\text{п}} U_{3.c}}{c(1 + k_c)} - \frac{I(R_{\text{я}} + R_{\text{п}})}{c(1 + k_c)} = \omega_0 = \Delta\omega; \quad (11.8)$$

$$\omega = \frac{k_y k_{\text{п}} U_{3.c}}{c(1 + k_c)} - \frac{M(R_{\text{я}} + R_{\text{п}})}{c^2(1 + k_c)} = \omega_0 = \Delta\omega; \quad (11.9)$$

мұнда $c = k\Phi_{\text{ном}}$; $k_c = \gamma k_y k_{\text{п}} / c$ – жүйені күшейтудің жалпы коэффициенті $\Pi - \text{Д}$

Алынған сипаттамалардың қаттылығын талдау үшін ажыратылған $\Delta\omega_{\text{р}}$ және тұйық $\Delta\omega_3$ жүйесіндегі бірдей тоқта немесе сәтте жылдамдықтың айырымын салыстырамыз. (4.30), (4.31), (11.8) және (11.9) сәйкес

$$\Delta\omega_{\text{р}} = I(R_{\text{я}} + R_{\text{п}})/c; \quad (11.10)$$

$$\Delta\omega_3 = I(R_{\text{я}} + R_{\text{п}})/c(1 + k_c) = \Delta\omega_{\text{р}}(1 + k_c). \quad (11.11)$$

$k_a > 0$, то $\Delta\omega_3 < \Delta\omega_{\text{р}}$ болғандықтан, тұйық жүйедегі сипаттамалардың қаттылығы ажыратылған жүйедегі сипаттамалардың қаттылығынан әрқашан жоғары. 11.23, б-сур. көрсетілген сипаттамалардың өздері, представляют собой прямые параллельные линии 2, 4 және 5 тура параллельді сызықтар болып табылады, олардың орналасуы U жылдамдығы бойынша жетекші сигналдың деңгейімен және тиісінше, y_0 бос жүрістің жылдамдығымен анықталады. Тура осы жерде салыстыру үшін ТТҚ-ның ажыратылған жүйедегі жұмсақтау сипаттамасы келтірілген (түзу 3).

Қаттылығы бойынша шекті сипаттаманы табу үшін жүйені күшейту коэффициентін k_c шексіздікке дейін ұлғайтамыз. (11.11)-ден көрініп тұрғандай, $k_c \rightarrow \infty$ $\Delta\omega_3 \rightarrow 0$, яғни осы тұйық жүйенің шегінде абсолютті қатты сипаттама алына алады (штрихтік түзу 1).

Осы жүйеде жылдамдықты реттеу процесінің физикалық жағын қарастырайық. ТТҚ орнатылған режимде жүктеменің астында

жұмыс істеп жатыр деп жорамалдаймыз және қайсыбір себептермен жүктеме кезі M_c ұлғайды. ТТҚ арттыратын сәт жүктеме сәтінен азайғандықтан, оның жылдамдығы төмендей бастайды, және тиісінше $U_{Tr} =$ ую жылдамдығы бойынша кері байланыстың сигналы да төмендей бастайды, ол өз кезегінде, (П.5)...(11.7) сәйкес келісілмеу i_{bx} және басқару u_y сигналдарының көбеюіне және түрлендіргіштің ЭҚК жоғарылауына, демек, ТТҚ кернеуі мен жылдамдығының артуына алып келеді. Жүктеме сәтін азайтқанда кері байланыс басқа бағытта әрекет ете бастап, түрлендіргіштің ЭҚК төмендеуіне алып келеді.

Сонымен, кері байланыстың бар болуына байланысты түрлендіргіштің ЭҚК автоматты реттеу жүзеге асырылады, демек, ТТҚ-ға жеткізілетін кернеуді автоматты реттеу жүзеге асырылады, соның есебінен ЭЖ сипаттамаларының қаттылығы жоғарылайды. Ажыратылған жүйеде жүктеме сәті өзгергенде түрлендіргіштің ЭҚК өзгермейді, нәтижесінде электр жетегі сипаттамаларының қаттылығы төменірек болады.


Т – Қ жүйесінде сипаттамалардың қаттылығын арттыру үшін жылдамдық бойынша кері байланыстан басқа кернеу бойынша теріс кері байланыс және қозғалтқыштың тоғы бойынша оң кері байланыс және олардың тіркесулері қолданылады. ЭЖ сұлбаларын және алынатын сипаттамаларды [6, 7] қараңыз.

Тоқ бойынша сызықты емес кері байланыстың көмегімен тұрақты тоқ қозғалтқышының тоғын және сәтін реттеу (шектеу) (11.24, а сур.). ЭЖ осы жүйесінде датчиктің ретінде $L_{ш}$ кедергісімен шунт қолданылады, онда кернеуің түсуі якорь I тоғына пропорционалды. Нәтижесінде ток бойынша кері байланыс сигналы

$$U_{o.T} = \beta I, \quad (11.12)$$

онда β – ток бойынша кері байланыстың коэффициенті, Ом.

Резистор $R_{ш}$ ретінде қосымша полюстерінің орамы немесе қозғалтқыштың өтеуіш орамасы жиі қолданылатындығын атап өтеміз.



11.24 сурет

Кері байланыс сигналы $U_{от}$ тоқты беру сигналымен $U_{3т}$ бірге ток дәйек торабы деп те аталатын тоқты шектеу торабына ТШТ келіп түседі, тоқты беру сигналы тоқты реттеу (шектеу) басталатын дәйектің тоқ деңгейін анықтайды.

ТШТ жұмысы оның $U_{от}(I)$ сипаттамасына сәйкес (11.24, а-сур. қараңыз) келесідей. Якорьдағы ток дәйектің берген тоғынан аз болса, яғни $I \leq I_{отс}$, ТШТ шығысында кері байланыс сигналы нөлге тең. Басқа сөзбен айтқанда, ЭЖ якорь тоғының 0-ден $I_{отс}$ -ге дейінгі диапазонында ажыратылған болып табылады және I аймағында 11.24, б-сур. көрсетілген сипаттамалары бар. $I > I_{отс}$ болса, ТШТ шығысында $U_{от} = \beta I$ теріс кері байланыстың сигналы пайда болады, ЭЖ тұйық бола бастайды да, аймағындағы II сипаттамаларға сәйкес жұмыс істей бастайды. Осы зонадағы ЭЖ сипаттамаларының түрін түсіндіру үшін келісілмеу сигналы үшін өрнекті жазамыз:


$$U_{вх} = U_{3.с} - \beta I, \quad (11.13)$$

(11.13) көрініп тұрғандай, ток ұлғайғанда/ $U_{вх}$ сигналы азаяды, ол (11.6) және (11.7) сәйкес U_y және E_n сигналдарының азаюына себеп болады, бұл ретте U_y қозғалтқышында кернеу азаяды және тиісінше, қозғалтқыштың якорінде де ток азаяды. Қозғалтқыштың сипаттамалары құламалы (жұмсақ) бола бастайды, ол тоқты, және тиісінше сәтті де реттеу (шектеу) әсерін бейнелейді. Жүйені күшейту коэффициенті ұлғайғанда аймағындағы II сипаттамалар тік сызықтарға жақындай түседі. Тоқты шектеу деңгейі жетекші сигналмен (тағайын шамасы) и $_{3т}$ анықталады. Қозғалтқыштың нөлдік жылдамдықтағы тоғы тоқтатылу тоғы деп аталады $I_{стоп}$.

Жылдамдық және ток бойынша кері байланыстармен тұрақты ток қозғалтқышты электр жетегінің тұйық сұлбасы. Жылдамдықты реттеуге қажетті ЭЖ қатты сипаттамаларын және ток пен сәтті шектеу үшін қажетті жұмсақ сипаттамаларды алу үшін, яғни екі координатаны реттеу барысында тиісті кері байланыстар қолданылады. Жылдамдық және ток бойынша сызықтық емес кері байланыстармен ЭЖ сұлбасында (11.25, а сур.) кері байланыстар тізбектерінің сызықтық еместікті қамтамасыз ету үшін тоқты шектеу торабын ТШТ және жылдамдықты шектеу торабын ЖШТ қолданады, олардың сипаттамалары тиісті шартты белгілердің ішінде көрсетілген. Келтірілген сызба жалпы күшейткіші және сызықтық емес кері байланыстары бар сұлбаға сәйкес келеді (11.3 сур. қараңыз), олар механикалық сипаттамалар саласын (11.25, б сур. қараңыз) үш аймаққа – I, II және III бөлуді анықтайды.

Токтардың 0-ден $I_{отс}$ дейін аймағында / диапазонында жылдамдық бойынша ғана кері байланыс әрекет етіп, ЭЖ қатты сипаттамаларын қамтамасыз етеді.

II аймағында $I > I_{отс}$ болса ток бойынша кері байланыс іске қосылады және сипаттамалар жұмсағырақ бола бастайды. Ток әрі қарай ұлғайып, және жылдамдық $\omega_{отс}$ айырық жылдамдығынан төмендесе, жылдамдық бойынша кері байланыстың әрекеті тоқтайды, ал ток бойынша байланыс әрекеттері есебінен сипаттамалар одан да төмен бола бастайды (III аймақ), яғни талап етілетін тоқты және сәтті шектеу қамтамасыз етіледі.



11.25 сурет

Сұлба бойынша жалпы күшейткішпен тұйық ЭЖ –да талап етілетін статикалық сипаттамаларды қалыптастырғаннан кейін, оның динамикалық сипаттамалары қабылдауға келмейтіндей болып шығуы мүмкін – қозғалыс ауыспалы процестерде не тұрақсыз, немесе қайта реттеу мен ауытқулармен сипатталады, немесе ағып кетудің айтарлықтай уақыты болады. Бұл жағдайларда ЭЖ басқару зандарын түзету талап етіледі.

ЭЖ динамикалық сипаттамаларын түзету мәні төмендегідей: оның сұлбасына осы сипаттамаларды қажетті жолмен өзгертуіне мүмкіндік беретін қосымша (түзетуші) құрылғылар енгізіледі. Түзетуші құрылғылардың сұлбасын (құрылымын), параметрлерін және қосу орындарын анықтау, немесе, олардың синтезі автоматтық реттеу және ЭЖ теориясында [6, 9] әзірленген әдістермен ауыспалы процестердің сапасының берілген критерийлері бойынша жүргізіледі. Осы әдістерді және қолданылатын түзетуші құрылғылардың сұлбаларын сипаттауға тоқтамай, түзетудің мақсаты – ЭЖ сұлбасында негізгі сигналдардан туындылар мен

интегралдарға пропорционалды басқарудың қосымша сигналдарын қолдану екендігін атап өтеміз.

Басқа сөзбен айтқанда, ЭЖ динамикалық сипаттамаларын түзету қосымша икемді кері байланыстарды қолдануды көздейді. Бұл байланыстар өздерінің әрекет ету қағидалары бойынша ЭЖ берілген динамикалық сипаттамаларын қалыптастыруға қатысып, өздерін тек ауыспалы процестерде танытады және қатты (тұрақты әрекет ететін) кері байланыстардың көмегімен алынған статикалық сипаттамаларды өзгертпейді.

Координаталарды бағыныңқы реттеумен тұйық электр жетектері. 11.4 -сур. келтірілген құрылымдық сұлба бойынша жүзеге асырылатын бағыныңқы реттеу қағидасы Т-Қ жүйесінде координаталарды тиімді және сапалы реттеуді қамтамасыз етеді. Еске салайық, бұл қағида әрбір координатаны және тиісті кері байланысты өзінің жеке реттеуішінің көмегімен реттеуді көздейді, яғни әр координатаны реттеу жеке тұйық контурында орындалады және ЭЖ статика және динамикада талап етілетін сипаттамаларын сұлбаны және осы координаталарды реттеу параметрлерін және оның кері байланысының тізбегін таңдау арқылы алуға болады.

Ішкі контурды сыртқы контурдың сыртқы сигналының көмегімен басқару осындай жүйелердің тағы бір бағалы қасиетін анықтайды. Ол қарапайым құралдармен кез келген реттелетін координатаны, мысалы ток және сәтті берілген деңгейде шектеуге мүмкіндік береді. Ол үшін сыртқы контурдан түсетін сигналды шектеу жеткілікті.

Бағыныңқы реттелуімен ЭЖ сұлбасын (11.26, *a* –сур.) қарастырайық, мұнда жылдамдық шығыс реттелетін координата болып табылады. Сұлбаның басқару бөлігі екі тұйық контурдан тұрады: токты реттеуші TP мен ток датчигінен TD тұратын токты (сәтті) реттеу контуры және жылдамдықты реттеуіш JP пен жылдамдық датчигінен тұратын (тахогенератор) TG жылдамдықты реттеу контуры.

Осы типті ЭЖ сұлбалардың көбінде ток және жылдамдықты реттеушілер операциялық күшейткіштердің базасында орындалады. Тізбекке U_c жылдамдығының жетекші сигналын РС жылдамдық реттеуішін және оның $R1$ және R_{oc1} резисторларының кері байланысын қосу осы сигналдың $k_1 = R_{oc1}/R1$ коэффициентімен өзгеруін (күшеюін немесе бәсеңдеуін) қамтамасыз етеді. Осыған ұқсас, U_o жылдамдығы бойынша кері байланыс сигналының өзгеруі $k_2 = R_o/R2$ коэффициентімен орындалады. Осындай реттеуіш жылдамдықтың пропорционалды реттеуіші атауын иеленді.

ЖТ тізбегіне конденсаторларды (реактивті электр элементтері) қосқанда оның электр сигналдарын түрлендіру бойынша функционалдық мүмкіндіктері кеңейеді. Мысалы, конденсатордың C_{oc} ток реттеуішін TP бірізді J_{oc2} резисторымен тізбекке қосу TP

Техникалық оптимум реттеуіштерді баптаудың ең кең тараған әдісі болып табылады, мұнда қайта реттеу $\Delta X = X_{max} - X_{уст}$ орнатылған деңгейлердің 4,3% құрайды, ал ауыспалы процестің уақыты $t_m = 4,1 T_n$, мұнда T_n – тиристорлық түрлендіргіш уақытының электр магниттік тұрақты шамасы, әдетте 0,01 с-қа тең қабылданады. ЭЖ теориясында [2] жылдамдық пен тоқ реттеуіштері тізбектерінің параметрлерін есептеудің тиісті әдістері әзірленген, олар координаталарды реттеудің берілген сипатын қамтамасыз етеді.

Бағыныңқылы реттеу сұлбасы қарапайым құралдармен ЭЖ координаталарын берілген деңгеймен шектеуге мүмкіндік беретінін атап өткен болатынбыз. 11.26, а-сур. келтірілген сұлбада осы мақсатта кері байланыстың ЖР тізбегіне VI және $V2$, стабилитрондары қосылған, олар которые, ограничивая выходное напряжение PC , являющееся входным задающим сигналом (уставкой) тока U_T тоғының кіріс жетекші сигналы (тағайын шамасы) болып табылатын CP шығыс кернеуін де, қозғалтқыштың тоғы мен сәтін берілген деңгеймен шектейді.

11.26, в-сур. координаталарды бағыныңқылы реттеумен және техникалық оптимумға бапталған ЭЖ-ның статикалық сипаттамалары келтірілген. Тоқ және сәтті шектеу қамтамасыз етілетін тік учаскенің I болуы және қатаң сипаттамалары бар учаскенің II болуы олардың ерекшелігі болып табылады, олардың еңкістігі уақыттың екі тұрақты шамасының – қозғалтқыштың T_m электр механикалық тұрақты шамасы мен T_n түрлендіргіштің электр магниттік шамасының ара қатынасына тәуелді.


Бағыныңқылы реттеу сұлбаларында реттеуіштерді баптаудың басқа критерийі – симметриялық оптимум бойынша баптау критерийі қолданылады, ол II учаскеде абсолютті қатты статикалық сипаттамаларды алуға мүмкіндік береді, бірақ бұл жағдайда ауыспалы процестер 55%-ға дейін жететін үлкен қайта реттеумен сипатталады. Симметриялық оптимум бойынша баптауда жылдамдықты реттеуші ЖР интегралдыға пропорционалды орындалады.

Қорытындылай келе, координаталарды бағыныңқылы реттеу сұлбаларының үлкен функционалдық мүмкіндіктерінің есебінен олар тұрақты да, айнымалы тоқтың да реттелетін ЭЖ-да кең қолданыс тапқандарын тағы бір рет атап өтеміз.

«Тоқ көзі–тұрақты тоқ қозғалтқышы» жүйесі бойынша электр жетекті басқарудың тұйық жүйесі. Бұл жүйенің күштік бөлігін (11.27, а сур.) тоқ көзі TQ және TTQ құрайды, оның қозғау орамасы ҚО екі шығысы бар күшейткішке K қосылған. Бірінші кіру бойынша күшейткішке $СЖП$ (сәттің жетекші потенциометрі) потенциометрінен C_m сәттің жетекші сигналы түседі, ол механикалық сипаттаманың тік учаскесіндегі сәттің мәнін анықтайды (11.27, б-сур.).

Күшейткіштің K екінші кіруіне U_{oc} жылдамдығы бойынша сызықтық емес теріс кері байланыстың сигналы түседі, оны кері байланыстың тахогенераторы $ТГ$, вентиль V және жылдамдықтың жетекші потенциометрі

құрады. Кері байланыс тізбегі төмендегідей құрастырылады: $u_{\text{зс}}$ жылдамдығы бойынша тахогенератордың ЭҚЖ жетекші сигналдан асып кеткен жағдайда ғана вентиль V осы тізбек бойынша тоқ өткізе бастайды, ол жылдамдық ω айыру жылдамдығынан жоғары болғанда ғана мүмкін болады. $\omega < \omega_{\text{отс}}$ жылдамдығында вентиль $V_{\text{отс}}$ жабық болады және жылдамдық бойынша кері байланыс іске қосылмайды ($U_{\text{отс}} = 0$).



11.27 сурет

Жылдамдық бойынша кері байланыстың сызықтық емес сипаты механикалық сипаттамалардың екі аймағын анықтайды. $\omega < \omega^{\wedge}$ (f аймақ) $U_{oc} = 0$ болса, күшейткіштің U кіруіне мәні бойынша өзгермейтін сәтті беру сигналы U_m беріледі, оның шығысындағы кернеу u_b , қозу тоғы I_b және ол анықтайтын сәт C тұрақты болып табылады, 11.27, б сур. сипаттамалардың тік учаскелерін анықтайды.

$\omega > \omega_{\text{отс}}$ (II аймақ) болғанда, вентиль V ашылады және $i_{\text{зм}}$ сигналына белгі бойынша қарама-қарсы жылдамдық бойынша күшейткіштің U кіруінде кері байланыс сигналы пайда болады. Сонда күшейткіштің U кіруінде жиынтық сигнал


$$U_y = U_{3,м} - U_{oc} = U_{3,м} - \gamma\omega. \quad (11.14)$$

(11.14) көрініп тұрғдай, жылдамдық артқан сайын күшейткіштің U кіруіндегі u_y сигналы төмендей береді, күшейткіштің U шығуында оған пропорционалды U_b кернеуі және ТТҚ I_b қозу тоғы да төмендейді, демек, (4.3) сәйкес, оның сәті де төмендейді. Бұл ретте механикалық сипаттамалар көлбеу түзулерінің түрін иеленеді. Сонымен, ЭЖ қарастырылған жүйесі екі координатаны – жылдамдық пен сәтті реттеуді қамтамасыз етеді. U сигналының мәні сипаттамалардың I аймақта ТҚТТҚ-ның сәт деңгейін анықтайды, ал U сигналының мәні

– механикалық сипаттамалардың айыру (омырылу) жылдамдығының деңгейін анықтайды. II аймақтағы механикалық сипаттамалардың қаттылығы ЭЖ жалпы күшейту коэффициентімен анықталады.

Мысал ретінде тәуелсіз козу тұрақты ток қозғалтқыштың шынайы түйік ЭЖ-ны жүзеге асыру сұлбасын қарастырамыз.

ЭТЗР типті сериялық электр жетектің сұлбасы. 11 кВт-қа дейінгі қуатта жылдамдықты 1000-ға дейінгі диапазонда реттеуді талап ететін әртүрлі металл өңдейтін білдектердің механизмдері үшін ЭТЗР типті сериялық жиынтықтық ЭЖ қолданылады (11.28 сур.). Осы типті электр жетегі жылдамдық бойынша теріс кері байланыс бар реттеудің тұйық жүйесі түрінде орындалған, ол баптауға қарай жүктеме сәгі $0,1 M_{\text{ном}}$ –дан $M_{\text{ном}}$ –ға дейін өзгеруде 0,5... 10% шегінде жылдамдықтардың салыстырмалы айырымдарды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, ЭЖ-да тоқты шектеу құрылғысының ТШҚ көмегімен тоқты реттеу (шектеу) қамтамасыз етіледі. ЭЖ ауыспалы процестерінің тұрақтылығын және талап етілетін сапаларды қамтамасыз ету үшін сұлбада ТТҚ жылдамдығы және u_{y2} қорытқы басқару сигналы бойынша икемді кері байланыстар қолданылады.



11.28 сурет

ПБСТ, 2П немесе ПГТ сериялардың қозғалтқыш якорінің кіріктірілген тахогенераторы *BR* күштік бөлікті қамтитын тиристорлық түрлендіргіштен (*VS1... VS6* тиристорлары) және ИФБЖ коректенеді. Күштік бөлімнің тиристорлары *VS1... VS6* екі үшфазалық нөлдік сұлбаларға біріктірілген, олар түзету және инверторлық топтарды құрайтын тиристорлардың екі жиынтықтары бар реверсивті түрлендіргішті құрайды. Осы топтарды басқару келісілген бірлескен қағиданы қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Түзеткіш және инверторлық топтардың арасында өтетін теңгеруші тоқтың айнаымалы шамасын азайту үшін ЭЖ-да $L1$ және $L2$ шектеуіш реакторлар қолданылады. Тізбекке жатықтаушы реактордың $L3$ якорін M қосу позволяет исключить режим үзілмелі тоқтың режиміне жол бермей, нәтижесінде ТТҚ қолдануды арттыруға мүмкіндік береді.

$VS1 \dots VS6$ тиристорларын басқару тік принципі бойынша жұмыс істейтін транзисторлық ИФБЖ-мен қамтамасыз етіледі. Оның үш каналы бар, олардың әрқайсысы бір фазаға қосылған екі тиристорға жұмыс істейді.

ЭЖ қорегі екі екінші реттік орамасы бар үшфазалық трансформатордан T жүзеге асырылады. Олардың нөлдік шығысы бар біреуіне жетектің күштік бөлімі жалғанған, ал екіншісіне – түзеткіш $ВД$ арқылы – қозу орамасы $ҚО$ және басқару сұлбасы қоректенетін қорек блогы $ҚБ$ жалғанады. Тахогенератордың қозу орамасы $ҚО$ кернеу тұрақтандырғышынан $ҚТ$ қоректенеді.

ЭЖ басқару жүйесінің құрамына аралық күшейткіш $У1$, қатты күшейткіш (эмиттерлік қайталауыш) $У2$, тоқты шектеу торабы $ТШТ$, икемді кері байланыс торабы $ИКБТ$, жетекші потенциометр RP , $SB1$ және $SB2$ басқару батырмалары және іске қосу релесі K кіреді.


Басқару сигналы C_{61} жетекші $U_{\text{ж}}$, тахогенератор U және тоқты шектеу $и_{\text{ш}}$ сигналдарының алгебралық қосындысы ретінде қалыптастырылады, оны шығару үшін ТТҚ жылдамдығы бойынша сызықтық емес оң кері байланыс қолданылады. Якорь тоғы бөлік (отсечка) тоғынан аз болса, жылдамдықты реттеу контуры ғана жұмыс істеп тұрады. Якорь тоғы бөлік тоғынан көп болса, тоқты шектеу тізбегінің сызықтық еместігінің есебінен ТТҚ жылдамдығы бойынша сызықтық емес теріс кері байланыс өшеді де, оң кері байланыс берілген деңгейде тоқты және сәтті шектеуді қамтамасыз ете отырып, жұмыс істей бастайды.

Басқару сигналымен бірге $и_{61}$ түзетуші икемді кері байланыспен $U_{\text{к}}$ бірге қуатты күшейткіштің кіруінен $У2$ кейін және қорытқы сигналы C_{y2} түрінде күшейтілгеннен кейін іске қосу релесінің K тұйықтаушы байланысы арқылы ИФБЖ-ның кіруіне жіберіледі. Осы релені басқару батырмаларының көмегімен басқарылады: $SB1$ ТТҚ іске қосқанда және $SB2$ – оны тоқтатқанда қолданылады. ТТҚ-ны реверстеу жетекші сигналдың C полярлығын өзгерту арқылы жүзеге асырылады.

ЭТЗР типті ЭЖ-да біркатар қорғаныс, бұғаттау және сигнал берулер жүзеге асырылады. Тоқтық реле $КА$, оның катушкасының ТТҚ якорінің тізбегіне, ал байланыс – реленің K қорек тізбегіне қосылуы ТТҚ-ның максималды тоқтық қорғанысын қамтамасыз етеді. Ол іске қосылғанда реле K өшіріледі, тиристорлардан басқару сигналдары алынады және ТТҚ қорек көзінен ажыратылады.

$QF1$ және $QF2$ Автоматтық сөндіргіштер тиристорлық түрлендіргіштің күштік бөлігінің, ТТҚ қозу орамасының және басқару сұлбасының максималды тоқтық қорғанысын жүзеге асырады.

Микропроцессор қолданылатын электр жетегінің сұлбасы. Микропроцессорлық басқару қолданылатын робототехникалық құрылғы атқару органының қалпын реттеу үшін тұрақты ток қозғалтқышымен [19] ЭЖ сұлбасын қарастырамыз (11.29, а сур.). Бұл ЭЖ 3.3. сур. келтірілген диаграммаға сәйкес роботтың атқару органын жылжыту және дәл жайғастыруды қамтамасыз етуі тиіс, ол үшін онда орналастыру бойынша кері байланыс қолданылады. Сонымен қатар, тұрғыландырудың жоғары дәлдігін қамтамасыз ету үшін ЭЖ-да тоқты (сәтті) және ТТҚ жылдамдығын реттеу жүзеге асырылады.



11.27 сурет

11.29, сур. келтірілген сұлба аналогтық та, цифрлық та тораптар мен құрылғылардың қолданылуымен осындай сұлбаларды орындауға тән мысал болып табылады. Цифрлық-аналогты сұлбалар атауын иеленген сұлбалар ЭП сипаттамаларын анағұрлым жақсартады.

ЭЖ күштік бөлігі трансформатордан ТР қоректенетін үшфазалық көпірлік реверсивті тиристорлық түрлендірушіден ТП тұрады. Басқару сұлбасы координаталарды бағыныңқы реттеу қағидасы бойынша құрылған.

Тоқты реттеу аналогты пропорционалды-интегралды ток реттеуішпен TP орындалады, оның кіруіне ток датчигінен TD тоқ бойынша кері байланыс сигналы және жылдамдық реттеуіші шығуынан тоқты қою сигналы $и_{тк}$ түседі.

Аналогты пропорционалды-интегралды ток реттеуіш TP қалыптың сыртқы контурынан түсетін өзінің жетекші сигналының $U_{3\text{с}}$ және тахогенератормен $ТГ$ шығарылатын жылдамдық бойынша кері байланыс сигналының негізінде тоқты қою сигналын $U_{3т}$ қалыптастырады. $VD1$ және $VD2$ стабилитрондары ЖР шығуында сигналды шектейді, яғни қозғалтқыштың тоғы мен сәтін шектеуді қамтамасыз етеді.

Қалыпты реттеу микропроцессорлық жүйенің көмегімен жүзеге асырылады, бұл жүйе микропроцессор $МП$, жады құрылғылары $ЖСК$ және $ТСҚ$, түйістір құрылғылары $ТҚ1... ТҚ3$, цифрлық қалып датчигі $ЖД$ және цифрлы-аналогты түрлендіргіштен $ЦАТ$ тұрады. Қалыпты қою сигналы $S_{кк}$ тұйықталу сигналдары құрылғысы $ТСҚ$ арқылы микропроцессорлық жүйеге терминалдан T түседі (қойылады).

Микропроцессорлық жүйе негізінде қалыпты цифрлық реттеуіштің жұмысы екі қағиданың біреуіне сүйенуі мүмкін. Бірінші қағида реттеуіштің статикалық сипаттамасын парабола түрінде жүзеге асыруды көздейді, ол 3.3 сур. көрсетілген ЭЖ қозғалуының оңтайлы кестесін қамтамасыз етеді. Мұндай реттеуішті бағдарламалық жолмен жүзеге асыруға болады, ол үшін $ТСҚ$ -ға осы сызықтық емес сипаттаманы жазады.

$ҚР$ жұмысының екінші қағидасы ЭЖ тежелуін басталу сәтін есептеуге негізделеді, ол да 3.3 сур. көрсетілген қозғалыс ауытқымаларын алуға мүмкіндік береді. Осы әдісті егжей-тегжейлі қарастырайық.

Әдісті жүзеге асыру төмендегіге негізделеді: орнатылған жылдамдық $ю_{уст}$ және үдету $a = (M - M) / J$ белгілі болса, мұнда J – ЭЖ инерциясының сәті, берілген жылжуды $S_{3н}$ атқарудың соңында ЭЖ тежелу учаскесінде уақыт t және қашықтық S_t келесі формулалар бойынша есептеуге болады:


$$t_t = \omega_{уст} / a; S_t = \omega_{уст}^2 / (2a). \quad (11.14)$$

Тежелуге сигнал берілгенде микропроцессорлық жүйе жұмысының алгоритмі 11.29, б сур. келтірілген. Оны жүзеге асыру үшін микропроцессорлық жүйеге $щ_{уст}$, a , $S_{3н}$ шамалары бойынша деректер және қозғалтқыш білігі мен атқару органының ағымдағы қалпына пропорционалды қалып датчигінің сигналы S_n енгізіледі. Микропроцессорлық жүйе t және S шамаларын және $S_t = S - S$ айырмасын (11.14) бойынша есептейді. Сосын S_1 айырмасының мәні қалып датчигінің сигналымен S_n салыстырылады. S_1 мен S_n тең бола салып, микропроцессорлық жүйегеден ЭЖ тежелуге пәрмен беріледі, уақыт t ұстауды есептеу басталады және осы уақыт біткеннен кейін оны өшіруге пәрмен беріледі.

11.8. АЙНЫМАЛЫ ТОҚ ҚОЗҒАЛТҚЫШТАРЫМЕН ЭЛЕКТР ЖЕТЕКТЕРІН БАСҚАРУДЫҢ ТҰЙЫҚ СҰЛБАЛАРЫ

Айнымалы тоқ қозғалтқыштарымен тұйық ЭЖ бүгінгі күнге дейін сирек қолданылатын. Соңғы жылдары әртүрлі басқару құралдары, және бірінші кезекте, жартылай өткізгіштік күштік түрлендіргіштердің пайда болғалы бері, айнымалы тоқты реттелетін ЭЖ тез дами бастады.

«Кернеудің тиристорлық реттеуіші регулятор – қозғалтқыш» (КТР – АҚ) сұлбасы бойынша орындалған асинхронды ЭЖ басқарудың тұйық сызбасы. Контактілі сақиналары бар және жылдамдық бойынша кері байланыспен АҚ жылдамдығын реттеу сұлбасын қарастырамыз 11.30, *a* сур.). Бұл сұлбада желі мен АҚ статорының арасында кернеудің тиристорлық реттеуіші КТР қосылған, оның күштік бөлігін қарсы-папаллельді жалғанған үш жұп тиристорлар $VS1... VS6$ құрайды. Тиристорлардың басқарушы электродтары ИФБЖ шығыстарына жалғанған, ол басқарушы импульстерді барлық тиристорларға таратады және басқарудың кіру сигналына қарай U_y оларды жылжытуды жүзеге асырады. Жылдамдық бойынша кері байланысты жүзеге асыру үшін қозғалтқыштың білігіне тахогенератор $ТГ$ жалғанған, оның ЭҚК $E_{ТГ}$ жетекші потенциометрден ЖП түсірілетін $i_{сc}$ жылдамдығының жетекші кернеуімен



11.30 сурет

салыстырылады. Бұл кернеулер бір-біріне қарама-қарсы әрекет етеді және олардың айырмасы *ИФБЖ* шығысына түсетін басқару сигналын құрады.


$$U_y = U_{з.с} - E_{тг} = U_{з.с} - \gamma\omega, \quad (11.15)$$

Осы сигнал ұлғайғанда тиристорларды басқару жүйесі азаяды, ал қозғалтқышқа берілетін кернеу ұлғаяды және керісінше. АҚ жылдамдығы азайғанда ротордың тізбегінде қуатты жоғалту (сырғуды жоғалту) орын алады, олар оның қосымша қыздырылуын тудырады және ЭЖ жұмысының үнемділігін төмендетеді. Қозғалтқыш төмен жылдамдықтарда жұмыс істеп тұрғанда оның роторының тізбегіне қосалқы резистор $Y_{2д}$ қосылады, оның болуы жылдамдықты реттеу диапазонын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қозғалтқыштың білігінде жүктеме сәтінің өзгеруі барысында және жылдамдықты қоюдың тұрақты сигналы $u_{зс2}$ ЭЖ жұмысын қарастырайық. Бастапқы қалыпта АҚ нүктеде 1 жүктеме сәтімен $M_{с1}$ жұмыс істеді (11.30, б сур. қараңыз), ал сосын ол $M_{с2}$ мәніне дейін ұлғайды деп алайық. Бұл жағдайда жылдамдық төмендей бастайды және тиісінше, E тахогенератордың ЭҚҚ да азаяды, ол (11.15) сәйкес басқару Π_y кернеуінің жоғарылауына және тиристорларды басқару бұрышының азаюына, демек, АҚ-ға жіберілетін кернеудің көбеюіне алып келеді. АҚ сәті ұлғаяды және 2 нүктеде $M_{с2}$ жүктеме сәтімен теңеледі. Сонымен, жүктеме сәтінің ұлғаюы АҚ жылдамдығының аз ғана азаюына алып келеді немесе, басқа сөзбен айтқанда, оның сипаттамалары қатты болады. Жүктеме сәті азайғанда АҚ-да кернеу автоматты түрде төмендей береді, яғни оның айналу жылдамдығы берілген деңгейде сақталады.

Потенциометрдің ЖП көмегімен $\Pi_{зс}$ жылдамдығының жетекші кернеуінің мәнін өзгерте отырып, біршама жоғары қаттылығы және АҚ-ның қажетті асқын жүктемелік қабілеті бар электр жетегінің бірқатар механикалық сипаттамаларын алуға болады.

Жиілік басқарумен АҚ тұйық ЭЖ. ТЖЭ сериялы және оның ТЖЭ2 модификациялы жетегі жиілік басқарумен айнаымалы тоқтың тұйық ЭЖ –ның мысалы бола алады. Бұл ЭЖ жиілікті және оған жіберілетін кернеудің мәнін өзгерту есебінен қозғалтқыштың жылдамдығын, тоғын және сәтін реттеуді қамтамасыз етеді. Осындай ЭЖ-ның қарапайым функционалды сұлбасы 11.31, а сур. келтірілген. Мұнда күштік түрлендіргіш ретінде тұрақты ток буынымен тиристорлық жиілікті түрлендіруші қолданылады, ол басқарылатын түзеткіш *БТ* және кернеу инверторынан *КИ*, олардың өздерінің *БТС* және *КИС* басқару сұлбаларынан тұрады. БТ және КИ арасына күштік сүзгі *С* қосылған, ол БТ-ның шығу кернеуінің сүзілуін және сұлбаның күштік бөлігіндегі реактивті энергияның қажетті



11.31 сурет

айналысын қамтамасыз етеді.

Осындай ЭЖ басқару сұлбасы координаталарды бағыныңқы реттеу қағидасы бойынша құрылады және оның екі контуры бар – ішкі (тока) және сыртқы (кернеудің). Осы координаталарды реттеу пропорционалды-интегралдық ток реттеуіштермен $ТР$ және кернеу реттеуіштермен $КР$ ток датчиктері $ТД$ мен кернеу датчиктерінің $ҚД$ сигналдары бойынша жүзеге асырылады. Жиілік номиналдық жиіліктен төмен болған жағдайда басқару сұлбасы кернеудің жиілікке қатынасын тұрақты етіп сақтайды, ал жиілік номиналдықтан жоғары болса, кернеу өзгермейді, ол күшейткіш-шектеуішпен $КШ$ -мен қамтамасыз етіледі.

Жиілікті түрлендіруші 50 Гц номиналды жиілікте жиілікті өзгертудің жұмыс диапазонын 5...80 және 200 Гц номиналды жиілікте жиілікті өзгертудің 240 Гц қамтамасыз етеді. Кернеуді реттеу диапазоны 0...380 В құрайды. ТЖЭ2 сериясы 16,5-тен 263,5 кВт-қа дейінгі қуатпен шығарылады. Осы ЭЖ-да ПЭК 96% құрайды.

Осындай ЭЖ-ның U жылдамдықтың әртүрлі жетекші сигналдары бойынша механикалық сипаттамалардың үлгілері 11.31, б сур. көрсетілген.

Осы сериялы ЭЖ энергияны желіге рекуперациялау (қайтару) арқылы тежеуді қамтамасыз ете алады. Бұл жағдайда ЭЖ-ның күштік бөлігі желіге еруші инвертормен толықтырылады, ал белгілеуде Р


әрпі пайда болады (ТЖЭР и ТЖЭ2Р).

Тізіліп берілген элементтерден басқа ТЖЭ сериялы басқару сұлбасы онда көрсетілмеген бірқатар құрылғыларды қамтиды, бұл құрылғылар ЭЖ-ның қажетті статикалық және динамикалық сипаттамаларын алуды қамтамасыз етеді, мысалы, қарқындылықты беруші сигналын күшейткіш және ауытқуларды жою құрылғысы.

Эж жұмысының сенімділігін арттыру үшін сұлбада бірқатар қорғау мен сигнал берулер көзделген. Олардың негізгілерінің бірі – тоқ бойынша қорғау. Егер ЭЖ желіден тұтынатын тоқ $3/I_{ном}$ -ға тең тағайын шамасынан асып кетсе, онда қорғау жүйесі кернеу инвенторы тиристорларынан басқару импульстерін түсіруді және бір уақытта күштік сүзгіге С пАллельді қосылған күштік тоқ шектеуіштің арнайы торабы тиристорларын ашуды қамтамасыз етеді. Осының арқасында сүзгі конденсаторы дроссельдер арқылы разрядталады, ол өз кезегінде, КИ тиристорларын ойылудан қорғайды.

Бұдан бөлек, ТЖЭ сериялы сұлбаларда қысқы тұйықталудан, коректендіруші кернеуді $0,85 U_{ном}$ -ден төмендеуден, фазаның үзілуінен, тиристорлардың мәжбүрлі желдетуді тоқтатудан қорғау және жылы қорғанысы көзделген

Ротор тізбегіндегі резистордың көмегімен АҚ жылдамдығын импульстік реттеудің тұйық сұлбасы. Ротордың түзетілген тізбегінде кедергіні импульстік реттеу ЭЖ-ның сұлбасында (11.32 сур. қатты сипаттамаларды алу үшін қозғалтқыш жылдамдығы бойынша серіс кері байланыс қолданылады. Сұлба келесі жолмен жұмыс істейді. АҚ-ның роторлық тізбегіне басқарылмайтын түзеткіш қосылған, оның шығуына резистор жалғанған. Мысалы, 4.29, а. сур. сұлба бойынша резисторға параллельді басқарылатын кілт К (коммутатор) қосылған. Осы кілтті басқару ендік-импульстік модулятордан (ЕИМ) жүргізіледі, оның кіруіне $U_{3,c}$ тапсыру



11.32 сурет

сигналдары және жылдамдық бойынша кері байланыс сигналдары $U_{o.c}$ келіп түседі. ЕИМ блогының кіруіне қате сигналы $U_y = U_{з.с} - U_{o.c}$ түскеннен кейін, ол басқару импульстерін түрлендіре бастайды, бұл импульстер кілтті басқару сұлбасының (КБС) көмегімен кілттің К барлық тиристорлары бойынша тарап, резистордың R дүркін-дүрін іске қосылуын және тұйықталуын тудырады.

ЭЖ-ның қатты сипаттамаларын алу қағидасы жоғарыда қарастырылған жылдамдық бойынша кері байланыс әрекетінің механизміне сәйкес келеді және мағынасы келесідей. АҚ орнатылған режимде кілттің К белгілі бір толтырылуында (қуыстылық) жұмыс істейді деп алайық. Қайсыбір себептермен АҚ жүктеме сәті ұлғайды дерлік, соның нәтижесінде оның жылдамдығы төмендей бастайды. Сонда (11.15) формуласына сәйкес сигнал управления U_y басқару сигналы жоғарылай бастайды, ол кілттің К жұмысындағы толтырылуды ұлғайтуға және ротор тізбегіндегі баламалы кедергінің азаюына алып келеді $R_{2mq!} = (1 - y) R$. Бұл, өз кезегінде, ротордағы тоқтың және АД сәтінің көбеюіне, демек, жылдамдықтың төмендеуінің тоқтауына алып келеді, ол ЭЖ-ның қатты сипаттамалардың алуына сәйкес келеді (5.35 сур. қараңыз). Қозғалтқыштың тоғы мен сәтін реттеуді (шектеуді) қамтамасыз ету үшін осы сұлбаны тоқты реттеу контурымен толықтыру қажет. Бұл жағдайда механикалық сипаттамалардың тоқты және сәтті шектеудің берілген деңгейіне сәйкес келетін тік учаскесі болады.

11.9. ЖИЫНТЫҚТЫ ЖӘНЕ БІРКІТІРІЛГЕН ЭЛЕКТР ЖЕТЕКТЕРІ

Технологиялық процестерді басқару және автоматтандыру құралдарын құрастыруда тұрақты және айнымалы тоқтың жиынтықты ЭЖ (ЖЭЖ) әзірлеу және шығару ілгерінді құбылыс болып табылады. Жобалау, құрастыру және жасау кезеңдердің өзінде барлық сипаттамалары мен параметрлері бойынша келісілген, тапсырыс берушіге барлық функционалдық элементтерімен бірге (1-сур. қараңыз) жеткізілетін реттелетін ЭЖ жиынтықты болып табылады.

ЖЭЖ өнеркәсіптің көптеген салаларында – білдек жасау, металлургиялық, машина жасауда және т.б. кеңінен қолданыс табуда. Олардың тез таралуы әзірлеу мен жасауда төмен еңбек сыйымдылығымен, электрмонтаж жұмыстарына, реттейтін жұмыстарға уақыттың үнемділігімен, пайдалануда ыңғайлылығымен түсіндіріледі.

ЖЭЖ қоректеуші желінің кернеуі, қозғалтқыштар саны (бір, екі- немесе көпқозғалтқышты), күштік түрлендіргіштің түрі және

номиналды параметрлері, қозғалтқыш реверсінің болуы немесе болмауы бойынша, негізгі реттелетін координатаның түрі (жылдамдығы, қалпы, керіліс, қуаттылығы реттелетін ЭЖ), жылдамдықты реттеудің диапазоны мен бағыты бойынша (біраймақтық немесе екіаймақтық), күштік тізбек аппаратурасының құрамы (желілік түйістіргішпен немесе онсыз), тежелудің болуы немесе болмауы, коректеуші желімен байланыс әдісі (связь через трансформатор, реактор арқылы немесе оларсыз байланыс) бойынша ажыратылады.

Тұрақты тоқтың жиынтықты ЭЖ анағұрлым кең номенклатурасымен ерекшеленеді. Оның құрамына тахогенераторы және (немесе) жай-күй датчигі бар ТТҚ, козу орамаларын коректеу үшін тиристорлық түрлендіргіштер және ТТҚ якорьлары, күштік трансформатор немесе реактор, жатықтаушы реактор, коммутациялық және қорғау аппаратурасы (автоматтық сөндіргіштер, желілік түйістіргіштер, ажыратқыштар), динамикалық тежелу құрылғысы (қажет жағдайда), ЭЖ басқару сұлбасы, тахогенератор және электромагниттік тежеулердің козу орамаларының корек блоктары, жоғары вольттік енгізу шкафы (қажет жағдайда), сонымен қатар, ЭЖ басқару және жай-күйін қадағалау үшін аппараттар, аспаптар мен құрылғылардың жиынтығы.

Жұмыс машиналары мен механизмдері технологиялық параметрлерінің датчиктері, сонымен қатар, басқару пультерінде монтаждалатын басқару және сигналдық құрылғылар олардың ерекшеліктеріне байланысты жеткізу жиынтығына кірмейді.

Электртехникалық өнеркәсіп тұрақты ток ЖЭЖ-ның бірнеше сериясын шығарады.

ЭЖТЭ сериялы жиынтықтық тиристорлық электр жетектері функционалды мүмкіндіктердің кең спектріне ие. Олар реверсивті және реверсивті емес орындалуда динамикалық тежелумен де, онсыз да бір қозғалтқышты және көп қозғалтқышты нұсқаларда шығарылады. Қуаттылығы 2 000 кВт-қа дейінгі ЭЖТЭ жылдамдық, қалып, ЭҚК, қуат және керілуді реттеуді қамтамасыз етеді, ал 12 000 кВт-қа дейін арналған ЭЖТЭ тек қана жылдамдық пен қуатты реттеуді қамтамасыз етеді. Осы серияның негізінде арнайы сипаттамалары бар ЭЖ жүзеге асырылады.

Қуаттылығы 2 000 кВт-қа және 1 000 кВт-қа дейін ТЖЭ және ЖТЭ сериялары ЭЖТЭ сериясы сияқты шамалас функционалды мүмкіндіктері бар, олар тек жеке блоктарының жиынтығы мен орындалуымен ерекшеленеді. Олар жылдамдық, қалып және керілуді реттеуді талап ететін әртүрлі ЭЖ-да қолданыла алады.

Жиынтықты ЭЖ үлкен тобы білдектер, роботтар, манипуляторлар және бірқатар осыған ұқсас жұмыс машиналары мен механизмдер үшін әзірленген және кеңінен қолданылады. Олардың қатарына ЭТУ 3601, ЭТЗ, ЭТ6, ЭТРП, ЭПУ1, ЭПУ2, ПРП, ЭШИР-1 сериялар

жатқызылады. Осы ЖТЭ-да олардың жұмысының жоғары динамикалық көрсеткіштерін қамтамасыз ететін ПБСТ, ПГТ, 2П, ПБВ, ДК1 типті жоғарысәтті қозғалтқыштар қолданылады. Бұл қозғалтқыштардың кіріктірілген тахогенераторлары бар, олардың көмегімен жылдамдық бойынша кері байланыс жүзеге асырылады. Осы ЖЭЖ-дың құрамына күштік түрлендіргіш, басқару құрылғысы, автоматтық сөндіргіш, коректеуші трансформатор, жатықтаушы реактор, қорғау және сигнал беру аппараттары. Сондай-ақ, олардың кейбіреулерінің (ЭТУ 3601, ЭТЗ) білдектердің сандық бағдарламалық басқару (СББ) жүйелерімен байланыс блоктары бар.

Көрсетілген ЖЭЖ-дың көбінің бірфазалық немесе үшфазалық, көпірлік және нөлдік, реверсивті емес және реверсивті сұлбалар бойынша құрылған күштік тиристорлық түрлендіргіштері бар. ПРП және ЭШИР-1 серияларында кернеудің ендік-импульстік модуляциясы (ЕИМ) бар транзисторлық түрлендіргіш қолданылады.

Білдектік ЖЭЖ-дың көбісінің басқару сұлбалары тоқты және жылдамдықты П және ПИ реттеуіштерімен координаталарды бағынықтылығы реттеу қағидалары бойынша құрылған, ол жылдамдықты реттеудің үлкен диапазонын қамтамасыз етеді. ЖЭЖ-да білдектің басты қимылдары үшін (ЭТЗ, ЭТРП, ЭПУ1) тиристорлық түрлендіргіштердің (қоздырғыштардың) көмегімен қозғалтқыштың қозу тоғын басқару көзделеді, нәтижесінде жылдамдықты реттеу диапазонын кеңейтуге қол жеткізіледі. Білдектік ЖЭЖ-дың қуаты біріктер мен ондықтарды құрайды.

Айнымалы тоқтың жиынтықты электр жетегінің анағұрлым тар номенклатурасы бар. Мысал ретінде жоғарыда қарастырылған 19 кВА-дан 66 кВА-ға дейінгі қуатпен шығарылатын ТЖЭ және ТЖЭ2 сериялы ЭЖ атаған жөн.

СББ бар білдектерде қолданылатын «Размер 2М» сериясы айнымалы тоқтың ЖЭЖ-дың тағы бір мысалы бола алады. Бұл ЖЭЖ АҚ-ны жиілік-тоқтық басқаруды көздейді.

Біріктірілген ЭЖ. Соңғы жылдары кейбір білдектер мен арнайы механизмдер үшін бірнеше компонентті – қозғалтқышты, механикалық берілісті, координаталар датчиктерін, кей жағдайларда күштік түрлендіргішті де бірыңғай құрастырылымға біріктіретін ЭЖ әзірлене және қолданыла бастады. Кейде мехатрондық деп аталатын осындай электрмеханикалық модуль бірқатар жағдайларда ЭЖ және технологиялық жабдықтың анағұрлым техникалық-экономикалық көрсеткіштерне қол жеткізуге мүмкіндік береді.


11.10. ҚАДАҒАЛАУШЫ ЭЛЕКТР ЖЕТЕГІ

Басқарудың өз бетімен өзгертін кіру сигналына сәйкес жұмыс машинасының атқару органының қозғалысын берілген дәлдікпен қамтамасыз ететін (жаңғыртатын) ЭЖ қадағалаушы электр жетегі деп аталады. Бұл механикалық немесе электрлік сигнал ерікті уақытша заңға сәйкес кең ауқымда өзгере алады. Ол жиі жетекші құрылғы осі

немесе білігінің жылдамдығына немесе бұрылу бұрышына сәйкес келеді. Қадағалаушы ЭЖ радиотелескоптардың антенналарында, серіктік байланыс жүйелерінде, металл өңдейтін білдектерде, роботтар мен манипуляторлардың жетектерінде, автоматтық өлшеу аспаптарында және басқа құрылғыларда қолданылады.

Қадағалаушы ЭЖ (11.33 сур.) кіру 1 және шығу 5 сигналдарының датчиктерінен, келісілмеуді өлшеуіш 2, басқару жүйесі 3 және жұмыс машинасының атқару органын 6 қозғалысқа келтіретін механикалық берілісі 4 бар электр қозғалтқыштан тұрады.

Кіру және шығу датчиктері механикалық шамаларды (біліктің жылдамдығы немесе бұрылыс бұрышы) электрлік шамаларға – кіру сигналы $U_{\text{вх}}$ және кері байланыс сигналдары $U_{\text{о.с}}$ түрлендіреді. Келісілмеуді өлшеуіш 2, осы сигналдарды алгебралық қосындылап, электр қозғалтқышын басқару жүйесіне 3 түсетін келісілмеу сигналын U_{Δ} өндіреді. Қадағалаушы ЭЖ ауытқу қағидасы бойынша



11.33 сурет

әрекет ететін тұйық құрылым болып табылады.

Басқару жүйесі 3 қозғалтқышқа түсетін келісілмеу сигналын U_{Δ} кернеуге U қажетті түрлендіруді қамтамасыз ететін реттеуіштен (күшейткіштен) және күштік түрлендіргіштен тұрады. Реттеуіш және түрлендіргіш сұлбаларын таңдау немесе түзетуші құрылғыларын енгізу есебінен кірулік әсер етуді $\omega_{\text{вх}}$ (0 немесе $\phi_{\text{вх}}$ (0 өтеуде осы кернеуді уақытта $U(t)$ өзгертудің қажетті заңы қамтамасыз етіледі.

Механикалық берілісі бар 4 электр қозғалтқышы өзгерту заңына $U(t)$ сәйкес атқару органының 6 жылжуын қамтамасыз етеді. Кейде механикалық берілісі бар қозғалтқышты атқару механизмі (сервомеханизм) деп аталады.

Қадағалаушы ЭЖ бірнеше белгілер бойынша жіктеледі: егер ол атқару органының қозғалыс жылдамдығын берілген дәлдікпен жаңғырту үшін арналған болса, ол жылдамдық, егер қалыптарды жаңғырту үшін арналған болса, позициялы деп аталады.


Сондай-ақ, үздіксіз және үзілмелі басқаруымен да қадағалаушы ЭЖ-ды да ажыратады; үзілмелі басқарулы

ЭЖ, өз кезегінде, релелік немесе импульстік бола алады. Үздіксіз әрекеттік қадағалаушы ЭЖ-да келісілмеу сигналына пропорционалды кернеу. Релелік әрекетті қадағалаушы ЭЖ-да кернеу келісілмеу сигналы белгілі бір мәнге жеткенде ғана қозғалтқышқа жіберіледі. Сондықтан релелік қадағалаушы ЭЖ-ның кіру сигналына қатысты белгілі бір сезімталсыз аймағы бар. Импульстық қадағалаушы ЭЖ ерекшелігі: оның басқарушылық ықпалы қозғалтқышқа кернеу импульстары түрінде беріледі, олардың амплитудасы, жиілігі немесе толтырылуы келісілмеу сигналына байланысты өзгереді. Бұл жағдайларда тиісінше, басқару сигналының амплитудалық-, жиілік- және ендік-импульстық модуляциясы туралы айтады.

Қадағалаушы ЭЖ-да айнымалы және тұрақты тоқ қозғалтқыштары, күшейткіштердің алуан түрлері (электр машиналық, магниттік, жартылай өткізгіштік, пневматикалық, гидравликалық), жылдамдық пен қалыптар датчиктері және басқа аналогты және цифрлық басқару құрылғылары қолданылады.

Қадағалаушы ЭЖ-ның бірнеше сұлбасын қарастырамыз. **Релелік әрекетті тұрақты тоқтың қадағалаушы ЭЖ.** ЭЖ-ның бұл сұлбасында (11.34 сур) бірізді қозатын М, екі қозу орамасы бар ҚО1 және ҚО2 ТТҚ қолданылады. Қозғалтқышты басқару күш транзисторларының VT1 және VT2 көмегімен жүзеге асырылады, олардың әрқайсысы ТТҚ айналу бағыттарының бірін қамтамасыз ете отырып, келісілу сигналының U_A белгілі бір полярлығында жұмыс істейді. Екі жағдайда да якорь тоғының бағыты өзгеріссіз қалады.

VD3 және VD4 разрядтық диодтар едәуір индуктивтілікке ие қозу және якорь орамаларын өшіргенде пайда болатын тоқ кернеуінің



11.34 сурет

ұлғаюын түсіру үшін қолданылады.

Қарастырылып жатқан қадағалаушы ЭЖ-да кіру және шығу шамаларының датчиктері ретінде *П1* және *П2* сақиналық потенциометрлер қолданылады, олар келісілмеудің потенциометриялық өлшеуін құрады.

П1 потенциометрінің қозғалтқышы (кіру шамасының датчигі) жетекші құрылғының *ЖҚ* шығу білігімен байланысты, ол бұл жағдайда қол жетекті редуктор болып табылады. *П2* потенциометрінің қозғалтқышы (шығу шамасының датчигі) жұмыс машинаның *ЖМ* және *ТТҚ* білігінде орналасқан редуктордың *Р* валымен байланысты. *ЖҚ* және *Р* редукторларының бірдей беріліс саны бар. *П1* және *П2* потенциометрлерінің корегі тұрақты токтың кернеуімен *U* жүзеге асырылады.

Келісілмеу сигналы U_A' *П1* және *П2* потенциометрлерінің қозғалтқыштарынан түсіріледі. Олардың бірдей бұрыштық қалпында, ол келісілмеудің нөлдік бұрышына сәйкес келеді $\text{Лф} = \varphi_{\text{вх}} - \varphi_{\text{вых}}$, U_A сигналы = 0. Бұл ретте күшейткіш шығуындағы i_d сигналы да нөлге тең, транзисторлары *VT1* және *VT2* жабық және *ТТҚ* жылжымайды.


